

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ӘОЖ: 37+378.147:378.637(574)

Қолжазба құқығында

ИСАЕВ МУХТАР СЕИТХАНУЛЫ

**Болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға
даярлау әдістемесі**

6D011400-Тарих

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесшілер:
тарих ғылымдарының докторы,
профессор м.а Тұрсұн Х.М.
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор Беркимбаев К.М.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
PhD, профессор Ташағыл А.

Қазақстан Республикасы
Түркістан, 2016

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	5
КІРІСПЕ	6
1 «МӘНГІЛІК ЕЛ» ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҚ ТАРИХ МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУДЫҢ ТАРИХИ-ӘДІСНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ	15
1.1 Тарих пәні мұғалімдерін даярлаудың тарихи-әдіснамалық мәселелері	15
1.2 «Мәңгілік Ел» құндылықтарын болашақ тарих мұғалімдеріне оқытудың мүмкіндіктері	35
2 БОЛАШАҚ ТАРИХ МҰҒАЛІМДЕРІН «МӘНГІЛІК ЕЛ» ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ОҚЫТУГА ДАЯРЛАУДЫҢ ГЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	62
2.1 «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту – болашақ тарих мұғалімдері кәсіби іс-әрекетінің нысаны	62
2.2 Болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлаудың педагогикалық шарттары	85
3 БОЛАШАҚ ТАРИХ МҰҒАЛІМДЕРІН «МӘНГІЛІК ЕЛ» ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ОҚЫТУГА ДАЯРЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫС	103
3.1 Болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлаудың әдіс-тәсілдері	103
3.2 Тәжірибелік-педагогикалық зерттеу жұмыстарының нәтижелерін қорыту және ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беру	123
ҚОРЫТЫНДЫ	147
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	150
ҚОСЫМШАЛАР	165

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер көрсетілген:

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы. – Алматы: Юрист, 2007. – 42 б.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген ҚР МЖМБС 1.4.002-2012. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. 43 б.

ҚР МЖМБС 6.08.070-2010. Бакалавриат. «5В011400 – Тарих» мамандығы ҚР МЖМБС. Астана, 2010. 43 б.

Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Астана, 2010.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. Астана. 10 маусым, 2011.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2013 жылғы 16 тамыздағы № 343 бұйрығы.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Әдіснама – ғылыми таным әдістері туралы ілім; кез келген ғылымда қолданылатын әдістердің жиынтығы; теориялық және практикалық іс-әрекетті ұйымдастырудың және құрудың қағидалары мен тәсілдерінің жүйесі.

Білім беру бағдарламасы – білім беру мазмұны мен оқу үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктерін сипаттайтын білім беру мекемелерінің нормативтік – басқару құжаттары.

Жеке оқу жоспары (ЖОЖ) – Студенттің өзі жазылған пәндердің типтік оқу жоспары, элективті пәндер каталоғы және оқу пәндерінің тізімі негізінде кредит саны немесе академиялық сағаты көрсетіліп әрбір оқу жылына өздігінен жасаған құжаты, жеке оқу жоспары нақты студенттің білім алу траекториясын көрсетеді.

Кәсіби құзыреттілік – сала бойынша меңгерілген білімді, іскерлік пен дағдыны және маманның жеке тұлғалық сапалық қасиеттерін практикалық тұрғыдан жүзеге асыру қабілеттілігі;

Құзырет – бұл белгілі саладағы нәтижелі іс-әрекет үшін білімді, біліктілікті және жеке тұлғалық сапаларды қолдану қабілеттілігі.

Құзыреттілік – оқу мен өмір жағдаяттарын шешу кезінде білім алушылардың білімді, іскерлікті, дағдыны және қызметтің әмбебап тәсілдерін меңгеруі көрінетін білім берудің нәтижесі.

Құндылық – ұмтылыстар мен мақсаттардың, абсолюттік мағынасында - болмыстың мәні.

Модель – (франц. modele, итал. modello, лат. modulus) өлшеуіш, өлшем, үлгі, норма.

Оқу үдерісі – оқытудың арнайы ұйымдастырылған түріндегі жеке тұлғаның жалпы дамуы мен тәрбиесінің, білім беру мақсатын айқындайтын біртұтас педагогикалық үдерістің нақты көрінісі.

Оқу жоспары (ОЖ) – білім беру деңгейлеріне сәйкес оқу пәндерінің тізімі мен көлемін, оқыту тәртібі мен бақылау түрін реттейтін құжат.

Оқу бағдарламасы – әрбір оқу пәні бойынша меңгерілуге жататын білім, іскерлік және дағдылардың мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама.

Пәнді оқыту нәтижелері – игерілген білім, іскерлік, дағды және білім беру салалары бойынша құзыреттіліктер.

Типтік оқу жоспары (ТОЖ) – оқыту тілі мен бағытына сәйкес тиісті білім беру деңгейі оқу пәндерінің тізбесін және көлемін реттейтін нормативтік құжат.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

БЖИ	Біліктілікті жетілдіру институты
ғ.ғ.	Ғасырлар
ж.	Жыл
ЖОО	Жоғары оқу орны
жж.	Жылдар
КСРО	Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚазПИ	Қазақ педагогикалық институты
ҚазҰПУ	Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
ҚазКСР	Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы
МЖМБС	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары
МОӨК	Модулдік оқу-әдістемелік кешен
СӨЖ	Студенттердің өзіндік жұмысы
ОБСӨЖ	Оқытушының басшылығымен орындалатын студенттің өзіндік жұмысы
т.б.	тағы басқалары
ОӨК	Оқу-әдістемелік кешен
ОКТ	Оқытудың компьютерлік технологиялары
М.И.	Мухтар Исаев

КІРІСПЕ

Зерттеудің көкейкестілігі әлемдік қоғамдастықтың қазіргі даму кезеңі әлемдік экономикалық интеграцияның тереңдеуімен, әлемнің әр түрлі аймақтарының әлеуметтік және мәдени өзара байланыстарының кеңеюімен, жаһандану мәселелерімен, әлеуметтік құрылыстың өзгеруімен, бұрын белгісіз болған салаларда сапалы жаңа іс-әрекет түрлерінің пайда болуымен сипатталады. Жастардың жаңа жағдайларға бейімделуі құндылықтарды қайта бағалау, болмыстың жаңа сенімді тіректерін және өмір сүру бағдарларын іздеу арқылы жүзеге асады. Бұл мәселені шешу білім берудегі нормативтік құжаттарда көрініс тапқан.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің міндеттері ретінде: ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу, т.б. атап көрсетілген [1]. Бұл міндеттерді шешу өз кезегінде болашақ мамандарды бағдарлы даярлауға да байланысты.

Еліміздің дамуы және болашақта бағдар алуы үшін ұлттық идея қалыптастырылды. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауында «Біз ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмысын жалғастыруымыз керек. ... Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық» деп «Мәңгілік Ел» идеясын тұжырымдап, ұсынды [2, б. 7]. Қазіргі кезде уақыт сынынан өткен қазақстандық жолдың тәжірибесі негізінде «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының жеті құндылығын айқындап берді, олар: Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы; қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім; зайырлы қоғам және жоғары руханият; индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім; Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы; тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы; еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы. Бұл құндылықтар қоғамның тірегіне айналуы үшін білім беру жүйесіне енгізіліп, болашақ ұрпақ болмысына сіңірілуі тиіс.

Мемлекет басшысының «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында: «Біз Жалпыұлттық идеямыз – Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. Мәңгілік Ел – елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан 2050» стратегиясының ғана емес, ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры! Жаңа Қазақстандық Патриотизм дегеніміздің өзі – Мәңгілік Ел! Ол – барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы...» деп [3], «Мәңгілік Ел» идеясының мәні мен мазмұнын және оның бастауы тым тереңде жатқандығын атап көрсетті. Шындығында, қазақ тарихының мазмұнында осы

идеяға тұғыр болатын, ұлттық мақтанышқа айналған тарихи оқиғалар мен құбылыстар аз емес. Түрік қағанатында дүниеге келген «Мәңгілік Ел» идеясы қалыптасуының тарихи негіздері мен мән-мағынасы Л.Н.Гумилев [4], А.Ташағыл [5], С.Сыздықов, С.Қанаев, Ж.Жеңіс [6], Қ.Сартқожаұлы [7] және т.б зерттеулерінде айқындалған.

Жалпы алғанда, тарих ғылымы және «тарих» оқу пәні жеке тұлғаның құндылық-мағыналық саласын дамыту үшін алғышарттар құруда үлкен әлеуетке ие. Тарихқа деген қарым-қатынас жеке тұлғаның бар мәдени құраушылары мен оның әлеуметтік өзін-өзі тануында көрініс табады. Сондықтанда, тарихи білім берудің заманауи кезеңінде мұғалімнің тарихи үдерістер мен тарихи таным құраушыларында құндылыққа басымдық беретін аксиологиялық тұғырға негізделген оқытуы сұранысқа ие.

Қоғамда болып жатқан түрлі өзгерістерге сәйкес жоғары оқу орындарында және орта, жалпы білім беретін мектепте білім берудің ұлттық моделін қалыптастыру, білім мазмұнын жаңарту, сапалы білімге қол жеткізу, оқытудың жаңа дидактикалық жүйесін іздестіру – бүгінгі таңда педагогика ғылымының алдында тұрған көкейкесті мәселе. Аталған мәселелердің процессуальдық аспектісін шешу болашақ мұғалімдерді даярлауды жетілдірумен байланысты.

Болашақ жастарды «Мәңгілік Ел» құндылықтары негізінде оқыту және оларды құндылықтарға баулу тарих мұғалімдерінен құндылықтар бойынша білімі терең болуын, педагогикалық іскерліктерді жүзеге асыруға әдістемелік дайындығын талап етеді. Бұл өз кезегінде болашақ тарих мұғалімдерінің педагогикалық іскерліктерін, әдістемелік даярлығын қалыптастыруды, зерттеудің көкейкестілігін арттыра түседі.

Зерттеуімізге байланысты құндылықтардың мәні, тәрбиелік маңызы туралы ұлы ғұламалар, қоғам қайраткерлері мен ағартушы-педагогтар әл-Фараби [8], Жүсіп Баласағұн [9], Қожа Ахмет Ясауи [10], Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы [11], А.Құнанбаев [12], Ш.Уәлиханов [13], Ы.Алтынсарин [14], Ш.Құдайбердиев [15], А.Байтұрсынов [16], М.Жұмабаев [17], Ж.Аймауытов [18], Х.Досмұхамедов [19], т.б. ой - пікірлері мен көзқарастары еңбектерінде көрініс тапқан.

«Құндылық» категориясының әдіснамалық, тарихи және педагогикалық қырларын ашып, атқаратын әлеуметтік қызметінің мазмұнын анықтап, жүйелеген зерттеулер қатарында философтар, мәдениеттанушылар А.У.Уразбеков [20], А.Ж.Тұрсынов [21], Г.Риккерт [22], Г.Ж.Нұрышева [23], М.Вебер [24], Т.Х.Габитов [25], М.А.Дорохова [26], т.б. психологтар мен педагогтар С.Л.Рубинштейн [27], Г.К.Нұрғалиева [28], Қ.Б.Жарықбаев [29], С.Қалиев [30], Б.Гершунский [31], Т.Қ.Өтемова [32], Ә.Табылдиев [33], А.Қ.Қаптиева [34], Т.С.Сламбекова [35], әлеуметтанушылар Н.Г.Лапин [36], С.Е.Нұрмұратов [37], т.б. атауға болады. Бұл зерттеулерде жасалған тұжырымдар зерттеу жұмысымыздағы ізденістерге бағдар болды. Шетелдік ғалымдар I.B.Whitney [38], W.Huitt [39], т.б. еңбектеріндегі құндылықтарды жүзеге асыру тұжырымдары ескерілді.

Болашақ мұғалімдерді даярлаумен (жалпы кәсіби, дайындық бағыты бойынша) А.И.Щербаков [40], Н.В.Кузьмина [41], Ф.Н.Гоноболин [42], В.А.Сластенин [43], Ю.К.Васильев [44], Н.Д.Хмель [45], У.Н.Нишаналиев [46], Қ.Ералин [47], К.Ә.Дүйсенбаев [48], С.Т.Каргин [49], А.А.Калюжный [50], т.б. ғалымдар айналысқан. Аталған ғалымдардың еңбектері болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлауда басшылыққа алынды.

Зерттеу тақырыбымызға қатысты еліміздің төл тарихы жөнінде және оны ЖОО мен жалпы білім беретін орта мектептерде Қазақстан тарихы курсы мазмұнын анықтауда бағдар беретін ғылыми еңбектер жазған тарихшы ғалымдар Н.Е.Бекмаханова [51], М.Қозыбаев [52], Ж.Қасымбаев [53], К.Нұрпейіс [54], М.Қойгелдиев [55], Қ.С.Алдажұманов, Б.А.Аяған, К.Байпақов [56, 57] және т.б. айтуға болады.

Сонымен қатар, тарихты оқыту әдістемесімен айналысқан: И.Я.Лернер [58], Н.В.Андревская, В.Н.Бернадский [59], А.А.Вагин [60], Н.Г.Дайри [61], С.А.Ежова, И.М.Лебедева, А.В.Дружкова [62], Е.Е.Вяземский, О.Ю.Стрелова [63], Т.Тұрлығұл [64], Х.Тұрсұн [65], А.Ш.Журасова [66], т.б. ғалымдардың еңбектері біздің зерттеу жұмысымыз үшін құндылықтарды оқыту әдістемесін қалыптастыруда басшылыққа алынды.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2030» халыққа жолдауында: «Толық өркениетті ел болу үшін, алдымен, өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн» деп айтқаны әдіснамалық тұрғыда қазақ тарихының ең ежелгі кезеңінен бүгінгі Қазақстан Республикасына дейінгі аралықтағы тарих мазмұнына жаңа көзқарас қалыптастыруға бағдар болды [67]. Ұстаным ретінде өз тарихымызды терең тануға негіз қалады. Орта мектеп оқушыларына арналған өз тарихымызды, мәдениетімізді жазуда М.Қ.Қозыбаев, І.М.Қозыбаев [68], Д.Б.Бабаев [69], К.М.Байпақов [70], Б.Г.Аяған [71], С.Жолдасбаев [72], М.Қойгелдиев [73], Ж.О.Артықбаев [74], Б.Қ.Әбдіғұлова [75], Т.С.Садықов [76], Т.Тұрлығұл [77], К.Нұрпейіс [78], т.б. ғалымдар еңбек сіңірді және олардың жазған оқу құралдары оқыту үдерісінде басшылыққа алынды.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде ұлттық тарихи білімге, тарихи білімді оқытуға қатысты диссертациялық зерттеулер жүргізіліп, оның даму жолдарын саралаған мақалалар мен монографиялар жарық көрді. Бұл ретте Т.Тұрлығұл [79], Б.Абдуғұлова [80], Б.Сәрсекеев [81], Б.Т.Берлібаев [82], Ж.Нұрманбетқызы [83], Х.Тұрсұн [84] және т.б. ғалымдардың еңбектерін атауымызға болады.

Мемлекеттік бағдарламаға айналып үлгерген «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын теориялық тұрғыда негіздеу және оны оқу-тәрбие үдерісіне енгізу арқылы қоғамдық-саяси өмірдегі күнделікті практикаға айналдыру бағытында зерттеу жұмыстары шұғыл қолға алынды. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын әртүрлі қырынан қарастырған ғылыми басқосулар оқу орындары мен ғылыми мекемелерде де ұйымдастырыла бастады. Солардың бірі –Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет базасында К.К.Жанпейсова, С.Ж.Пралиев,

Ш.Ж.Колумбаева, Н.М.Хан және т.б авторлығымен «Мәңгілік Ел» идеясын ЖОО жүйесіне енгізуге арналған оқу бағдарламасы, ОӘК жасалды [85].

Дегенмен, «Мәңгілік Ел» құндылықтары бойынша болашақ тарих мұғалімдерін дайындау әдістемесін жетілдіруге қатысты біздің зерттеу жұмысымыз алғаш рет арнайы тақырып болып қарастырылып отырғандығын атап айтуымыз керек.

Тарих және психологиялық, педагогикалық ғылымдар бойынша жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін пайдаланумен басты әлеуметтік міндеттерді шешу әдіснамалық және әдістемелік сипаттағы төмендегідей:

- болашақ тарих мұғалімдерін анықталған «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлау қажеттілігі мен оны жүйелі жүзеге асырудың теориялық-әдіснамалық тұрғыдан жеткілікті деңгейде негізделмеуінің арасындағы;

- «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы құндылықтарын оқу-тәрбие үдерісіне енгізудің айқындалуымен оны оқушыларға оқыту қажеттілігі және оны оқытуға болашақ тарих мұғалімдерін даярлау деңгейінің төмендігі арасындағы;

- болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлау мазмұнының мүмкіндіктері мен оларды пайдалануға байланысты әдістеменің жеткіліксіздігі арасындағы айқындалған қарама-қайшылықтарды шешумен байланысты. Осы қарама-қайшылықтар зерттеудің мәселесін: болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға кәсіби даярлау жүйесін теориялық-әдіснамалық және әдістемелік тұрғыдан кешенді қамтамасыз ету деп нақтылауға мүмкіндік берді.

Көрсетілген қарама-қайшылықтардың шешімін іздестіру, біздің мәселемізді айқындауға және зерттеу жұмысымыздың тақырыбын **«Болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлау әдістемесі»** деп таңдауымызға негіз болды.

Зерттеу мақсаты: Болашақ тарих мұғалімдерінің «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлығын теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негіздеу, ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету және оны педагогикалық эксперимент негізінде тексеру.

Зерттеу нысаны: Жоғары оқу орындарында болашақ тарих мұғалімдерін даярлауда «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту.

Зерттеу пәні: Болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлаудың ғылыми-әдістемелік негіздері.

Зерттеудің ғылыми болжамы: Егер, болашақ тарих мұғалімдеріне «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту және оны оқытуға даярлау теориялық тұрғыдан айқындалса; «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға болашақ тарих мұғалімдерін даярлаудың педагогикалық шарттары анықталса; болашақ тарих мұғалімдерін даярлау үдерісі мектеп «Қазақстан тарихы» пәні бағдарламасы мен қазіргі «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуды қамтамасыз етуге сәйкес жүзеге асырылса, онда білім беру үдерісінде «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға болашақ тарих мұғалімдерін даярлау қамтамасыз етіледі, өйткені болашақ тарих мұғалімдерін даярлауда «мектеп-жоғары оқу орны» жүйесінің өзгерісін қамтамасыз ететін педагогикалық үдеріс жүзеге асырылады.

Зерттеу міндеттері. Зерттеу тақырыбының мақсатын іске асыруға байланысты мынадай міндеттер белгіленді:

1. Тарих мұғалімдерін даярлау үдерісінің тарихи-әдіснамалық негіздерін зерделеу және болашақ тарих мұғалімдеріне «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту мүмкіндіктерін анықтау;

2. «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға болашақ тарих мұғалімдерін даярлаудың теориялық негіздерін айқындау;

3. Болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлаудың педагогикалық шарттарын анықтау;

4. «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға болашақ тарих мұғалімдерін даярлауға бағытталған оқыту мазмұнын әдістемелік тұрғыдан негіздеу;

5. Болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлау әдістемесінің тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерістен өткізу және кәсіби пәндерді оқытуды жетілдіру мен оны тәрбие үдерісімен ұштастыруға байланысты ұсыныстар енгізу.

Зерттеудің жетекші идеясы: Жоғары оқу орындарында болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлау - олардың қоғам сұранысына сай жеке тұлғасын және кәсіби іс-әрекетінде әдістемелік дайындығын дамытады.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері: педагогика, философия және психология ғылымдарының жеке адамды дамыту туралы ілімдері; тұлға дамуы мен қалыптасуының жалпы диалектикалық, сана мен іс-әрекет бірлігі, тарихилық пен шынайылық қағидалары; философиялық, аксиологиялық және жүйелілік көзқарас теориясы; таным теориясы; рухани-құндылықтар ілімі, «Мәңгілік Ел» идеясы құндылықтарын педагогикалық үдеріске енгізу тұжырымдары, оқыту теориясы.

Зерттеу көздері: Қазақстан Республикасы Конституциясы, «Білім туралы» Заң, Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Отан тарихының мазмұнын қарастырған ғылыми зерттеулер мен жазба ескерткіштер, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын негіздеуге қатысты сөйлеген сөздері мен Жолдаулары, Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы (1994), Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптастырудың тұжырымдамасы (1995), Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім беру тұжырымдамасы (1996), «Қазақстан – 2050» даму стратегиясы, Қазақстан Республикасы 2016-2019 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бекіткен тұжырымдамалары, стандарттары (5B011400 - тарих мамандығына арналған), бағдарламалары мен ресми мемлекеттік құжаттар; ғылыми-практикалық конференциялардың материалдары, ғылыми-педагогикалық зерттеулер мен озат педагогикалық тәжірибелер.

Зерттеу әдістері: Жалпы ғылымилық әдістер (зерттелін отырған мәселеге байланысты нормативтік құжаттарды зерделеу; тарихи, психологиялық-педагогикалық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге талдау жасау); эмпирикалық

әдістер (білім алушылардың оқу, іс-әрекеттерін педагогикалық бақылау, сауалнама жүргізу, әңгімелесу); педагогикалық эксперимент, оқу-тәрбие үдерісін үлгілеу әдісі; зерттеу деректерін статистикалық өңдеу; эксперимент жұмыстарының нәтижелерін мәліметтерін сандық жағынан сараптап, қорытындылау.

Зерттеудің негізгі кезеңдері

Бірінші кезеңде (2013-2014 жж.) – зерттеу проблемасы бағытындағы тарихи, педагогикалық-психологиялық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттер мен нормативтік құжаттарға теориялық талдау жасалды. Зерттеудің ғылыми аппараты анықталды, құндылықтар және «Мәңгілік Ел» құндылықтары мен оларды оқыту бойынша басылым көрген әдебиеттер, ғылыми мақалалар зерделенді. Жалпыға міндетті білім беру стандарттары мен оқу бағдарламаларына талдау берілді. Анықтау эксперименті жүзеге асырылды.

Екінші кезеңде (2014-2015 жж.) – зерттеу тақырыбы бойынша материалдар жинау жалғасын тапты, болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлаудың әдістемелік жүйесі (оқыту мақсаты, оқыту мазмұны, әдістері, оқыту үдерісін ұйымдастыру формалары және кешенді әдістемелік нұсқаулықтар) әзірленді, қалыптастыру эксперименті басталып, аралық кесінділер алынды, алынған нәтижелер жүйеленді. Ғылыми мақалалар даярланып, басылым көрді. Оқу құралдары бойынша материалдар жиналды.

Үшінші кезеңде (2015-2016 жж.) – қалыптастыру эксперименті жалғасын тапты, зерттеу жұмысының нәтижелері қорытындыланып, жүйеге келтірілді, бақылау эксперименті жүзеге асты, алынған нәтижелер статистикалық өңдеуден өтті, ғылыми-әдістемелік мақалалар жарияланды, диссертация талап бойынша рәсімделді, әдебиеттер жүйеге келтірілді, ғылыми ұсыныстар даярланды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мыналармен айқындалады

1. Тарих мұғалімдерін даярлау үдерісінің тарихи-әдіснамалық негіздері зерделеніп, болашақ тарих мұғалімдеріне «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға ЖОО кәсіби базалық, әдістемелік пәндердің мүмкіндіктері анықталды;

2. Мектептегі Қазақстан тарихы пәні мен оны оқытудағы педагогикалық үдеріс мазмұны тұрғысынан «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға болашақ тарих мұғалімдерін даярлаудың теориялық негіздері айқындалды;

3. ЖОО педагогикалық жүйе тұрғысынан және моделдеуді жүзеге асыру бойынша болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлаудың педагогикалық шарттары анықталды;

4. «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға болашақ тарих мұғалімдерін даярлау әдістемесі педагогикалық іскерліктерді қалыптастыру тұрғысынан негізделді;

5. Болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлаудың тиімді әдістері сараланып, тапсырмалар жүйесі жасалды.

Зерттеудің теориялық мәнділігі. Тарих сабақтарында оқушыларға «Мәңгілік Ел» құндылықтары бойынша оқу материалдарын оқытуға

байланысты алынған тұжырымдар мен қорытындылар тарих пәнін оқыту әдістемесін теориялық тұрғыдан толықтырады, сабақты жетілдіруге байланысты ұсынған технологиялық карта тарих пәнін оқытуды технологияландыруды дәйектейді. Болашақ тарих мұғалімдерін даярлау әдістемесінде белгіленген ұстанымдар «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлауды жетілдіруге игі әсер етеді. Зерттеудің теориялық нәтижелерін Қазақстан тарихын оқытуда «Мәңгілік Ел» құндылықтары бойынша оқытуды жетілдіруде және болашақ тарих мұғалімдерін даярлау үдерісінде пайдалануға болады.

Зерттеу жұмысының практикалық маңызы

- «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға болашақ тарих мұғалімдерін даярлау бағдары» тақырыбында семинар ұйымдастырылды;

- Болашақ тарих мұғалімдеріне арналған «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға бағдарлы даярлау» атты оқу-әдістемелік құралы оқу үдерісіне енгізілді;

- «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы және түркілік ислам өркениетінің құндылықтары: Қара бура әулиенің тағлымы мен өнегесі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция» ұйымдастырылды (2-3 маусым 2016 жыл, Түркістан қаласы).

Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында болашақ тарих мұғалімдерін кәсіби дайындау үдерісінде, олардың кәсіби біліктілігін жетілдіруде, мұғалімдердің кәсіби біліктілігін жетілдіретін институттарда қолдану пайдалы.

Эксперименттік база ретінде Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеттері мен Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының «5B011400-Тарих» мамандығы бойынша білім алушылары алынды.

Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар

1. Білім беру үдерісіне «Мәңгілік Ел» құндылықтарын енгізу – бұл ғылыми негізде болашақ тарих мұғалімдерінің аталған құндылықтарды оқытуға даярлығын көрсететін оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру нәтижесінің бірі болып табылады;

2. Болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлаудың теориялық негіздеріне – мектептегі оқу үрдісі мен оқытуды технологияландыру және оны жүзеге асыратын ЖОО оқыту үрдісін ұйымдастыруды қамтитын педагогикалық жүйе құраушылары (мақсаты, міндеті, мазмұны, әдіс-тәсілдері, формалары (технологиясы), құралдары, нәтижесі) алынады;

3. «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға болашақ тарих мұғалімдерін даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін жүзеге асырудағы педагогикалық шарттар – ЖОО аталған даярлықты жүзеге асырудағы педагогикалық жүйе құраушыларын жүзеге асыратын жиынтық құрастырушылармен анықталады;

4. Болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлау әдістемесі ЖОО оқу жұмыстарының түрлерімен және жүзеге асыратын педагогикалық іскерліктерді қалыптастырумен негізделеді;

5. Болашақ тарих мұғалімдерін даярлауда тарихты оқыту әдістері (мектепте тарихты оқытуды жобалау әдістемесі) мен тапсырмалар мазмұнының «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға бағытталуы, олардың аталған құндылықтарды оқытуға даярлығын жоғары деңгейде қалыптастырады.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелдігі мен негізділігі әдіснамалық және теориялық қағидалармен, зерттеу пәніне сәйкес әдістерді қолданумен, эксперименттік жұмыс бағдарламасының педагогикалық мақсатқа сәйкестігімен, ғылыми-теориялық тұжырымдардың практикада алынған мәліметтермен үйлесімділігі және олардың тиімділігін тәжірибе жүзінде тексерумен, практикаға ендірумен талапқа сай қамтамасыз етіледі.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және ендіру эксперимент барысында және халықаралық, республикалық, облыстық ғылыми-практикалық конференцияларда, шетелдік, республикалық баспа беттерінде, жоғары оқу орындарындағы ғылыми-әдіснамалық семинарларда, ғылыми-әдістемелік мәжілістерде, кафедра отырыстарында талқыланып Оңтүстік Қазақстандағы университеттер мен институттың оқу-тәрбие үдерісіне ендірілді.

Зерттеу жұмысының басты нәтижелері 17 еңбекте көрініс тапқан. Оның ішінде ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған 5 ғылыми басылымдарда, Scopus компаниясының ақпараттық базасында тіркелген 2 жарияланымда және 9 халықаралық (оның ішінде 3 шетелдік) ғылыми-практикалық конференция материалдарында және 1 оқу-әдістемелік құралында.

Диссертацияның құрылымы. Диссертация нормативтік сілтемелер, анықтамалар, белгілеулер мен қысқартаулар, кіріспе, III бөлімнен және қорытындыдан, қолданылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

«Мәңгілік Ел» құндылықтары және болашақ тарих мұғалімдерін даярлаудың тарихи-әдіснамалық мәселелері» атты бірінші бөлімде – болашақ тарих мұғалімдерін кәсіби даярлаудың тарихи және әдіснамалық мәселелері және ЖОО «Мәңгілік Ел» құндылықтарын кәсіби пәндерде оқытудың мүмкіндіктері қарастырылды.

«Болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері» атты екінші бөлімде болашақ тарих мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетінің нысаны болып табылатын орта мектепте оқыту үдерісін ұйымдастыру және «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту мен оны жетілдіру қамтылды; болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді және оны жүзеге асырудың педагогикалық шарттары баяндалды.

«Болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлау әдістемесі және тәжірибелік-педагогикалық жұмыс» атты үшінші бөлімде «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға болашақ тарих

мұғалімдерін даярлауға бағытталған оқыту әдістері мен формалары, құралдары әдістемелік тұрғыдан негізделді және болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлау әдістемесін тәжірибелік-эксперименттен өткізу барысы, әдістемелік пәндерді оқытуды жетілдіру мен оны тәрбие үдерісімен ұштастыруға байланысты ұсыныстар мазмұндалды.

Қорытындыда теориялық және әдістемелік жұмыстың нәтижелеріне негізделген тұжырымдар мен ғылыми тұрғыда негізделген нақты ұсыныстар берілді.

1 «МӘНГІЛІК ЕЛ» ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҚ ТАРИХ МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУДЫҢ ТАРИХИ-ӘДІСНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1.1 Тарих пәні мұғалімдерін даярлаудың тарихи-әдіснамалық мәселелері

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты Жолдауында «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық», – дей отырып [86, б. 84-85], білім беруді әлемдік стандарт деңгейіне жеткізу үшін жаңа сипаттағы педагогикалық мамандар қорын жасау қажеттілігін баса айтқаны баршаға мәлім. Мектепте, жоғары оқу орнында білім мен тәрбие берудің сапасын қамтамасыз етіп, оны іске асыратын басты тұлға мұғалім болса, бүгінгі таңда мұғалімдерге қойылып отырған талаптар өте жоғары. Елімізде жаңа экономика құру үшін барлық оқу орнында кәсіби құзыретті және бәсекеге қабілетті мұғалімдер жұмыс істеуі тиіс.

Елбасының «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» тақырыбындағы Жолдауы еліміздің халқына, оның ішінде педагогтарға ерекше бағдар бергені белгілі. Елбасы мұнда басымдық берген бағыттардың ішінде, адам капиталына ерекше назар аударды, оның ішінде «Қазақстанда адами капиталдың сапалы өсуі, ең алдымен, білім беру мен денсаулық сақтауға байланысты екендігін айта келіп, «Біріншіден, оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу; екіншіден, педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор; ... бесіншіден, оқу жастарға тек білім ғана беріп қана қоймай, сонымен бірге оларды әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана білуге де үйренуі тиіс; алтыншыдан, оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажет» деп маңызды іс-шараларды атап көрсетті [87]. Аталған мәселелер білім беруді ұйымдастыруға, болашақ педагогтарды даярлау сапасын арттыруға әдіснамалық бағдар береді.

Білім беру жүйесі құрылымына сәйкес елімізде даярланып жатқан пән мұғалімдері негізінен екі мәселеге бағдар алатыны белгілі. Оның біріншісі, білім беру жүйесіндегі (оның ішінде оқу пәні мазмұнындағы) өзгерістерді қамтуы; екіншісі, елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен қоғамдық өзгерістерді қамту мен оны жүзеге асыруға бағдарлануы.

Қазіргі кезде еліміздің экономикалық және әлеуметтік мәдени жағдайына сай, қоғам өмірінің барлық салаларында өзін-өзі жетілдіріп, әлеуметтік мүмкіншілігін дамытатын білімді, тарихи білімі терең, барлық іс-тәрбие әрекетінде шығармашылық бағытты ұстанатын білікті маман тәрбиелеу өзекті болып отыр. Демек қоғам дамуының қазіргі кезеңінде жоғарғы оқу орындарында оқып жүрген кезінде олардың ойлау белсенділігін дамытып, білім мен біліктерін өмірдің жаңа жағдайында пайдалана білуге үйрету қажеттілігі туындайды.

Кез келген пән мұғалімдерін даярлаудың пайда болуы мен даму тарихы бар. Солардың бірі немесе бірегейі тарих пәні мұғалімдерін даярлау тарихы.

Тарих пәні мұғалімдерін даярлау тарихы біріншіден КСРО кезеңіндегі болашақ пән мұғалімдерін даярлаумен және мектептік оқу пәнін оқытумен өзара байланысты. Сол себепті де, тарих пәні мұғалімдерін даярлау тарихын өткен ғасырдың басындағы білім берумен байланысты қарауға болады. Бұл бағытта біздерге педагогика тарихы бойынша ғылыми жұмыс жазған ғалымдардың (Сейталиев К.Б., Жарықбаев Қ., Қалиев С., т.б.) еңбектері басшылыққа алынады.

Үздіксіз педагогикалық білім жүйесінде рухани-адамгершілікті, рефлексияға қабілетті ақпараттық коммуникативтік, әлеуметтік – тұлғалық кәсіби маңызды сапалары қалыптасқан, әдіснамалық, зерттеушілік әдістемелік деңгейі жоғары мұғалімдерін қалыптастыру қажеттілігін туындатады. Өйткені өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытуға педагогикалық ақиқатқа жаңашылдық тұрғысынан өзгерістер жасауға мүмкіндігі бар, кәсіби мәнділігін жүзеге асыра алатын белгілі бір әлеуметтік мәртебені иеленген, тарихты жақсы меңгерген мұғалім ғана қоғам талап етін отырған біртұтас, ашық, дамыған тұлғаны қалыптастыра алады.

Қазақ жеріндегі білім беру жүйесі, тарихы кеңестік кезеңнің дамуымен өзара байланысты. Кеңестік кезең мектебін құрудағы негізгі міндеттердің бірі халық ағарту саласындағы ескі кадрларды қайта тәрбиелеп, жаңа кадрлар даярлау болды.

Қазан төңкерісінен кейін қазақ жерінде мектеп пен ағарту саласында елеулі өзгерістер туындай бастады. Халықты қажытқан жаһандық және азамат соғыстарының қиян-кескі, зобалаң зардаптарына қарамастан өлкедегі мектеп саны едәуір өсе түсті. Сол кездегі ағарту саясатындағы басты мәселенің бірі жаңадан ашылып жатқан ауыл-село мектептерін мұғалім кадрларымен қамтамасыз ету жайы еді. Бұл міндет үш түрлі жолмен жүзеге асты [29, б. 58]. Мұның біріншісі – бұрынғы патшалық Ресей кезіндегі ескі мұғалім кадрларын мектепке тарту, екінші жол – білімге құштар, сауатты жастарды қысқа мерзімді курстардан өткізу, үшіншісі – арнайы педагогикалық оқу орындарын көптеп ашу арқылы мұғалім даярлау.

1917 ж. Қазан төңкерісіне дейін Қазақстанда кәсіби тарихшыларды даярлайтын жоғары оқу орны болмады. 1920 ж. қыркүйегінде Ташкентте қазақ жастары үшін даярлық бөлімі бар Түркістан мемлекеттік университеті ашылды. Сонымен қатар, ұлттық интеллеңция кадрлары Мәскеуде орналасқан Шығыс еңбекшілеріне арналған коммунистік университет пен басқа да жоғары оқу орындарында даярланды.

XX ғ. 20-жылдары Қазақстанда алғашқы жоғары білімді педагог-мамандарды даярлайтын оқу орындары ашылғанға дейін педагогикалық кадрлар Қазақстаннан тыс жерлерде даярланып келді. Әсіресе, қолөнері мен техникалық, ауыл шаруашылық еңбегіне баулитын пән мұғалімдері (инспекторлар). Педагог кадрларды орталықтағы жоғары оқу орындарында даярлау үдерісі одан кейінгі жылдары да жалғасты [48, с. 115-116].

Елімізде де оңды өзгерістер орын алды. 1920 ж. қазанда Қазақ АССР-ның Оқу-ағарту халық комиссариаты құрылды. Оның төрағалығына А.Байтұрсынов

тағайындалды. 1921 ж. 18 ақпанда Бүкілқазақстандық оқу-ағарту конференциясы шақырылды. Онда балаларды қорғау, бірыңғай мектеп жүйесін құру, кәсіптік-техникалық білім беру, саяси тәрбие жұмысы т.б. оқу-тәрбие жұмысына байланысты мәселелер қаралды. Сонымен қатар, конференция тезисінде: жаңа қоғамда бала тәрбиелеуде отбасының рөлі кемиді, алдағы жерде жас буынды тек балалар үйі мен коммуна мектептерінде ғана тәрбиелеуіміз керек деген жаңсақ пікір, таптық қоғамның жойылуымен бірге мектептегі сыныптық оқыту жүйесі де жойылуға тиіс, өйткені баланы еркін тәрбиелеу қажет, оқытудың сыныптық жүйесін лабораториялық-сабақтық жүйемен ауыстыру керек деген теріс көзқарас етек алды.

Конференцияда Қазақ АССР Оқу-ағарту халық комиссариаты мен оның жергілікті орындарының міндеттері, оның құрылымы (ұйымдастыру, академиялық орталық, әлеуметтік тәрбие және политехникалық білім беру басқармасы, кәсіптік-техникалық білім беру және оқу орындарының бас басқармасы, мектептен тыс саяси-тәрбие жұмысы, мемлекеттік баспа, әдебиет және баспа ісінің бас басқармалары) бекітілді.

1922/23 оқу жылдары Академиялық орталық ұлт мектептерін төл оқулықпен, бағдарламамен қамтамасыз етуде біраз шараларды іске асырды, төл тілімізде 14 оқулық шығарылды. Олардың ішінде «Физика», «Грамматика», «Педагогика», «Алгебра», «Есеп құралы», «Мектеп гигиенасы» т. б. бар. Бұл оқулықтарды жазуға қазақ зиялыларының алдыңғы қатарлы өкілдері А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, С.Қожанов, М.Әуезов, С.Асфендияров, Т.Жомартбаев, Қ.Сәтбаев, Ә.Ермеков, Т.Жолдыбаев т.б. қатысты.

Мұғалімдер даярлау мазмұнын анықтаудағы басты кезең ретінде педагогикалық білім беру бойынша Бүкілресейлік конференция ұйымдастырылды (1924 ж.), оның шешімдерінде аудандық халық шаруашылығы жоспарының қандай-да бір бөлігін оқытушылар мен студенттердің күшімен орындауы, күн тәртібіндегі мәнді мәселелерге кедергі келтіретін міндеттерді шешуі қажет болды [48, с. 117]. Осыған сәйкес сол кезеңдердегі мұғалімдердің білім беру жөніндегі пәндер кешенін төмендегідей етіп бөлуге болады: қоғамдық-саяси; мектептегі және баланы зерделейтін пәндер; арнаулы пәндер және өндірістік-өлкелік жұмыстар (экономикамен, техникамен, мәдениетпен және жергілікті аймақтың тұрмысымен танысу).

XX ғасырдың 20-30-жылдары мектепте тарихи білім берудегі негізгі онды өзгерістер төмендегідей болды:

- мектеп оқу жоспарына социализм тарихы, еңбек тарихы, өнер тарихы пәндері ене бастады (1918 жылдан);
- қоғамтану курсы бойынша бағдарлама жасалды (1921 жылы);
- ұстаздарға арналған ғылыми-әдістемелік бағыттағы журналдар «Жаңа мектеп», «Қазақстан мектебі» шыға бастады (1925 жылы), т.с.с.

Кемшіліктер ретінде қарастырылды:

- тарих, қоғамтану оқулықтарында тарихи материалдар социологиялық түрінде берілді және оларда нақтылы фактілер, оларға әсерлі сипаттама беру

болмады. Қиындық тудыратын күрделі материалдар саяси, әлеуметтік, экономикалық ұғымдар нақты тарихи материалдарға сүйенбей енгізілді;

- 1923 жылы мектептерде тарих жеке пән ретінде жойылды.

Аталған мәселелер өз кезегінде тарих мұғалімдерін даярлауда кемшіліктердің орын алуына алып келді.

Республика жоғары оқу орындарында құрылған гуманитарлық факультеттер Қазақстанда тарих мұғалімдерін даярлауға өз септігін тигізді. «1928 ж. Алматыда Қазақ Педагогикалық институты ашылды. Ал, 1935 ж. жоғары оқу орнына Абайдың есімі берілді. Жоғары оқу орнының директоры болып белгілі ғалым, қоғам қайраткері, «Қазақстанның ежелден бергі тарихы» кітабының авторы Санжар Асфендияров тағайындалды» [88, с. 45].

XX ғ. 30 жылдарында жоғары педагогикалық оқу орындарында тұрақты оқу жоспарлары болмады және олардың болмау себептерін К.Сейталиев төмендегіше түсіндіреді: “Қазақстанда жоғары педагогикалық оқу орындарының алғашқы қалыптасу жылдарында оқу жоспары мен бағдарламаларын әрбір жоғары оқу орнының өзі жеке жасаған болатын. Тұрақты оқу жоспары мен бағдарламасы болған жоқ. Жергілікті жағдайды ескере отырып, жоғары педагогикалық оқу орындары оқу жылының өзіндік құрылымын жасады (оқу жылының басталуы, аяқталуы және ұзақтығы)” [89, б. 62]. Сондай-ақ, жоғары оқу орындарында оқу жоспары 3 цикл бойынша құрылды: қоғамдық-саяси, политехникалық және арнаулы. Педагог-ғалым Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтының оқу жоспары циклдер мен екі бағыт бойынша жасалғандығын айта келіп, біздің зерттеуімізге қызығушылық тудыратын төмендегідей талдау жасайды: 1. Агропедагогикалық бөлімге барлығы 3960 сағат, 2. Индустриалдық педагогикалық бөлімге барлығы 5720 сағат бөлінген.

Әрине, республика педагогикалық институттарының оқу жоспарлары өзгеріп отырды. Еліміздегі жоғары оқу орындары негізінен РСФСР халық агарту комиссариатының ұсынған оқу жоспарлары мен бағдарламаларын басшылыққа алды. Халық агарту комиссариаты 1933 ж. 23-ақпанда педагогикалық институттарға арналған жаңа оқу жоспарларын бекітті [89, б. 63].

1931/1932 оқу жылының басында педагогикалық институттар техникалық және педагогикалық пәндердің үлесі арттырылған жаңа оқу жоспарына көшірілді және оларда үш политехникалық пәндер тобы бөлінді. Бұл мәселе 1933 ж. бекітілген оқу жоспарында көрініс тапты [90].

Білім беру жүйесінде 1929 ж. республика араб алфавитінен латын графикасына көшуі және 1940 ж. латын графикасынан елді кириллицаға көшіру ісі өркениет жолындағы тағы бір үлкен соққы болды. Оқу-агарту саласындағы осындай өрескел бұрмалаулар ұлт мәдениетінің дамуына кері әсерін тигізді. Бұл қоғамның дамуына және тарихты тануға үлкен кедергі болғаны кейіннен белгілі болып отыр.

Қазақстанда 1930-1931 жж. университеттердің барлық педагогикалық факультеттері педагогикалық институттарға айналды. Ал педагогикалық институттар педагогикалық жоғары оқу орындарының ректорлары Кеңесінің

шешіміне сәйкес төмендегідей 3 топқа топтастырылды [89, б. 46]. Олар: агропедагогикалық, индустриялық-педагогикалық, психологиялық-педагогикалық институттар.

1932 жылы 1-қазаннан бастап Орал қаласында халық ағарту институтының базасында педагогикалық институт ашылды. Алғашында оның құрамында: физика-математика, химия-биология, қазақ тілі мен әдебиеті, тарих-экономика бөлімдері жұмыс жасады [91]. Осылайша жаратылыстану-математикалық бағытпен қатар қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы бөлімдер, факультеттердің ЖОО ашылуы жүзеге асырыла бастады.

1933 жылы 23-ақпанда педагогикалық институттарға арналған жаңа оқу жоспарларын халық ағарту комиссариаты бекітті. Бекітілген жаңа оқу жоспарында ұлт педагогикалық институттарында оқыту мерзімі 4 жыл болып қалды да, ал оқу жоспарына қосымша пәндер енгізілуіне байланысты жоғары курстарда оқу жүктемелері көбейтілді. Енгізілген пәндер:

1. Жергілікті ұлттардың революциялық қозғалыс тарихы;
2. Ұлт республикаларының экономикалық географиясы;
3. Ана тілінен практикалық сабақтар;
4. Ана тілі әдістемесі;

Одақ кезіндегі кең көлемде өріс алған ауыр индустрияның базасы педагогикалық кадрларды даярлау үшін пайдаланылды. Осы мақсатта 1933 жылдың 6-қаңтарынан бастап Семей халық ағарту институтын (ИНПРОС) индустриялық-педагогикалық институтына айналдыру белгіленді [92]. Осы жылдың (1933ж.) наурыз айында Қазақ АКСР халық ағарту комиссариаты жанынан ғылыми-зерттеу институты ашылды. Оның негізгі міндетінің бірі – қазақ мектептері үшін оқу-әдістемелік құралдар жасауда халық ағарту органдарына көмектесу [93]. Ғылыми-зерттеу институтының бірінші директоры болып, педагог-ғалым Ш.Әлжанов қызмет атқарды. Ұлттық педагогикалық кадрларды даярлауда педагог-ғалым үлкен үлесін қосты.

КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің «Қазақстан үшін кадрлар даярлау» туралы қаулысының негізінде 1934 жылы Қазақ Мемлекеттік университеті ашылды. «Университет алдына мынадай міндеттер қойылды: ең алдымен, халық шаруашылығы мен жоғары және арнаулы оқу орындары үшін оқытуға қажетті жоғары кәсіби ұлттық кадрларды даярлау» [88, с. 46]. Қазақ Өлкелік Комитетінің 1934 жылы 23-маусымында Семей қаласында республика бойынша үшінші Семей педагогикалық институтын ұйымдастыру туралы қаулы қабылданды және институтқа оқушы қабылдау жөнінде Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарын бекітті. 1934 жылдың 1-қыркүйегінен бастап институттың құрамында 5 бөлім ашуды жоспарлаған болатын, олар: физика, қазақ тілі мен әдебиеті, биология, тарих және экономика бөлімдерінің әр қайсысы 38 адамнан, барлығы – 153 адам қабылдау белгіленді. Сонымен қатар, қосымша математика, химия, география бөлімдерін ашу көзделді [89, б. 54-55]. Осылайша еліміздегі тарих және басқада пән мұғалімдеріне деген сұраныстарды еліміздің ЖОО даярлау жүзеге асырды. Маманға деген сұранысты қанағаттандыру үшін 1934 жылдан екіжылдық мұғалімдер

институттары ұйымдастырыла бастады. Атап айтқанда, 1934 жылы қыркүйек айында Петропавл, бір жылдан кейін, 1935 жылы Ақтөбе мұғалімдер институттары ашылды. Сонымен қатар, Орал педагогика, Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институттары жанынан мұғалімдер институттары ұйымдастырылды. Мұғалімдер институттары негізінен 5-7-сыныптар үшін мұғалім кадрларын даярлауға тиіс болды. Мұғалімдер институтын бітіргендер мектепте 3 жыл жұмыс істегеннен кейін, педагогикалық институттың қалаған факультетінің 3 курсына емтихансыз түсуге тиісті болды. Мұғалімдер институттарында негізінен тарих, тіл және әдебиет, физика-математика, география және жаратылыстану бөлімдері ашылды.

БК(б)П Орталық комитетінің 1934 жылғы 16-мамырда шыққан «КСРО мектептерінде азаматтық тарихты оқыту туралы» қаулысы мектепте тарихты оқытудың негіздерін белгіледі. Аталған қаулы тарихты хронологиялық ретімен, оқушыға түсінікті әрі нақты формада жүйелі түрде баяндауды талап етті. Тарих курсы тарихи оқиғаларды ғылыми тұрғыда талдап, қорытынды жасауды қамтамасыз етуге және осының нәтижесінде оқушыларды тарихты маркстік тұрғыдан түсінуіне жетелеуге тиіс болды [80, б. 70]. Сонымен қатар, 5-10 сыныптар үшін тарихты оқыту мазмұнын ұсынды.

Д.И.Дулатова: «Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында 1935 жылдан бастап арнайы тарихи білім беру енгізілді» деп нақтылайды. 1938 жылы ашылған Қарағанды мұғалімдер институтында қоғамдық-гуманитарлық мамандықтарды даярлайтын: тарих, тіл және әдебиет факультеттері жұмыс жасады. Осылайша гуманитарлық бағыттағы, оның ішінде тарих мұғалімдерін даярлау Қазақстанның барлық қалаларында ашылған педагогикалық ЖОО жүзеге асырылды.

1937 ж. мәліметтерді 1925 жылмен салыстырғанда мұғалім кадрларының саны мен сапасы артып, тарих пәні мұғалімдерін даярлау мазмұны мен әдістері жақсарды.

Республикамыздың ерекшеліктерін ескере отырып, жоғары оқу орындарының іс-әрекет бағыттарын өзгерту ХХ ғ. 30-40-жылдары белең алды. Сол кезеңдерде Қазақстанда қалыптасқан педагогикалық білім беру жүйесінің бірқатар кемшіліктері болды. Олардың негізгілері [94, т. 19]:

- оқу жұмыстарының барлық түрлері сөздік-кітаби сипатта болуы;
- политехникалық принципті оқытуда жеткілікті енгізбеуі;
- оқу жұмыстарының әдістемелік жағынан баяу қарулануы;
- педагогикалық мектептердің ғылыми-әдістемелік орталыққа айналмай отырғандығы және әдістемелік жағынан мектеп пен ағарту мекемелері жүйелеріне ықпалының болмауы;
- педагог мамандарды даярлауда жергілікті жердің ерекшеліктерінің ескерілмеуі және оқытудың ана тіліне көшірілуінің тым баяу жүргізілуі.
- педагогикалық білім беру жүйесі құрамында фабрика-зауыт жетіжылдық, балалар қозғалысының, көркемдік білім беру, дене шынықтыру, политехникалық еңбек қызметкерлерін даярлайтын арнаулы мектептер мен бөлімдердің жоқтығы, т.б.

Республикамызда халық агарту комиссариатының коллегиясы аталған кемшіліктерді жою мақсатында педагогикалық білім беру жүйесіне түбірлі өзгерістер енгізуді жүзеге асырды [94, т. 20].

Сондай-ақ, XX ғасырдың 30-жылдары мұғалім сөзі оқушыларға тарихи білім берудің бірден-бір көзі болып табылды. Көрсетілген кемшіліктерді жою мақсатында білім беру жүйесіне төмендегідей түбірлі өзгерістер енгізуге шешім қабылданды:

- оқу жұмысының әдістерінің белсенділігін арттыру бағытында педагогикалық үдерісті қайта құру;

- оқушылар жұмысының барлық түрлерін, оның ішінде қоғамға пайдалы жұмысты педагогикалық мектептің оқу-тәрбие міндеттерімен үйлестіру.

XX ғасырдың 30-40-жылдары мектептегі тарихи білімнің қалыптасуы демократияны қаталдықпен жаныштады және Сталиндік партия тарихы тұжырымдамасына орай мектептегі тарих оқулықтарында тарихи шындық бұрмаланды. Бұл өз кезегінде болашақ тарих мұғалімдерін даярлауға ықпал етті. Мектеп тарих курсы мазмұнының дұрыс анықталмауы мен бұрмалануы болашақ мамандарды даярлауға кері әсерін тигізді, себебі, болашақ мамандар «мектепте нені оқытамын?» деген сұрақты дұрыс шешуге даярлық көрмеді.

XX ғасырдың 30-40-жылдары аралығында педагогикалық мамандарды, оның ішінде тарихшы мұғалімдерді даярлауда төмендегідей кемшіліктер орын алды:

- 1933 жылы бекітілген оқу жоспарында көппәнділіктің орын алуы және арнаулы мамандандыру пәндеріне сағат санының жеткіліксіздігі мен студенттердің өзбетінше жұмыс жасауына қажетті уақыттың берілмеуі;

- педагогика курсының педагогикалық үдеріс заңдылықтарын нақты бала өмірімен, мектеп өмірімен байланысты болмауы.

Сонымен қатар, оңды тәжірибелер болды, олар:

- 1934 жылдың өзінде бірнеше оқулықтар қазақ тіліне аударылды, пәндер бойынша терминологияны жасауда көптеген жұмыстар жүргізілді;

- 1935 жылы бекітілген оқу жоспарында мамандық бағыты бойынша арнаулы пәндерге бөлінген сағат сандарының артуы, көппәнділікті азайтуы және педагогикалық институттардағы жоғары курс студенттерінің өз бетінше істейтін жұмысына уақыт бюджеті арттырылды;

- психология пәніне бөлінген сағат мөлшерінің көрсетілген мерзім ішінде 40 сағаттан 80 сағатқа дейін артуы және 1938-1939 оқу жылынан бастап жалпы психология курсын студенттер ана тілінде оқи бастады.

XX ғасырдың 40-жылдарындағы тарих мұғалімдерінің әдістемелік даярлығында мұғалімнің сабақты түсіндіріп, айтып беруі алдыңғы орында болды. Оқушылардың өзбетінше білім алуына жеткілікті көңіл бөлінбеді. Оқулықтарда фактілер үстемдік етті, оқулықтарға енген күрделі тарихи ұғымдардың мәні жеткілікті дәрежеде ашылмады.

Қазақ КСР Халық Агарту Комиссариатының 1940-шы жылғы мәліметіне сүйенсек, осы жылы Қазақстанның төмендегідей жоғары оқу орындарында: 1. Алматы педагогикалық (ҚазПИ); 2. Алматы мұғалімдер (ҚазПИ іргесінде); 3.

Орал педагогикалық және мұғалімдер; 4. Қызыл-Орданың педагогикалық; 5. Семейдегі педагогикалық және мұғалімдер; 6. Шымкенттегі мұғалімдер; 7. Петропавл мұғалімдер; 8. Қарағандының мұғалімдер; 9. Ақтөбенің мұғалімдер; 10. Гурьевтің мұғалімдер институттарында тарих факультеттері болған [95, л. 70].

XX ғ. 30-40 жылдары Қазақстанда педагогикалық сала бойынша ашылған ЖОО-дағы тарих факультеттерінің білімдік бағыттары негізінен бір мақсатты көздеген. Ол мақсат – педагогикалық тәрбиеде коммунистік идеологияны алдыңғы орынға шығарып, орыстық шовинизмді күшейту болды деген [82, б. 213] қорытынды шығаруға болады. Қазақстанда ЖОО мамандар даярлау тарихына үңілсек, ол педагогикалық оқу орындарының көптігімен ерекшеленеді. Тарихи білімнің негізінде кеңестік идеологиялық ұстындардың халық санасында орнығуы дәл осы оқу орындарының жұмыс бағыттарына байланысты болды да, олардың мөлшері саясат арқылы өлшеніп, оған қатысты мәселенің бәрі коммунистік идеология шеңберінен аспағаны белгілі.

Тарихты оқытуды түбегейлі жетілдіру үшін тек қана жаңа кітаптар мен бағдарламалардың шығарылуын емес, мұғалімдердің дайындығының және қайта дайындығының едәуір жақсаруын талап етті. Тарих пәнінің мұғалімдері өздерін қайта даярлауға, тек қана КСРО тарихын ғана емес, сонымен қатар шетел тарихын оқып үйренуге мәжбүр болды. Ол кезде шын мәнінде халыққа білім беру кадрларының мамандығын көтеру институттары мен педагогикалық жоғарғы оқу орындарында жаңа тарих курстары ашылып жатты. Экономикалық және тарихи циклдары бар тарих-экономикалық бөлімдерінің орнына педагогикалық жоғарғы оқу орындарында тәуелсіз тарих факультеттері құрыла бастады [82, б. 211].

1941 ж. 22 маусымда неміс-фашист басқыншыларының халқымыздың, бейбіт өмірін бұзып, басқыншылық шабуыл жасауы, бірқатар өзгерістердің орын алуына алып келді. Олар: білім саласында әйел кісілер санының өсуі, оқушы балалар санының көшіп келгендер есебінен өсуі, т.б. Соғыс жылдарында КСРО құрамындағы ұлттардың тарихын насихаттау негізінде халықты жаппай күреске жұмылдырып, отансүйгіштік сезімді қалыптастыруға байланысты біршама іс-шаралар ұйымдастырылғаны белгілі.

Ұлы Отан соғысы жылдарында С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінде тарих бөлімі ашылды (1943 ж.). Сонымен қатар, 1944 жылдан бастап қазақ педагогикалық институтында құрылған тарих факультеті де мамандар даярлай бастады [88, с. 71].

Тарих мұғалімдерінің даярлығын жетілдіруде Ұлы Отан соғысы кезінде шықпай қалған және 1946 жылдан қайта жарық көре бастаған «Преподавания истории в школе» деп аталатын әдістемелік журналының өзіндік орны болды. Республикамыздағы Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылыми-зерттеу институты «Тарих, КСРО Конституциясы және география» [96] секторлары мектептерге дидактикалық-әдістемелік көмек көрсете білді. КОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесінің 1959 жылғы 8-қазанындағы «Мектепте тарихты оқытудағы кейбір өзгерістер туралы» қабылданған қаулыға

сәйкес республика мектептерінде «Қазақстан тарихы» алғаш рет КСРО тарихының құрамында курс болып оқытыла бастады.

XX ғасырдың 50-жылдарында тарих пәні бойынша бағдарламалар мен оқулықтар мазмұны біраз жетілдірілді. Оқулықтар оқушылардың сабақта алған білімін қайталау және бекіту үшін, сондай-ақ, үй тапсырмасын орындауға арналған құрал ретінде қарастырылды. Соған сәйкес мұғалімдер тарапынан оқытуды бекіту және бақылау-тексеру міндеті де күшейтілді.

1945-60 жж. мектептердің және оларда оқитындардың саны күрт өсе бастады. 1954 ж. тың игеру қозғалысы кезінде елде 360 жаңа совхоз орнап, жүздеген жаңа мектеп салынды. Алайда тың игеру ісімен байланысты Орталық Қазақстанға Орталық Ресей мен Украинадан мыңдаған үйелмен қоныстануына байланысты көптеген қазақ мектептері жабылып, олар аралас орыс-қазақ мектептеріне немесе таза орыс мектептеріне айналдырылды.

1957-1958 оқу жылында кейбір педагогикалық жоғары оқу орындарында мектеп мұғалімдерін даярлайтын арнайы факультеттер ашылды. Мұғалімдердің әдістемелік шеберліктерін көтеру мақсатында мұғалімдердің аудандық әдістемелік бірлестіктері мен оқу кабинеттері туралы ережелер қабылданды.

Соғыс жылдарында ашылған Педагогика ғылымдар академиясының ғылыми зерттеу жұмыстарын үйлестіруі арқасында іргелі зерттеулермен бірге болашақ мұғалімдер үшін педагогика теориясы мен тарихына арналған монографиялық еңбектер мен оқу құралдары шығарылды. Олардың ішінде педагогикалық училищелерге арналған Б.П.Есипов пен Н.К.Гончаровтың «Педагогика» (1950) оқулығы да бар [48, с. 144-148].

XX ғасырдың 40-60-жылдары аралығындағы орын алған өзгерістер жоғары оқу орындарында мұғалімдер, оның ішінде тарих мұғалімдерін даярлауға да өзіндік кері ықпал етті. Олардың қатарына ұлт тарихын оқытуды өз деңгейінде жүзеге асыру қажеттілігі көрініс таппағандығын айтуға болады.

Тарихшы мамандар мен мұғалімдер даярлаған, 1928 жылы ашылған Абай атындағы Қазақ педагогикалық университетінен бастап 1962 жылы ашылған педагогикалық институттарға дейінгі 12 оқу орнының қызметіне талдау жасаған Т.К.Катаев [97] бұл оқу орындарында коммунистік партияның тапсырысына сай саяси бағыттылық басым болғанымен олардың арасында педагогикаға, өлкетану мен жағрафияға, тәрбие жұмысының әдіс-тәсіліне де мән берілгендігін айтады.

Орталықтан сол кезеңдегі жүргізілген саясаттың нәтижесінде жас ұрпақтың ұлт мәдениетін жасаушы, этнос тілінің иегері екені де ұмытыла бастады, ұлттық мақтаныш сезімнен де ат-тонымызды ала қашатындай жағдай туды, ұлттық пен интернационалдықтың диалектикасы тек сөз жүзінде ғана үйлесімін тауып, бұл жайт негилистер мен мәңгүрттердің, маргинал тұлғалардың көбеюіне әкеліп соқты. Мәселен, Қазақстанда 700 жүзден астам қазақ мектептері жабылды, ана тіліндегі газет, журнал, кітап таралымы құлдырап кетті.

Осы кезеңде болашақ мұғалімдер даярлауда оңды өзгерістердің де болғанын жоққа шығаруға болмайды. Солардың бірі – проблемалы оқытуды жүзеге асырудың қолға алынуы [98] еді.

XX ғасырдың 60-70-жылдарында жаппай орта білім алуға көшуге байланысты мектептің білім мазмұнын жетілдіру, оқушылардың ғылыми – теориялық білімдері мен қоғам дамуына сәйкес қарапайым біліктерін, көзқарастарын қалыптастыру, еңбекке дайындау талап етілді.

XX ғасырдың 70-жылдары ғылым мен халық шаруашылығының жетістіктерін ескере отырып, жалпы білім беретін мектептің барлық сатыларындағы ғылым негіздері жана мазмұнда құрылды.

Мектеп пәндерінің оқу бағдарламалары оқушылардың ойлау қабілетін арттыруға, мұғалімдердің оқушылардың өз бетінше жұмысын және оқу қызметін ұйымдастыру мәдениетін арттыруға бағытталды. Оқу материалдары оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, өз ынта, қызығушылықтарымен дәйектерді бақылай отырып, қорытынды жасау, шешім іздеуге машықтандыру мақсатын көздеді.

XX ғасырдың 70-жылдарында болашақ мұғалімдерді даярлау бойынша педагог ғалымдар ғылыми еңбектер жазды. А.И.Щербаков өз еңбектерінде мұғалім тұлғасын қалыптастыру мәселелерінің психологиялық аспектілері, яғни оқу және тәрбие жұмысының әртүрлі формасы кезіндегі болашақ мұғалімнің мінезінің, кәсіби білігі мен дағдысының қалыптасуы қарастырылды. Оның зерттеулерінде жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде болашақ мұғалімді кәсіби дайындауды жетілдіруді жүзеге асыру жолдары ұсынылады. Ол терең білім, жоғары мәдени деңгей, биік моральдық сапа, қатаң мінез, жоғары танымдық белсенділік, өз бетінше шешім қабылдай білу, педагогикалық қабілет және шеберлікті тұлғаның негізгі құрылымы ретінде бөліп көрсетеді [40].

А.И.Щербаковтың пікірінше, мұғалімнің атқаратын қызметінің жан-жақтылығы педагогикалық қабілетінің молдығына сәйкес болады. Солардың бірі – баланы «көре білуі», оның психикалық әрекетін басқара алуы. Бұл кейіннен мұғалімнің бір қабілеті ретінде қарастырылды.

XX ғасырдың 70-жылдарының өзінде Н.В.Кузьминаның зерттеуінде кәсіби-педагогикалық бағыттылықтың параметрлері анықталады. Бұл бәрінен бұрын: бағыттылық объектісі, оның өзгешелігі, сенімнің саралану дәрежесі, қанағаттанушылық, қарсыласушылық, мақсатқа ұмтылушылық және т.б. [41, с. 28]. Мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетінің нәтижесі педагог пен оқушылардың өзара қарым-қатынасына байланысты. Кәсіби-педагогикалық бағыттылық педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің барлық іс-әрекеттерінің негізі болуы қажет.

XX ғасырдың 80-жылдарында Ф.Н. Гоноболин мұғалім қызметінің табысты болуы үшін педагогикалық әдеп, оқушыны түсіне білу, оқушыларға оқу материалдарын жеңіл де түсінікті тілмен баяндай алу, олардың оқуға ынтасын арттырудың жолдарын білу, өз жұмысының нәтижесін болжау, сондай-ақ болуы мүмкін қателіктер мен қиындықтардың алдын алу сияқты

маңызды қабілеттер қажеттігіне тоқталады. Сонымен қатар, ол мұғалімнің педагогикалық әдеп, пәнге деген қабілеттілігі, адамдарды сендіру қабілеттілігі, шығармашылық жұмысқа қабілеттілігі, педагогикалық жағдаяттарды тез түсіну және өзін онда икемді ұстау, оқушыларды ынталандыру қабілеттілігі, еңбек нәтижелерін алдын ала болжау қабілеттілігі сияқты ең маңызды кәсіби-тұлғалық ерекшеліктерін бөліп көрсетеді [42, с. 8].

Болашақ мектеп мұғалімдерінің кәсіби-педагогикалық бағыттылығын қалыптастыру жөнінде В.А.Сластенин болашақ мұғалім-тәрбиешіге оқу жоспарының кәсіби-педагогикалық пәндері арнайы және жалпы білім беретін болса, мектеп жұмысына студенттерді кәсіби бағдарлау тек педагогика, психология, әдістеме сабақтарында және педагогикалық практика үдерісінде жүзеге асырылса, онда қарастырылған даярлық толық мәнді қамтамасыз етілмейтінін айтқан болатын [43, с. 141].

Болашақ мамандарды даярлау тарихында Ю.К.Васильев, У.Н.Нишаналиев, К.Ә.Дүйсенбаев, т.б. педагог ғалымдардың еңбектерінің өзіндік орны бар. Ю.К.Васильевтің зерттеуіне байланысты мектеп оқушыларын оқыту үшін мұғалімнің өзінің сол бағыт бойынша дайындығы болуы тиіс [44, с. 102]: біріншіден, мұғалімнің жеке басының пәнді оқыту бойынша дайындығы; екіншіден, мұғалімнің кәсіби (психологиялық-педагогикалық пәндер циклі бойынша) дайындығы. Мұғалімнің бұл даярлық мәселесі педагогикалық жоғары оқу орындарында жүзеге асырылады және даярлықтың құраушыларын жетілдіру үшін өткен тарихтан құнды іс-тәжірибелері негізге алынады.

Ю.К.Васильев XX ғасырдың 80-жылдарындағы жазған еңбегінде, болашақ тарих пәні мұғалімдерінің физика, еңбек және сызу, еңбек және физика пәні мұғалімдеріне қарағанда политехникалық даярлығы төмен болып келу себептерін анықтаған. Тарих және қоғамтану мұғалімдерінің өндіріс негіздерімен таныс болуы, халық шаруашылығы құрылымын, өндіруші күштің даму тарихын, халық шаруашылығына мамандардың қажеттілігін білуі қажет және олар оқушыларға еңбек тәрбиесі мен кәсіптік бағдар беру міндеттерін сәтті шешу үшін қажет деп біледі [44, с. 143].

Ғалым «Тарих, қоғамтану және тәрбие жұмысының әдістемесі» мамандығы оқу жоспарына:

- ғылыми циклге «Ғылым және техника тарихы» (осы бөлім студенттеріне түсінікті түрде) арнайы курсы енгізуді;

- жалпытехникалық және экономикалық даярлығын жүзеге асыру үшін мақсатты түрде екі арнайы курсты енгізуді: «Ғылыми-техникалық және әлеуметтік прогресс және дамыған социалистік өндіріс», «Социалистік халық шаруашылығының экономикасы және ұйымдастыру»;

- студенттердің практикалық даярлығы үшін сыныптан тыс жұмыстар бойынша практикум енгізуді (көрнекі құралдарды, қоғамға пайдалы еңбектің түрлерін дайындау бойынша жұмысты орындауды назарға ала отырып) ұсынды [44, с. 116].

Т.Т.Тұрлығұл өзінің зерттеуінде [79, б. 33] Қазақстан тарихын оқытуда төмендегі проблемалардың орын алғандығын атап көрсетеді:

1) 1920-1930 жж. аралығында тарих пәнінің білімдік, тәрбиелік маңызын дұрыс бағаламай, оның оқу жоспарынан шығарылуын;

2) 1930-1940 жж. аралығында ұзақ уақыт КСРО тарихының төменгі сыныптарда (8-ге дейін) пән ретінде оқытылмауын;

3) 1917-1958 жж. аралығында одақтас республикалар мектептерінде сол елге аты берілген ұлттың тарихын оқытуға жол берілмеуін;

4) 1958-1989 жж. КСРО халықтары тарихының мектептің оқу жоспарына ендірілгенімен, оны оқытуға қажетті жағдайдың жасалмауын.

Бұл мәселелер өз кезегінде болашақ тарих пәні мұғалімдерін даярлауда дұрыс бағдар алуға мүмкіндік бермеді.

1980-90 жж. елімізде жаппай орта білім беру саласында біршама жұмыстар жүргізілді. Соның бірі оқуға 6 жастан бастап алу мәселесі еді. Мұның соңғы кезде, қазақ халқының экономикалық-әлеуметтік даму ерекшеліктеріне орай тиімсіз болып отырғаны байқала бастады. Жаппай орта білім беруге көшу заңы бойынша мұғалімдер ұжымы, көп жағдайда көз бояушылыққа салынып, пайыз қуалап, шәкірттерге сапасыз білім беруге «төселіп» алды. Оқудың өмірден алшақтануынан мектеп бітірушілердің көпшілігі теориялық білімді күнделікті өмірде қолдана алмайтын халге келді, олар жаттамалы жалған оқуға бой ұрды. Ал мұның өзі елімізде оқу-ағарту жүйесін қайта құруды, мектеп реформасын жасауды, оқуды өмірмен байланыстыруды, оқушылардың білімді өз бетімен іздене дербес игеруіне, сөйтіп білім негіздерін жергілікті жердің экономикалық, экологиялық, этнопедагогикалық ерекшеліктерін ескере отырып меңгертуге баса көңіл бөлуді, білім негіздерін демократиялық, интеграциялық принциптерге орайлас әр баланың жеке дара ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, оқытып тәрбиелеуді талап етті. Осы жайттар ұлт мектептерінің жаңа бағдарламаларынан елеулі орын алды. Лицей, гимназия, колледж, медреселер ашу сияқты мектептің жаңа түрлері ұйымдастырылуда. Осы мектептерде оқытылатын пәндердің бағдарламалары мен оқу-әдістемелік құралдарын жасау күн тәртібіндегі басты мәселелердің бірі ретінде қарастырылды [89, б. 132-140].

1984 ж. бастау алған білім беру реформасы XX ғ. 90-жылдарындағы еліміздегі саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайдың өзгеруіне байланысты аяқталмай қалды. Оның ішінде мектепті мекеменің қамқорлыққа алуы, мектеп кооперативтерінің жұмысы, өндірістік нехтардағы жұмыс, т.б. қысқартылды немесе толықтай өз жұмысын тоқтатты.

Мектеп реформасының негізгі бағыттарында былай деп жазылған (1984 ж.) «Болашақ мұғалімдерге, тәрбиешілерге ең осы заманғы білім мен жақсы практикалық даярлық беру керек». Жоғары оқу орындарында педагогтарды даярлауды жетілдірудің негізгі жолдары да белгіленген [99].

Н.В.Кузьминаның еңбектерінде педагогикалық іс-әрекеттің психологиялық құрылымына сипаттама беріледі. Ол барлық студенттің педагогикалық мамандыққа бағыттылығын және педагогикалық іскерлігін қалыптастыруды педагогикалық меңгерудің маңызды міндеттерінің бірінен санайды. Сонымен қатар маман дайындаудың тиімділігін арттыру үшін студенттерді болашақ

кәсіби іс-әрекетінің құрылымына икемдей отырып, мұғалім тұлғасын қалыптастыру үдерісін қарастырады. Педагогикалық қабілетке ол педагогикалық байқампаздық, педагогикалық қиял, педагогикалық такт, назар аударып, көңіл қою және талапшылдықты жатқызады [100].

Психологиялық–педагогикалық және арнайы даярлық мектеп мұғалімі ретінде жан – жақты қалыптасуға жағдай жасайды.

Педагогика тарихы мен педагогикалық - психологиялық еңбектерге жасаған тарихи шолу болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау мәселесі жан - жақты қарастырылғанын байқатады. Белгілі педагог Ю.К.Бабанский мұғалімнің кәсіптік маңызды және жеке тұлғалық қасиеттерін үш топқа бөліп қарастырады:

1. Жеке тұлғалық қасиеттері.
2. Оқу іс - әрекетіне байланысты қасиеті.
3. Мұғалімнің тәрбие жұмыстарына байланысты сапасы [101].

Осы орайда қоғамның жаңаша даму жағдайларында, білім беруде, танымдық әрекеттерге бейімделе отырып, өзіндік білім алуға, өз жолын дұрыс таңдап, оң шешім қабылдай алатын, тұлғаны қалыптастыру бүгінгі күн тәртібіндегі ең өзекті мәселе болып тұр.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай жиырма қадам» атты бағдарламалық мақаласында әлеуметтік жаңғырту барлық салаларды, оның ішінде білім беруді де қайта құруды талап ете келе, еліміз бен қоғамды дамытуға жаңа серпін береді [102] – деп атап көрсеткен.

Болашақ тарих пәні мұғалімдерін даярлауда Т.Т.Тұрлығұлдың зерттеу жұмысындағы анықталған басым бағыттар ЖОО маман даярлаудың бағдары - «Мектепте Қазақстан тарихын оқыту әдістемесі» пәнінің даму эволюциясы болды [79, б. 13]:

1) 1930-1940 жж. КСРО тарихы құрамында Қазақстан тарихының жеке материалдары сол пән әдістемесімен оқытылды;

2) 1959-1989 жж. оқытылғанда тарих пәнінің оқыту әдістемесін пайдаланумен қатар өзіндік: КСРО және Қазақ КСР тарихы материалдарын қатар оқыту, яғни аралас сабақ, екі курс материалдарын органикалық байланыстыру жолдары, курсішілік байланыстардың әдістемелік жолдары, қорытып-қайталау сабақтарының жаңа типтері, өз өлкесі тарихын оқыту, сабақтан және мектептен тыс жұмыстарды байланыстыру сияқты оқыту формалары мен әдіс, тәсілдері қалыптаса бастады;

3) XX ғасырдың 90-жылдары пәннің әдістемесі біраз жетіліп, «Мектепте Қазақстан тарихын оқыту әдістемесі» пән болып қалыптасуы жүзеге асырылды.

Қазақстан Республикасы дүниежүзілік қоғамдастықтың ажырамас бөлігі болып отырған жағдайда және демократиялық құқықты мемлекетті құруға бел байлаған кезеңде ғылымды теориялық жағынан негіздеудің қажеттілігі арта түсті. Әсіресе, қоғамдық ғылымдардың, сонымен қатар педагогика ғылымының құрылымдық бөлігі, дидактиканың әдіснамалық және әлеуметтік мәнін

арттыру, жеке адамның тұлғалық қалыптасуы міндеттерін болжап білу мәселесі айқын қойылуы тиіс.

Бұл тұрғыда, еліміздің жоғары мектеп жүйесі Болон үдерісінің идеяларын толығымен қабылдап, өзінің мазмұны мен болашағын осы үдеріспен байланыстыруы жоғары оқу орындарының жұмысына елеулі өзгерістер енгізуді талап етеді [103].

Бұл мәселелерді шешуді құзыретті маман даярлаумен байланысты қарастыруға болады. Н.В. Кузьмина құзыреттілікті жеке тұлғаның қасиеттері ретінде қарастырады. Оның пікірінше құзыреттіліктің бес түрі бар:

1. Оқытатын пән бойынша арнайы және кәсіби құзыреттілік.
2. Оқушылардың білім, біліктерін қалыптастыру тәсілдері бағытындағы әдістемелік құзыреттілік.
3. Қарым – қатынас аясындағы әлеуметтік – психологиялық құзыреттілік.
4. Оқушылардың ынтасы, қабілеті аймағындағы дифференциалды-психологиялық құзыреттілік.
5. Тұлғаның өзінің және өзіндік іс-әрекетінің жетістіктері мен кемшіліктері айналасындағы аутопсихологиялық құзыреттілік [104].

Білім беру мазмұнын дұрыс бағамдау және маман даярлауды жүзеге асыру үшін В.А.Сластенин білім беру саласындағы, әлемдік мәдени қозғалыстағы оның тарихи заңдылықтары мен этноаймақтық ерекшеліктерді және оларды жүзеге асыру формаларын, үдерісін айқын елестету қажет ұдеп біледі [105]. Оның себебі, қазіргі кезде білім беруге деген талаптың күшеюінен туындауда.

Батыстың дамыған елдерінде білім алушыларда құзыреттіліктерді, оларда пайда болатын интеграциялау икемділігін қалыптастыру, білімді әртүрлі өмірлік жағдайларға көшіре білу және қолдану міндеттері туралы мәселелер орын алуда. Бүгінгі күні оларда негізгі құзыреттіліктер айқындалып, алғаш рет Европа Кеңесі сарапшылары 1996 ж. білім беру мәселелері бойынша «Европалық жобада алғаш ұсынылған тұғырлық құзыреттіліктерді оқу үдерісінде қалыптастыру идеясы жүзеге асырылды» [106].

Зерттеулерге сәйкес, біздің ойымызша, әдістемелік даярлық - құзыреттілік құраушысы болып табылады. Себебі, құзыреттілік білімдік, іс-әрекеттік және жеке тұлғалық сападан тұрады. Іс-әрекеттік саланы әдістемелік дайындық құрайды. Тарих пәні мұғалімінің өзіндік ерекшеліктері де бар және ол құзыреттілік құраушыларында өзіндік басымдықпен көрініс табады. Оның негізгілері тарихи білімдік сала мен жеке тұлғалық сапалық көрсеткіштерде айқын көрінеді. Ол жөнінде төмендегі мазмұндаулардан көруге болады.

Болашақ тарих мұғалімінің бойына танымдық және елжандылық қасиеттерді сіңіру үшін халқымыздың басынан өткен оқиғалары мен құбылыстарын, тарихи тұлғалардың қызметтерін айтып, түсіндіру танымдық тұрғыда қажетті іс. Ал, тарихшы маман аталған тарихи оқиғаларға, құбылыстарға, үдерістерге, тұлғалардың қызметі мен ең қарапайым дәйектерге баға беруде, тұжырым жасауда тарих философиясының әдіс-тәсілдеріне жүгінеді.

Қазақстанның тәуелсіздік алуымен бірге тарих ғылымының дамуына жаңа мүмкіндіктер ашылды. Мәселен, тарихтың бір ғана философиялық әдіснамасы саналып келген маркстік формациялық теориядан бас тартып, жаңа теориялық-әдіснамалық ізденістер қолға алынды. Қазақстан тарихына қатысты деректер қоры мен дәйектер көптеп жинақталғанымен, оны фактологиялық деңгейден терең талдаулар мен тұжырымдар беретін теориялық деңгейге көтеру міндеті туындады. Бұл қажеттілік жоғары оқу орындарындағы болашақ тарихшы маманның тарихи білімінің ғылыми дүниетаныммен ұштасуынан, тарихи пайымдауларындағы әдіснамалық бағытын айқындауға деген зәруліктен келіп шығады. Болашақ тарихшы маманның әдіснамалық бағытын анықтауға әлемдік тарих философиясының жетістіктері ұсынған үлгілермен қатар, қазақ тарихи санасында айқындалып, көптеген тарихи шығармаларды дүниеге әкелген дәстүрлі философиялық әдіснамаларды қолдану ұлттық ерекшелігімізді, ойлау жалғастығымызды қамтамасыз етеді.

Қазақстанда тарихи білім берудің қазіргі кезеңдегі үлгісінің қалыптасуына соңғы кезде қоғамның жаңаруындағы тенденциялар да әсер етпей қоймады. Ол тенденциялардың қатарына:

- тарихи өткен өмірді айқындаудағы әдіснаманың алуан түрлілігінің енуі;
- ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлану;

- ұлттың төл мәдениетіне деген қызығушылығын арттырып, тарихи сананы жаңғырту және тағы да басқаларын жатқызуға болады. Осылардан келін тарихи үдерісті түсіну қажеттілігі туындайды. Бұл қажеттілікті өтеуде болашақ тарихшы маманның кәсіби тұлғасының ұлттық тарихи-философиялық мұраның негізінде қалыптасуының мәні зор [107, б. 237].

Тарихи ойдың алдында тұрған «біз кіміз, қайдан шықтық, қайда барамыз?» деген дүниетанымдық сұрақтарға жауап іздеу бүгінгі қоғамдық сананың әлеуметтік құрылымы мен оны қалыптастырушы ұстындардың өзгерісі жағдайында да күн тәртібінен түскен жоқ. Ол дәстүрлі тарихи ойдың жаңғырығы ретінде жалғасын тауып келе жатқан дүниетанымдық мәселе. Ал, осы орайда тарих мазмұнын оқытуда басшылыққа алынатын әдіснама мәселесін қарастырудың маңызы жоғары.

Тарих ғылымындағы зерттеу тәсілдері мен жолдары, яғни әдіснама математикадағыдай дайын формула емес, ол өзін теориялық жағынан жетілдіруді және үздіксіз ізденістер арқылы қалыптастырып, дамытуды талап етеді. Сондықтан кеңестік кезеңдегі «Тарих – таптар күресі» деген принциптен әлдеқайда ауқымды, жалпыадамзаттық құндылықтарға, саяси-әлеуметтік, ұлттық-этностық көзқарастарға негізделген «Тарих – адам қызметі» ұстанымына негізделген әдіснамалық бағытты таңдауымыз орынды [108, б. 17-18] деп білеміз.

Институционалды түрде кеңестік уақытта қалыптасқан қазақ тарих ғылымы бір ғана ғылыми әдіснама шеңберінен шыға алмады. Тарихи өткен шак әлеуметтік тарих призмасымен қарастырылғандықтан да тарих ғылымы экономикалық фактілерге баса мән берген тұлғасыз, нәрсіз ғылымға айналды.

Содан да, зерттеулерде тарихи үдерістер мен оқиғалар еркін талқыланбады, карапайым тарихи шындық ашылмады [109].

Кеңестер Одағының ыдырауынан кейін Қазақстанда тоқсаныншы жылдардың алғашқы жартысы тек саяси емес, әлеуметтік, мәдени және ғылыми салаларда хаостық кезенді өткерді. Саяси биліктің ауысуымен мемлекеттің барлық құрылымдары өзгерді және жаңа үдеріске бейімделу жүзеге асты. Яғни, бір мезетте жаңа жүйе пайда болған жоқ. Жүйенің ауысуы мен қоғамның өзгеруі соған сәйкес тұлғаны қалыптастыру үшін тарих түсінігі мен идеологияны жаңадан түзуді қажет етті. Жаңадан қалыптасқан мемлекеттегі тұлғаға берілетін тарихи білімінен мемлекеттік биліктің мақсаттарын, даму болашағын анықтауға болады [110, б. 221].

Тарихты оқыту қандай жағдай болғанда да әдіснамалық негізде жүзеге асырылады. Әдіснама дегенімізді ғылыми таным әдістері туралы ілім; кез келген ғылымда қолданылатын әдістердің жиынтығы; теориялық және практикалық іс-әрекетті ұйымдастырудың және құрудың қағидалары мен тәсілдерінің жүйесі деп қабылдаймыз. Оның үстіне, ғылым әдіснамасы танымның ұстанымдары, құралдары және шындықтың тәжірибелік өзгеруі туралы ілім екендігін ескерер болсақ, білімнің құрылымын философиялық, жалпығылыми, нақты-ғылыми және технологиялық төрт деңгейге бөліп қарастырамыз. Бұл жерде философиялық деңгейдің мазмұны жалпы ғылымның категориялды құрылымы мен танымның жалпы ұстанымдарынан, ал жалпы ғылыми әдіснама барлық немесе көптеген ғылыми пәндерге қолданылатын теориялық тұжырымдамадан, нақты-ғылыми әдіснама арнайы ғылыми пәндерде қолданылатын зерттеудің ұстанымдары мен әдістері жиынтығын, нақты-ғылыми әдіснама ғылыми танымға қатысты айырықша мәселелерден, технологиялық деңгей зерттеудің әдістемесі мен техникасын құрайды.

Тәуелсіз Қазақстанның білім жүйесінде Отан тарихын тереңдетін оқыту уақыт талабы. 1989-1990 оқу жылынан бастап республика мектептерінде жаңа дербес пән – Қазақстан тарихы оқытыла бастады. 1991-1992 жж. жаңа оқу жоспарына сәйкес тарих факультеттерінде Қазақстан тарихын оқыту қолға алынды. Қазақстан тарихы 1992 ж. бастап әр түрлі дәрежедегі оқу орындарында кең түрде оқытыла бастады, ЖОО білім алушылардың отандық тарихтан емтихан тапсыруының міндетті болуы Қазақстан тарихы пәнінің мәртебесін көтерді. Алайда, XX ғ. 90-жылдарының басында Қазақстан тарихының оқытылу жайы, яғни оқу бағдарламалары, оқулықтар, Қазақстан тарихын оқыту әдістемесі, ұйымдастыру формалары, әдістері талапқа сай емес еді. Республиканың аға буын тарихшылары баспасөз бетінде бұл мәселені алғаш көтерді. Профессор Ж.Қасымбаев «Қазақ тарихын оқыту қағажу қала бере ме? [53, б. 6] деген мақаласында Қазақстан тарихын оқытуды өз деңгейіне көтеру үшін:

1. Қазақстан тарихын мектепте оқытуды жолға қою;
2. Тарихшы мамандарды даярлау;
3. Ұстаздың мұқтаждығына көңіл аудару;
4. Төл тарихымызбен ұрпақ тәрбиелеу қажеттігін алға тартады.

Профессор Ә.Тәкенов «Қазақ тарихының зары» деп аталатын [111, б. 5-7] мақаласында «Қазақстан тарихы» пәнінің мәртебесін көтеру үшін:

- тарихшы мамандарды аттестациялауды өткізуді;
- оқулық-хрестоматия құрастыру мәселесін білікті мамандарға тапсырып, олардың жұмыс істеуіне жағдай жасауды ұсынады.

Қазақстан тарихын оқытудағы жаңа міндеттер белгіленді. «Қазақстанның Болашағы - бүгінгі жастар. Сіздер оларға қалай білім берсеңіздер, Қазақстан болашақта сол деңгейде болады» деген Н. Назарбаевтың сөздері, педагогтарға, оның ішінде тарихшы ұстаздар қауымына үлкен жауапкершілік жүктеді [112]. Осы бағытта ғылыми жұмыстар жүргізілді.

Отан тарихынан оқу орындарының сапалы білім беруі үшін ең қажетті екі шарт орындалуы тиіс:

- сапалы оқулықтардың болуы (қамтамасыз етілуі);
- педагогикалық инновацияның жүзеге асырылуы [113, б. 143].

Аталған екі шарт орындалуы үшін Қазақстан тарихы пәнінің бағдарламасы бекітілуі қажет болды. Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы тарих бағдарламалары мен Қазақстан тарихы оқулықтары XX ғ. 90-жылдарының басынан бастап шыға бастады. Дайындалған Отан тарихы оқулықтарындағы бірқатар ақтандақтардың беті ашылды, көптеген ғылыми мәселелерге, тарихи фактілерге, құбылыстарға жалпы әдіснамалық, тарихи шындық тұрғыдан баға берілді. Адамзат жасаған құндылықтарды, оған дала өркениетінің қосқан үлесін, Қазақстан халықтарының мәдени жетістіктерін, рухани тіршілікті, әлеуметтік топтар мен тарихи тұлғалар қызметін, саяси тарихтың түрлі қырларын, идеялық саяси, ұлттық діни қозғалыстардың тарихын ашып көрестуге, т.б. басты назар аударылды. Мектептерде тарих сабағын ғылыми-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету бағытында айтарлықтай жұмыс атқарылды.

Тарих пәнінен алғаш рет мемлекеттік білім стандарты жасалды, жаңа оқу бағдарламалары мен оқулықтар дайындалды. 1991 жылдан бері Қазақстандағы тарихи білімділік ой-сана мүлде жаңа бағытта дамуға бет алды. 2001 жылы Қазақстан тарихы пәнінен тәуелсіздік жағдайында оқытудың алғашқы 10 жылдығы аяқталған тұста, республика мектептерінің 5-11-сыныптарына арналған Қазақстан тарихының жаңа оқулықтары түгелдей шығып үлгерді. Тарих пәні оқулықтарын жазуға мектеп мұғалімдерінен бастап ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигіне дейін 28 автор қатысты. Олардың үшеуі академик, 13-і Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің, 4-і Абай атындағы ҚазҰПУ-дың профессорлары мен доценттері, 5-і мектеп мұғалімдері, ал әдістемелік құрал авторларының басым көпшілігі мектеп мұғалімдері, олардың саны – 26 [114, б. 56]. Жасыратыны жоқ, Қазақстан тарихы бойынша жазылған кейбір оқулықтардың кемшіліктері де болды.

Тәуелсіздік жылдары отандық тарихтың мазмұны толығымен түсті. Жаңа тақырыптар мен тың желілер игерілді, тарихи оқиғалар мен құбылыстарды дәйектейтін деректер кешені қалыптасты. Тарихымыздың мазмұны толығымен түсті.

Отандық тарих ғылымын жүйелеудің жалпы деңгейі мен ондағы «Мәңгілік Ел» құндылықтарының мәні саралана түсуде және оны оқытудың бүгінгі барысы, оның ұлттық мүддеге қосар үлесі мен оны білім беруде жүзеге асыру жағы қарастырылуда. Бұл мәселені жүзеге асыруда тарих мұғаліміне де міндет жүктелетіні анық. Себебі, ол – тарихты алғаш рет таныстыратын мемлекеттік қызметкер.

Сондықтан болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлау қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Болашақ тарих мұғалімін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлаудың мазмұндық жағы өзара тығыз байланыстағы төмендегідей құраушылардан тұрады, олар:

- теориялық білім (соның ішінде педагогикалық қызметті жүзеге асыру тәсілдері де);

- іскерлік пен дағдылар;

- педагогикалық қызмет пен тарих мұғалімі мамандығына деген эмоционалдық-еріктік қарым-қатынас тәжірибесі.

2004 ж. қабылданған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында 12 жылдық жалпы орта білім беруге көшуді міндеттей отырып, бағдарламаны іске асыру нәтижесінде «кәсіби міндеттерін дербес әрі шығармашылық тұрғыдан шешуге, кәсіби қызметтің тұлғалық және қоғамдық маңызын түсінуге, оның нәтижелері үшін жауап беруге қабілетті кәсіби құзыретті жеке тұлғаны, бәсекеге қабілетті маманды қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім беруді басқарудың тиімді жүйесі құрылатын болады» деп көрсетілген болатын [115]. Осыдан кейінгі уақытта ЖОО құзыретті маман даярлауға деген ұмтылыстар жүзеге асырыла бастады. Бұл дегеніміз ЖОО құзыретті маман даярлау жүзеге асырылмады дегенді білдірмейді.

Білім алушыларды жоғары педагогикалық оқу орындарында кәсіби дайындау мәселелерімен С.А.Архангельский, Л.М.Митина, Б.Т.Кенжебеков, А.Нұғысова, Б.Д.Сыдықов және т.б., мұғалім тұлғасын қалыптастырудың жалпы дидактикалық мәселелерімен Т.А.Ильина, В.Н.Кузьмина, В.А.Сластенин, Т.Сабыров, Ш.Т.Таубаева және т.б., мұғалім дайындығының жалпы психологиялық мәселелерімен В.В.Давыдов, Қ.Жарықбаев, С.Л.Рубинштейн және т.б. айналысты. Олардың болашақ мамандарды даярлау бойынша зерттеу жұмыстарының нәтижелері кәсіптік білім беру стандарттарын әзірлеуде басшылыққа алынды.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім берудің ҚР МЖМБС мемлекеттік стандартында 050114 – Тарих мамандығы бойынша бітірген түлекке «Тарих» бакалавры академиялық дәрежесі беріледі. Біліктілігі мен лауазымдары Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2002 жылғы 21.11.№ 273–ІІ бұйрығымен бекітілген «Жетекшілердің, мамандардың және басқа да қызметкерлердің біліктілігі анықтамасына» сәйкес анықталады.

Аталған стандартта бітіруші түлекке қойылатын негізгі талаптар айқын көрсетілді, олар: «нені білуі тиіс», «нені орындауы тиіс», т.б.

Соңғы жылдары ЖОО болашақ мамандар даярлауда көптеген интербелсенді әдістер қолданылуда. Осы бағытта зерттеу жұмыстары да кең көлемде жүргізілді. Солардың қатарына, Е.В.Романовтың [116], С.А.Жолдасбекованың [117], т.б. зерттеу жұмыстарын жатқызуға болады. Аталған ғалымдардың жұмыстарында «Жобалау әдісіне» басымдық беріледі. Сондай-ақ педагог ғалымдар жоба әдісін қолданудың әдістемесін қарастырады.

Жобалау әдісі - студенттің өзіндік мақсатты бағдарланған зерттеу іс-әрекеті [117, б. 157-160]. Зерттеушілік оқу сипатына тән болып табылады және оны ұйымдастыру кезінде ғылымдағы жалпы қабылданған таным әдістері қолданылады. Жалпы ғылыми әдістерге қатыстылары: ұқсастық, байқау және тәжірибе, талдау және жинақтау, индукция және дедукция, абстракциялау, нақтылау. Бұл әдістерді бір сабақтың шеңберінде оқу зерттеуді ұйымдастыру кезінде білім мазмұнын ашуда қолдануға болады. Жоба әдісі қазіргі кезде болашақ тарих мұғалімдерін даярлауда да кеңінен қолданылуда, оның ішінде кәсіби пәндер бойынша және тарихты оқыту жөнінде.

Жобалау әдісімен жүзеге асырылған сабақ жаңа материалдарды меңгеру, оқу тапсырмаларын шешуде дағдыны өңдеу және сабақты бекіту болуы мүмкін. Ғылыми таным әдістерін іріктеу сабақтың нақты мазмұнына байланысты, оқу зерттеуде пайдаланылады.

Сонымен, ғылыми-зерттеу жұмыстарын зерделеу және талдау көптеген ғалымдардың қызығушылықтары кәсіби даярлықтың түрлі бағыттарын қалыптастыру мәселесін қарастырғандығын көрсетеді [45, 98, 100, 116, 117]:

- гуманитарлық (В.А.Сластенин, Е.Н.Шиянова және т.б.);
- рухани (Б.З.Вульф, М.М.Мукомбаева, Н.Е.Шуркова және т.б.);
- коммуникативтік (В.С.Грехнев, В.А.Кан-Калик, О.О.Киселева, Т.Н.Левашова, А.В.Мудрик, Б.Кенджаева және т.б.);
- кәсіби (И.Ф.Исаев, Н.Д.Хмель, А.А. Молдажанова және т.б.);
- әдіснамалық (Е.В.Бережнова, В.Э.Тамарин, В.В.Краевский және т.б.);
- адамгершілік-эстетикалық (Э.А.Гришин, Н.Б.Крылова, Е.Г.Силяева, С.А.Ұзақбаева, Д.С.Яковлева және т.б.);
- этнопедагогикалық (К.Ж.Қожахметова, Қ.Бөлеев, С.Қалиев, т.б.);
- психологиялық (Қ.Жарықбаев, М.И.Лукьянова, Ф.Ш.Мухаметзянова және т.б.);
- зерттеушілік (Ш.Таубаева және т.б.);
- кәсіби, арнайы құзыреттілік (Е.В. Андриенко, Б.Барсай, Ю.В. Варданын, Б.Т. Кенжебеков, В.И. Журавлев, Т.В. Новикова, Н.Ф. Талызина);
- педагогикалық бағыттылықты қалыптастыру негізі (А.А. Орлов, И.Я. Фастовенц, С.Т. Каргин);
- педагогикалық шығармашылық мәні (В.Н. Андреев, Ю.Н. Кулюткин, В.И. Загвязинский, М.М. Поташник);

- педагогтың кәсіби қызметінің психологиялық негізі (Л.С. Выготский, В.В. Давыдов, А.Н. Леонтьев, Д.Б. Эльконин, т.б.) еңбектерінде ғылыми негізде тұжырымдалған.

Мұғалімдердің жеке тұлғалық және маңызды кәсіби сапаларын қалыптастыру (В.А. Сластенин, Л.Ф. Спирин, Н.Д. Хмель, Э.А. Гришин, Ф.Н. Гоноболин және т.б.), студенттердің кәсіби педагогикалық бағытының тәрбиесі мен дамуы, оқу-тәрбие үдерісіндегі болашақ мұғалімнің іс-әрекет жүйесі мен педагогикалық практика кезіндегі мамандыққа қызығушылығы мен бейімділігі (Б.Р. Айтмамбетова, В.Г. Максимов, А.Ф. Мененко және т.б.) мәселелері ғылыми зерттеулерде қарастырылған.

Білім беру мен оқытудағы дидактикалық талаптар мен принциптер, әдіснамалық мәселелер көптеген педагог ғалымдардың (М.Н.Скаткин, И.Я.Лернер, В.В.Краевский, Ю.К.Бабанский, В.С.Леднев, А.В.Хуторской және т.б.) зерттеулерінде кеңінен қарастылған. Н.В.Андреевская, В.Н.Бернадский, А.А.Вагин, Н.Г.Дайри, С.А.Ежова, Е.Е.Вяземский, Т.Тұрлығұл, Х.Тұрсұн, А.Журасова сынды ғалымдардың еңбектерінде тарихты оқытудың әдістемесі тарихи білімді тереңдетудің құралы ретінде зерттелген. Ғалымдардың еңбектері оқытуды, оның ішінде тарихты оқытудың теориялық мәселелерін және әдістемесін жан-жақты қамтыған. Бұл еңбектер өз кезегінде болашақ тарих мұғалімдерін даярлауда оқу-әдістемелік құрал ретінде қолданылуда.

Болашақ мамандарды даярлауға және олардың даярлығына қойылатын талаптар күшеюде. Солардың бірі ретінде кәсіби білім беру стандарты мазмұнындағы талаптарды мысалға айтуға болады. 2010 жылы бекітілген және іске қосылған Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында білім бакалаврының білім деңгейіне қойылатын талаптар: «түсінігі болуы тиіс», «білуі тиіс», «біліктілігі болуы тиіс», «дағдысы болуы тиіс», «құзыретті болуы тиіс» деген сөз тіркестерімен берілген. Сондай-ақ, білім бакалаврының құзыреттілігіне қойылатын талаптар белгіленген, олар: түйінді құзыреттер (қалыптастырушы, жүйелеуші, зерттеушілік); пәндік (коммуникативті, технологиялық, бақылаушы), арнайы (бағдарламалық, пәнаралық, әлеуметтік, дамытушы, креативтік, ұйымдастырушы-әдістемелік) [118]. Бұл құзыреттіліктер - өмірдегі мәселелер мен жағдайларды шешуде іс - әрекеттің сапалы, табысты өтуін қамтамасыз ететін жеке тәжірибеге енген білім, білік, дағды, қабілеттің жинағы немесе әмбебап жүйесі. Сондықтан осы тұрғыдан алғанда жоғары оқу орындарында болашақ тарих мұғалімдерінің құзыреттіліктерін қалыптастыру жүзеге асырылуда.

Жоғары оқу орындарында болашақ тарих мұғалімдеріне «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту олардың пәндік білімдерімен қатар, құзыреттілігінің құндылық қатынастар құраушыларын қалыптастыруға бағытталады. «Мәңгілік Ел» идеясына негізделген құндылықтардың арасында «Қазақстанның тәуелсіздігі және Астана», қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім, зайырлы қоғам және жоғары руханият, тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы сияқты құндылықтарға түсіндірме беру, олардың ара-жігін айқындап, педагогикалық іс-әрекетте жүзеге асыруда тарих мұғалімдерінің

мүмкіндіктері мол болып табылады [119, б. 239-240]. Аталған құндылықтарды оқытудың мүмкіндіктерін келесі тарауда қарастыратын боламыз.

Қорыта айтқанда, тарих пәні мұғалімдерін даярлаудың тарихи-әдіснамалық мәселелері бойынша жүргізілген зерттеулердің тәуелсіздік жағдайында жаңа мақсатқа жұмылып, мемлекеттік мүддеден туындаған міндеттерді іске асыруға жұмылдырылғандығын аңғарамыз. Болашақ тарих пәні мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлау әдістемесі – осы кезге дейін қалыптасқан тарихи-әдіснамалық жүйенің негізінде дайындалып, мемлекеттің алдында тұрған қазақстандық патриотизм негіздерін қалыптастыруға қызмет жасауы тиіс деп білеміз.

1.2 «Мәңгілік Ел» құндылықтарын болашақ тарих мұғалімдеріне оқыту мүмкіндіктері

Қоғамдық кемелденуде инновациялық-инфрақұрылымдық жүйемен білім берудің орны ерекше. Ұлттық интеллектуалдықтың негізі қаланып, халықаралық деңгейде бәсекеге түсе алатын терең білімді, қоғамдық еңбегі мен кәсіптік шеберлігі, дағдысы жоғары, іскерлік негіздері қалыптасқан, рухани-адамгершілігі биік азаматтарды қалыптастыруда инновациялық-инфрақұрылымдық жүйенің атқаратын қызметінің маңызы үлкен. Бұл мәселе туралы ҚР Президенті: «Біздің ендігі міндетіміз – қазақстандықтардың, бірінші кезекте жастардың білімділікке, интеллектуалдыққа, Отан мен халыққа қызмет етуге деген көзқарастарын өзгерту» деп атап көрсетті [120].

«Интеллектуалды ұлт – 2020» мемлекеттік бағдарламасы қазақстандық білім жүйесін дамытуда үлкен серпіліс жасап, қазіргі білім беру үдерісіне айырықша назар аударуды талап етеді. Өйткені, ұлттың дамуының негізі - терең білімде, білім мен ғылым саласын дамытуда және еліміздің ғылыми әлеуетін арттыруда, жеке тұлғалық ақыл-ой қабілеті жоғары, бәсекелестікке қабілетті мамандарды дайындауда. Ел болашағының кемелді болуын ойлаған үкімет өз жастарын білімді де тәрбиелі етін қалыптастыруды басты орынға қоюда. Қазір мемлекеттің күдіреттілігі экономикалық, материалдық байлығымен қатар, адами капитал дәрежесімен анықталатынын дамыған елдердің тәжірибесі айқын дәлелдеп отыр. Ал адами капитал дегеніміз сол елдің білім мен ғылымды дамыту деңгейі мен инновациялық технологияны меңгеруінде. Сондықтан еліміздің болашақта өркенді де қуатты мемлекет болуын мақсат етсек, онда білім мен ғылымды дамытуға бар күшті салу қажет.

Қазіргі жаһандану заманында ұрпақты тәрбиелеуде алға қойып отырған мақсаттардың бірі – қоғамға пайдалы, мемлекетінің болашағы үшін алған білімі мен үйренген тәжірибесін Қазақстанның экономикасы мен әлеуметтік-мәдени деңгейін көтеруге жұмсайтын, парасатты да ар-ожданы биік, мәдениетті тұлға қалыптастыру.

Адам баласының ғылыми дүниетанымын, көзқарасын қалыптастыруда қоғамдық пәндердің мәні зор. Бүгінгі жастар – ертеңгі маман. Сондықтан жастар бойында жоғарғы идеялық, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруда оларды өмірге, еңбекке дайындауға оқытудың негізгі формасы – әрбір пәннің

мүмкіндіктерін барынша пайдалануымыз керек. Өзінің мазмұн ерекшелігіне, оқу–тәрбие ісін ұйымдастыру мен оқыту әдістеріне қарай әрбір пәннің алдында жастардың дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру міндеті тұр. Қоғамдық пәндердің басты құндылығы – жас ұрпақты адамзаттың шынайы тарихымен таныстыру, мәдениеттің негізгі жетістіктерімен сусындату, келешекті бағдарлайтын, шығармашылықпен жұмыс істеп, дұрыс қорытынды жасай алатын жастарды тәрбиелеу [121, б. 3].

Осы тұрғыдан алғанда еліміздегі жастарға білім мен тәрбиенің бағыт-бағдарын, ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев жария еткен «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы және Ұлт жоспары аумағындағы 100 нақты қадам аясында жүргізілетін іс-шаралар анықтайтын болады. Елбасы: « ...Бүгінде бізді Мәңгілік Ел құндылықтары: азаматтық теңдік, еңбексүйгіштік, адалдық, оқымыстылық культі, толеранттылық, шын берілгендік пен патриотизм біріктіреді» деп, осы идеяны іске асыратын нақты жолдар мен бағытты айқындап берді. Осы құндылықтарды оқу мен тәрбиенің негізіне айналдыру оқу үдерісін басқарушылардың басты міндеттері болары анық. Аталған құндылықтарды білім мазмұнының өзегі етіп, «Білім беру стандарты–оқу бағдарламасы–оқулық» жүйесінде толығымен тез арада іске асыру басты міндетіміз [122] екендігі айқын.

Ақпараттық оқытудан инновациялық оқыту әдістерін қолдануға, оқушыларға оқу мен тәжірибе барысында да бәсекелік артықшылықтарға мүмкіндік беретін іргелі білімге, ұстанымдар мен құндылықтарға, әлеуметтік маңызы бар құзыреттіліктерге көшу – білім берудің қызметтік параметрлері болып отыр. Осыған байланысты, бүгінгі күні білім беруді жетілдіруде аса маңызды мәселе білім мазмұнын жаңарту болса, бұл практикалық бағыттағы жаңа технологиялық талаптарға сай оқулықтарды әзірлеудің қажеттігін дәлелдейді. Сондай-ақ, жетілдірілген оқыту әдістемесін қолдануды қажет етеді. Мұғалімдерге оқушылардың функционалдық сауаттылығын ең басты құзыреттілік ретінде қарастырып, теориялық білімдерін өмірде қолдана алу біліктілігін, қоршаған ортадағы өзгерістердің себептері мен салдарын түсіндіруде, табиғаттағы адамның іс-әрекеті нәтижесінде болып жатқан өзгерістер жөнінде ой түйіндеуінде – оқу мазмұны өзгерген, өз еліне, жеріне, елінің салт-дәстүріне сүйіспеншілікпен қарауға үйрететін, рухани-адамгершілік қасиеттерге, жоғары адамдық ұстанымдар мен құндылықтарға, өзін-өзі тану, өзін – өзі жетілдіруге, әлеуметтік маңызы бар құзыреттіліктерге бағыттап, білім беретін, тәрбиелейтін сапалы оқулықтар бүгінгі өмірдің қажеттілігі [123, б. 80-82].

Жеке тұлға мен қоғам капиталының жандануы адам өмірінің негізгі өзегі болып саналатын адамгершілік, ұқыптылық, ар мен намыс, парыз және жауапкершілік, игілікті іс тәрізді жалпыадамзаттық қасиеттерді шынайы түрде талап етеді. Осыған орай қазіргі қоғамның мақсаты жалпы адами құндылықтарды қалыптастыру болғандықтан, бұл мәселе өзінің әлі де болса көкейкестілігін тоқтатпайды [123, б. 61-64].

Ұрпақтың бойында адами құндылықтарды қалыптастыру мәселесі барлық кезеңдерде де көкейкестілігін жоғалтпай, үнемі педагогика ғылымдарының зерттеу объектісі болды. Оның тиімді үлгілерін ұрпақ тәрбиесінде пайдалану қажеттілігі мен теориялық-педагогикалық негіздері көптеген ғалымдардың, философтар – Аристотель, Платон, Сократ, педагогтар – Я.А.Коменский, Ж.Ж.Руссо, К.Д.Ушинский, В.А.Сухомлинский, А.С.Макаренко, И.П.Подласый, И.Ф.Харламов, Л.И.Божович, Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн, Ж.Намазбаева, Қ.Б.Жарықбаев және т.б. еңбектерінен орын алды.

Адам баласының тіршілік құндылығы: өмір салты, рухани мұра, адамгершілік, адами қасиеттер. Құндылықтар туралы алғашқы түсінік сонау антика заманында өмір сүрген Сократтан бастау алады. Софистер үшін құндылық – «Адамның өмірді бағалауы». Сонымен, Сократ заманынан негіз алған «құндылық» мәселесі ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап ғылым ретінде дараланып келеді [34, б. 9].

Сонымен, Ұлттық энциклопедияда құндылыққа мынадай анықтама беріледі. Құндылық дегеніміз – әлемдегі бар халықтың, ұлттың атамекенін, тілін, дінін, ділін, тарихын қоғам дамуына сай әлеуметтейтін құбылыс, мәңгі идеалды әлем. Аталған құндылықтар мемлекеттің даму бағытын айқындайды [124].

Профессор М.Қойғелдиев соңғы зерттеулерінде ұлт-азаттық қозғалыста саяси күрестің дәлелі ретінде «ұлттық болмыс пен құндылықтарды сақтау және оларды заман сұранысына сай етіп бейімдеу мәселесін қояында» [125, б. 127] үлкен тарихи маңыз болғандығын атап көрсетеді.

Соңғы ғасырда ішінара өзгерістерге ұшырағанымен егемендік алғалы ұлттық сана бой көтеріп, ұлттық құндылықтарға рухани сұраныс пайда болды. Қазіргі таңда халқымыздың өркениетті, жан-жақты дамып, мүмкіндігінше заман ағымының талаптарына орай жанданып, түлеп, жетілген кезінде қазақ ұлтына тән құндылықтар тұғырлы мәселе болып отыр. Тарихымызды, мәдениетімізді жаңғырту, өткенге жанаша көзқараспен қарау, жаңа мың жылдыққа ұлы көшпен қадам басқан еліміздің рухани жанаруы, өркениеттік бағдары ұлттық құндылықтарымыз. «Мәңгілік Ел» идеясы қазақ халқының ата-бабаларынан, яғни ортағасырлық түркілік заманнан бастау алса, қазақ халқы тарих сахнасына шыққанда осы идеяны жалғастырып, бүгінгі күнге дейін алып келді. ... Сонымен қатар, Елбасы таяуда ғана тәуелсіз мемлекетіміздің атауы «Қазақ елі» болып өзгеру мүмкіндігін де айтты. Мұның да ел-жұрттың талқысына уақытында қойылғанын ерекше атаған жөн. Өйткені, «Мәңгілік ел» идеясы мен «Қазақ елі» атауы тарихи тұрғыдан сабақтастықты жалғастырып, бірін-бірі толықтырып тұратын маңызды әлеуметтік түсініктер [6, б. 4].

«Мәңгілік Ел» идеясының бастауы Шығыс Түрік қағанаты әскерінің бас қолбасшысы Күлтегінге арнап қойылған бітіктастағы дәстүрлі түркілік тарихи ойда алғаш рет жария етілген. Осы тарихи ескерткіштің мазмұнынан «Түркі жұртының мұраты – «Мәңгілік Ел» - идеалды қоғамын, мемлекеттіліктің бейнесін көреміз. Ежелгі түріктердегі осы идеал белгілі бір құндылықтар жүйесінің бағыт бағдарын көрсетеді. Мәселен, «Төрт тараптағы халықты

бағындырып, бейбіт қылдым. Жаусыз қылдым. Бағынып менің қоластыма кірді. Ісін-күшін берді» [7, б. 324] деген жолдардан тарихи жадта халықтың бірлігі бейбіт өмір сүруі және билікке бағынып, саяси келісімге келуі бастапқы мақсатқа қол жеткізгендігінің нәтижесі, яғни «Мәңгілік Ел» мақсаты мен құндылықтарының біріне айналғандығын көреміз. Бұл құндылықтар дала өркениетіндегі жалпы адамгершілікті негізге алған түркілердің тарихи-философиялық дүниетаным жүйесінің ерекшелігі.

Ұлттық құндылықтарды Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашқари тәрізді қазақ даласының ойшылдары, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев тәрізді ағартушылары, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов, А.Байтұрсынов тәрізді XX ғ. педагог-ағартушылары да қарастырған. Сонымен қатар, бұл мәселе қазақстандық философтар мен мәдениеттанушылардың еңбектерінен де орын алған: Ә.Нысанбаев, Д.Кішібеков, Ғ.Есім, Т.Ғабитов, т.б. [20, б. 12].

Құндылықтар тақырыбы бүгінгі күннің мәселесі деуге болмайды. Бұл ұлы ойшылдарымыз әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи, Ө.Тілеуқабылұлы және т.б. еңбектерінде-ақ түбегейлі орын алған, ақыл-өнегесі, өсиетімен ұштасып, мәңгі сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді [32, б. 18]. Мәселен, Әл-Фараби рухани құндылықтар ішінен атап көрсеткен ерекше ұғымы «қайырымдылық» феномені болды. «Қайырымдылық» екі түрлі болады: этикалық және интеллектуалдық [34, б. 10]. Интеллектуалдық – (жанның) ақыл-парасаттық жағына жататын қайырымдылық - дейді ғұлама. Мәселен, даналылық, парасаттық, ақыл-ойдың тапқырлығы мен ұғымталдық. Ал, этикалық қайырымдылық - (жанның) ұмтылу жағына жататын қайырымдылық. Мәселен, ұстамдылық, батылдылық, жомарттық, әділдік және т.б. Сондықтан, құндылық - адам өмірінің бағыт - бағдарын айқындайтын рухани күш.

Тарих ғылымының әдіснамалық негізі болатын құндылықтар отандық тарихтың өн бойынан кездеседі. «Мәңгілік Ел» мұратында бағдар етілген құндылықтар тұрғысында көптеген мысалдар келтіруге болады. А.Ташағыл ежелгі түріктерде тәуелсіздіктің қаншалықты мән маңызға ие болғандығын, Қытайдағы Батыс Вэй императоры 545 жылы түріктерге елші жібереді, елші барған кезде түріктер қатты қуанған және бірін бірі құттықтап «Қазір ұлы елдің елшісі келді, мұнан кейін біздің мемлекетіміз дамиды» деген дерекке сүйене отырып, түріктердің осы оқиғаға қуануының басты себебі, өздерінің тәуелсіз ел ретінде танылуы еді деп анықтайды [126, б. 176]. Адам құндылықтарын білу оның қалауларын, іс-әрекетінің түпкілікті мотивтерін, тіпті белгілі бір жағдайдағы адамның неге осы әрекетке барғанын анықтауға мүмкіндік береді. Яғни, тарихи оқиғаның себептерін айқындауға септігін тигізеді. Дәл сол сияқты мәңгілік өмірдің құндылығын дәріптейтін идеяны Қорқыт Ата жазбасынан да көреміз. Оның «көтерген мәңгілік мәселесі – өмірсүйгіштікке шақыру, өмірді сүйген адам ғана өз ұрпағын адамгершілік негізінде тәрбиелейді, сол арқылы жалпы халықтың болашағы алдында өзінің жауапкершілігін түсінеді және перзенттік борышын барынша парасаттылықпен, ыждағатты түрде орындауға

тырысады. Адамның тектілігі де, намысының негізгі кейпі де осында жатыр [127, б. 39].

Десекте, тәуелсіздік алғаннан кейін маркстік идеологияның қожырауы нақты мағынадағы құндылықтардың құнсыздануы дегенді білдірмейтінін анықтау міндеті тұрды. Мәңгілік әмбебап құндылықтар өзгермейтін құндылықтар күйінде қалады, олар: ақиқат, мейірім-шапағат, сұлулық, махаббат, адалдық, ар-намыс... тегінде, құндылықтардың жаңа жүйесін әзірлеу, қоғамдық сананың, Қазақстан қоғамының ерекшеліктеріне және өзіндік қалпына сай келетін қоғамдық сананың өзге дүниетанымдық үлгісін айқындау міндеті де қойылды [57, б. 604].

Дәстүрлі қазақ мемлекеттілігінің идеологиялық өзегін құраған йасауиә тарикатының «биліктің киелілігі» және соның негізінде қалыптасқан рулық-тайпалық құрылымның қандас туыстық қағидасының қазақтың этникалық ұйысуында шешуші ықпал еткен факторға айналғандығына көз жетеді [84, б. 90]. Шын мәнісінде бұл рухани құндылықтың көрінісі болатын.

Бірлікті және елдің дамуын жүзеге асыруда қағандардың рөлі жоғары болды. Қағанның міндеті – халықтың қарнын тоқ, киімін көк, бай қылу. Осындай қызмет атқара алған Білге қаған «Шығындаған халықты бай қылдым, Жалаңаш халықты тонды қылдым» - деп мақтанышпен жазған. Киелі билікке ие болған қағандардан жауапкершілік те талап етілген. Қағанның қателігі немесе адасуы байқалған жағдайда оны сайлаған көсемдер билеушіні тақтан тайдырып отырған. Құтлығ Шадтың осындай бастамасын Тоныкөк «қайта тірілу» немесе ренессанс деп қарайды. Өйткені – бұл жаңа қаған, жаңа жүйе, жаңарған ел деген сөз [109, б.128]. Ел билеген тұлғаларда қалыптасқан жақсы қасиеттердің қазақ халқының ата-бабаларынан келе жатқан құндылық ретінде көруге болады.

Отандық тарихнамада маңызды мәселелердің бірінен саналатын Қазақстан тарихын дәуірлеуде басты өлшем ретінде құндылықтар алынғандығын көруге болады. «Түрік-моңғол тарихы» атты зерттеуінде, М.Тынышпаев, түрік-моңғолды күншығыс түріктері және күнбатыс түріктері етіп бөліп көрсетеді. Сонымен қатар, олардың тарихын: 1. Ең ескі заманнан бастап, 1456-шы жылға дейін (өзбек пен қазақ-қырғыз айрылатын жыл). 2. 1454-ші жылдан бері қарай қазақ-қырғыз бөлініп шыққанға шейін [128, б. 93] деп екіге бөледі. М.Тынышпаев ұсынған қазақ тарихын дәуірлеудің басты өлшемі мен құндылығы ретінде мемлекеттілік жатқанын байқауға болады. Мемлекеттілік пен тәуелсіздік ұғымдарының егіз екендігі анық.

Қазақстан тәуелсіздігін жариялауымен бірге Отан тарихына баға беру өлшемі де өзгеріп, ұлттық-мемлекеттік фактор басты назарға алынды. Академик М.Қозыбаев тарихымызды 9 дәуірге бөледі [52, б.146]. Дәуірлеудің ұстанымына әлеуметтік фактор – тайпалардың алмасуы, ұлт пен мемлекеттік фактор, тәуелсіздіктен айырған сыртқы факторлар және бүгінгі күннің басты өлшемі ретінде азаттық, тәуелсіздік алынады.

Тарихи жазбалар мен бүгінгі «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы құндылықтарының арасында сабақтастық бар деп анық айта аламыз. Мәселен

көне түрік жазбалары туралы С.Нұрмұратовтың «Орхон жазбаларының түпкі мақсаты жауғершілікті немесе соғыскерлікті культ жасау емес, керісінше халықтар арасындағы сұхбатты, адамдар арасындағы өзара түсіністікті орнатуға ұмтылыс болып табылады десек қателеспейміз» [129, б. 39] деген тұжырымы ойымызды дәлелдей түседі.

«Мәңгілік Ел» құндылықтарын қоғам санасына жеткізе түсуде тарих ғылымының маңызы жоғары. Ал, оны теориялық-әдіснамалық жаңа көзқараспен негіздеп, оны басшылыққа алған Қазақстан тарихы қандай бағытта зерделенін, алдағы даму жолы мен оқытылуы қандай болмақтығын сараптау, оның мәселелерін шешу болашақ іс-әрекетіміздің жаңсақтығынан сақтандырады [130, б. 291].

Қазақстан тәуелсіздік алған кезеңде қалыптаса бастаған құндылықтардың жаңа жүйесін, қоғамдық сананың жаңа құндылық бағдарларын қасаң қағидалы марксизм мен ресми идеологияның орнына келген қазақстандық философия теориялық тұрғыда негіздеді [57, б. 604].

Аксиология мен тарих ғылымының өзара байланысы тарихи танымда қолданылатын ұғымдық түсінігімен шектелмейді. Тарихшылар зерттелетін кезең мәдениетін қарастырғанда ондағы құндылықтардың әртүрлілігі мәселесіне тап келеді. Бұл әсіресе мәдени құрылымдардың өзгерісі мен қалыптасуы кезеңінде құндылықтық пайымдаудың маңыздылығын арттыра түседі [131, б. 77].

Өткен кезеңдегі мәдениеттер мен тарихи тұлғалардың құндылықтарын тарихнамалық баяндаулардағы танымның нысаны ретінде қарауға да болады. Ал, оларды танып білу фактілерді анықтау аясына кіреді. Бұл туралы Г.Риккерт «құндылықтар фактілер ретінде де көрінуі мүмкін және оның адамдар тарапынан нақты түрде мойындалуы эмпирикалық ерекшелікке ие» [132, с. 458] деген ой түйіндейді. Яғни, өткен кезең құндылықтары туралы білім ғылыми-тарихи білімнің қажетті әрі құрамдас бөлігі. Бұл ғылыми-тарихи мәтіндерде құндылықтар кездеседі ме деген сұраққа жауап береді.

Жергілікті тарихи процестерді құндылықтық бағалауда тарихи ойлаудың көмегіне жүгінеміз. Н.И.Кареевтің пікірінше «тарих философиясы жекелеген халықтардың тарихын бүтін бір бөлікке біріктіре отырып, олардың өзара әрекетінің туындауындағы ортақтықты ғана емес мәдени және әлеуметтік дамудың заңдылықтары негізінде жүретіндігін» [133, с. 17] анықтайды. Яғни тарихтың мағынасын санадағы мақсаттар, идеалдар, нормалар мен фактілер ретіндегі құндылықтар арқылы пайымдау адамзат тарихының қайталанбайтындығын және бүтін бір құбылыстардың заңдылықты процесс екендігін көрсетеді.

Тарих ғылымындағы құндылықтар тарихи зерттеулердің методологиялық, адамгершілік-этикалық және көркем мағынасымен анықталады. Құндылықтар ұрпақтан ұрпаққа әр кезеңде жазылған тарихнамалық шығармалар негізінде трансформацияланып, дамып және жаңаша түсініліп отырады. Ал, оны түсіну құндылықтық талдаумен байланысты болып келеді [131, б. 77].

Тарихи кезеңді құндылықтық талдаудың өзі тарихи шартты және заңды. Адамның қажеттіліктеріне қатынассыз тарихи өмірдің тәжірибелік негізі де болмас еді. Әрбір тарихи шығарма құндылықтардың бірін қабыл алып, бірінен бас тартатын талдаудан тұрады. Тарихшы өткен кезеңге бүгінгі күннің қажеттіліктері, қызығушылықтары, яғни құндылықтар жүйесі арқылы қарайды. Сондықтан құндылықтық талдаудың маңыздылығы өте жоғары [134, с.117]. Бұл жерден түйетініміз құндылықтық талдау тарихи фактінің объективті мағынасы мен оған субъективті қатынасты анықтауға мүмкіндік береді. Тарихтың әрбір кезеңін бағалау құндылықтық бағдардың өзгеруімен байланысты екендігі көрінеді.

«Тарих-и Рашидиде» Мырза Хайдар Дулати өмір сүрген кезеңінің саяси-тарихи жағдайын баяндауынан түркі халықтарындағы ислам дінінің сол кезеңдегі рухани-мәдени өмірге қалай ықпал еткендігін анықтауға болады. Сонымен қатар, шығарма авторының да қоғамның идеологиялық ауқымының құрамында болғандығын ұмытпауымыз керек. Яғни, Мырза Хайдар Дулати сол кезеңдегі қоғамдық саяси ағымдар ұстанымын, ислам діні мен мәдени-рухани құндылықтарды басшылыққа алды. Мәселен, тарихи оқиғаларды баяндағанда Моғолстан хандарының адамгершілік, имандылық қасиеттерін атап отыруы, қоғамның жамандықтан жақсылыққа бағытталуын уағыздауы осыны көрсетсе керек. Бұл дәстүр XX ғасырдың басына дейін қазақ тарихшылығында жалғасып келгенді де айтуымыз керек [135, б. 175].

Ұлттық-территориялық тұтастығы қалыптасқан қазақ мемлекетінің астанасын тандау туралы С.Қожанов 1924 ж. 17-желтоқсанында «Ақ жол» газетінде жариялаған мақаласында «Қазақстан астанасы орыстың туы тігілген қалада емес, қаласы жоқтықтан қазақтың киіз ауылында болса да, қазақ жұртшылығына жақын болуы керек. Қазақ астанасы болуға Орынбор қаласы шетте болғандықтан ғана жарамайды емес, қазақ қаласы болмағандықтан, қазақ ұлт мемлекетінің ұлтшылдығына орда болуына қисыны жоқтықтан жарамайды. Қазақ ұлт мемлекетшілдігіне әдемі қала, ыңғайлы үйлер керек емес, жаман да болса, өз ордасы болуы керек. Орынбордан көшпей, қазақ ұлтының ішкі тіршілігі оңдалып, қазақ еңбекшілерінің көпшілігінің қолына керекті шаралар іс жүзінде істелуі қиын» [136] деген тұжырым жасаған болатын.

Қазақ ағартушы-ойшылдары құндылықты сипаттайтын қасиеттерге түрліше сипаттама берген және оларды төмендегіше көрсетуге болады (1-кесте).

1-кесте – Қазақ ағартушы-ойшылдарының құндылықтарға берген сипаттары

Педагогтар	Еңбектері	Құндылықтар сипаты
1	2	3
Ы.Алтынсарин	Мұсылмандықтың тұтқасы, Бай баласы мен жарлы баласы	- зерделілік, зеректік; - борышты ақтау; - талаптылық, еңбексүйгіштік; - ұқыптылық, жинақылық, тазалық; - қамқорлық, т.с.с.

1 – кестенің жалғасы

1	2	3
А.Құнанбаев	Нақыл сөздері, өлеңдері	- адам бол; - ар, намыс, ұят; - парасаттылық (жылы жүрек, ыстық қайрат, нұрлы ақыл); - салауаттылық (адамгершілік, имандылық); - адамшылық; - білімділік (терең ой, талап, ізгілік); - еңбек, қанағат, рахым; - тәуекелшілдік, кісілік, тәубалық, татулық, адалдық, т.б.
Ш.Құдайбердиев	Үш анық	- адам адамға дос (кұрдас, құрбы, ата, ана, бауыр, ұстаз, т.б.); - адам естілігі - көп білгенде; - адам өмірі – қозғалыс; - адам биіктігі - ақыл, ғылым, ар, мінез; - рух пен нәпсі; - ақыл мен ой; - сенім мен махаббат; - ақиқат, жүрек, жылу (үш анық т.б.)
А.Байтұрсынов	Тән саулығы - жан саулығы, т.б.	- жан мен тән тазалығы; - тән саулығы – тамырда; - жан саулығы – тәнде; - ізгілік нұры - жан тәнде, т.б.
Х.Досмұхамедов	Оқушылардың саулығын сақтау, Адамның тән тіршілігі, т.б.	- денсаулық қадірін жасыңнан күт; - тазалық, ұқыптылық; - үнемділік, жинақылық; - салауаттылық, т.б.
М.Жұмабаев	Педагогика	- дене, ақыл, сұлулық, құлық; - жан мен дене байланысы; - ақыл, сезім, қайрат – жан; - күш, қуат, ақыл, ой - дене т.б.
Ж.Аймауытов	Әдеп заңы	- тән қуаттылығы, жан қуаттылығы; - табандылық, қажырлылық; - құндылық; - тазалық әдеттері (ұнамды, ұнамсыз)

Еліміздің бірқатар ғалым-педагогтары Т.Т.Тәжібаев, Қ.Б.Бержанов, Г.А.Уманов, А.П.Сейтешев, Қ.Б.Жарықбаев, С.Қалиев, С.А.Ұзақбаева, Р.К.Төлеубекова, А.Н.Ильясова, А.А.Калюжный, А.А.Бейсембаева, Г.К.Нұргалиева, Г.Т.Хайруллин, Б.Ы.Мұқанова, Т.С.Сламбекова және т.б. адамның адами табиғаты, адамгершілік қасиеттері, адамгершілік болмысы, тәрбиесі, құндылықтары жөнінде де маңызды зерттеулер жүргізген [29; 137].

Құндылықтар категориясы – философия, әлеуметтану, психология мен педагогика ғылым саласындағы ең күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Сонымен, құндылық бұл философиялық және әлеуметтік ұғым, біріншіден, қандай да бір объектінің сапалық сипаттармен салыстырғандағы оң және теріс маңыздылығын (заттық құндылықтар), екіншіден, қоғамдық сана құбылысының нормативті, ұйғарымдық-бағалаушылық жағын (субъективті құндылықтар мен сананың құндылықтары) білдіретін философиялық және әлеуметтік түсінік екені анықталған.

Сондай-ақ құндылық ұғымына тұңғыш анықтаманы философтар (Лотце, КоҒен) берген. Құндылық екі компоненттен тұрады: пәндік және саналық. Пәндік құндылықтарға заттардың табиғи қажеттілігі, еңбектен шыққан өнімнің өзіндік құны, әлеуметтік игілік, ғасырлар бойы қалыптасқан мұра, ғылыми ақиқаттың теориялық маңызы және практикалық пайдасы, адамдардың іс-әрекетіндегі жамандық пен жақсылықтың іске асуы, табиғи және қоғамдық объектілердің эстетикалық қасиеттері жатады. Санадағы құндылыққа - қоғамдық ой, баға беру, мақсат, оған жетудің жолдары, түрлі нормалар кіреді. Пәндік және субъективтік құндылықты философтар адамның дүниеге қатынасының екі жағы: объектісі, әрі субъектісі ретінде қарастырады. Пәндік құндылық – баға берудің объектісі. Субъективтік құндылық – олардың өлшемі мен әдісі.

Сонымен, «құндылық» феноменін анықтауға ерте кезеңнен-ақ үлкен қызығушылық болғанын аңғарамыз. Жалпы құндылықтардың екі табиғаты бар – метафизикалық және экзистенциялық. Метафизикалық табиғаты бойынша құндылықтардың негізінде адамның ақылы мен еркі жатса, экзистенциялық табиғаты адамның қалау және талпыну қажеттіліктеріне негізделген. Ал, неокантиандық Баден мектебінің өкілі Г.Риккерт «құндылыққа нені жатқыза алмасақ, оның абсолютті түрде мағынасы да жоқ» [138, с.100] деген тұжырым жасайды. Осындай өлшемде құндылықтар идеалды болмыстың абсолютті бағасы мағынасын алады және олардың өлшемі адамзат іс-әрекеті шегінен тыс жатады [139, с.336].

Мұндай философиялық түсініктің мәніне құндылықтарды субъективті және объективті деп бөлу тән. Субъективті құндылықтарда нормативті ұсыныстар «түсініктер» формасында көрініс береді. Ал, объективті құндылықтар ақиқат пен ақиқат еместің, мүмкін болған мен тыйым салынғанның, әділеттілік пен әділетсіздіктің арақатынасынан туындайды [140].

Құндылық адамдардың практикалық іс-әрекеті барысында туындайды, нәтижесінде қоғамдық сипат алады. Құндылықтар төмендегіше ажыратылады:

- табиғи: адамның өмір сүруінің қажетті жаратылыс шарттары (күннің жылуы, ауа, ылғал және т.б.);
- экономикалық: еңбек заты, өндіріс құралдары, өндірілген материалдық игіліктер;
- әлеуметтік-саяси: материалдық және идеологиялық қатынастарды қамтитын (бостандық, теңдік, шындық және т.б.);
- этикалық (ізгілік, тазалық, борышқа адал және т.б.);

- эстетикалық (әдемілік);
- ғылыми.

Құндылық психологиялық тұрғыдан, қоғам үшін әлеуметтік-тарихи мәні бар және жеке адамдар үшін тұлғалық мағынасы бар болмыстың белгілі бір құбылыстары. Сонымен бірге құндылық қоғамның моральдық қатынастарының көріну формасы ретінде әрекет етеді. Олай болса, құндылық біріншіден, жеке тұлғаның адамгершілігі, абыройы және адамның адами әрекеттері, екіншіден, моральдық нормалар, принциптер, мұраттар, қайырымдылық, әділеттілік, бақыт ұғымдары.

Психологияда «құндылық» түсінігі қоғам үшін әлеуметтік-тарихи маңызы бар, «жеке адам» өмірінің болмысын анықтайтын құбылыс. Басқа жағынан психологияда құндылық - қоғамдағы моральдық қарым-қатынас [141]. Осы айтылғандарға сүйене отырып біз, құндылық біріншіден - жеке адамның адамгершілік қасиеті, оның абыройы, әділділігі, бақыты болса, екіншіден - моральдық сана, норма, мүдде, принцип, мұрат пен мақсат - деп білеміз. Өйткені, қай кезде де адам өмір сүретін ортада қызмет етіп, іс-әрекет жасаса, өз қажеттілігін өтеу үшін алдына мүдде мен мақсат қойып, мұратына жетуға ұмтылыс жасайды. Ал, мұратқа жетуде білім, ақыл - ой, шеберлік, ұстамдылық пен шыдамдылық, яғни *рухани құндылық* негіздері ерекше орын алады. Адам мақсат-мұратсыз өмір сүре алмайды. Ал, мақсат пен мұрат өмір сүрудегі ең алдымен керекті құндылық. Адам өмірінің өзегі, ал басқа мақсаттар оған жеткізетін баспалдақтар ғана. Ал, адамшылыққа жеткізетін қасиеттер ар-ұят, ізгілік, мейірімділік, қанағат, әділдік, қарапайымдылық. Сондықтан, «құндылық» - адамның ішкі құқы, ізгілігі, адамдармен қарым-қатынасы, іс-әрекет кезіндегі көрсетілетін қайырымдылығы, тұрақтылығы, мейірімділік тәрбиесі» [142] болса «құндылық» тәрбие арқылы жүзеге асады. Адамның өмір сүруі үшін руханилықтан бастап, адам өмірін бағалау, адамның жағымды және жағымсыз қасиеттері мен адам өмірі мәдениетінің негізін қалыптастыратын білім мен тәрбие [21, с. 67-68].

Сонымен, «құндылық» термині болмыстың белгілі құбылыстарының адами, әлеуметтік және мәдени мән-мағынасын білдіру үшін қолданылады. Қоғамдағы құндылықты қатынастардың аса маңызды элементтерінің бірі – құндылықты бағыт-бағдар.

Т.Б.Мәшенбаев өзінің «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» атты еңбегінде: «Құндылықты бағыт-бағдар – бұл стратегиялық өмір мұраттары және жалпы дүниетанымдық алғы шарт ретінде танылған құндылықтардың адам санасында бейнеленуі» - деп атап көрсетеді [143, б. 31]. Құндылықты бағыт тұлға мотивтеріне себепші, реттеуші маңызды фактор ретінде іске қосылады. Құндылықты бағыт-бағдардың негізгі мазмұны – адамның саяси, философиялық (дүниетанымдық), адамгершілік наным-сенімдері, терең әрі тұрақты бейімділіктері, әрекет-қылықтары, мінез қағидалары.

Сонымен қатар, құндылықтар тұлғаның базалық мәдениетін түзетін жекелеген элементтер ретінде қарастырылады. Атап айтқанда:

- табиғатқа бағытталған құндылықтар (адамгершілік тәрбиесі, тұлға сапасы ретінде танылған дұрыс та тұрақты қатынастар жасау);
- өмір, тіршілікке бағытталған құндылықтар (адам құқын және оның құндылық мәнін дәріптеу; бақыт, еркіндік, ар-намыс, әділдік-теңдік, туысқандық, т.б. сынды құндылықты категорияларды қалыптастыру);
- қоғамға бағытталған құндылықтар (қоғамның құқықтық негізі және оның саяси құрылымымен танысу; қоғамдағы жеке адам проблемасын зерттеу: «Мен» және қоғам, отаншылдық тәрбиесі);
- еңбекке бағытталған құндылықтар (еңбектік дағдыларға үйрету) [143, б. 33].

Қазақ халқының дәстүрлі тәрбие беру құралдарында, факторларында құндылықтармен таныстыру, меңгерту мүмкіндіктерінің мол екендігі және олар ұлттық мәдениеттің негізін қалайтынын педагог-ғалымдар кенінен жазып жүр. Соның бірі - Ә.Табылдиев өзінің “Қазақ этнопедагогикасы” еңбегінде: “Қазақтың ұлттық: имандылық, қайырымдылық, мейірімділік, ізеттілік, инабаттылық дәстүрлері, меймандостық, қонақжайлылық рәсімдері – ұлттық мәдениеттің айқын белгілері болып табылады,” – дейді [33, б. 297]. Сондай-ақ, мәселен, кісі күту дәстүрі бойынша қонақ қабылдау, қонақасы беру, қонақ кәде жасау ұлттық мәдени рәсімдер арқылы орындалуын, олардың жүзеге асырылуын атап көрсетеді.

Әлеуметтік психологияда құндылық әлеуметтік құбылыс, қоғам мен әлеуметтік топтардың өмірлік қарекетінің жемісі. С.Л.Рубинштейн «құндылық – адам үшін дүниедегі мағынасы бар нәрсе» [27, с. 365] деген түсінік береді. Яғни, адам тарапынан мойындалатын құндылық – оның мінез-құлқының бағдарын анықтау қызметін атқара алады.

М.Вебер әлеуметтік іс-әрекет теориясында құндылықтарды игіліктерге теңестіре отырып, кез-келген әлеуметтік іс-әрекет құндылықтарға қатысты алғанда ғана мағыналы болады және солардың негізінде адамдардың мінез-құлық нормалары мен жеке тұлғаның мақсаты түзіледі деп түйіндеді [24, с. 381].

Мәдениет тарихында «құндылық» ұғымына төмендегідей анықтама берілген: «құндылықтар – адам ұмтылатын сенімдер (пікір, наным). Олар адамгершілікке, жалпы қабылданған нормаларға және т.б. негізделген» [26, с.6]. М.А.Дорохованың берген анықтамасын біздер қолдаймыз және басшылыққа аламыз.

Халқымыздың құндылықтарын - қазақ мәдениетін Ресей империясының мәңгірттендіру саясатының әрекетін Т.Ғабитов төмендегідей етіп атап көрсетеді [25, б. 315]:

1. Халықтың өзін-өзі басқару жүйесін отарлық әкімшілікпен алмастыру.
2. Салт-дәстүр мен руханилықтың тамырына балта шабу.
3. Миссионерлік әрекет, төлтума жазбаша мәдениетті шектеу, алфавитті алмастыру, орыстандыру, орыс мектептерін ашу.

4. «Бұратана» халықтардың тілін жоғары мәдени аймақтардан аластап, күнделікті-тұрмыстық деңгеймен шектеу. Метрополиялық менталитет пен мәдениетті күшпен енгізу.

Зерттеуші ғалымдар «осы жағдайдан құтылудың басты жолы – ұлттық мәдениетті қайтадан игеру» деп біледі [25, б. 318]. Ол үшін мәдениет негізін түзетін барлық құндылықтарды көкейкесті ету маңызды және оларды болашақ ұрпақтың бойында қалыптастыру қажет.

Соңғы 20-30 жыл шамасында білім беру мен тәрбие философиясы дамып қалыптасуда. Б.С.Гершунский «рухани ізгілік құндылықтардың сапалық деңгейінің төмендеуі, өркениет пен дүниетанымның тұйыққа тірелуінде. ХХІ ғасыр қоғамдық өмірдің үш жүйесін: білім, дін, ғылымды қамтиды. Келешекте білім беру арқылы білім мен сенімнің арасындағы алшақтықты жоюға болатындығын және білім арқылы материалдық және рухани әлемді тану көзделеді» [31, с. 20-25] деген тұжырым жасайды.

Адам қажеттілігінің ең басты деңгейі – құндылықтарды тану және оларды қабылдау болып саналады. Құндылықтарды тану – адам іс-әрекетін қалыптастырады, ал ол болса белгілі бір дәрежеде адамның әлеуметтік тәртібін анықтайды [123, б. 189-191]. Адамның мақсат тұтып ұмтылатын құндылығы: бостандық, шындық, сүйіспеншілік, намыс, ождан, т.б. Адамның іс-әрекетін қозғайтын күш-қажеттілік пен мүдделілік. Мүдде мен қажеттілік арқылы адамның тәртібі, өмір сүруінің мазмұны және мақсаты қалыптасады. Мүддені мақсатқа айналдыру - адамның іс-әрекетінің ең жоғарғы көрсеткіші. Олай болса, адам өмірі жеке бас мүддесі (қажеттілік, қызығушылық, іс-әрекет, белсенділік, қабілет, т.б.) өзгешеліктерімен алға қойған мақсатына жету, себеп салдарымен (мақсат - орындау тәсілі – нәтижесі, т.б.) және өмір сүру жағдайымен (икем, дағды) ерекшеленеді.

ХХ ғасырда әлеуметтанушылар, философтар, ағартушы-педагогтар құндылықтарды жіктеуде өзіндік талдаулар жасады. Мәселен, әлеуметтанушылар мен философтар құндылықтарды жалпы адамзаттың маңызды мәселесі ретінде қарастырды [23, б. 27].

Әлеуметтанушылар үшін құндылық - әлеуметтік субъект, қажеттілігі бар, маңыздылығы айқындалған норма [37, с. 23] дейтін болсақ, әлеуметтанушы Б.Ерасов зерттеуінде құндылықтар былайша топтастырылады:

- өмірлік құндылықтарға: өмір, денсаулық, тән, қауіпсіздік, жақсы жұмыс, адамның денелік хал-ахуалы, тоқтық, тыныштық, сергектік, күш қуат, төзімділік, өмір сапасы, қоршаған орта т.б.;

- әлеуметтік құндылықтарға: статус, әлеуметтік орта, бедел, еңбек, байлық, кәсін, тәртіп, отбасы, бейбітшілік, еркіндік, т.б.;

- саяси құндылықтарға: сөз еркіндігі, азаматтылық, Ата заң, т.б.;

- моральдық құндылықтарға: жақсылық, игілік, махаббат, борыш, намыс, шыншылдық, ақ ниеттілік, парасаттылық, ізеттілік, ар-ұят, мейрімділік, бақыттылық, т.б.;

- діни құндылықтарға: сенім, дін, иман, құтқару, тозақ, жұмақ, періште, әулие, т.б.;

- эстетикалық құндылықтарға: әсемдік, әдемілік, мұрат, стиль, үйлесімділік, өнер, әдебиет, поэзия, дәстүршілдік, мода, мәдениет, т.б [144].

Ғылыми еңбектерге талдау жасау барысында Т.С.Сламбекова 14 құндылықтың бар екендігін анықтаған [35, б. 61-64], олар: адам өмірі, еркіндік, адамгершілік, қарым-қатынас, отбасы, жеке бақыт, ұрпақ көбейту, әрекет мәні мен күнкөріс көзі ретіндегі жұмыс, игілік (кіріс, денсаулық), инициативтілік (дәстүрлі құрметтеу), тәуелсіздік, мейірімділік, беделділік, заңдылық.

Зерттеуші Г.Нұрышева «Құндылықтар адамның сезімін оятып, іс-әрекеттің себеп-салдарын анықтап, адам мен қоршаған ортаны байланыстыратын буын, рухани болмыс» [23, б. 18] дейді. Ол «адам өзінің бойында нағыз адами қасиеттерді дамытып, өзін қоршаған дүние туралы ақыл-ой көмегімен жинаған білімдерін өмірге пайдалана білуінде» екенін көрсетеді.

Н.Г.Лапин «Құндылықтар жалпылама мақсаттар және сол мақсаттарға жетуде фундаментальді норма ролін атқаратын құралдар. Олар тұлғаларға өз мінез-құлқындағы әлеуметтік тұрғыда қуатталған таңдауларын өмірлік маңызды жағдайларда жүзеге асыруға көмектесіп, қоғамның интеграциясын қамтамасыз етеді» [36, с. 35] деген анықтама береді.

Құндылықтарды тарих философиясы тұрғысынан қарастыру халықтың тарихи санасының құндылықтық мәнін ашуға мүмкіндік береді. Яғни, тарихи санадағы құндылықтық бағдарлануды түсіну оның қайта жаңғыруына мүмкіндік береді. Себебі, әрбір тарихи кезең өзіндік құндылықтар жүйесін жинақтаумен ерекшеленеді және ол қоғамның тарихи дамуында ұрпақтан ұрпаққа трансформацияланып қалыптасады.

Құндылық жөніндегі мазмұндаулар осы проблемалардың қазіргі мәнін түсінуге, зерттеу нысаны мен практикалық мәнділігін білуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, «құндылық» ұғымына жүргізілген зерттеулерге сәйкес келтірілген төмендегідей анықтамалар мен түсіндірмелерді келтіруге болады:

- құндылық – адамиландырылған дүниенің бастауы, «тірілген нәрселер әлемі» (О.Г.Дробовицкий);

- құндылық – адам өмірінің қызығушылығы, қажеттілігі (А.Г.Здравомыслов);

- құндылық – адам өмірінің руханилығы (С.М.Анисимов);

- құндылық – адам әлеуметінің негізі: жер, отан, отбасы, еңбек, білім, мәдениет, бейбітшілік, адамшылдық т.б. (Т.И.Петракова);

- құндылық – өмірді тану, өмірдің шексіздігін, мәңгілігін түсіну, ықпал ету (Ш.Амонашвили);

- құндылықтың өлшемі – руханилық пен адамгершілік, яғни адамның жасылыққа талпынысы (Қ.Әбішев);

- құндылық – адамның рухани-әлеуметтік дүниеде өмір сүруі (С.Ерасов);

- халықтың құндылығы – тілі, дәстүрі, халықтың рухани күші (К.Нұғыманова);

- ұлттық құндылықтар өзге ұлттармен араласып кетушіліктен сақтайтын күштердің өрісі (Ж. Наурызбай);

- рухани құндылық – ұлттың өзіндік санасы. Өзіндік сана - тіл, ұлт, мінез-құлық, дүниетаным, атамекен, туған жер сияқты ұғымдармен байланысады (М.Жүнісов);

- рухани құндылықтар: оқу мен тәрбиедегі адамгершілікке бағытталған идеялар; сезім мен ақыл, құрметтеу мен қошеметтеу, қабылдау (Ш.Майғаранова).

Құндылықтарға байланысты жүргізілген зерттеу жұмыстарына [32; 34, 145-148] жасалған талдау барысында айқындалған басты құндылықтарды былайша топтастырамыз (2 - кесте):

2-кесте – Құндылықтар және олардың топтастырылу үлгілері

Құндылықтар			
Рухани - адамгершілік, ұлттық	Әлеуметтік – мәдени	Жалпы адамзаттық	XXI ғасырдағы жоғары сапа деңгейіндегі
- мәдениет, әдебиет, тарих; - тіл, дін, діл, ар, ұят, намыс, абырой, парыз, қарыз; - дәстүр, әдет-ғұрып, салт; - ұлттық дүниетаным; - туыстық қатынастар, Отан, Ана, Жер және т.б.	- әлеуметтік орта; - статус; - бедел; - тұрмыс; - теңдік; - еркіндік; - мәдениет және т.б.	- адам өмірі; - бостандық; - отбасы; - қарым-қатынас; - адам бақыты; -ұрпақ жалғастыру; - табыс; -ынтымақтастық; - белсенділік; - тәуелсіздік; - махаббат; - заңдылық; - еркінділік; - мәдениет; - бейбітшілік;	- адам құқықтары (конвенция); - демократия; - азаматтық қоғам; - өркениет; - әлемдік мәдениет; -ынтымақтастық келісімдері және т.б.

Берілген құндылық түрлерін зерттеушілер өздерінің зерттеу объектісі тұрғысынан ұсынғандығын көруге болады.

Салыстыру үшін айтар болсақ, бірқатар зерттеушілер (М.А.Гусаковский, М.В.Богуславский, Г.Б.Корнетов) мынадай ең жоғарғы құндылықтар иерархиясын ұсынады: Адам, Денсаулық, Өмір, Жанұя, Отан, Жер (планета), Адамзат, Бейбітшілік, Еңбек, Білім, Мәдениет, Даму. Осылардың арасынан жалпы адамзаттық құндылықтар қатарында Адам, Жер, Ұлт, Отан, Бейбітшілік, Мәдениет, Еңбек, Білім, Отбасын іріктеп жүйелеуге болады.

XXI ғасырда білім мен ғылым саласында, әлемде және мемлекетіміздің дамуында болып жатқан өзгерістер болашақ педагог мамандарды даярлауда

жоғары мектептің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Осыған орай, болашақ тарих пәні мұғалімінің бүгінгі әлеуметтік білім беру кеңістігіне сай білім алуы мен іскерлікті, жеке тұлғалық және кәсіби сапалық және отансүйгіштік қасиеттерді меңгеруі қоғамның негізгі талабы ретінде қарастырылуда. Ал, жоғары білімді тарих мұғалімі ғана қоғам мен экономиканың, әлеуметтік және мәдени өркендеуіне үлес қосатын ұрпақ тәрбиелей алады. Осы себепті, ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған негізгі мәселелердің бірі - тиісті білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматын әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтеру [2, б. 4].

Н.Ә.Назарбаев «Біз ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмысын жалғастыруымыз керек. ... Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық ...» [2, б. 7] деп алғаш рет «Мәңгілік Ел» идеясын тұжырымдап, ұсынған еді. Қазіргі кезде уақыт сынынан өткен қазақстандық жолдың тәжірибесі негізінде «Мәңгілік Ел» идеясының құндылықтар жүйесі айқындалып отыр (1-сурет).

1-суретте көрсетілген құндылықтар қоғамның тірегі болатын болашақ ұрпақты тұлғаландыратын педагог мамандардың кәсіби білімінің негізгі ұстанымына алынуда. Өйткені, кез келген қоғам мен мәдениет өзіндік құндылықтар жүйесіне ие және ол жүйе қоғамның, мемлекеттің бірегейлігін, тұрақтылығын, өзіндік даму жолын көрсетеді. Елбасының бұл тұжырымдары құндылықтар жүйесі белгілі бір тәртіпке негізделіп қорғалатындығын және қоғам мен мемлекет тарапынан қуатталатындығын танытады.

«Мәңгілік Ел» идеясы қоғамның рухани өмірінің бір бөлігі ретінде мынадай функцияларды атқаратын болады: мән-мағына түзу, этнос қалыптастыру, құндылықтар бағдарын анықтау, қоғамды біртұтастандыру функцияларын атқарады. Ол ұлт руханияты, туган халқының тарихи келбеті мен шығармашылық әрекетіне деген сүйіспеншілік сезім, халықтың рухани күш-қайраты мен рухани бейімділігіне деген сенім, халықтың төл мәдени болмыс-бітімі мен рухани миссиясын түйсіне пайымдауы, тарихи жады мен келешек бейнесінің бірлігі сынды құндылықтарға негізделген [149, б. 87].

Біздер «Мәңгілік Ел» құндылықтары деп, қоғам дамуына сай елдің тәуелсіздігін сақтауға және оның дамуына кепілдік пен бағдар беретін әлеуметтік-саяси, ғылыми, экономикалық, этикалық, діни құндылықтардың бірлігін түсінеміз.



1-сурет – «Мәңгілік Ел» идеясының құндылықтар жүйесі

«Мәңгілік Ел» идеясындағы «Ел» термині көне дәуірдің тұрмыс салтында әрқалай қолданыс тапқан. Ел – адамның атамекенінде жетілуі, атажұртта әлеуметтену жолдары. Елді табиғаттан және туған, өсіп-өнген ортадан ажырата алмаймыз. Осы қос бағыттағы қауымдастықтардың есеюі, өсіп өнуі – ел болудың алғышарттары.

Дәстүрлі қоғамдағы көшпелі шаруашылық қарым-қатынастарының дамыған кезеңдерінде ел атауы қауымдық-туыстық құрылымның (патриархалды отбасы, ру-тайпа, мемлекеттік бірлестік) жоғары деңгейін білдіретін мағынаға ие болды.

Тәуелсіздігіміздің ширек ғасырға толған тарихи қысқа мерзімінде еліміз ғасырлардың жүгін арқалаған толағай табыстарға қол жеткізді. Қоғамдық-саяси, әлеуметтік экономикалық саладағы реформалық өзгерістер Қазақстан Республикасын демократиялы, зайырлы және адамзаттық құндылықтарды ұлықтаған ел ретінде әлемдік қауымдастықтың алдыңғы легіне шығарды.

Осындай табыстарға жету бүкіл қоғамды ұлттық идеяларға тас түйін жұмылдыра алудың нәтижесі еді.

Зерттеулерге сәйкес «құндылық» ұғымының мәніне терең талдау жасадық. «Мәңгілік Ел» идеясының негізін құндылықтар түзеді. «Идея» мен «құндылық» ұғымдары бірін бір толықтыратын және идеяның өміршендігін түзетін құндылықтар деп білеміз. «Идея» ұғымына берілген анықтамалардың кейбірін төменде келтірдік.

Н.Ә.Назарбаев «Ұлттық идея ол, ең алдымен, өзінің ұлттық тұтастығын айқын түсінуге негізделеді. Ұлттық идея қоғамның өз ішінде нісін-жетіледі. Онда сырттан таңылған сипат болмайды. Ұлттық идея идеология жәдігөйлерінің ашқан жаңалығы емес, миллиондаған адамдардың өздерінің ұлттық міндеттерін түсінуінің жемісі болып табылады. Ұлттық идеяны қалыптастыруымыз өзіміздің төл тарихымызды жаңаша ұғыну негізінде ғана мүмкін болмақ» [150] деп ұлттық идеяның мәні мен мазмұнын атап көрсеткен.

Бүгінде жоғары мектептердің мақсаты - жас ұрпақ бойындағы жоғарғы адами құндылықтарды дамытуды, ізгілікке, мейірімділікке, қайырымдылыққа, инабаттылыққа және әдептілікке баулуды көздейді. Ал, жастардың рухани-адамгершілік қасиеттері адамгершілік түсінік пен адамгершілік мінез-құлықтың, яғни, адамгершілік қарым-қатынас пен іс-әрекеттің тұтастығы. Қазіргі білім мен тәрбие берудің мазмұны:

- еркін тұлғаны тәрбиелеу;
- рухани тұлғаны тәрбиелеу;
- ізгі, адамгершілігі мол тұлғаны тәрбиелеу, яғни, жеке тұлғаны тәрбиелеп жетілдіру мәселесін рухани ізгілікке, ұлттық дәстүрге, дәстүр сабақтастығына, біртұтастыққа, жүйелілікке байланыстыра қарастыруды қамтыған [123, б. 162-164].

Қазіргі жаһандану заманында дамыған қоғамның жетекші идеясы, жоғарғы ізгіліктік мәні – әр адам тұлғасын ең жоғарғы құндылық ретінде қарастыруы. Гуманизм адамның өмірлік ұстанымы, ол адамның қасиеттерін сақтап қалуға, тек жағымды, жақсы істер істеуге бағыттайды. Бұл мәселе педагогика тарихында «білім беруді гуманитарландыру» ісімен жүзеге асырылғандығы белгілі.

Ізгілендіру - қазіргі қоғам дамуының ең маңызды бағыты. Білім берудегі гуманизм әр жеке тұлғаның мәдениет әлемінде өзін-өзі таныта алуына, еркін түрде өз орнын анықтай алуына, жақсылық пен жамандықты, дұрыс пен бұрысты, өмірдегі мәнді және мәнсіз нәрселерді саналы түрде таңдай алуларына ықпал жасап, септігін тигізуге бағытталған [151, б. 193].

Құндылықтар – өркениет өлшемі деген философиялық түсінікті білім беру мекемелерінде жүзеге асыру, насихаттау жұмыстарын қазіргі жастардың көзқарасы, талғамын негізге ала отырып, ұтымды әдіс-тәсілдермен жүргізудің нәтижелі болары сөзсіз.

Студент жастардың ұлттық құндылықтар туралы ғылыми түсініктері гуманитарлық пәндер мазмұны арқылы толыға, жетіле түседі [152] десек,

кәсіби тарих пәндерінің мазмұны ұлттық құндылықтарды жүйелеп оқытуда орасан зор танымдық-тәрбиелік ресурстарға ие екендігіне көз жеткіземіз.

Болашақ маманның құндылық дүниесінің қалыптасуына ЖОО оқу-тәрбие үдерісі әсер етеді. Рухани-адамгершілік құндылық идеяларының негізі – ғасырлар бойы қалыптасқан халқымыздың жазба мұралары, ауыз әдебиеті т.б. арқылы ұрпақтан-ұрпаққа тарап отырған. Болашақ мамандық иесін терең біліммен қаруландырумен қатар, бәлік имандылық қасиеттерді бойына сіңіру және өздері өмір сүретін қоғамға сай етіп тәрбиелеу арқылы рухани құндылық дүниесін қалыптастыруға болады. Философиялық және әлеуметтік әдебиеттерде құндылық мәселесі ХХ ғ. 60-жылдарының басынан бастап талданады. ХХ ғ. 80-жылдарындағы зерттеулерде құндылықтар мен қызығушылықтардың өзара әсері адамгершілік мәдениетінің жүйелілік элементтері ретінде қарастырылады [123, б. 244-247].

Қалыптасқан «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының барша Қазақстан халқы үшін маңыздылығы ғылыми-әдіснамалық қағидалар арқылы айқындалған. «Ұлттық идея» ұғымының мәні көптеген зерттеулерде анықталған [85; 154].

- ұлттық идея қандайда бір халықтың, этностың немесе ұлттың өмір сүру мәнін айқындайды. Өз болашағын құрайтын кез келген мемлекет немесе қоғам осы жағынан өз ұлттық идеясына сүйенуі қажет. Өз ұлттық идеясын дұрыс қалыптастырмаған қоғам құриды, міндетті түрде өз жолынан таяды. Сол себепті ол дұрыс бағыт алса, онда ұлт үшін шешуші, тарихи және жасампаз фактор болады [153, с. 38];

- нағыз ұлттық идея – бұл жетілу, әсіресе, халықтың бүкіл рухани жетілу идеясы. Бұл идея - ерекше әмбебап идея. Осы тұрғыда ұлттық идея ұғымын халық өмірін орнықтыру қағидасы ретінде қарастыруға болады. Бұл халық ақылына, парасатына сәйкес келетін өмірді орнықтыру қағидасы. Бұл қазіргі буынның болашақ туралы армандарымен астасып жатады. Бұл халықтың өмір сүруін қамтамасыз ету принципі ретінде туған Жер, байлығын ұқыпты пайдаланумен байланысты [154, с. 124] болып келеді.

Сондай-ақ, ұлттық идея халықты ұйыстыруға бағытталған дүниетанымдық сипаттағы бағыттардың, құндылықтар мен мұраттардың кешені, қоғамның тұрақты әлеуметтік экономикалық дамуы, мемлекеттің қауіпсіздігі мен тәуелсіздігін нығайту болып табылады. Ұлттық идеяны жай ғана ойдан жасауға болмайды. Оның бөліктері ұлттың болмыс келбетін білдіретін ұлттық сана сезімнің терең қатпарында жатыр, оның мағынасы философияда, тарихта, ғылымда, поэзияда, әдебиетте, музыкада, бейнелеу өнерінде, биде халық тілінде [155; 156] көрініс табады. Осындай теориялық негізге сүйеніп, қазіргі уақыт талабына сай жүйелеп ұсынылған ұлттық идеяның ЖОО және мектепте, балабақшада оқу-тәрбие жұмыстары, топтық, тұлғалық қарым-қатынастар арқылы жүзеге асырылатынын көруге болады.

Тарих ұлттық идеясы мен идеологиясы бар мемлекеттің идеологияландырылмаған мемлекеттен анағұрлым күшті екендігін растайды. Идея жетістік стратегиясы ретінде әсер етеді. Шығыс даналығы айтқандай «егер қайда жүзеріңді білмесең, онда саған ешқандай ілеспе жел көмектесе

алмайды» [157] деген мазмұнда да ұлттық идеяға қатысты тұжырымдар жасалған. Осының бәрі айқын көрсеткендей, ұлттық идея ұлттық сана сезімнің ерекше түрі бола отырып, қоғамның рухани өмірінің бөлігі ретінде мағына құрушы, этноскалыптастырушы, құнды бағыт беруші және қоғамдық ұйыстырушы қызметтерін атқарады.

Ұлттық идея ұғымымен ұлттық мұрат ұғымы тығыз байланысты болып табылатыны философтардың еңбектерінде терең сипатталған [158; 159]. Ұлттық мұрат ұлттық сана сезімнің дамуын қамтамасыз етуге қызмет етеді.

Жоғарыда айтылған ойларда маңызды үш қағида сөз болады:

1) ұлттық идеяны ойдан шығару мүмкін емес. Оның құрамдас бөліктері ұлттық сана-сезімнің түпкірлерінен орын алған;

2) ұлттық идея дегеніміз тұлғаның ұлттық сана-сезімінің айрықша түрі;

3) ұлттық сана-сезімнің айрықша түрі бола отырып, ұлттық идея қоғамның рухани өмірінің бір бөлігі ретінде мағына түзу, этнос қалыптастыру, құндылықтық бағдар беру және қоғамды біртұтастандыру функцияларын атқарады.

Ол ұлт руханияты, туған халқының тарихи келбеті мен шығармашылық әрекетіне деген махаббат, оның рухани күш-қуатына деген сенім, рухани парызы, халықтың төл мәдени болмысы мен рухани миссиясын, қоғамдық дамудың терең қатпарлары мен басымдықтарын түсіне пайымдауы, тарихи жады мен келешек бейнесінің бірлігі сынды құндылықтарға негізделген [160].

Ұлттық идея дегенде, біз, жалпы Қазақстан халқының немесе Қазақ елінің идеясы туралы сөз болып отыр деп түсінген жөн. «Мәңгілік Ел» идеясы Қазақстанды мекендеген, тағдыр талайы бір ұлттар мен этностық топтардың қатысуымен тарих сынынан өтіп, бүгінде жаһандану үдерісінде жасампаз ұлттық идеяға айналып отыр. Жалпыұлттық идеяны жасау арқылы елімізді біртұтас азаматтық және саяси қауымдастыққа айналдыру – мемлекетіміздің этносаралық қатынастар мен конфессияаралық толеранттылықты тұрақты етудегі басты мақсаттардың бірі [6, б. 5].

Ұлттық идеяның жалпы жұрт қабылдаған белгілері бар, олар: ол шағын және түсінікті болуы; көру бейне-нышаны болуы және идеологияға сүйенуі; тарих, аңыз, әфсаналар арқылы бабаларымызға тиесілі болуы; адамға да, қоғамға да, билікке де тиімді болуы.

Құндылыққа қайта бағдарлану жағдайын тиімді пайдалануымыз үшін қоғамның барлық күшін жаңа құндылықтық бағдарға жетелейтін тетікті анықтау оның тұрақтылығы мен бір бүтіндігіне кепіл болады. Бұл жаңадан ұсынылатын құндылық түбегейлі жаңа емес, ұрпақтар сабақтастығымен жалғасын тапқан құндылықтар жүйесі. Яғни, бүгінгі «Мәңгілік Ел» идеясының құндылықтары Тәуелсіз Қазақстанды тұрақтылықта, бір бүтін бірлікте дамуға талпындыратын ортақ мақсат. Бұл басқа бір өркениеттің немесе мәдениет түрінің ұсынған құндылықтары емес, ол тарихын тереңнен алатын құндылықтар жүйесінің уақыттық тізбегі [161, б. 319].

2000 жылдан бері болашақ тарихшыларды даярлау бірнеше шифрмен жүзеге асқандығын көруге болады. Олар:

520330 – Тарих (ҚР МЖМБС 3.08.234-2001);
020340 – Тарих (ҚР МЖМБС 3.07.012-2001);
030640 – Тарих және география (ҚР МЖМБС 3.07.026-2001);
030540 – Тарих, құқық және экономика негіздері (ҚР МЖМБС 3.07.271-2002)

Болашақ тарихшыларды, тарих пәні мұғалімдерін даярлау үшін әзірленген жоғары кәсіптік білім стандарты бойынша жалпы құндылықтарды оқыту оқу пәндері мазмұны арқылы жүзеге асырылу қарастырылған.

520330 – Тарих, 020340 – Тарих мамандықтары үшін ҚР МЖМБС әзірлеген – Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті [162, 163]. Бұл стандарттардың мазмұнында айтарлықтай өзгерістер жоқ және олар ғылыми тарих мазмұнын қамтығандығын көруге болады.

Болашақ тарих пәні мұғалімдерінің интеграцияланған даярлығын қамтамасыз етуде басшылыққа алынған жоғары білім стандарты 030640 – Тарих және география мамандығына арналған ҚР МЖМБС [164] және «030540 – Тарих, құқық және экономика негіздері» мамандығы бойынша жоғары кәсіптік білім стандартының өзіндік орны бар [165]. Десек те бұл шифрлар бойынша мамандарды даярлау қазіргі таңда жүзеге асырылмайды.

Болашақ тарих пәні мұғалімдерін даярлаудағы негізгі басшылыққа алатын құжаттың бірі – 2009, 2010 жылдары бекітілген жоғары кәсіптік білім беру стандарттары [118; 166]. 2010 жылғы білім стандартын Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеттері бірлестікте әзірлеген. Аталған мамандық стандартына сәйкес типтік оқу жоспары төмендегідей пәндер кешенінен тұрады:

- | | |
|-----------------------------|-----------|
| 1. Жалпы білім беру пәндері | - 33 кр.; |
| 2. Базалық пәндер | - 64 кр.; |
| 3. Кәсіптендіру пәндері | - 32 кр. |

Кәсіптендіру пәндері бойынша міндетті компонентке 5 кредит және соған сәйкес пәндер тізбегі көрсетілген: тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі (2 кр.), түркі халықтарының тарихы (3 кр.). 27 кредит таңдау кредитіне үлестірілген және оны ЖОО өзі анықтайды.

ЖОО болашақ тарих пәні мұғалімдерін даярлауда басшылыққа алынатын құжаттың келесі бірі – үлгілік оқу жоспары [167]. Үлгілік оқу жоспарындағы бекітілген пәндер кешені 2010 жылғы бекітілген білім стандарты үлгілік оқу жоспарымен сәйкес келеді. Мұнда жалпы білім беретін пәндердің міндетті компонентіндегі «Қазақстан тарихы» пәні алынып, оның орнына таңдау компонентінде 3 кредит мөлшерінде пән оқыту қарастырылған.

Болашақ тарих мұғалімдерін даярлауда дайындалған құжаттың бірі – пәндер каталогы [168]. Нормативтік құжаттарды басшылыққа ала отырып, ЖОО өзі әзірлейтін бірқатар құжаттар мазмұнын, оның ішінде білім беру бағдарламасы, оқу жоспары мен олардағы пәндердің «Мәңгілік Ел» құндылықтарымен оқытуға мүмкіндіктерін қарастыралық.

Жоғары оқу орындарында маман даярлауда әрбір ЖОО өзі білім беру бағдарламалары үлгісін әзірлейді (Ахмет Ясауи университеті әзірлейтін ББ формуляры: Ф-ОБ-001/187). 5B011400 – Тарих мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының педагогикалық стратегиясы МОӘК негізгі құжатының бірі. Олардың мазмұны төмендегідей болады:

Анықтамалар мен қысқартулар.

1. Құзыреттіліктерге негізделген білім беру бағдарламалары.
2. Бағдарламаның мақсаты.
3. Білім беру бағдарламаларына түсушілерге қойылатын талаптар.
4. Бітірушілерге қойылатын жалпы талаптар.
5. Білім алушылардың меңгеретін құзыреттері.
6. Құзыреттерге негізделген оқытудың соңғы нәтижелері (5B011400 – Тарих).
7. Қалыптастыратын құзыреттердің БББ модульдеріне және пәндеріне сәйкестік матрицасы.
8. Құзыреттерге негізделген білім беру бағдарламасын жүзеге асырудағы оқыту әдістері мен технологиялары.
9. Бақылау формалары мен әдістері.
10. Білім алушылардың оқыту нәтижелерін меңгеру деңгейі.

2013-2014 оқу жылына бекітілген 5B011400 – Тарих мамандығы үшін педагогикалық стратегия (білім беру бағдарламасы) құжатында [169] болашақ тарих пәні мұғалімі «Мәңгілік Ел» құндылықтарымен астасатын төмендегідей жалпы құзыреттерді меңгеруі көрсетілген:

- ұжымда жұмыс істей алу икемі;
- шет тілінде қарым-қатынас жасай алу қабілеті;
- қоғамның әр қилы және мультимәдениетті екенін түсінуі және сыйлауы;
- қоғамдық жауапкершілік және азаматтық сана тұрғыларынан әрекет ету қабілеті;
- этикалық норма тұрғысынан әрекет ету қабілеті;
- қоршаған ортаны қорғау идеясына беріктігі;
- атқаратын жұмысының сапасын бағалай алу және қамтамасыз ете алу қабілеті;
- қауінсіздік мәселелеріне жауапкершілікпен қарау;
- тұлғааралық қарым-қатынас икемі;
- қақтығыс (шиеленіс) жағдайларды шеше білуі және келіссөздер жүргізе алу қабілеті;
- сапаға және нәтижеге қол жеткізуге ұмтылысы;
- инновациялық әрекеттерге қабілеті.

Осы құзыреттерді қалыптастыру үшін ЖОО оқу пәндері бағдарламаларында нақты оқыту бағдары қарастырылғандығын көруге болады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде білім алып жатқан білім алушылардың 5B011400 – Тарих мамандығы бойынша оқу жоспарына сәйкес (2014 жылы қабылданғандар үшін – М.И.) төмендегідей модульдер және оларға бөлінген уақыт мөлшері анықталған (Гуманитарлық

ғылымдар факультетінің Ғылыми кеңес мәжілісінде талқыланып, бекітуге ұсынылған. Хаттама №10, 23.05.2014 ж.).

1. Мемлекеттік міндетті модуль (11 кредит)	- 7,5 %
2.1 Түркі дүниесі мәдениеті модулі (8 кредит)	- 5,5 %
2.2 Әлеуметтік-коммуникативтік модуль (4 кредит)	- 2,7 %
3. Кәсіби модульдер блогы (106 кредит)	- 72,6 %
4. Тәжірибе (17 кредит)	- 11,7 %

Мемлекеттік міндетті модульдің мазмұнына: қазақ (орыс) тілі (3 кредит), шет тілі (6 кредит), философия (2 кредит) кіреді. Түркі дүниесі мәдениеті модуліне: түрік (қазақ) тілі (6 кредит), Түркі халықтарының дүниетанымы (Ясауитану) (2 кредит) қамтылған. Әлеуметтік-коммуникативтік модуль мазмұнына: Тұлғааралық коммуникация психологиясы (2 кредит), Теориялық және қолданбалы саясаттану (2 кредит), Акмеология, жеке және әлеуметтік жетістіктер негіздері (2 кредит), Мәдениет және дін (2 кредит), Жалпы және қолданбалы әлеуметтану (2 кредит), Тіршілік қауіпсіздік негіздері (2 кредит), Экология және тұрақты даму (2 кредит), Қазақстан құқығы (2 кредит), Экономика негіздері (2 кредит), Ата-түрік принциптері (2 кредит), Сыни ойлау (2 кредит) қамтылған. Білім алушының таңдауына сәйкес олар аталған модульден төрт пәнді таңдайды.

Тарих пәні мұғалімдерін даярлаудағы негізгі пәндер кешенін «Кәсіби модуль блогы» (106 кредит) құрайды. Олардың өздері кіші модульдерден тұратынын төмендегі мазмұндаудан көруге болады:

Жаратылыстану-ғылыми (STEM) модулі: Кәсіби мақсаттарға арналған ақпараттық технологиялар (3 кр.), Қазіргі заманғы жаратылыстану концепциясы (3 кр.);

Базалық кәсіптендіру модулі. Бұл модуль өз кезегінде төмендегі модульдер (пәндер) кешенінен тұрады:

- психология және физиология модулі: психология және адам дамуы (3 кр.), жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы (2 кр.);

- ежелгі тарих модулі: археология (2 кр.), ежелгі шығыс тарихы (2 кр.), Қазақстанның ежелгі заман тарихы (2 кр.);

- ортағасыр тарихы: Қазақстанның орта ғасыр тарихы (2 кр.), Орта ғасырдағы Еуропа және Америка елдерінің тарихы (3 кр.), Орта ғасырдағы Азия және Африка елдерінің тарихы (2 кр.);

- мектеп педагогикасы модулі: педагогика (3 кр.), тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі (2 кр.);

- қосалқы пәндер модулі: қосалқы тарихи пәндер (3 кр.), мұрағаттану (3 кр.);

- жаңа заман тарихы модулі: Қазақстанның жаңа заман тарихы (3 кр.), Еуропа мен Американың жаңа заман тарихы (3 кр.), Азия және Африка елдерінің жаңа заман тарихы (3 кр.);

- тарихи пәндер модулі: мұражай және ескерткіштерді қорғау (3 кр.), этнология (3 кр.);

- тарихнама және деректану модулі: деректану (3 кр.), тарихнама (3 кр.), тарих ғылымының методологиясы (2 кр.);

- әдістеме модулі: тарихты оқыту әдістемесі (3 кр.), түркі халықтарының тарихы (3 кр.), Түркия Республикасының тарихы (3 кр.);

- түркі өркениеті модулі: Османлы тарихы (3 кр.), адамзаттың тарихқа дейінгі эволюциясы (2 кр.), Ұлы Жібек жолы бойындағы орта ғасырлық қалалар (2 кр.);

- қазіргі заман тарихы модулі: қазақстанның қазіргі заман тарихы (3 кр.), Еуропа мен Американың қазіргі заман тарихы (3 кр.), Азия және Африка елдерінің қазіргі заман тарихы (3 кр.), Қазақстан әлемдік қауымдастықта (3 кр.);

Сондай-ақ, білім алушының жеке білім траекториясы бойынша модульдер анықталған, олар:

- жақын шетел модулі (ЖБТ1-Шетел тарихы): Орта Азия елдерінің тарихы (3 кр.), Ресей және Кеңес мемлекетінің тарихы (3 кр.), Шетелдегі қазақтар тарихы (3 кр.);

- халықаралық қатынастар модулі (ЖБТ1): Халықаралық ұйымдар тарихы (3 кр.), әлемдегі қайраткерлер өмірі мен саяси қызметі (3 кр.), әлемдегі өркениеттер тарихы (3 кр.);

- тарихи білім беру модулі (ЖБТ2-Отан тарихы): Қазақстандағы халық агарту ісінің дамуы (3 кр.), Қазақстан тарихы пәнін оқытудың инновациялық әдістері (3 кр.), мектептегі менеджмент және іс-қағаздарын жүргізу (3 кр.);

- өлкетану модулі (ЖБТ2): орта Азия мен Қазақстанның сәулет өнері (3 кр.), Қазақстанның ортағасырлық қалалары (3кр.), Отандық тарихтағы хандық кезең (3 кр.).

Болашақ тарих мұғалімдерін даярлауда педагогикалық іс-тәжірибелердің орны ерекше. Олардың реті төмендегідей: оқу, педагогикалық, өндірістік және диплом алды. Тәжірибелерге 17-20 кредит шамасында уақыт мөлшері бөлінген. Оқу жоспарлары мен пәндері мазмұнын талдау «Мәңгілік Ел» құндылықтарын болашақ тарих пәні мұғалімдеріне оқытуға мол мүмкіндігінің барын көруге болады (қосымша А1 - кесте). Олар:

- «Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы» құндылығын саясаттану, әлеуметтану, Қазақстан тарихы, құқықтану, т.б. пәндерде;

- «қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім» құндылығын қазақ, шетел тілдері, құқықтану, саясаттану, педагогика, тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, т.б. пәндерде;

- «зайырлы қоғам және жоғары руханият» құндылығын құқықтану, әлеуметтану, саясаттану, философия, педагогика, Қазақстан тарихы т.б. пәндерде;

- «индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім» құндылығын экономиканың теориялық негіздері, Қазақстан тарихы, т.б. пәндерде;

- «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы» құндылығын құқықтану, әлеуметтану, экономиканың теориялық негіздері, Қазақстан тарихы, т.б. пәндерде;

- «тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы» құндылығын тарих пәндерінде, мәдениет және дін (мәдениет), философия, тіл курстарында;

- «еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді» құндылығын құқықтану, әлеуметтану, саясаттану, деректану, елдердің қазіргі заманғы тарих пәндерінде оқыту мүмкіндіктері мол екендігіне көз жеткіздік.

Оқыту мазмұны тек қана «Мәңгілік Ел» құндылықтарына қатысты оқу материалдарын қамту арқылы мүмкіндікті қарастырған болса, оның жүзеге асырылу мүмкіндігі оқу жұмыс түрлері арқылы қамтамасыз етіледі.

XX ғасырда оқу жұмыстары лекцияның негізгі үш түріне (кіріспе, шолу, ағымдық, қорытынды) басымдық берілгені белгілі. Қазіргі уақытта білім алушылардың теориялық мағлұматтарды терең меңгеру үшін лекцияның құрылымы да жетілдірілді.

Лекцияның жаңа түрлері жөнінде еңбектер жазылды [170; 171]. Оқу-тәрбие дәрісінде кеңінен қолданыла бастаған лекция түрлері: кіріспе, қорытынды, белгілеу; проблемалы, кеңес, пресс-конференция, екеуара әңгіме, пікірталас, алдын ала қатемен жоспарланған зерттеу, нақты жағдаятты шешу, кері байланысты техниканы қолданумен оқылатын, визуальды болып табылады.

Кәсіби пәндерді оқуда білім алушыларға «Мәңгілік Ел» құндылықтары бойынша оқу материалдарын лекцияда мазмұндауда оған (лекцияға) талаптар қойылады және сол талаптар бойынша талқылаулар жүзеге асырылады. Олардың реттілігі төмендегідей болады: тақырыптың өткізілу күнінің жоспарланған мерзіміне сәйкестігі; лекция тақырыбының жұмыс оқу бағдарламасына сәйкестігі; лекция мазмұнының тақырыпты толық ашуы; лекцияның тарауларға, тақырыпшаларға және сұрақтарға бөлінуінің дәлелдігі; тақырыптың тұтастығы және логикалық аяқталуы; оқу материалының баяндалу көлемі; материалдың басқа пәндермен байланыстылығы; уақытты тиімді пайдаланылуы; оқу материалын баяндау ізденушілік тұрғысынан құрылуы; проблемалық көзқарастардың қарастырылуы; дүниетаным аспектілерінің қолданылуы; оқу материалында соңғы жаңалықтардың қамтылуы; теорияның практикамен байланыстылығы туралы мысалдардың қамтылуы; мамандыққа байланысты мысалдардың келтірілуі; дидактикалық материалдардың қолданылуы; лектордың педагогикалық мәдениеті мен техникасының жоғары деңгейде көрінуі (лектордың сөйлеу мәдениеті, баяндауындағы тіл байлығы, баяндаудың түсініктілігі және анықтылығы, қызығушылығы мен белсенділігі, лектордың эрудициясы); студенттермен қарым-қатынасы, аудиторияны басқара білуі; студенттердің сабақ үстіндегі белсенділігі және оны жүзеге асыруы; қорытынды жасау және өзіндік жұмыс ұйымдастыру туралы нұсқауларды қарастыруы; үйге тапсырма беруі; лекциядағы оқу материалдары мазмұнының сапасы.

Болашақ тарих мұғалімдеріне «Мәңгілік Ел» құндылықтары бойынша оқу материалдарын меңгертуде, алған білімдерін тереңдету мен оны қолдануда семинар сабақтарының маңызы жоғары. Сол себепті де «семинар -

студенттердің теориялық білімін практика түрінде қолдануға мүмкіндік беретін сабақтың түрі» деп қарастырылатыны белгілі.

Семинар сабақтары студенттерге кәсіби пәндерде «Мәңгілік Ел» құндылықтары бойынша оқу үдерісінде шығармашылық тұрғыдан ойлауды қамтамасыз етеді. Болашақ тарихшы мұғалімдердің «Мәңгілік Ел» құндылықтары бойынша білімді пайдалануы дегеніміз оның мазмұнындағы құндылықтарды меңгеру, оларға ғылыми тұрғыдан мән беру, анықтамаларды және оларға сипаттама жасай алу. «Мәңгілік Ел» құндылықтары бойынша білім алушы баяндамашы, оппонент ретінде сөз сөйлей білуі қажет. Ол құндылықтар бойынша өзекті мәселелерді қозғағанда, оны шешуге ат салысу, кереғар көзқарастарға қарсы пікір айту, өз пікірін қорғай білу арқылы өзінің алған теориялық білімінің деңгейін көрсетеді. Екінші жағынан бұл мәселе болашақ тарих мұғалімдерінің пәндік академиялық даярлығының жоғары болуын қамтамасыз етеді.

Семинар сабақтар көмегімен оқытуды сан түрлі құбылтып өтуге болады. Мұнда бағыт беруші негізінен оқытушы болғанымен, студент, яғни болашақ тарихшы мұғалімнің өз бетінше көп жұмыс істеуіне көп мүмкіндік беріледі. Кәсіби пәндер бойынша ұйымдастырылған семинар оқу жұмысының барлық түрімен тығыз байланысты: ең алдымен лекциялық оқытумен және өз бетінше жұмыс істеумен. Сондықтан да семинардың сапасы лекцияның сапасына және студенттің өз бетінше қалай жұмыс істеуіне байланысты.

Кәсіби пәндерді оқытуда семинар сабақтарды оқытушының басқаруымен өтетін пікірталас ретінде өтудің пайдалы жақтары көп. Семинарда пәннің оқу материалдарындағы «Мәңгілік Ел» құндылықтары бойынша студенттер даярлап келген рефераттар мен баяндамаларды талдауды жүзеге асыруға болады.

«Мәңгілік Ел» құндылықтары бойынша кәсіби пәндерде семинар сабақтардың кең тараған түрлері зерттеу семинарлары. Оны лекцияның тақырыбына байланысты емес етіп қарастыруға болады. Оның мақсаты болашақ тарихшы мұғалімнің алдынан шығатын «Мәңгілік Ел» құндылықтары бойынша оқу материалдарын оқытуды ғылыми, практикалық тұрғыдан шешуге бағдарлы дайындықты қамтамасыз ету.

Семинар-зерттеу кәсіби және арнайы курстарды оқытуда пайдаланылады. Оқытушының ұсынысы бойынша семинарды бастар алдында студенттерді бірнеше топшаларға бөліп, оларға алдын ала дайындаған «Мәңгілік Ел» құндылықтары бойынша проблемалық сұрақтарды сабақ тақырыбындағы оқу материалдарға сәйкес береді. Бұл сұрақтарға жауап беру үшін студенттер бір бірімен пікір алмасып, соңы пікірсайысқа ұласады; қажет мәселені соңына дейін зерттеу үшін, барлық ақпарат көздерін пайдаланады. Сабақтың басында топшаларда оның бір өкілі проблемалық сұрақтарға жауап беруге дайындалады, жауап топшаның өкілдерінің ортақ пікірі болып табылады. Әрбір студенттің жауабы талқыланып, сөйлеушілер студенттер мен оқытушының сұрақтарына жауап береді [170, с. 22-23]. Семинардың соңғы кезеңінде бүкіл топтың оқу

пәні тақырыптарындағы «Мәңгілік Ел» құндылықтары бойынша пікірі белгілі болады, белгілі көзқарас қалыптасады.

Кәсіби пәндер мазмұнындағы «Мәңгілік Ел» құндылықтарын дөңгелек стол әдісімен оқытуды ұйымдастыру көпшілік студенттермен белсенді семинар сабағын өткізуді жүзеге асыру болып табылады. Қарым-қатынастың мұндай формасы кәсіптік оқытудың ерекшелігін көрсетеді. Оқытушы мен студент арасындағы өзара қарым-қатынаспен байланыстың ұжымдық құрылымы кәсіптік одақтың іс-әрекетінің оқыту моделі болып табылады.

«Мәңгілік Ел» құндылықтарын кәсіби пәндерді оқытуда семинар-пікір-сайыстың маңызы жоғары. Бұл қатысушылардың диалогтық қарым-қатынасы үстінде ұйымдастырылады. Теориялық мәселелерді шешуге екі жақты қатысудың арасында практикалық тәжірибе жинақталып, болашақ тарих мұғалімдерінің «Мәңгілік Ел» құндылықтары және оларды жүзеге асыру бойынша іс-жүзінде ойлауы артады. Семинар-пікір-сайыс сабағында студент-баяндамашы сөз сөйлегенде өз ойын нақты жеткізе білуге, өз пікірін дәлелдеуге курстасының жаңсақ пікіріне қарсы пікір айтып, оны дәлелдеуге үйренеді.

Кәсіби пәндер бойынша семинар сабақтарында «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуда төмендегідей мәселелерге назар аударылуы тиіс: практикалық сабақ тақырыбының айқындығына, тапсырмалар немесе сұрақтар көлемінің айқындығына, практикалық жұмыстарды орындатуда дидактикалық принциптердің сақталынуына, сабақ проблемалық мәселелер бойынша құрылуына, сабаққа нақты ситуациялардың қойылуына, тапсырмалар мен сұрақтардың ізденуге бағдарлануына, сабақта практикалық мәселелерді шешуде қазіргі заман талаптарынан туындайтын мәселелердің қарастырылуына, мәселені шешуге байланысты нұсқаулар мен ұсыныстардың берілуіне, студенттердің сабаққа қатысуына байланысты бағалануына, сабақта экспресс-тесті, дидактикалық материалдарды, техникалық оқу құралдарын пайдалануына, сабақта инновациялық әдістердің қолдануына, студенттердің болашақ мамандықтармен байланыстылығына, оқытушы мен білім алушының ақпараттық және коммуникативтік құзыреттілігінің жоғары деңгейіне (ауызша баяндау мәдениетіне, баяндаудың айқындылығы мен түсініктілігіне, оқытушы-студенттер қарым-қатынасына, аудиторияны басқара білуіне, оқытушының эрудициясына), студенттердің сабақтағы белсенділігіне, т.б.

Болашақ тарих мұғалімдерін даярлауда ұжымдық бірлескен іс-әрекет, қарым-қатынас студенттерді кәсіби тілде сөйлеуге, тыңдай білуге, басқаларды есті білуге, семинарды сыпайы-дәлелді жүргізуге үйретеді. Бұл кәсіби іс-әрекетке бағдарлы даярлау негізін қалайды. Осындай семинарда кәсіптік ой, пәндік, әлеуметтік құндылықтар қалыптасады, болашақ тарихшы мұғалімдерді даярлаудағы негізгі мақсатқа қол жетеді.

XX ғасырда ЖОО қолданылатын оқытудың репродуктивті әдістеріне, оның ішінде түсіндірме-иллюстративті және өзіндік репродуктивті әдістер кеңінен қолданылса, ендігі жерде, проблемалы баяндау, жекелей-зерттеу, зерттеушілік әдістері кеңінен қолданыла бастады. Тарих мұғалімдерін

даярлауда, «Мәңгілік Ел» құндылықтары бойынша оқу материалдарын баяндаудағы жетілдірілген әдістердің мүмкіндіктері мол болды.

ЖОО болашақ тарих мұғалімдерін даярлауда дәстүрлі оқытудың әдіс-тәсілдерімен қатар, оқытудың белсенді (активті) және аралық белсенді (интер-активті) әдістері кеңінен қолданыла бастады. Оқытудың белсенді әдісі дегенде оқу үдерісінде жеке адамның белсенділігін арттыратын әдісті айтады. Оқытудың белсенді әдісі: өнімді, шығармашылық, ізденушілік мазмұнда болады [170, с.51-64]. Оған дидактикалық ойындар, нақты жағдайда сараптама жасау, проблемалық мәселелерді шешу, алгоритм бойынша оқыту және т.б. жатады.

Сонымен бірге, ЖОО қолданылатын оқытудың интенсивті әдістері бар, олар оқытуды ұйымдастыруды қысқа мерзім ішінде, ұзартылған бір реттік және оқытудың белсенді әдісін пайдаланумен ерекшеленеді. Оқытуды интенсивтендіру, арттыру деген адамның эмоциясы мен санасына сүйену арқылы жүзеге асырылады. Психологияның тренинг көмегімен сезу, сараптау, есте сақтау және ақпаратты пайдалануды күшейтеді [170, с. 42-50].

Оқытудың белсенді дәстүрін нақты қолдану аясын анықтау үшін сабақ өту жолдарын имитациялық және имитациялық емес деп екіге бөледі. Имитация шындықтың негізгі белгілерін көрсету. Нақты жағдайды талқылау:

1. Жекелей және ортақ қасиеттерін анықтау мақсатында;

2. Шындықты немесе имитациялық жағдайды тереңірек бөлшектеп зерттеу арқылы жүзеге асырылады.

Мысалы, болашақ тарихшы мұғалімнің «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту әдістемесімен танысуы нақты жағдайды сараптаудың мысалы болып табылады. Бірақ іс-жүзінде көбінесе бұл екі түр араласып келіп отырады.

Болашақ тарих мұғалімдерін даярлауда кәсіби пәндер мазмұнындағы «Мәңгілік Ел» құндылықтары бойынша оқу материалдарын оқытуда интербелсенді әдістер кеңінен қолданылады. Оның ішінде:

1. Имитациялық емес: проблемалық лекциялар, проблемалық семинарлар, тақырыптық топтық пікірталастар, дөңгелек үстел, педагогикалық ойын жаттығулары, тағылымдамалар;

2. Имитациялық:

- ойын түрінде емес: нақты жағдаятты талдау (кейс-стади), имитациялық жаттығулар, тренингтер;

- рөлдік ойындар, іскерлік ойындар (оқу ойындары, өндірістік ойындар, зерттеу ойындары), ойын түрінде жобалау.

Сонымен әзірге, оқу пәндері ішінен «Тарихты оқыту әдістемесі», «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» аталған мәселені білім беру жүйесінде оқытумен жүзеге асыруды толық қамтымайтындығын көрсетіп отыр. Содан да, болашақ тарих пәні мұғалімдерінің «Мәңгілік Ел» құндылықтарын мектеп қабырғасында оқытуға даярлығы, біздің ойымызша, толық мәнге ие бола қойған жоқ.

Келесі бөлімде біздер білім беру жүйесінде, оның ішінде мектепте тарих пәні мұғалімдерінің «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға бағдар алуы мен оқытуға даярлығын жүзеге асыру мәселесін қарастыратын боламыз.

2 БОЛАШАҚ ТАРИХ МҰҒАЛІМДЕРІН «МӘНГІЛІК ЕЛ» ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ОҚЫТУҒА ДАЯРЛАУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

2.1 «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту – болашақ тарих мұғалімдері кәсіби іс-әрекетінің нысаны

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан зайырлы мемлекет болып табылады. Еліміздегі білім беру жүйесі де зайырлы сипатқа ие. Зайырлы демократиялық мемлекет ретінде халықаралық стандарт деңгейінде адам құқықтары туралы Конвенцияға қол қойып, әлемдік білім кеңістігіне енуіміз, жалпыадамзаттық білім кеңістігінде мәдениетті тұлға тәрбиелеуді қажет етеді. Мәдениет ауқымы кең, күрделі, көпқырлы құбылыс. Оны кең мағынада құндылықтар жүйесі деп түсінуге болады [123, б. 74-77]. Сонымен қатар, оқушы тұлғасы мектеп қабырғасынан бастап оқыту үдерісінде, құндылықтар жүйесінде пәндік, жалпы құзыреттерді меңгеру тиіс.

Мәдениет – материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығы болып табылады. Мәдениет – қоғамдық құндылық, ол үнемі сараланып, көпшіліктің санасында тұрақталып, ұзақ уақыт тәжірибе сынынан өтіп түйінделетін мұра.

Заман талабына сай бүгінгі педагогика ғылымының алдындағы басты міндеттердің бірі – педагогиканы жалпы әлемдік құндылық деңгейіне (адамды сүю және оның бостандығын сақтау) көтеруге әрекет жасау және адамзаттық мұратты құру болып отыр. Бұл міндетті іске асыру үшін баланы табиғат және мәдениетпен үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін:

- ақиқат;
- сүйіспеншілік;
- дұрыс әрекет ету;
- жүзеге асырылған тыныштық;
- қиянат жасамау сияқты жалпыадамзаттық мәңгілік құндылықтарды білім беру үдерісінде ескеру керек.

Еліміздің Білім және ғылым министрлігі Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, ғаламдану үдерісінің бірқатар мәселелерді туындатқандығын анықтаған және ол аталған министрлік бекіткен құжатта көрініс тапқан [172].

Білім беру жүйесінде орын алған кемшіліктерді жою мақсатында тәрбие тұжырымдамасында, тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің мақсаттары мен міндеттерін іске асыруда тәрбие жұмысының басым бағыттары анықталған [172, б. 10]:

- жана қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие;
- рухани-адамгершілік тәрбие;
- ұлттық тәрбие;
- зияткерлік тәрбие;
- еңбек тәрбиесі және кәсіби өзін-өзі анықтау;
- дене және психологиялық тәрбие, саламатты өмір салты;
- экологиялық тәрбие;

- көпмәдениетті тәрбие;
- көркем-эстетикалық тәрбие;
- көшбасшылық қасиеттерді дамыту;
- отбасы тәрбиесі.

Аталған тәрбие тұжырымдамасының тұжырымдамалық негіздері ретінде төмендегілер алынған [172, б. 2]:

- Қазақстанда тұлға мінез-құлқының дұрыс мотивациялық-құндылық аясы;
- оқушы жастарда қазақстандық патриотизмді, азаматтық сананы, толеранттылықты және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастырудың өсіп отырған деңгейін;
- жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардағы мәдениет негіздерін, ана тілі мен мемлекеттік тілге және этномәдениетке құрметті;
- рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда отбасы институтының тәрбиелік әлеуетін күшейтуді;
- өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі тәрбиелеуге жан-жақты саналы түрде қатысуды, табысты әлеуметтенуді, өз бетінше білім алуды және өзін жүзеге асыруды қамтамасыз етуі тиіс.

Атап өткендей, тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің жалпы бағыты білімді, адамгершілікті, жігерлі, көшбасшылық қасиеттері бар, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қатынасқа қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, «Мәңгілік Ел» - Қазақстан-2050 Стратегиясының басты мақсатына қол жеткізуге белсенді қатысатын адамды қалыптастыруға бағытталғандығын көруге болады.

Мемлекет басшысы оқу үдерісінің практикалық жағына жеткілікті көңіл бөлінбейтінін, оқушылардың жеке ерекшеліктері нашар ескерілетінін, оқу-тәрбие үдерісі ескірген әдістемелерге негізделгенін, оқу-тәрбие үдерісінің тарихи білім сынды маңызды ісі жеке тұлғаның, азамат пен патриоттың қалыптасуы міндеттерін шешуге бейімделмегенін, сондықтан, оқу-тәрбие үдерісін түбірінен өзгерту арқылы қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізудің, педагогтар құрамының сапасын арттырудың, алған білімін өмірлік тәжірибелерінде, әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана білудің, оқыту үдерісінің тәрбиелік жағын күшейтудің қажеттігіне баса назар аударды [173].

«Қазақстан тарихы бойынша оқу жоспарларын, оқулықтар мен оқу құралдарын талдаудан өткізсін, оқу орындарында Қазақстан тарихын оқытудың мазмұны мен нішіні өзгерту жөнінде іс-шараларды жүзеге асырсын», - деген маңызды тапсырмалар берді [173]. Осындай маңызды тапсырмаларды тарихи білім беру жағдайында ойдағыдай іске асыру бүгінгі күннің басты мәселелерінің бірі болып саналады.

Жүргізілген зерттеу жұмыстарына сәйкес теориялық мағлұматтарды талдау негізінде болашақ тарих пәні мұғалімдерін құндылықтарды оқытуға даярлауда оқытудың дидактикалық, практикалық бағыттылығын күшейтудің әдістері мен тәсілдерін іздеу және оны келешекте қолдануға дағдыландыру

қажеттігін атай келе, ондай тәсілдерге төмендегілерді жатқызамыз: құндылыққа тән ұғымдар мен категорияларды енгізу; оқытудың жоба әдісін пайдалану; сабақтың әрбір тақырыбы бойынша құндылық бағдар беру аспектісін есепке алу; оқу материалдарын бекітуге және білімді практикада қолдануға уақыт мөлшерін арттыру; материалдық және рухани құндылықтар мазмұнын жүйелі түрде ашу; оқушылардың ойлау бейімділігі, өз бетінше жұмыс жасау, шығармашылық ізденіс, т.б. жеке тұлғалық сапаларын дамыту [174, с. 185].

Қоғамдық құндылықтардың үнемі қайта бағаланып отыруы болашақ тарих мұғалімінің осындай қоғамдық-саяси, мәдени өзгерістерді, республика көлемінде, әлемдік деңгейде аңғарып, болып жатқан жаңалықтардан хабардар болуын қажет етеді. Ол алынған әрбір мағлұматты өзіндік ой елегінен өткізуде тарихи тәжірибеге сүйенеді [175, р. 79].

Тарихты оқыту тәжірибесінде оқытушылардың өткен уақыттың барлық жақтарын, атап айтқанда, рухани өмір, тұрмыс, салт-дәстүр, дін және әртүрлі халықтардың өркениетке қосқан үлесі сынды салаларын түсініп, жеткізуге деген талпыныстары байқалады [176, б. 75-80]. Сондықтан, тарихты оқыту «адам мен қоғам туралы жалпы білім жүйесін құруға, социологиялық, географиялық және психологиялық тәсілді қамтыған тарихи білім синтезін пайдалануға бағытталуы қажет [177, с. 39-51].

Бүгінгі күннің болмысы «Мәңгілік Ел» құндылықтарын саналы сезінген, технологиялық үдерістерге тез бейімделуге қабілетті, мәдениет негіздерінен терең білімді игерген оқушыларды тәрбиелеу қажеттілігімен анықталады.

Сол себепті де, мектептің қазіргі мақсаты – оқу-тәрбие үдерісін жалпыадамзаттық құндылықтарға негіздей отырып, рухани-адамгершілік құндылықтардың мәнін ашып, оны саналы түрде қолдануға ұмтылыс жасай алатын жаңа буын ұрпақты тәрбиелеу. Осыған сәйкес зерттеу жұмысының тақырыбына байланысты «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытудың теориялық және практикалық аспектілерін зерделеу және оны сипаттау қажеттілігі болашақ тарих мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетіне даярлау үшін анықтау алғы шарт болып табылады.

Жалпы, оқыту, оқу – білім, білік, әрекет дағдыларын үйрету мен меңгерту үдерісі, өмір мен еңбекке бейімді етіп даярлаудың негізгі құралы. Оқыту үдерісінде білім мен тәрбие мақсаттары жүзеге асырылады. Түрлі оқу орындарында оқыту білім берудің басты жолы. Оқыту – екі жақты үдеріс: мұғалім – білім беруші, оқушы – білім алушы. Оқыту құрылымына оқушылардың өзінің жеке әрекетін және оқу әрекеттерін ұйымдастыру, оқушылардың білімді меңгерудегі белсенділігі мен саналылығын ынталандыру және білімді меңгеруінің, оқу әрекеттерін орындауының сапасын реттеу, бақылау, оқыту нәтижесін талдау мен оқушы тұлғасының әрі қарай дамуын болжау жатады [178, б. 161]. «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту мәселелерін зерттеуде, біз, жоғарыда айтылған ескертпелерге сүйене отырып, құндылықтарды оқыту үшін оқушы іс-әрекетінің дамуына бағытталған білім беру үдерісі болуы қажет деп білеміз.

Білім берудің басты мақсаты - оқушыны жеке тұлғалық дамыту. Қазіргі уақытта, білім беру деп, үдерісті, сонымен қоса тиімді құрылған оқыту мен тәрбие арқылы адамның даму нәтижесін түсіну қабылданған.

Бүгінгі таңда ХХІ ғасырдың білім беру саласы негізгі үш ерекшеліктен тұратынын байқауға болады. Олар:

- біріншіден, адамдар өмір бойы алған білімдерін жаңғыртып, дамытып отырады;

- екіншіден, оқушының жас, ой, мүмкіндік ерекшеліктеріне қарай білім беріледі;

- үшіншіден, бүкіл білім беру жұмысы халықаралық деңгейде басқалармен қатар, қат-қабат іске асырылады. Білім бәсекеге сәйкес, қазіргі кезеңнің талабына сай жұмыс істеуге бағытталады. Бұл ерекшеліктер қазірдің өзінде байқалып келеді [179]. Ал, ресейлік ғалым Б.С.Фершунский [31, с. 23] білімді кем дегенде төрт аспектіде анықтау мүмкін деп біледі:

- білім – құндылық;

- білім – ол жүйе;

- білім – бұл үдеріс;

- білім – бұл нәтиже.

Білім сияқты, құндылықтардың қалыптасу үдерісі, қоғам дамуының экономикалық, технологиялық, мәдени, әлеуметтік үдерістерімен өзара байланысты.

Білім беруде оқушыларға құндылықтарды оқыту педагогикалық жүйемен жүзеге асырылатыны белгілі. Педагогикалық жүйе – бұл элементтердің өте сенімді және берік байланыстарының бірлігі. «Педагогикалық жүйе құрылымдық-функционалдық талдау деңгейінде өзара байланысты құраушылар жиынтығы ретінде ұсынылуы мүмкін: педагогикалық үдерістің субъектілері, білім беру мазмұны (жалпы, базалық және кәсіби мәдениет) және материалдық база (құрал)» [180, с. 43] деген тұжырымның да әдістемелік маңыз жоғары.


Тарих пәні мұғалімінің кәсіби іс-әрекетінің объектісін оқып үйрену біртұтас педагогикалық жүйе мен үдерістің мәнін зерделеуді қажет етеді. Педагогикалық жүйені күрделі жүйеге жатқыза отырып Ф.Ф.Королев олардың: тұтастық, сыртқы ортамен өзара байланысы, көпдеңгейлік сипаты болатынын атап көрсетеді [181]. Ғалымның пікірінше педагогикалық жүйенің барлық деңгейде қалыпты жұмыс жасауы үшін басқаруды ғылыми негіздеу талап етіледі деген тұжырым жасайды.

Педагогикалық үдеріс педагогикалық жүйе құраушылары көмегімен жүзеге асырылады. Педагогикалық үдеріс Н.Д.Хмельдің анықтауы бойынша: «бұл ұстаздардың белсенді қатысуымен және басшылығымен барлық мәдени құндылықтарды, еңбекке дайындықты меңгеруге бағытталған оқушылардың өзара бірлескен әрекеті» [182, с. 8]. Ғалымның пікірі бойынша, педагогикалық үдеріс мазмұны қоғамдық қызығушылық пен қажеттіліктен туындайтынын айта келін, оған қатысатындар: педагог пен оқушы және оның: мақсаты, міндеттері, мазмұны, құралдары, формалары, әдістері мен тәсілдері, оқушыларға берілетін тапсырма сияқты құраушылары болатынын дәйектеген.

Педагогикалық үдерістің жүзеге асырылуы үшін жүйе құраушы ретінде бірқатар белгілері анықталған [183, б. 89-90]. Олардың ішінен негізгілерін атауға болады: педагогикалық үдерісте мұғалімнің басқару объектісі оқушылардың іс-әрекеті болып табылады; іс-әрекеттің барлық элементтері (мақсат, міндеттер, мазмұны және т.б.) жүйелі өзара байланысты болады.

Педагогикалық үдеріске берілген анықтамалардан олардың бірқатар қасиеттерін атап көрсетуге болады: педагогикалық үдеріс оған қатысушылардың арасындағы іс-әрекеттер алмасуымен анықталады; ынтымақтастықтың орын алуы іс-әрекет субъектісінің қалыптасуының шарты болады; «ұстаз-оқушылар» педагогикалық үдерістегі ішкі жүйені анықтайды; педагогикалық үдеріс барысында әртүрлі деңгейлі кіріктіру жүзеге асырылады [183, б. 90]. Сонымен қатар, педагогикалық үдерісте «ұстаз-оқушылар», «оқушы-оқушылар» жүйесі мектепте басты мәнге ие болып табылады.

Мектеп қабырғасында ұйымдастырылатын педагогикалық үдеріс моделін төмендегідей елестетеміз (2-сурет).



2-сурет – Оқушыларға құндылықтарды оқыту үдерісінің үлгісі

2-суретке сәйкес оқушыларға құндылықтарды оқытудағы педагогикалық үдерістің құраушыларын төмендегідей сипаттауға болады:

1. Оқытудың мақсаты: оқушыларға құндылықтарды оқыту.
2. Мұғалім іс-әрекеті: оқушыларға құндылықтарды оқытудағы мұғалімнің оқу жұмыстарын ұйымдастырудағы педагогикалық қызметі.
3. Оқыту мазмұны: құндылықтарды оқытуда басшылыққа алынатын: ҚР «Білім туралы» заңы, тұжырымдамалар, білім беру стандарты, «Қазақстан

тарихы» пәнінің типтік, оқу бағдарламалары, оқу-әдістемелік әдебиеттер, тәрбие жұмысының бағдарламалары, т.б. құжаттарын басшылыққа алады.

4. Оқыту әдістері: құндылықтарды оқытудағы мұғалімнің оқыту әдістері, екіншіден, оқушының құндылықтарды (ұлттық, рухани) меңгерудегі оқу әдістері, білімді және іскерлік, дағдыны игерудегі әдістер; логикалық және техникалық тәсілдер.

5. Оқытуды ұйымдастыру формалары: оқу жұмыс түрлері және олардағы оқушылардың оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыру түрлері.

6. Оқыту құралдары: оқу, ойын, қарым-қатынас, оқытудың техникалық құралдары, т.б. алынады.

7. Оқушылардың оқу іс-әрекеттері: оқушылардың құндылықтарды зерделеудегі, меңгерудегі оқу жұмыс түрлерін орындауы.

8. Нәтиже: оқушылардың құндылықтарды (ұлттық, рухани) меңгеруі.

Сонымен біздер, педагогикалық жүйе құраушыларына сәйкес құндылықтарды оқыту құраушыларының негізгілерін төменде сипаттайтын боламыз. Себебі, олар болашақ тарих мұғалімдерін даярлауға бағдар болып табылады.

Оқыту мақсаты. Педагогикалық үдерістің бастапқы буыны – оқыту және тәрбие мақсаты. Қазіргі талапқа сәйкес оқыту мақсаты қол жетімді болуы тиіс. Біздің жағдайымызда педагогикалық, оның ішінде оқыту үдерісінің мақсаты: пән тақырыптарына сәйкес әрбір сабақтың мазмұнында «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуды жүзеге асыру.

Оқыту мақсаты «Білім туралы» заңның білім беру жүйесінің басты міндетінен туындайды. Аталған міндеттер «Білім туралы» заңда: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» - деп атап көрсетілген [1, б. 3]. Көрсетілген міндеттерді жүзеге асыру бірқатар шарттардың орындалуына байланысты болып табылатындығын көрсетеді, оның ішінде оқыту технологиясын жетілдіру, оқу-тәрбие үдерісін гуманистік негізде ұйымдастыру, т.б.

Аталған заңда көрсетілген міндеттерді жүзеге асыру үшін мектептегі оқу-тәрбиенің негізгі міндеттері ретінде: әрбір оқушыны ұлт алдында тұрған мәселелерді көруге және шешуге даярлау; ғасырлар бойына өз халқының қол жеткізген жетістіктерін бағалауға үйрету; ата-баба салтын, дәстүрін, әдет-ғұрпын оқу-тәрбие үдерісіне өзек ету; мектептің тәрбие жүйесін ұлттық тұрғыдан ұйымдастыруды негіздеу және жүзеге асыру.

«Мәңгілік Ел» құндылықтары негізінде оқушыны оқыту мен тәрбиелеу ұлттық тәрбиеге басымдық беру мен ұлттық тәрбие негізінде іс-әрекеттерді ұйымдастыруды қарастырады. Зерттеулер мен тұжырымдауларға сәйкес ұлттық тәрбие деп, жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен мінез-құлқының ана тілін,

терең тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруін түсінеміз.

«Мәңгілік Ел» құндылықтарына сәйкес тәрбие мазмұнын, әдіс-тәсілдерін іріктеп, оқушылардың жас және дара ерекшеліктеріне байланысты оқыту үдерісіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды ұлтжандылық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеп шығару.

Әрбір халықтың өзінің тарихи, рухани және мәдени төлтума қасиеттеріне бойлауы арта түсуде. Бірақ осындай ұмтылыстар басқа халықтардың мүдделеріне нұқсан келтірмеуі тиіс. Сондықтан Қазақстанның өркениет өріне бастар бағыты – адамгершілік-ізгілік қасиеттерге негізделген ұлттық тәрбиеге табан тірейді [184].

Жоғарыдағы мазмұндаулар білім беру жүйесіндегі оқу-тәрбие мақсаты мен бүгінгі күнгі міндеттерін анықтайды және жүзеге асырылуына бағдар береді.

Оқыту мазмұны. Тарих пәнінің мазмұны және оны оқыту жөнінде әртүрлі пікірлер, көзқарастар бар. Оқушылардың білім, іскерлік (дағды) және жеке тұлғалық сапасына қойылатын талаптар білім беру (оқыту) мазмұнында анықталған. Олар негізінен: «білуі тиіс», «орындауы тиіс», «меңгеруі тиіс» деп көрсетіледі. Сондай-ақ, олар теориялық мағлұматтарды меңгеруде сөз-талаптар көмегімен толықтырылады: «біледі», «ашып көрсетеді», «түсіндіреді», «сипаттайды», «баяндайды». Сол сияқты ҚР Үкіметінің №1080 қаулысында мектеп оқушылары пәндік құзыреттерді меңгеру тиіс екендігі және білімді меңгеруге қойылатын талаптар анықталған [185]. Сол талаптар біздің зерттеу жұмысымызға бағдар болып табылады.

Мектеп тарих курсының мазмұнын анықтау және нақтылау бойынша да зерттеу жұмыстары жүргізілген. Елімізде мектеп тарих пәнінің мазмұны бойынша зерттеу жүргізген Б.К.Абдугулованың «Жалпы білім беретін мектепте Қазақстан тарихын оқытудың дидактикалық негіздері» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмысы [80]. Ізденуші зерттеу жұмысы бойынша «Қазақстан тарихынан тарихи білім беру» тұжырымдамасын әзірлеген, жалпы білім беретін мектепте тарихи білім берудің мазмұндық үлгісін жасаған және пәнді оқытудың дидактикалық жүйесін айқындаған.

А.Ш.Журасова өзінің «Тарихты оқыту әдістемесі» оқу құралында тарихи білім берудің мазмұнын құрайтын негізгі оқу элементтерін, материалдарын түсінікті баяндай білген [66]. Сонымен, тарихи білім берудің мазмұнының басты элементі – білім. Себебі тарихи білім – дүниетанымды қалыптастырудың басты құралы. Тарихты оқи отырып оқушы әртүрлі даму кезеңдеріндегі адамдармен, заттармен, оқиғалармен танысады. Қоғамдық-тарихи үдеріс кеңістік пен уақыт аралығында жүзеге асатын болғандықтан, уақыт бойынша фактілерді анықтау – хронология білімін, ал кеңістік арқылы анықтау – тарихи география білімін талап етеді.

А.Ш.Журасованың жазуы бойынша жалпы тарих білімінің бірнеше компоненттері болады, олар [66, б. 38]:

1. Тарихи түсінік (нақты образдар арқылы оқиға, хронологияның танылуы);

2. Тарихи ұғым. Тарихи фактілер туралы образдар қалыптасқаннан кейін барып оқушы оның мәнін, олардың арасындағы байланысты анықтауға, тануға көмектеседі;

3. Тарихи үдерістің заңдылық ұғымы тарихи фактілерді, тарихи үдерісті ұғым, заңдылық жүйесі арқылы беру.

Тарих ғылымындағы фактілер мен ұғымдар, категориялар мен заңдылықтар жүйесі мектептегі тарих курсына ғылымилық ұстанымы ретінде мазмұндалады. Тарих бағдарламаларының негізгі компоненттері болып тарихи білімнің тақырып, курс, бөлім бойынша баяндалуы қарастырылады.

И.Я.Лернер «Развитие мышления учащихся в процессе обучения истории» деген еңбегінде тарихи ұғымның төмендегідей жіктелуін және оқытуды анықтаған:

- факті, есім, атау, даталарды (фактологиялық білім) білу;
- теория, идея және ұғымдарды (теориялық білімдерді) білу;
- әрекет құралы мен біліктерді білу;
- бағалау ұстанымдарын білу (білімнің құндылығы) [186, с. 35-36].

Мектеп тарих пәні мазмұнын оқу материалдары және оларды тарихи ұғымдар түзеді. Ұғым тарихи материал мазмұнына сәйкес оларды төмендегіше топтастыруға болады (3 - кесте).

3 – кесте – Тарихи материалдарға байланысты ұғым түрлері

Ұғымдар	Сипаттамалары
Экономикалық	әртүрлі тарихи кезеңдегі еңбек құралы мен шаруашылық өмір туралы түсініктер, экономикалық үдерістер мәнін қамтиды.
Әлеуметтік-саяси	мемлекеттің саяси құрылымы мен әлеуметтік қатынастар, мемлекет формалары т.б. білдіреді.
Шартты-жағдаяттық	әлеуметтік топ күресінің дамуы мен оның қалыптасу жағдайларын ашатын ұғымдар болып табылады.
Тарихи-мәдени	өркендеу мәдениеті, материалдық және рухани мәдениет түрлерін сипаттайды.
Идеологиялық	дін, утопия, фашизм т.б. мәнін ашады.

3-кестеге сәйкес ұғымдар тарихи кезеңдердегі болмысты сипаттауда негізгі құраушы элементтер болып табылады.

Ұғымдарды қамту деңгейін үш топқа бөлуге болады, олар: жеке тарихи, жалпы тарихи және әлеуметтік ұғымдар. Сондай-ақ, қалыптасқан ұғымдар терминдерде бейнеленеді. Ұғымды игеру үшін қарастырылған терминнің ұғым белгісін ашып тұруын назарда ұстау керек. Сол себепті де тарих және басқа да пәндердің мазмұнын түзуде және зерделеуде осындай ішкі бірліктерге баса басымдық беріледі.

Егемендік алғаннан кейін елімізде 1992/1993 оқу жылынан бастап Қазақстан тарихынан орта мектепке арналған төл оқулықтар жазылып, жарық

көре бастады. Оқулықтар педагогикалық талаптарға сай болуы да қарастырылды. Оқулықтар: тарихи ойлаудың танымдық әрекеттерінің артуына, белсенділік пен дербестіктің дамуына; мәліметтердің мол болуына; оқушылардың қызығушылығы мен қабілеттерінің артуына; оқу материалының түсінікті жазылуын қамтамасыз етуге; әдеби және ғылыми құндылықтардың ерекшеленуіне; түрлі тарихи деректермен кеңейтілуіне себепкер болуы керек [187].

XX ғасырдың 90-жылдары жарық көрген Қазақстан тарихы пәні бойынша оқулықтарда жіберілген кемшіліктерді Б.К.Абдугулова өзінің ғылыми-зерттеу еңбегінде атап көрсетеді [80, б. 86-92], олар:

- оқулықтардың мазмұнында оқушылардың өзіндік мәліметтерді талдауға, қорытынды жасауға, ізденуге жетелейтін тапсырмалар жеткіліксіздігі (Қазақстан тарихы. Орта мектептің 8-сыныбына арналған оқулық / Д.Бабаев. Алматы: Рауан, 1992. 176 б.);

- оқулықтарда кездесетін кейбір ұғымдарға, терминдерге анықтама беруді қажет етеді; жалпы тарихпен байланыстыратын кестелер жоқ; тақырыптардағы негізгі мәтін көлемі біркелкі емес (Қазақстан тарихы (XVIIIғ.-1914ж.). Орта мектептің 9-сыныбына арналған оқулық / Ж.Қасымбаев. – Алматы: Рауан, 1993. 192 б.).

- оқыту мазмұнында схемалар, кестелер мүлдем жоқ; тақырыптар бойынша оқу материалдарының көлемі біркелкі емес; оқыту мазмұнын тапсырмалармен жетілдіру қажет (Қазақстан тарихы. Орта мектептің 11-сыныбына арналған оқулық / К.Нұрпейсов, Б.Аяғанов, Н.Жаксылықов. – Алматы: Рауан, 1993. 163б.).

Сонымен қатар, Б.Абдугулова Қазақстан тарихы пәні бойынша жазылған оқулықтар мазмұнына ақпараттық баспа құралдарында жарық көрген сын-ескертпелерді, ұсыныстарды дәйекті сөз тіркестерін келтіре отырып өзінің зерттеуінде баяндайды.

Кейінгі буын тарих пәні бойынша оқулықтарда кемшіліктер түзетілген және мазмұны жетілдірілген. Сонымен қатар, «Мәңгілік Ел» құндылықтары бойынша оқу материалдары қамтылған.

Республикамызда жалпы білім беретін мектептің 5-9-сыныптарына арналған «Адам және қоғам» білім саласы пәндерінің оқу бағдарламасында оқыту мазмұны қарастырылған [188]. Оның ішінде «Қазақстан тарихы» пәні «Мәңгілік Ел» идеясы құндылықтарын оқытудың өзегін құрайды.

Тарих пәні мұғалімінің оқытатын пәнінің бірі - «Дүниежүзі тарихы». Бұл пәнді оқытудың мақсаты: оқушыларды ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі адамзат тарихындағы маңызды тарихи оқиғалармен таныстыра отырып, жүйелі білім негіздерін қалыптастыру.

«Дүниежүзі тарихын» оқыту барысында төмендегідей пәндермен пәнаралық байланыс жүзеге асырылатыны көрсетілген: Қазақстан тарихы, география, әдебиет, қазақ, орыс, шет тілдері, химия және физика, математика.

Орта мектепте оқытылатын «Адам. Қоғам. Құқық» пәні «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға да бағдарланғандығын көруге болады. Пәнді оқыту міндеттері төмендегідей [188, б. 4]:

- қазіргі қоғам мен адам өміріндегі қоғамдық ғылымның рөлін анықтау;
- оқушылардың бойында әлемнің ғылыми картинасын қалыптастыру;
- адам және адам өмірінің жоғары құндылықтар болып табылатынын түсіндіру;
- гуманизм, этика, бостандық, демократия, әлеуметтік прогресс пен рухани құндылықтар идеалдары арасындағы өзара байланысты анықтау;
- адам құқықтары мен жалпы ұстанымдарын білуге, оған баға беруге үйрету;
- азаматтылықты, отансүйгіштікті, жауапкершілік пен түрлі ұлттар мен халықтарға деген сыйластық көзқарасты қалыптастыру;
- этникалық және жеке тұлғалар арасындағы қатынастарда төзімділікті сақтау;
- қоғамдық даму заңдылықтарын білу негізінде құқықтық сауаттылық пен мәдениеттілікке тәрбиелеу;
- Қазақстан Республикасының Ата Заңын, кодексін және басқа да заңнамалық актілерін білу;
- ғылыми, құқықтық терминологияны түсіну, терминдерді қолдана білуге үйрету;
- оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау дағдысын дамыту;
- оқушылардың коммуникативтік қарым-қатынас дағдысы мен пікірталасқа қатысу қабілетін дамыту;
- жеке қабілеттері мен психофизиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес кәсіби бағдар туралы түсінігін дамыту.

Орта мектепте оқытылатын пәндер «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға мүмкіндік береді деп білеміз. Олардың мазмұнын талдау құндылықтарды оқушыларға меңгертуді қамтыған. Біздер мектептегі тарих пәнінің оқулықтарын және олардың қамтитын негізгі бөлімдерін көрсетеміз.

1. Артықбаев Ж.О., Сабданбекова Ә.Ә., Әбіл Е.А. Қазақстан тарихынан әңгімелер: Жалпы білім беретін мектептің 5 - сыныбына арналған оқулық [74]. Қамтылған бөлім атаулары: «Тарих әлемі», «Тарихқа саяхат», «Ғажайыптар әлемі», «XX ғасырдағы Қазақстан», «Бесінші бөлім. Тәуелсіз Қазақстан».

2. Ежелгі Қазақстан тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 6 - сыныбына арналған оқулық [76]. Оқулық мазмұны қамтыған бөлімдер мен тараулар: Ежелгі адамдардың өмірі: Қазақстан аумағындағы тас дәуірі, Қола дәуіріндегі Қазақстан; Ерте темір дәуіріндегі Қазақстан: Көшпелі мал шаруашылығы – тіршіліктің қайнар көзі, Ерте темір дәуіріндегі тайпалық – мемлекеттілік құрылымдардың қалыптаса бастауы, Ерте темір дәуіріндегі сақ кезеңінің мәдениеті (Қазақстан өңірлері), Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктер; Қазақстан көшпелілерінің мәдени жетістіктері: Дін және мәдениет.

3. Садықов Т.С., Жолдасбаев С. Орта ғасырдағы Қазақстан тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 7 - сыныбына арналған оқулық [189]. Оқулықта қамтылған бөлімдер мен тақырыптар: Ерте орта ғасырдағы Қазақстан: Ерте орта ғасырдағы мемлекеттер (VI-IX ғ.), VI-IX ғасырдағы отырықшы және жартылай көшпелі мәдениет; Дамыған орта ғасырдағы Қазақстан: Дамыған орта ғасырдағы мемлекеттер (X-XIII ғ.), Ұлы Жібек жолы, IX ғасырдың екінші жартысы – XIII ғасырдың басындағы, XIII-XV ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан, Қазақ халқының қалыптасуы, Қазақстанның XIV-XV ғасырдағы мәдениеті; Кейінгі орта ғасырдағы Қазақстан: Біртұтас қазақ мемлекетінің құрылуы, Қазақ хандығының XVI-XVII ғасырдағы дамуы, Қазақ мемлекетінің XVI-XVII ғасырдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайы, Қазақстанның XVI-XVII ғасырдағы мәдениеті,

4. Аяған Б.Ғ., Шәймерденова М.Ж. Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық [71]. Оқулықта қарастырылған бөлімдер: Қазақстан Бірінші дүниежүзілік соғыс және 1916 жылғы көтеріліс жылдарында; Қазақстан тоталитарлық жүйенің алғашқы жылдарында; Қазақстан Кеңес Одағының құрамында (1921-1991); Тәуелсіз Қазақстан.

5. Жолдасбаев С. Қазақстан тарихы: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық [72]. Төмендегідей тараулар оқулық мазмұнында қарастырылған: Тас дәуіріндегі Қазақстан; Қола дәуіріндегі Қазақстан; Темір дәуіріндегі Қазақстан; Қазақ халқының қалыптасуы; Көшпелілер өркениеті; Қазақстанда мемлекеттің пайда болуы және дамуы; Көшпелілердің рухани мәдениеті. Қазақ даласының даналары; Қазақстан Ресей империясының құрамында.

6. Тұрлығұл Т., т.б. Қазақстан тарихы (Аса маңызды кезеңдері мен ғылыми мәселелері): Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық [77]. Бұл оқулықта авторлар төмендегідей тараулардың мазмұнын ашқан: Қазақ халқының XVII-XX ғасырлардағы ұлт-азаттық, тәуелсіздік жолындағы қаһармандық күресі; XX ғасыр басындағы Қазақстандағы саяси партиялар мен ағымдар; XX ғасырдың 20-30- жылдарындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси, мәдени жағдайы; Қазақ халқының этнографиясы; Кеңес дәуірінің алғашқы кезеңіндегі этнодемографиялық ахуал; Қазақстан коммунистік партиясы мен комсомол тарихынан; Қазақ диаспорасы; Тәуелсіз Қазақстан Республикасы (1991-2011).

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқулықтардың бөлімдері мен тарауларын зерделеу «Мәңгілік Ел» құндылықтары мазмұнын толық қамтиды деп айтуға болады. Олардың мазмұнын төмендегідей көрсетуге болады:

- Еліміздің тәуелсіздігі және оның Астанасы;
- өмір сүріп отырған қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісімнің мәні мен маңызын;
- еліміздің зайырлы қоғамда және жоғары руханият жағдайында өмір сүру жағдайын;

- еліміздің индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсімінің орын алу негіздерін;
- Елімізде орын алған Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы туралы және қазіргі таңдағы сипаты мен мазмұндық ерекшеліктерін;
- еліміздің көп ұлтты болуымен ортақ тарихтың, мәдениет пен тілдің орын алуын;
- еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік орын алған мәселелерді шешуге қатысуын.

Оқыту мазмұны «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға сәйкес оқу материалдарын толық қамтыған деп тұжырым жасауға болады. Десек те, оларды оқушыларға меңгертуде пәнаралық байланыстардың дидактикалық функцияларын дұрыс түсініп, жүзеге асыру қажет. Сондай-ақ, жетілдірілген оқытудың техникалық құралдарын да есте ұстау керек.

Мұғалім іс-әрекеті. Мектептегі оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруда мұғалімнің рөлі маңызды болып табылады.

«Мақсаттың бірлігі», «Гуманды педагогика туралы ойлар», «Өмір Мектебі» және басқа да еңбектерінде [190; 192] Ш.А.Амонашвили сабаққа деген басты талаптары мен ұсыныстарын баяндаған. Оның тұжырымдаған талаптары мен ұсыныстары жүзеге асырылатын сабақтарды өткізу кезінде ақыл мен жүрек арқылы білімді шығармашылықпен түсінуге, танымдық күш пен қабілеттердің, руханилық пен адамгершіліктің дамуы балада Мейірімді Адамды қалыптастырады, оның тұлғалық қасиеттерін ашады.

Мектептегі оқыту үдерісін, оның ішінде тарих пәнін оқытуды ұйымдастыруды жетілдіру үшін төмендегідей технологиялық карта үлгісін ұсынамыз (4 - кесте).

4 - кесте - Оқыту (сабақ) құрылымы бойынша технологиялық карта

Сабақты ұйымдастырудың дидактикалық құрылымы мен әрекеттер	Белсендіру әрекеттері	Жаңа ұғымдар мен әрекет тәсілдерін меңгерту/ Меңгеру	Іскерлік пен дағдыны қалыптастыру
1	2	3	4
Оқу материалының әдістемелік құрылымы	Оқу материалының ұғымдық құрамын, құрылымын, логикасын анықтау; проблемалық сұрақтар түзу; қажеттілік тудыру	Оқу материалдарын қамтыған плакаттар, схемалар, жұмыс дәптерін әзірлеу	Нақты бағдарлы іс-әрекет үлгісін анықтау, іріктеу және көрсету
Оқушылардың танымдық - іс-әрекетін басқарудағы логикалық-психологиялық	1. Жалпы, 2. Ерекше, 3. Нақты оқу материалдарының құрылымын анықтау	Талдау, сәйкес қою, салыстыру, жинақтау, талдап қорыту, жаңа жағдайда меңгерілгенді қолдану	Сәйкес педагогикалық тапсырмалар әзірлеу және үлестіру, өз бетінше жұмыс

4 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
Құрылымы	және оны құрастыру	әрекеттерін жобалау	жасауды ұйымдастыру
ОТҚ / көрнекі материалдар	Интербелсенді тақтаны пайдалану	Интербелсенді тақтаны пайдалану	Интербелсенді тақтаны пайдалану
Оқыту әрекеттері (мұғалімнің	Зерттеу, ұйымдастыру, ақпараттық;	Коммуникативтік, ақпараттық; сұрақ-жауап ұйымдастыру;	Оқу материалдарын схемада, кестеде көрсету
педагогикалық іскерліктері	педагогикалық тапсырмалар әзірлеу (сұрақ құрастыру)	түсіндіру; проблемалы баяндау	
Оқу әрекеттері (Оқушы іс-әрекетінің тәсілдері)	Оқу материалының, құндылықтардың қажеттілігін ұғыну	Логикалық тәсілдерді жүзеге асыруы	Өз бетінше оқу жұмыстарын орындау дағдылары
Оқыту нәтижелері	Оқушының оқу үдерісіндегі белсенділігі	Теориялық мағлұматтарды меңгеруі: білу, түсіну, қолдану, талдау, бағалау, жинақтау деңгейінде	Оқушылардың іскерліктерді көрсетуі: дәлме-дәлдік, үйлестіру, ұйымдастыру

4-кестеге сәйкес мұғалімнің атқаратын іс-әрекет үлгілерін анықтауға болады. Оның ішінде педагогикалық іскерліктер басты мәнге ие деп білеміз, олар: зерттеушілік, құрастырушылық, ұйымдастырушылық, ақпараттық, коммуникативтік. Аталған іскерліктерді жүзеге асыру үшін мұғалім оқыту әдістерін оқыту мазмұнына сәйкес дұрыс іріктеуі және жүзеге асыруы тиіс.

Оқыту әдістері. Оқу материалдарын меңгерту және іскерлікті қалыптастыру оқыту әдістеріне байланысты болып табылады. Тарих пәнін оқыту барысында тарихты тану, тарихи түсінікті қалыптастыру фактіні игеруден басталады. Тарихи фактілердің ерекшелігі олар қайталанбайды, бақыланбайды. Тарихи фактілердің: жеке оқиғаларды бейнелейтін және фактілер және тарихи құбылыстар сияқты екі түрі бар.

«Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуда тарихи фактілерге, ұғымдарға басымдық беріледі. Құндылықтарды сіңіру тәсілінде «адам санасына үздіксіз қайталау және кеңестер беру арқылы әсер еткенде тұлға оны қабылдап, өзін сол бойынша ұстайтын болады» деген көзқараста кездеседі [38, р. 32]. Гуманистік психология мен білім беруді негізге алатын құндылықтардың мәнін түсіндіру тәсілі, керісінше, оқушыларға белгілі бір құндылықтарды берместен, олардың өздерінде бар құндылық нышандарын жарыққа шығаруды және оның мәнінің парқын түсінуді мақсат етеді. Логикалық ойлау мен пайымдауды негізге алатын құндылықтарды талдау тәсілінде де оқушылар ғылыми-зерттеу жұмысында

немесе құндылық мағынасының дұрыстығы туралы дәлелдеуге болатын фактілерді жинақтаумен ынталандырылады [39; 193].

Оқыту мазмұны мен әдістеріне қатысты М.И.Махмудов ««Мазмұн-әдістер» жүйесінде бірінші элемент жетекші болып табылғандықтан, сабақтарға ғылыми негізделген дайындық оқып үйренуге жататын білімдер жүйесі терең және жан-жақты талдаудан (мұғалім бір сабақты немесе сабақтар жүйесін жоспарлауға кіріскен, кіріспегеніне байланысты емес) басталуы керек екенін тәжірибе көрсетіп отыр» - деп атап көрсете келін, оқу материалын талдауды төмендегі схема бойынша жүргізген жөн екендігін айтады [194]: а) ұғымдық талдау; ә) логикалық; б) психологиялық; в) оқу материалының тәрбиелік маңыздылығын талдау және г) дидактикалық талдау. Бұл өз кезегінде оқыту әдістерін дұрыс таңдауға мүмкіндік береді.

К.Д.Ушинский тарихи білім беруде, тарихты оқытуда оқиғаның тууы мен фактілерді, атаулар мен мерзімдерді айтып қоймай оларды адам ретінде танып, олардың адамгершілігі мен ақыл-ойын жетілдіруді де көздеу керектігін атап көрсетеді [195, с. 244].

Ғалымдардың тұжырымдауынша тарихи және логикалық ойлау тығыз байланыста қарастырылады (М.И.Кругляк, И.Я.Лернер, т.б.). Оқушылардың ойын дамытудың негізгі түрі – логикалық тәсілдерді игеруге негізделген шәкірттердің тәжірибелік, өзіндік әрекеті саналады. Ондай әдістер:

- талдау – белгілі зерделейтін құбылысты бөлшектеу, бөліктеу арқылы оқып үйрену;

- жинақтау – бөлшектерді, пәндерді біртұтас бірлікте, олардың арасындағы өзара байланыста оқып үйрену, себеп-салдарлық байланысты орнату;

- салыстыру – пәннің, құбылыстың ұқсастығы мен ерекшелігін анықтау.

Ф.П.Коровкин «Вопросы научно-методического обоснования учебника истории древнего мира в средней школе» еңбегінде мектепте тарих курстарында оқу материалын іріктеуде оқушылардың білім меңгеру ерекшелігін жаңаша шешті [196].

И.Я.Лернер тарихи ойлаудың дамуында логика маңызды рөл атқарады, бірақ тарихи ойлау логикалыққа алып келмейді дей келе, «Оқушылардың тарихи ойлауын қалыптастыру қажет» - деп біледі [186, с. 163].

Кез келген пәннің оқу материалдарын ұғындыру ұғымды меңгертумен байланысты. Ұғымдарды тиімді қалыптастыру үшін мынадай әдіснамалық талаптарды сақтау қажет [66, б. 49]:

1. Ұғымды қалыптастыру үдерісінде нақты түсініктер мен образдардың ролін ескеру;

2. Терминдерді алдын ала енгізу мүмкіндігі мен оны кейін жүйелі түрде ашу белгілерін ойластыру;

3. Фактілерді жүйелі және өзара байланыста игеру, оны теориялық тұрғыда қорыту;

4. Теориялық ұғымдарды жекелей емес бұрыннан бар белгілермен байланыста оқыту.

Тарих пәні мазмұнында «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуда осы көрсетілген талаптар басшылыққа алынады және аталған талаптар бойынша болашақ мұғалімдердің даярлығын қалыптастыру үшін педагогикалық тапсырмаларды құрастыруға болады.

Тарих пәнін зерделеуде, тарихи материалдарды оқып үйренуде: жеке, қайталанбайтын фактілер (оқиға); бірнеше рет қайталанатын, аналогиялық фактілер (құбылыстар); себептері мен нәтижелерінің уақытына сай өзара байланысты фактілердің тізбегі (үдеріс) оқыту мазмұны ретінде қарастырылады. «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуда қазақ жеріндегі оқиғалар, құбылыстар және үдерістер оқу пәні тақырыптарына сәйкес қамтылады.

Тарихи фактілердің мазмұнын оқушы көру және есту сезімдері арқылы қабылдайды. Тарих пәнін оқытуда фактілер туралы түсінік, ең алдымен, бірінші сигнал жүйесі арқылы берілетін болғандықтан оқыту үдерісінде көрнекіліктер ерекше орын алады. Түсіндірме-иллюстрация әдісін қолдануда тарихи материалдар бойынша иллюстрация, схема, картиналарды көрсету мұғалімнің әңгімесімен қатар қолданылады және олар сандық материалдармен толықтырылады.

Мектеп тарих курсын, оның ішінде «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуда төмендегідей әдістер кеңінен қолданылады.

Тарихты оқыту әдістемесін зерттеген Т.Тұрлығұл олардың педагогикалық тәжірибеде кездесетін мынадай бірнеше түрлерін жіктеп, сараптап көрсетеді:

1. Тарихи материалды ауызша хабарлау әдістері: мұғалімнің баяндауы, әңгімесі, түсіндіруі, мектеп лекциясы, оқушылармен сұхбаттасу әдістері;

2. Тарихты көрнекі құралдар көмегімен оқыту әдістері: бояулы суреттер, оқулықтағы иллюстрациялармен жұмыс жүргізу әдістері және портретті, каррикураны, картаны, экрандық және басқа да техникалық құралдарды пайдалану әдістері;

3. Тарихты оқытқанда түрлі мәтіндермен жұмыс істеу әдістері: оқулықпен, тарихи құжаттармен, тарихнамалық әдебиетпен, көркем әдебиетпен жұмыс істеу әдістері жатқызылады [64, б. 131]. Аталған әдістердің тиімділігі оқыту тарихында біршама тәжірибелік зерттеулерден өткен.

Мұғалім оқушыны тарихи зерттеулердің әлеміне енгізгендей болады.

Тарихты оқыту барысында оқушылардың санасында нақты бейне қалыптастыруға ұмтылыс жасалады. Ол үшін оқулық, картиналар мен карталар, т.б. көрнекіліктер пайдаланылады. Бұл көрнекілік әдісті қолдану іс-әрекеттері.

Тарих пәнін оқытуда сұрақ және жоспар әдісі кең тараған. Олардың авторы пән мұғалімі бола отырып, оқушылар үшін үй тапсырмасында түрлі жұмыс түрлерінде қарастырады. Оқыту үдерісінде жаңадан іс жүзіндегі зертханалық және драмалау әдістері енгізілді.

Зертханалық әдіс – оқушылардың тарихи құжаттармен, иллюстрациялық материалдармен және ғылыми көпшілік мақалалармен дербес жұмыс жасауға үйрету жүйесін қамтиды.

Драмалау әдісі – оқушыларды дербес жұмыс жүргізуге үйретуді қарастырылады.

Рефераттау жүйесі әдісі. Реферат дайындауды олар оқушылардың бойына дербес жұмыс істей алу дағдыларын дарытатын негізгі тәсіл деп қарастырады. Онда оқушы ұсынылған мақала немесе кітаптармен танысу, әдебиеттің мазмұнының баяндау, одан кейін түсінігі бойынша реферат даярлау, т.б. шараларды атқарады.

Зерттеулерге сәйкес оқушыларға құндылықтарды меңгертуде тарих пәні мұғалімдері төмендегідей тәсілдерді кеңінен қолданады:

- барлық назарды мәнін анықтауға бұру;
- үлгі оқиға және кітап оқыту;
- құжат және фильмдер көрсету;
- тарихи орындар мен музейлерді аралату;
- жекелеген тұлғалар өмірбаянымен жұмыс ұйымдастыру;
- ғылыми зерттеу жасату;
- өзіндік үлгі болу [193].

Мектеп қабырғасында ұйымдастырылған оқушылардың жобалау әдісі – құндылық негізін түзетін жүйелі білімді қалыптастыруға және басқа оқу пәндерінен алған түсініктерін кіріктіру мен тұтастық сипат беру үшін басты әдіс болып табылады.

Оқушы іс-әрекеті. «Мәңгілік Ел» құндылықтарына сәйкес оқыту үдерісін ұйымдастыруда оқушының тұлғалық қасиеттерін назарда ұстау керек. Мектеп оқушысы жеке тұлғасының, мәдениетінің маңызы, құрылымы мен құрамын талдау және оны басшылыққа алу кезінде психологтардың (С.В.Ковалевтің, К.К.Платоновтың, А.А.Коганның, Жан Пиаженің т.б.) еңбектері басшылыққа алынады. Оқушының жеке тұлғасын зерделеуге сәйкес төрт қасиетін атап көрсетуге болады. Олар:

- 1) бағыттылығы (сенімі, дүниетанымы, идеалы, қызығушылығы);
- 2) тәжірибесі (адамның даярлығы, білімі, дағдысы, іскерлігі мен әдеті);
- 3) психикалық үдерістері (қабылдауы, ойлауы, түйсінуі, зейіні, есі, ерік-жігері, сезімі, эмоциясы);
- 4) темпераменті (адамның жоғары жүйке қызметінің типологиялық негіздері, жасы, жеке тұлғаның жыныстық қасиеттері мен потологиялық өзгерістері) [197].

Құндылықтарды оқытуда жеке тұлғаның интенсивті қалыптасуының бастауы мектептегі оқу жылдарында өтеді және ол педагогтардың, әрбір оқушыны қамтыған, жалпыға бірдей қабылданған түрлі іс-әрекеттерімен байланысты. Осыған сәйкес құндылықтарды оқыту көптеген факторлардың ықпалында және оқушы жеке тұлғасының құндылықтарды меңгеру және жүзеге асыруы күрделі үдеріс деп қарастырылады.

Оқушы қоғамдық өмірге белсене қатыспайынша жеке тұлғалық дамуының жүзеге асуы мүмкін емес. Бұған дәлел ретінде Л.Н.Коган былай деп жазады: «жеке тұлғаның дамуы дегеніміз, тарихи даму барысында өзгертін қоғамдық

катынастарды игеру үдерісі. Бұл меңгеру ойша жүзеге аспайды, ол түрлендіруші іс-әрекет барысында жүзеге асады» [198, с. 35].

«Мәңгілік Ел» құндылықтарына сәйкес оқушылардың жас шамасына байланысты құндылықтардың қалыптасқандығы – бұл жеке тұлғаның қоғамдық мәдениет жүйесі құраушыларының нақты көрінісі. Оқушы құндылықтарының жеке тұлғалық формасы оның жалпы формасының қарапайым көшірмесі болмайды және болуы мүмкін де емес.

Оқушы бойында рефлексиялық сапалардың қалыптасуы білім беруді ізгілендірудің нәтижесі болып табылады. Оқушының өзін тану үшін және өмірлік мәселелерін шешудің бірден-бір тәсілі - рефлексиялық басқаруды жүргізе алуы. Ол үшін төмендегі басты ерекшеліктерді дағдыға айналдырудың маңызы зор [178, б. 92-64]:

- өз тәжірибесін пайдалана отырып, жаңа білім арқылы дүниеге өзіндік түсінік пен танымды қалыптастыру;

- өзге адамдардың ұсынатын идеяларына конструктивтік көзқараспен қарай алу;

- өзіне қарама-қарсы идеяларды жоққа шығаруға емес, түсінуге ұмтылу, одан өзі үшін нәтиже шығару;

- өз біліміндегі олқылықтарын көре білу және оны жоюдың жолдарын табу.

Рефлексиялық әрекеттер барысында оқытудың жолдары талданады, өзіндік шешім қабылдауға жағдай туғызылады. Сөйтін, бала өзін-өзі дамыту, тәрбиелеу, өз әрекеттерін ұйымдастыру мүмкіндігін алады. Өз ерекшелігі мен деңгейін таниды.

Оқыту технологиясы. Оқытудың нәтижелі болуының педагогикалық технологияларға байланыстылығы алдыңғы тарауда айтылған болатын. Ж.Қараев педагогикалық технологияны нақты өмірлік тәжірибеде іске асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы деп біледі. Ал күнделікті сабақ өткізуге арналған мұғалімнің жоспарын технология ретінде қабылдауға болмайтынын ескертеді [98]. Педагог ғалымның ойынша (нақты және ұғынықты болу үшін) оқу үдерісін (Опр) мынадай өрнекпен көрсетуге болады:

$$\text{Опр} = \text{Ы} (\text{ынта}) + \text{Тқ} (\text{танымдық қызмет}) + \text{Б} (\text{басқару}).$$
 Ал мұндағы баланың (немесе оқушының) танымдық қызметі төмендегідей өрнекпен анықталады:
$$\text{Тқ} = \text{ӘБН} + \text{ОРә} + \text{Ан} + \text{Тә} + \text{ТҮЗә}$$
 (Бұл жердегі ӘБН - әрекеттердің бағдарлау негіздері, ОРә - орындау әрекеттері, Ан – аралық нәтиже, Тә - тексеру әрекеті, ТҮЗә - түзету енгізу әрекеті).

Өрнектен көрін тұрғандай оқыту үдерісінде оқушының танымдық іс-әрекеті басымдыққа ие және нәтиженің жоғары болуының кепілі. Оқыту үдерісін жобалауда танымдық қызметке ықпал ететін факторларды есте ұстау қажет. Олардың бірі - ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар.

XXI ғасырда ақпараттанған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделін отыр: компьютерлік техниканы, интернет, компьютерлік желі, электрондық және

телекоммуникациялық құралдарды, электрондық оқулықтарды оқу үдерісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру.

Білім беруді ақпараттандыру – білім беру жүйесінің барлық қызметіне ақпараттық-коммуникациялық технологияны енгізу, оны пайдалану, білім берудегі ұлттық моделді дамыту, білім берудің сапасын арттыру және оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мақсаттарын жүзеге асыру бағытында оның мүмкіндіктерін қолдану үдерісі [199, б. 42].

Л.И.Холина және Э.Г.Скибицкийдің пікірінше, білімді ақпараттандыру – бұл білім жүйесі интенсивті жұмыс жасауы мақсатында қажетті қазіргі ақпараттық технологиялар мен телекоммуникациялар арқылы ақпаратты беру және білім жүйесі мүшелерінің ақпаратты жедел алмастыру, жедел жинауды қамтамасыз етуге, өңдеуге, жүйелеуге, жинауға, сақтауға бағытталған бір-бірімен тығыз байланысты күрделі жүйелер кешені [200].

Ақпарат технологиясы - ақпаратты өңдеу үшін пайдаланылатын технологиялық элементтердің, құрылғылардың немесе әдістердің жиынтығы. Ақпараттық технология (немесе көпшілікке IT атымен танымал ұғым) – қазіргі компьютерлік технология негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны [201].

Телекоммуникация ұғымы грек сөзінен *tele* - қашық, алыс және латын *communication* - қарым-қатынас сөзінен алынған. Телекоммуникация терминінің қазіргі мәнінде мәліметтің немесе ақпараттық қорлардың қашықтан берілу құралдары түсініледі, олар оптоалшық және ғарыштық технологиялардың қамтылуымен бар ақпараттық технологиялық құралдарға негізделген қазіргі компьютер техникасының қолдануымен, яғни радиобайланыс, теледидарлық, телефон, телеграф, телетайптік, спутникті байланыспен жүзеге асырылады [202]. Телекоммуникация технологиясы - бұл локальдық деңгейде (мысалыға, бір немесе бірнеше ұйым шеңберінде), сондай-ақ глобальді, соның ішінде Интернеттің Бүкіл әлемдік ақпараттық желі шеңберінде пайдаланушының ақпараттық өзара ықпал етуін қамтамасыз ететін, заманауи байланыс құралдарын пайдаланумен әртүрлі түрдегі (символьдық, мәтіндік, график түріндегі, аудио-видеоақпараттық) ұсынылған ақпараттарды тасымалдау, аудару, ақпараттық алмасу, өңдеу тәсілдері, әдістері, амалдары мен құралдарының жиынтығы.

Білім беретін мақсаттардағы телекоммуникациялық технология құралдарын қолданудың төмендегідей түрлерін атап көрсетуге болады, олар: видеоконференция, электрондық пошта, электрондық конференциялар (text-based conferencing), электрондық пікірталастар (text-based discussions), факс, кабелдік теледидар (cable TV), интербелсенді ТД (iTV).

Телекоммуникация құралдарының мүмкіндіктерін пайдалану бойынша оқушылардың іс-әрекетінің үш негізгі бағыты қарастырылады:

- байланыстардың электрондық құралдары арқылы қарым-қатынас (электрондық пошта, электрондық конференциялар және пікірталас, тарату тізімдері, видеоконференциялар, факс);

- CD-ROM-ғы, кабелдік немесе интерактивті ТД ақпараттарға, Интернеттің ақпараттық қорларына қашықтықтан (дистанциялық) қолжетімділік;

- басқа тұтынушылардың пайдалануына арналған ақпараттық қорларды жасау (интернет, CD-ROM немесе интербелсенді ТД арқылы).

Қазіргі таңда жүзеге асырылып жатқан қашықтықтан оқыту технологиясын негізгі үш топқа бөледі:

- аудиокөрнекі құралдар (баспа материалдары, аудиокассеталар, бейне кассеталар, бейне дискілер);

- компьютерлік оқыту құралдары (компьютерлік өзін оқыту бағдарламасы, электрондық оқулықтар, модельдер, интерактивтік бейне бағдарламалар мен мультимедиа);

- телекоммуникациялар жүйесі (телеконференция, электрондық пошта, бейнемәтін, интерактивтік мәліметтер базасының кестесінде жұмыс істеу) [203].

Мектептің өзінде, орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттарының бірі – оқыту үдерісін ақпараттандыру. Аталған бағытты жүзеге асыру үшін жаңа буын оқулықтарын электрондық нұсқаға аудару жүзеге асырылуда.

Электрондық оқулықтың мазмұны оқушының интеллектілік ойлау қабілетін дамытуға бағытталады және оның мынадай қасиеттері бар: жинақтылық, жүйелілік, эстетикалық көркемділігі, жылдамдылығы және т.б.

Пәндер, оның ішінде тарих пәні бойынша электрондық оқулықтар ара қашықтықтан оқыту формасына негізделіп жасақталады және оны жүзеге асыру үшін қолданылады.

Қазіргі уақытқа дейін бақылаушы, жаттықтырушы, модельдеуші, дидактикалық ойындар сияқты қолданбалы бағдарламалар қолданылып келді. Бұл бағдарламалар оқушының өздігінен оқып-үйренуіне және өзіндік жұмыс жасау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді [202, с. 61-74].

Электрондық оқулықтарда оның мәтіндік ақпараттына қарағанда графиктік ақпараты көбірек қамтылады, себебі ол оқушының ақпаратты тез, әрі көрнекі түрде қабылдауына жағдай жасайды.

Қазақстан тарихын оқытуда электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың оқу белсенділігін арттырады, оқу материалдарын түсіну деңгейін жоғарылатып, білім беру сапасы мен білім сапасының артуына өзіндік ықпал етеді.

Оқыту нәтижесі. Мектеп тарих курсына оқуға оқушыларда тарихи түсініктердің үш түрі қалыптасады, олар:

- қоғамның барлық жағын қамтитын өткен фактілер: материалдық өмір туралы (еңбек құралы, шаруашылық салалары т.б.); әлеуметтік-саяси өмір (әртүрлі топтар, мемлекеттік құрылыс); тарихи қайраткерлер (қолбасшы, мемлекет билеушілері т.б.); тарихи-мәдени (халық тұрмысы, өнер т.б.);

- тарихи уақыт туралы (белгілі бір кезеңдегі тарихи факт, оның ұзақтығы т.б.);

- тарихи кеңістік туралы түсінік (нақты жерде жүзеге асқан тарихи оқиға).

Фактілерді оқу барысында оқушылардың санасында тарихи ұғымдардың белгілі бір жүйесі қалыптасады. Бұл жөнінде тарих пәні мұғалімінің даярлығы жоғары оқу орнында қарастырылады.

Тарих пәні мұғалімі жалпы білім беретін мектепте негізінен үш пәнді оқыту мүмкіндігі бар. Олар: «Қазақстан тарихы», «Дүние жүзі тарихы» және «Адам. Қоғам. Құқық». Аталған пәндер бойынша теориялық мағлұматтардан бөлек оқушылар меңгеруі тиіс іс-әрекеттер мен тұлғалық нәтижелерді көруге болады (қосымша А. 2, 3, 4-кестелер).

Пәнді оқытудың соңғы нәтижесінен басқа, жеке тұлғаны оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет:

- **белсенді қарым-қатынас:** оқушы мен мұғалімнің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы;

- **индивидуалдық:** мұғалімнің әр жеке оқушының ерекшелігін дамытуы, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы;

- **өзіндік тәртіп:** өзіндік бақылау мен бағалауды, шешім қабылдауды үйрену және оны дамыту;

- **шыдамдылық:** әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқыту нәтижелерін білім меңгеру деңгейімен сәйкес қарастырады. Солардың бірі ретінде Б.Блумның таксономиясы бойынша білім меңгеру деңгейлері алынған [171, б. 115; 204]. Олар:

1. Білу; 2. Түсіну; 3. Қолдану; 4. Талдау; 5. Бағалау. 6. Жинақтау.

Жоғарыда аталған еңбектерде білім меңгеру деңгейлері бойынша критерийлер жасалған. Бізді деңгейлер бойынша білім алушылардың теориялық мағлұматтарды меңгерулері қызықтырады.

1. Білу (білім) деңгейі бойынша білім алушылар: қолданыстағы терминдерді, нақты фактілерді, әдіс-тәсілдерді, негізгі ұғымдарды, ережелер мен қағидаларды, т.с.с. есте сақтайды және еске түсіреді.

2. Түсіну деңгейі бойынша білім алушылар: фактілерді, ережелер мен тәсілдерді түсінеді, сөздік материалдарды, схемаларды, графиктерді, диаграммаларды түсіндіреді және оларды математикалық өрнектерге түрлендіреді, бар мәліметтерден туындайтын себеп-салдарлық байланыстарды дұрыс мазмұндайды.

3. Қолдану деңгейі бойынша білім алушылар: ұғымдар мен қағидаларды жаңа жағдаяттарда пайдаланады, заңдарды, теорияларды нақты практикалық жағдаяттарда қолданады, әдіс-тәсілдердің, т.б. дұрыс қолданылуын жазып көрсетеді.

4. Талдау деңгейі бойынша білім алушылар: оқу материалындағы жасырынды, айқын емес болжамдарды анықтайды, пікірлер логикасындағы қателіктер мен кемшіліктерді көрсетеді; айғақтармен және салдарлардың арасындағы өзгешелікті жүзеге асырады, оқу материалындағы мәліметтердің маңыздылығын, т.б. бағалайды.

5. Бағалау деңгейі бойынша білім алушылар: оқу материалының логикалық тұрғыдан құрылымын жазба түрінде бағалайды, бар мәліметтерге

қорытындылардың сәйкестігін бағалайды, ішкі белгілерге негіздей отырып құбылыстар мен іс-әрекет өнімінің мәнін бағалайды.

6. Жинақтау деңгейі бойынша білім алушылар: кішігірім шығарма үлгілерін жазады, эксперимент жүргізудің жоспарын әзірлейді, әртүрлі пән білімдерін осы немесе басқа қандай да бір мәселені, т.б. шешу жоспарын құрастыру үшін пайдаланады, кесте толтырады, т.б.

Осы аталған деңгейлердің ішінен бізді қызықтыратыны және білім меңгертуде жоғары деңгей үшін негіз болып табылатыны – түсіну деңгейі.

1. Түсіну деңгейінің топтары:

1) Түсіндірме. Оқушылар қарым-қатынас барысында негізгі идеяларды анықтайды және олардың өзара байланыстарын келтіреді;

2) Аударма. Оқушылар берілген тапсырманың мағынасын сақтай отырып басқа жүйеге түрлендіреді.

3) Мысалдар. Оқушылар мәліметті дұрыс түсінгендікті көрсету үшін практикадан алынған фактілерге жүгінеді, соларды келтіреді.

4) Анықтамалар. Оқушылар өзіндік тұрғыдан ұғым немесе құбылыстың анықтамасын түсінікті сөздермен құрастырады.

2. Тапсырма түрлері:

1) «... салыстырыңыз», «... айырмашылығын көрсетіңіз» тапсырмаларына, «Қалай?», «Неліктен?» сұрақтарына жауап беру.

2) «Суретті сипаттаңыз», «Кестеге салыңыз (түсіріңіз)», «Графикті оқыңыз» тапсырмалары.

3) «Мысал келтіріңіз» тапсырмасы.

4) «Анықтамаға тұжырым жасаңыз», «Өз пікіріңізді білдіріңіз», «Өз сөзіңізбен баяндаңыз» тапсырмалары.

3. Нәтиже:

1) Егер оқушы оқу материалдарын түсінген болса, екі объектіні салыстыра алады, оларға атау немесе түсінік береді;

2) Егер оқушы оқу материалдарын түсінген болса, онда тапсырманың мәні мен мағынасын өзгертпестен, басқа формаға ауыстырып дәлелдейді;

3) Егер оқушы оқу материалдарын түсінген болса, мысалдарды күнделікті өмірден келтіре алады;

4) Егер оқушы оқу материалдарын түсінген болса, ережені немесе анықтаманы өз сөзімен құрастырады.

Жоғарыдағы еңбектерді оқып үйрене отырып, оқу-тәрбие ісінде кең қолдану нәтижесінде оқушыларға құндылықтарды оқытудың мынадай жүйесі құрылады:

1. Құндылықтар – елдіктің болмысы, болашақтың бағдары. Рухани құндылықтарды сезіну, оларды сақтау ережесін санасына сіңіру, қалыптастыру.

2. Оқушының өзін-өзі құрметтеуі. Өзіне-өзі баға беру, өзін-өзі құрметтеу, өз өміріне, құндылықтарға жаңаша көзқарасын қалыптастыру.

3. Өз құқығы мен оқу, еңбек тәртібін сақтау. Оқушы өмірдегі өзінің орнын, мектептегі, қоғамдағы өз құқығын қорғай білу, қоғамдық тәртіпті сақтай біліп,

жақсылыққа, жақсы мінез-құлыққа тәрбиелену, жауапкершілікке, шешім қабылдауға үйрену.

4. Қоғамдық-әлеуметтік жағдайдың өзгеруіне зейін аударып, іс-әрекетін түзету. Оқу, еңбек етудің әдіс-тәсілін, дағдысын қалыптастыру.

5. Логикалық тәсілдерді (ойлауын) дамыту арқылы оқушының өз бойына игі қасиеттерін қалыптастыру, әлемдік, ұлттық мәдениетке, жалпы адамзаттық, «Мәңгілік Ел» құндылықтары арқылы жетуге талпыну.

6. Шығармашылық іс-әрекетін арттыру үшін рухани қазына құндылығының деңгейін бағалау.

Оқушыларға «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытудың психологиялық негізі.

Әдіснаманың философиялық деңгейінде материалистік диалектика көзқарасы тұрғысынан іс-әрекет жеке тұлғаны дамытудың негізі, құралы және шешуші шарты екені белгіленген. Бұл факт педагогикалық зерттеулерде және практикада іс-әрекеттік тәсілді жүзеге асыру қажеттілігімен үйлестіріледі. Іс-әрекет – бұл адамның қоршаған ортаны түрлендіруі. Еңбек мұндай түрлендірудің бастапқы формасы. Адамның материалдық және рухани іс-әрекетінің барлық түрлері еңбектің туындысы және қоршаған әлемді шығармашылықпен түрлендіру оның басты белгісі. Адам табиғатты түрлендіру арқылы өзін де түрлендіреді және өзін дамытушы субъект ретінде таниды [180, с. 46].

Заманауи психологияда адам психикасын қалыптастырудағы іс-әрекеттің рөлі жоғары екендігіне мән берілген. Атап айтқанда:

- жеке тұлғаны қалыптастырудағы іс-әрекеттің жетекші рөлі (С.Л.Рубинштейн, А.Н.Леонтьев);

- сыртқы әрекеттің ішкі психикалық жоспарға интериоризациясы (Ж.Пиаже, Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, П.Я.Гальперин);

- ақыл-ой әрекетін кезеңдеп қалыптастыру, танымдық іс-әрекетті басқару (П.Я.Гальперин, Н.Ф.Талызина), т.б.

Оқушыларға «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту мәселесін шешу үшін іс-әрекет теориясының әдіснамалық мәні ұғынықты бола түседі.

Оқу жұмыстарын ұйымдастыруда іс-әрекет теориясы мен іс-әрекет тұғыры басшылыққа алынады. Іс-әрекеттік тәсіл әрекетті талдау немесе стимул мен реакция арқылы емес, іс-әрекет тілінде: әрекет, мотив, мақсат, операция, зерттеу заттарында және т.б. жүргізеді [205, б. 12].

Психологиялық еңбектерде: «іс-әрекет – бұл реакция және оның жиынтығы емес - өз дамуы, өзінің ішкі алмасуы мен айналуы, құрылымы бар жүйе» [205, б. 22] ретінде қарастырылады. Іс-әрекет ұғымы мотив ұғымымен байланысты. Іс-әрекеттер мотивсіз болмайды; «дәлелденбеген» іс-әрекет – бұл мотивтен айырылған іс-әрекет емес, субъективті және объективті жасырын мотиві бар іс-әрекет болып табылады [205, б. 34].

Кез келген іс-әрекеттің өзінің психологиялық құрылымы болады, яғни олар: мотиві, мақсаты, әрекеті (операциясы), шарты мен құралы, нәтижесі. Егер іс-әрекеттік тәсілді жүзеге асыруға ұмтылып, оқушының іс-әрекетін оны

субъект ретінде ұйымдастырсақ, онда оқыту нәтижелі болады. Білім мазмұнын оқушы тек қана ішкі қажеттілігі мен оны игеру үшін оң белсенді мотив болғанда меңгереді [180, с. 47].

Б.А.Душков іс-әрекетті «...саналы мақсатты басқарылатын, қоғамдық мәнді сипаты бар адамның ішкі (психикалық) және сыртқы (физикалық) белсенділігі» [206, с. 28] деп сипаттаса, А.Н.Леонтьевтің пікірінен де осы айтылған тұжырымдар қолдау табады. Ол әрекет объектінің пәнімен (мотивпен) сәйкес келмесе, онда оны әрекет деп, ал, әрекет объекті пәнімен (мотивпен) сәйкес келсе, онда оны іс-әрекет деп түсінуді ұсынады. Сондықтан да, біздер, айтып жүрген пайдалы еңбектің негізін саналы іс-әрекеттер түзеді және ол кез келген адамды руханилық, дене бітімі әрекеттері тұрғысынан қанағаттандыруы қажет.

Іс-әрекеттің құрылымын В.И.Смирнов мынадай жүйеде қарастыруды ұсынады: «іс-әрекет – мұқтаждық – мотив – мақсат – шарттар – міндет – әрекет-операция». Адам іс-әрекетінің құрылымын В.Г.Крысько: «іс-әрекет – мотив – әрекет – мақсат – интериоризация – экстериоризация – операция» деген тізбек түрінде зерттеуді дұрыс деп санайды. Бұл жүйелердің қателігін М.Құдайқұлов іс-әрекеттен бастауы таным философиясына сәйкес келмейтіндігі, себебі қажеттілік тумай одан ешуақытта да әрекет жасалмайтынын айтады [207, б. 48-49]. Педагог ғалым В.И.Смирновтың қателігі ретінде міндет іс-әрекеттің орындалу шартының алдында болуы керек деп біледі.

М.Құдайқұловтың таным үдерісінің психологиялық формалары мен оның түрлері мен кезеңдері бойынша құрылымын төмендегіше көрсетуге болады [207, б. 23]:

I. Сезімдік формалары: 1.Түйсік; 2. Қабылдау; 3. Елестету

II. Логикалық формалары: 4. Ұғым (Білім); 5.Пікір (Білім); 6.Ойлау (Білім)

III. Практикалық формалары: 7. Қарекет (білім, ептілік-іскерлік); 8. Дағды, Жаттығу.

Психологиялық іс-әрекеттің күрделі түрлерін құрайтын қарапайым психологиялық құбылыс - психикалық үдерістерге - түйсіну, қабылдау, ойлау (талдау, жинақтау, индукция және дедукция, т.б. арқылы), ес, елестету, зейін және т.б. қатысты болып табылады.

Психологтардың ғылыми-зерттеу еңбектерінде оқушыларға құндылықтарды оқытуда қалыптастырылатын іскерлік пен дағды қарастырылған [208; 209].

Адамның психологиялық жағдайы (жұмыс қабілеттілігі, сергектік немесе шаршаңқы, жақсы немесе нашар көңіл-күй және т.б.) күрделілігімен және салыстырмалы ұзақтығымен сипатталады [178, б.180]. Олар сағатқа (оқу сабақтары), күнге, кейбіреуі бірнеше күнге немесе аптаға созылуы мүмкін. Мұғалім бақылау жолымен оқушының психикалық жағдайын анықтауы қажет және бұл олармен оқу-тәрбие жұмысында (әсіресе жеке дара) түзетуге байланысты.

Мұғалімдерге «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқушыларға оқытуда:

1. Зерттеліп отырған «Мәңгілік Ел» құндылықтары негізін қалайтын, қалыптастыратын бағдарламалық оқу материалдары мен іскерліктерді (дидактикалық құрылымдарды);

2. Оқушылардың танымдық әрекеттерін және ұғымдарды, оқу іс-әрекеттерін қалыптастырудың психологиялық негіздерін;

3. Тақырыпқа байланысты оқу материалдары мен элементтеріні оқытуға байланысты логикалық тұрғыдан құрылымдауды;

4. Оқушылардың мәдени, рухани құндылықтар жөніндегі теориялық мағлұматтарға танымдық қызығушылықтарын ескере отырып, оқыту мен тәрбие үдерісін технологиялық карта тұрғысынан жобалау және әдістемелік тұрғыдан жүзеге асыруды білуі және жүзеге асыруы тиіс.

Болашақ тарих пәні мұғалімдерінің кәсіби қызмет пәні: оқу/оқыту үдерісін жоспарлау, білім қызметін ұйымдастыру, ұжымға басшылық, оқушылардың қызығушылығын арттыру, кеңес беру, әдістемелік және тәрбие жұмыстары, білім беру саласындағы инновациялық іс-әрекеттер екендігі белгілі.

Сонымен, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы құндылықтарын оқыту – болашақ тарих мұғалімдерін даярлауда кәсіби қызмет нысанындағы іс-әрекет пәні болып табылады және мұғалімдерді даярлауда бағдар қызметін атқарады деген тұжырымға тоқталамыз.

Келесі тарауда біздер болашақ тарих мұғалімдерінің «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлаудың педагогикалық шарттары кеңінен ашып жазылады.

2.2 Болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлаудың педагогикалық шарттары

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты Жолдауында «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық» - дей отырып, еліміздегі білім беруді тәжірибесі жоғары елдердің білім беру деңгейіне жеткізу үшін жаңа форматты педагогикалық мамандар қорын жасау қажеттілігін атап өткен болатын [210, б. 84-85]. Осы қажеттілікке сай «Мәңгілік Ел» идеясы құндылықтарын басшылыққа алып, мектепте, ЖОО сапалы білім мен тәрбие беруді жүзеге асыратын басты тұлға педагогқа жоғары талаптар қойылуда.

Осыған сәйкес заманауи білім беру жүйесінсіз, әрі болашақты барлап кең ауқымды ойлай білетін осы заманғы мұғалімдерсіз жаңа әлеуметтік-экономикалық ахуал құра алмайтынымыз белгілі. Білім берудегі алдыға қойылған басты міндет, қандай сала болмасын кәсіби тұлға қалыптастыру. Осы міндетті жүзеге асыру - педагогикалық білім беру жүйесінде рухани–адамгершілігі мол, рефлексияға қабілетті, ақпараттық коммуникативтік, әлеуметтік–тұлғалық кәсіби маңызды сапалары қалыптасқан, әдіснамалық мәдениеті, әдістемелік деңгейі жоғары мұғалімдерді даярлау қажеттілігін туындатады.

Бұл қажеттілік болашақ мұғалімдерден педагогика, психология, пән әдістемесі ғылымдары бойынша арнайы кәсіби даярлықты талап етеді. Әлемдік білім беру жүйесінде озық тәжірибеге қол жеткізу үшін түрлі кәсіптік білім беру бағдарламаларының жоғары деңгейін қалыптастыру жүзеге асырылуда. Ерекшелік ретінде еліміздің білім беру жүйесінде «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту талап етіледі. Бұл мәселе тарих пәні мұғаліміне және оларды даярлау үдерісіне тікелей қатысы бар. Сол себепті де, бұл мәселені болашақ мұғалімдерді даярлауда жобалап, дұрыс жүзеге асыру қажет.

Ұстаз жөнінде ұлы ойшыл Әбу Насыр әл Фарабидің [211] «Ұстаз тумысынан өзіне айтылғанның бәрін жетік түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселерінің бәрін жадында сақтайтын, олардың ешбірін ұмытпайтын, алғыр да зерек ақыл иесі, өте шешен, өнер–білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны таза және әділ, жұртқа жақсылық жасап, үлгі көрсететін, қорқу мен жасқануды білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» - деген нікірінің білім сапасын көтерудің негізгі тетігі – ұстазға, оның теориялық білімі мен кәсіби шеберлігіне және ғылыми, педагогикалық шығармашылық қызметіне де қатысты.

Студент – болашақ мұғалім, таным мен іс-әрекеттің субъектісі ретінде ондай дәрежеге педагогикалық үдеріс барысында қол жеткізеді, іс-әрекет тәсілдерін меңгере отырып, мамандығына қажетті білімдерді әлеуметтік тәжірибе жиынтығы ретінде меңгерін, қаруланады.

Қазақстандық ғалым Н.Д.Хмель өзінің монографиялық еңбегінде мұғалімнің кәсіпқойлығы мен оның іс-әрекет объектісінің ерекшеліктері білімі арасындағы байланысын негіздеген және тұтас педагогикалық үдерістің мәні, оның кіріктірілген сапасы мен қасиеттері ашып жазылған. Сондай-ақ еңбекте болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудың негіздері кеңінен қарастырылған [45]. Бұл ғылыми жұмыс мұғалім даярлауда басшылыққа алынатын басты еңбектің бірі ретінде қарастырылады.

Белгілі психолог-ғалым А.Н.Леонтьевтің «Жеке тұлғаның жетістіктері мен кемшіліктері, жақсы және әлсіз жақтарымен көрінетін тек өзіне ғана тән даралық белгілері оның өзгелермен қарым-қатынас жасауы, қайырымдылығы, мейірімділігі, тәкәппарлығы, жағымды және жағымсыз қасиеттерінің көрінуіне де байланысты. Олардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасауы, өмірдің алуан түрлі ерекшеліктерін тануға, танымдық қасиеттерімен, рухани байлығын арттыра түседі» [212] деген тұжырымы тарих пәнінің мұғалімінің қызметіне де тән. Өйткені, жеке тұлға өзіне тән ерекшеліктерімен дараланады. Тұлғаның ондай ерекшеліктеріне сенімі, дүниетанымы, мұраты, бейімділігі, қызығушылығы, қабілеті, талғамы мен көзқарасы сияқты қасиеттер жатады.

Ал, психолог Б.Г.Ананьевтің «Адам – физиологиялық, психологиялық жағынан қалыптасып келе жатқан тіршілік иесі. Адам еңбек ету нәтижесінде жануарлар дүниесінен бөлініп шығып, бір-бірімен тілдің көмегімен қарым-қатынас жасайтын, дүниені танып білетін, оны өзгертетін және еңбек құралдарын жасайтын жағдайға біртіндеп ие болды. Оның өмірдегі көрінісі физиологиялық, психологиялық, әлеуметтік ерекшеліктеріне, даралық

қасиеттеріне байланысты жеке адам немесе жеке тұлға екені көрінеді» [213] деген тұжырымы тарихшы мұғалімнің педагогикалық қызметінде бағдарға алынатын қағидалар деп білеміз.

Ғалымдардың пікірінше, ХХІ ғасырда оқуға қабілеттілік, жасампаздық ойлау, діни, этникалық айырмашылыққа тағаттылық, кәсіби біліктілік пен сауаттылық, экономикалық, технологиялық және әлеуметтік мәдениет адамның бойынан табылатын негізгі қасиеттерге айналады.

Зерттеулер мен пікірлерге сәйкес, ең алдымен, мұғалім жоғары дәрежеде идеялық-дүниетанымдық дайындығы (руханилық, халықтық және мемлекеттілік) мол болуы тиіс. Ұстаз, біріншіден, бір сөзбен айтқанда, құндылықтарымызды жастардың бойына сіңіре алуға қабілетті; екіншіден, өзі оқытатын пәнді терең меңгеруге міндетті; үшіншіден, өздігінен білім алуға ынталы болуы тиіс.

Мұғалімнің жеке басының үлгісі – кәсібилікпен біте қайнасқан қасиет болуы керек. Себебі, кез келген ұжымдағы қарым-қатынас мұғалімнің жеке басының үлгісімен тығыз байланысты болады.

Зерттеу барысында тарих мамандығының студенттеріне «Мұғалімнің даярлығы қандай болуы қажет?», «Шебер мұғалімнің жеке басына қандай қасиеттер тән?» немесе «Болашақ мұғалімді даярлауда қандай бағдар ұстану керек?», т.с.с. сұрақтар қойылып, осының шеңберінде бірқатар жұмыстар жүргізілді. Олардың негізгі бағытының бірі – мұғалімнің профессиограммасы.

Еліміздегі мұғалім профессиограммасы мәселелерін зерттеу КСРО кезіндегі білім берудің дамуымен тығыз байланысты өрбіген болатын. Осы уақытқа дейін ғалымдар бірнеше профессиограммаларды ұсынған. Оның мазмұнында: кәсіби білім құрамы, іскерлік, дағдылар, жалпы және кәсіби құзыреттілік, креативтік қабілеттер мен коммуникациялық сипаттамалар, жеке қасиеттерді бағалаудың критериалдық базасы келтірілді [98, б. 73-75]. Мұғалімнің жеке тұлғасының психологиясы, беделі, педагогтік такті, кәсіби шеберлік, еңбекті ғылыми тұрғыда ұйымдастыру және біліктілігін көтеру мәселесіне арналған әдебиеттерде кеңінен жазылды. Соңғы жылдар педагог мамандарды дайындау мен жетілдіруге бағытталған зерттеулердің көбеюімен ерекшеленеді. Ірі монографиялық зерттеулер (Ф.Н.Ғоноболин, Н.В.Кузьмина, А.И.Щербаков, К.И.Васильев), педагогикалық білім теориясы мен тәжірибесіне қосылған үлес (В.А.Сластенин, Т.А.Ильина, Н.Ф.Талызина, И.Т.Огородников және т.б.) еңбектер осы бағыттың негізін қалаған.

Зерттеуіміздің барысында тарих мұғалімі мамандығының «төлқұжаты» деп атайтындай біліктілік сипаттамасын айқындау қажеттігіне көз жеткіздік. Ол мамандыққа қатысты қоғамдық-саяси, арнайы және психологиялық-педагогикалық білім көлемі мен ғылыми негізделген қарым-қатынасын, сонымен бірге мұғалімге қажетті әдістемелік іскерліктер мен дағдылар бағдарламасын анықтай алар еді. Әйтсе де профессиограмма жасауды арнайы мақсат етіп қоймағандықтан бұл мәселеге кеңінен тоқталмадық.

Білім беру парадигмасының өзгеруі мұғалім профессиограммасына әсер етіп отырады. Сонымен, ғылыми-зерттеу жұмыстарын зерделеу және талдау

(1.1 тақырыпта зерттеу бағыттары келтірілген) көптеген ғалымдардың қызығушылықтары кәсіби-педагогикалық даярлық түрлерін жетілдіруге бағытталғандығын көруге болады.

Ғылыми-педагогикалық зерттеу жұмыстарының ішінде Ш.Т.Таубаеваның ғылыми еңбегінде [214] жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің кәсіби қызметінде зерттеушілік мәдениетін қалыптастырудың әдіс-тәсілдері ғылыми негізделгендігін атап айтамыз.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби мәнді сапаларын қалыптастыру бойынша да жүргізілген қазақстандық ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынуда. Мәселен, С.Т.Каргиннің зерттеу жұмыстарында болашақ мұғалімдердің кәсіби мәндік қасиеті мен кәсіби құндылықтарын қалыптастыру, мәдениетін көтеру жолдары жан-жақты тұжырымдалады [49].

А.А.Калюжныйдің ғылыми-зерттеу жұмысында жеке тұлғаны адамгершілікке тәрбиелеу жүйесінде мұғалімдердің кәсіби қасиеттеріне қойылатын талаптарға сипаттама берілген және ғылыми тұрғыдан негізделген [50].

К.С.Успанов өз еңбегінде, педагогикалық үдерісте болашақ мұғалімдерді адамгершілікке, азаматтыққа, ізгілікке тәрбиелеуді кәсіби даярлаудың ажырамас бөлігі ретінде қарастырып, теориялық және практикалық тұрғыдан жан-жақты негіздеп, сипаттама берген [215].

Десекте, ешқандай ЖОО өзінің түлегіне өмірдің барлық жағдайын қамтитын көлемдегі білімді, дайындықты толық бере алмайды және барлық құзыреттер жүйесін қалыптастыра алмайтынын практика көрсетіп беруде. Сол себепті, үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік-педагогикалық жағдайларға болашақ мамандарды бейімдеу үшін, өзінің кәсіби қызметінде жаңа ақпаратты меңгеруге, білімін толықтырып, көзқарасын кеңейтуге қабілетті болатындай ғылыми таным әдіснамасымен қаруландыруға жұмыстар жасалуда.

Педагогика саласында болашақ мұғалімдерді даярлау мәселесі кеңінен қарастырылған. Зерттеулерде мұғалімнің академиялық және әдістемелік, т.б. даярлығы кәсіптік сапалар жүйесінің негізін қалайтыны айтылған. Мұғалімдердің даярлығы және олардың түрлері бойынша кеңінен жазған ғалымдардың бірі - В.А.Сластенин. Ол мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетке кәсіби даярлығын бірқатар қасиеттермен және сипаттамалармен анықтайды. Оның ішінде:

- *психологиялық даярлық* - бұл мектептегі жұмысты мақсат еткен педагогикалық іс-әрекетке әртүрлі деңгейде қалыптасқан мұғалімнің бағыттылығы;

- *ғылыми-педагогикалық даярлық* - бұл мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетке қажетті көлемдегі қоғамдық-саяси, психологиялық, педагогикалық және арнайы білімдері;

- *практикалық даярлық* - бұл талап етілген деңгейдегі мұғалімнің қалыптастырылған кәсіби-педагогикалық ептіліктері мен дағдылары;

- *психофизиологиялық даярлық* - белгілі (мұғалімдік мамандықты игеруге) педагогикалық іс-әрекет үшін сәйкес алғы шарттың болуы, кәсіби құнды жеке тұлғалық сапаның қалыптасқандығы;

- *дене бітім даярлығы* - денсаулық жағдайының педагогикалық іс-әрекет талабы мен дене бітімінің дамуы және кәсіби жұмыс жасау қабілеттілігі [216].

Зерттеу жұмысы тақырыбына байланысты «даярлық» ұғымын кеңінен ашуды қажет етеді. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде «даярлық» ұғымы:

- белгілі бір психологиялық жағдай (Селиванов В.И., Райский Б.Ф., Матюжина М.Ф. т.б.);

- жеке тұлғаның тұрақты сипаты (Дьяченко М.И., Кандыбович Л.А. т.б.);

- жеке тұлғаның күрделі құрылымдық білімі (Дурай-Новакова К.М., Линенко А.Ф. т.б.);

- мотивациялық және күрделі процессуалдық компоненттердің ажырамас бірлігі (Ильин В.С., Ковалевская Н.Г.);

- педагогикалық кәсіби мәнді қасиетін, жалпы және арнайы білім, іскерлік, дағдыларының жиынтығымен педагогикалық іс-әрекетін іске асыруға талаптарын біріктіретін білім (Веретенников Л.К.) ретінде қарастырылады.

Педагогикалық тұрғыдан «даярлық» оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруға сәйкес мұғалімнің дайындығы, яғни меңгерілген және көрініс табатын нәтиже ретінде қарастырылады. Сондай-ақ, даярлық – оқыту нәтижесі ретінде білім беру құжаттарында тіркеледі.

К.Ә.Дүйсенбаев қоғамның мұғалім дайындығына әлеуметтік тапсырысын «Егер мектептегі оқыту үдерісінде оқушыларды еңбекке баулу мен тәрбиелеуде жаңа міндеттер қойылса, бұл міндетті түрде еңбек пәні мұғалімін даярлау мазмұнында көрінуі қажет», - деп, үздіксіз білім беру жүйесіндегі жүйелік тұғырдың орын алуын атап көрсетеді [48, с. 97]. Сол себепті, «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуды жүзеге асыратын пән мұғалімдерін даярлау мәселесі орта және жоғары мектептің педагогикалық мәселелерінің түйіндесуінде жатады.

Жүргізілген зерттеу жұмыстарына сәйкес және алдыңғы тақырыптардағы теориялық мағлұматтарды талдау негізінде болашақ тарих пәні мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлауда оқытудың дидактикалық, практикалық бағыттылығын күшейтудің әдістері мен тәсілдерін іздеу және оны келешекте қолдануға дағдыландыру қажеттілігі туындайды.

Жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді, оның ішінде тарих мұғалімдерін даярлау бойынша еңбектерді зерделей келе, оқушыларға «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлауда төмендегілерді назарға алу қажет:

- білім беру жүйесі құрылымындағы бір өзгеріс басқа құрылымға сәйкес өзгеріске ұшырайды, орта мектептегі білім беруге байланысты өзгеріс болашақ мұғалімдерді даярлауда көрініс табуы тиіс;

- болашақ тарих пәні мұғалімдерін оқушыларға құндылықтарды оқытуға даярлау орта мектеп пен жоғары оқу орындары түйіндесуінде зерттелуі керек.

Оқушыларға құндылықтарды оқыту үшін болашақ тарих мұғалімдерінде рухани құндылықтар болуы керек (білімі, іскерлігі, сапалық қасиеттері).

Қ.Ералин өз зерттеуіне тән кәсіби-педагогикалық бағыттылық екі мәнде көрініс табатынын атап көрсетеді [47]:

1) қажетті-мотивациялық салаға зейін аудартатын, мұғалімнің жеке тұлғасының мәнді сипаттамасы;

2) сәйкес іс-әрекетке дайындықты қалыптастырудағы оқу-тәрбие үдерісі бағдарын қамтамасыз ететін құралдар жүйесі.

Сонымен біздер «даярлық» ұғымын мұғалімге тән төмендегіше қарастырамыз: оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру мен жүзеге асыру үшін мұғалімнің сәйкес білім, іскерлік пен педагогикалық сапалық қасиеттер жүйесін меңгеруін түсінеміз. «Даярлық» ұғымы қазіргі кезде «құзыретті меңгерген» немесе «құзыреттілігі жоғары» деген сөз тіркестерімен қатар қолданып келеді.

Қазіргі уақытта болашақ маманның даярлығы жөнінде айтылғанда олардың құзыреттерді (жалпы, кәсіби, арнайы) меңгеру мәселесі айтылады. Құзыреттілікке бағдарланған білім беру бағдарламасын қалыптастыру қазіргі уақытта жоғары оқу орындары алдында тұрған күн тәртібіндегі негізгі мәселенің бірі. Ол негізінен еліміздің Болон үдерісіне енуге байланысты, екіншіден құзыретті маман даярлау міндетінің қойылуында.

«Құзырет» ұғымы адамға байланысты және ол жөнінде елімізде білім беруде басшылыққа алынып жүрген нормативті құжаттарда анықтама берілген. Солардың бірі, ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында: «Құзыреттер – студенттердің оқыту процесі кезінде алған білім, шеберлік және дағдысын кәсіптік қызметте практикалық тұрғыдан қолдана білу қабілеті» - деп көрсетілген [185, б. 25].

Көрші республикалардың, оның ішінде Қырғыз Республикасы ЖОО үшін құзыреттерге негізделген білім беру бағдарламаларын әзірлеуге бағытталған әдістемелік нұсқаулықта: «Құзырет – сәйкес салада кәсіби іс-әрекетпен шұғылдану үшін қажетті жеке тұлғалық сапаның, білімнің, іскерлік пен дағдының динамикалық комбинациясы» - деп анықтама берілген [217, с. 132].

Н.Ф.Ефремова [218, с. 183.], Ю.В.Варданян [219], Л.В.Кожитов, С.Г.Емельянов [220], т.б. ғалымдар аталған ұғымға өзіндік анықтама берген.

Ғалымдардың құзыреттілік - нақты адамда көрінген және өлшенген құзырет болып табылады деген ойын бізде қолдаймыз. Сонымен қатар, құзырет және оқыту нәтижесі кейбір жағдайда бір мағынада қолданылады. Біріншісі, тіршілік иесі адамға қатысты айтылса, екіншісі соның көрсеткіші ретінде құжаттарда тіркелуінің көрінісі.

Европалық білім беру шеңберінде 30 жалпы құзыреттер және «Білім» бағытында мамандар даярлауда 15 кәсіби құзырет анықталған және осыларды болашақ мамандарды даярлауда басшылыққа алу ұсынылған [221].

Сонымен, Европалық білім беру шеңберіне сәйкес барлық мамандықтар үшін ұсынылған 30 жалпы құзыреттің көп жағдайда 13-16 түрі ғана, кәсіби және мамандану бағытындағы құзыреттердің 20-23 түрі іріктеліп алынады. Бұл

тәжірибе Ресейдің ЖОО орындарында және Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде (2013-2014 оқу жылында) жүзеге асырылып келеді.

Н.Ф.Ефремованың зерттеуінде ЖОО маман даярлауда 35-40 құзыреттілік анықталатын болса, оны 5 кластерге бөлу мүмкіндігі қарастырылатыны айтылады, олар [218, с. 118]:

- 1) инструментальдық;
- 2) тұлғааралық;
- 3) жүйелілік;
- 4) мәселені шешу;
- 5) өзін-өзі басқару құзыреттері.

Шет елдердің, соның ішінде Ресей білім беру жүйесінде педагог ғалымдар түйінді құзыреттіліктердің төмендегідей құраушыларын атап көрсетеді [222]:

1. Арнайы және кәсіби (1. Пәндік; 2. Ұйымдастыру-әдістемелік; 3. Диагностикалық; 4. Талдау және бағалау; 5. Болжау; 6. Зерттеу);

2. Ақпараттық (1. Ақпараттық-зерттеу; 2. Ақпараттық-талдау; 3. Ақпараттық-технологиялық);

3. Коммуникативтік (1. Әлеуметтік-коммуникативтік; 2. Ұйымдастыру-коммуникативтік);

4. Жеке тұлғалық (1. Өзін дамыту және өзін көрсету; 2. Рефлексия).

Бұл берілген мәліметтерге сәйкес құзыреттіліктер құзыреттерден жинақталып тұр, яғни құзырет құзыреттілікке қарағанда кіші.

Европалық білім беру шеңберіне сәйкес Білім мамандықтары үшін құзыреттерді төмендегідей топтауға болатындығы қарастырылған, олар:

1. Танымдық;
2. Іс-әрекеттік (әдіснамалық);
3. Коммуникативтік;
4. Жеке тұлғалық.

Жалпы зерттеулерге сәйкес төмендегідей құзыреттіліктер топтамасының анықталатынын көруге болады, олар:

- танымдық;
- коммуникативтік;
- жеке тұлғалық;
- кәсіби және арнайы құзыреттер.

Бұл құзыреттер топтамасы негізінен барлық мамандықтар үшін ортақ болып табылуы мүмкін. Ал олардың құраушылары мамандық пен мамандану бағытына сәйкес анықталуы қарастырылады.

Сонымен, құзыреттілік мазмұнындағы құзырет құрамын түзетін үш құраушы бар, олар: білім, іскерлік (немесе қабілет) және тұлғалық сапалар. А.Әлімовтың «Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері» тақырыбындағы еңбегінде білімнің 14 түрлері атап көрсетілген [223]. Біздер зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне сәйкес «білім - қоршаған орта заттары мен құбылыстары жөніндегі меңгерілген ақпараттар және адамның ойлау формаларын жүзеге асыруы» деп білеміз. Десекте, білім сапасы мен оны меңгерту Блум таксономиясы бойынша жүзеге асырылып келеді.

Педагог мамандар үшін білім сфераларының дені төмендегідей болып келеді: идеологиялық, әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық, жаратылыстану-ғылыми, техника-технологиялық, экономикалық, демографиялық, құқықтық, эстетикалық, жалпы мәдени, т.б.

Сонымен қатар, педагогикалық мамандықтар үшін мұғалімнің іскерліктері К.А.Дүйсенбаевтің, Д.Қ.Пошаевтің, т.б. еңбектерінде қарастырылған [48; 224]: ізденушілік, конструктивтік, ұйымдастырушылық, коммуникативтік (қарым-қатынастық), ақпараттық, дамытушылық, бағдарлық, мобилизациялық, ізденушілік, техникалық, т.с.с., іс-әрекеттерден тұрады.

Іскерліктерді жүзеге асыру қабілет арқылы көрініс табады. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде: «Қабілет – бір іс-әрекетті орындаудағы тұлғаның жеке дара қасиеті. Сонымен қатар белгілі бір іс-әрекетті берілген уақыт ішінде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін сапалар, мүмкіндік, білік, тәжірибе, шеберлік, талант және т.б. Мұның мәнісі – адам міндетті тап қазір орындауы керек» [178, б. 122] – деп анықталған. Сондықтанда педагогикалық мамандық салаға сәйкес қабілетті тұлғаны талап етеді.

И.П.Подласый, басқа да ғалымдар мұғалімге қойылатын бірінші талап оның қабілеті деп біледі [225]. Педагогтік қабілет – оқушылармен жұмыс жасауға икемділігін білдіретін жеке бас сапасы, балаларға деген сүйіспеншілік, олармен жұмыс істеуден ләззат алуы. Педагогтік қабілет кейде әдемі сөйлеу, ән айту, сурет салу, ұйымдастыра білу сияқты нақты әрекеттермен шектелетіні жиі кездеседі.

Педагогтың дара қасиеттері жөнінде де көптеген зерттеулер жүргізілген және анықтамалар берілген. Ұстаздың жеке дара қасиеті деп – жауапкершілік, төзімділік, еңбексүйгіштік, қарапайымдылық т.б. қасиеттері үлгі тұтылады (В.А.Крутецкий).

Педагогика тарихы мен педагогикалық-психологиялық еңбектерге жасаған тарихи шолу болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау мәселесі жан-жақты қарастырылғанын байқатады. Белгілі педагог-ғалым Ю.К.Бабанский мұғалімнің кәсіптік маңызды және жеке тұлғалық қасиеттерін үш топқа бөлін қарастырады [226]:

4. Жеке тұлғалық;
5. Оқу іс-әрекетіне байланысты қасиеті;
6. Мұғалімнің тәрбие жұмыстарына байланысты сапасы.

Педагог тұлғасының кәсіби нобайын іргелі білім, педагогикалық іскерліктер мен жеке тұлғалық кәсіби сапалар, сонымен қатар қабілеттердің құрайтыны анықталған [227].

И.Л.Федотенко мұғалімге тән құнды қасиеттерді анықтау мақсатында Тула, Рязань, Москва, Санкт-Петербург, Курск, Варна (Болгария) қалаларының педагогикалық университеттері, педагогикалық колледждері, білімді жетілдіру институттарының 360 сарапшысына сауалнама жүргізген. Ал респонденттер қазіргі мұғалім бойында әлсіз байқалатын қасиеттер ретінде:

- 1) гуманизм, балаларға қамқор болуды;
- 2) эмпатияны;

- 3) жауапкершілікті;
- 4) төзімділікті;
- 5) шығармашылықты, жаңалыққа ұмтылуды;
- 6) өзін-өзі тану, бағалауды;
- 7) байсалдылықты;
- 8) даму, кәсіби жетілуге ұмтылуды;
- 9) жалпы эрудицияны;
- 10) өзін-өзі тәрбиелеу, өзіне-өзі оң баға беруді атап көрсеткен [228, с. 143-145].

Сондықтан И.Л.Федотенко өзі ұсынған болашақ мұғалімнің кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыру мен дамыту нобайына тұлғаның гуманизмін, эмпатия, төзімділігін, жауапкершілігін, креативтілігін, рефлексивтілігін бірінші кезекке қойған.

Педагогтардың еңбегін және олар жөніндегі құнды ой-пікірлердің мазмұнын зерделей келе, қазақстандық ғалым А.А.Бейсенбаева педагог маман тұлғасының моделін ұсынады:

- педагог – ол шын мәніндегі қоғамдық - әлеуметтік даму үдерісінің адам санасындағы күрделі жаңғыру барысына тікелей қатысы бар маман;

- педагогикалық үдеріске ие бола алатын әрекетті және тұтастай толыққанды қасиеті бар, шығармашылық ойлау қабілеті жетілген, өздігінен білім алуға, өзін-өзі тәрбиелеу дағдысы қалыптасқан, гуманистік қоғамдық еңбек қатынасын орната алатын маман, педагог қазіргі заманның өркениетті, прогресшіл бағытына сай кәсіби бейнесі бар, ең жоғары мәдениетті маман;

- өз бойында жаңа ойлау жүйесін қалыптастыра алатын болашақ мамандығына қажетті азаматтың, адамгершілік қасиетті тәрбиелейтін, оны бағалай алатын және үнемі жетілдіретін, қазіргі қоғам өміріндегі кең қанат жайып отырған еңбек процесі жайында жұмыс істей білуге қабілетті, білікті маман;

- бәсекелік нарықтық экономика негізінде құрылған қоғамда іскерлік, өзгерісті жағдайға тез бейімделгіш, әрекетшіл, қарым-қатынас жасауға алдын-ала талаптанушылық, өз ісінің басқалардан артықшылығын көре білушілік, істің нәтижелі болуына көз жеткізушілік қасиеттері қалыптасқан болашақтың жасампаз маманы [229, б. 11-12].

Зерттеу тақырыбымызға тікелей қатысты мәселе ретінде қарастырап болсақ «Мәңгілік Ел» идеясының құндылықтарын оқу үдерісінде басшылыққа алынатын кәсіби-құндылықты бағдар әдістемесін қолдауда тарих мамандығының кәсіби пәндерінің алатын орны ерекше. Өйткені, қоғамдық дамудың барлық негізгі кезеңдерімен, сол кезеңдердегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени қатынастармен, өзгерістермен, адамзат қоғамының тарихының барлық жақтарымен, қырларымен таныстырылатынын білеміз.

Болашақ тарих пәні мұғалімдерін даярлауда басшылыққа алынатын құжаттың бірі – кәсіби білім беру стандартында құзыреттіліктердің төмендегідей түрлері көрсетілген:

1. Әлеуметтік-тұлғалық;
2. Жалпыкәсіби;
3. Арнайы құзыреттіліктер.

Сонымен біздер, «**болашақ тарих пәні мұғалімдерінің «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлығы деп, мектеп оқу пәні мен оқу-тәрбие үдерісіне тән құндылықтар жүйесі бойынша білімі мен іскерліктерін және оны жүзеге асыруда сапалық қасиеттерді меңгеруін практикалық тұрғыдан көрсетуін түсінеміз**». Бұл айтылғандар құзыреттілік шеңберінде қарастырылады және оның құраушысы болып та табылады деп білеміз.

Аталған дайындықты жүзеге асыру ЖОО педагогикалық жүйенің ішке жүйесінде қарастырылады. Дайындық барысында әдіснамалық тұғырлар басшылыққа алынады.

Педагогикада тұғыр танымдық және тәжірибелік іс-әрекеттің ерекше түрі, зерттелетін үдерістің зерттеу стратегиясы, зерттеушінің ұстанымын анықтайтын, негізгі құндылық бағдары болып табылады [230]. В.А.Беликов әдіснамалық тұғырды «зерттеу затын таңдауды анықтайтын, теориялық негіздеме, зерттеу қоры; зерттеу мақсатын, міндетін қарастыру; міндеттерді орындау және алынған нәтижелерді бағалау үдерісі ретінде» қарастырады [231].

Зерттеулерге сәйкес болашақ тарих мұғалімдерін даярлауда төмендегідей әдіснамалық тұғырлар басшылыққа алынады: аксиологиялық, ізгіліктік, іс-әрекеттік, синергетикалық, құзыреттілік, тұлғалық-бейімділік, т.б. жүйелік,

Тақырыпқа қатысты әдіснамалық тұғырлардың арасынан аксиологиялық тұғырға ерекше тоқталуға болады. Ол тұғырдың мәні студенттердің назарына жалпыадамзаттық, ұлттық және кәсіби, коммуникативті сипаттағы, болашақ маманның кәсіби педагогикалық іс-әрекетіндегі тұлғаның шығармашылығын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құндылықтарды біріктіруімен ерекшеленеді. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының құндылықтарын оқытудың әдістемесін жетілдіруде басты бағдарға алынатын әдіснамалық тұғыр болғандықтан да аксиологиялық тұғырға алдағы тарауларда кеңінен тоқталатын боламыз.

Ізгіліктік тұғыр жаңа білім беру парадигмасының дүниетанымдық негізі болғандықтан ізгілікке бағытталған білім беру философиясы – білім беру үдерісінің әр сатысындағы сапалы жаңарудың бағдарламасы болғандықтан да біздің зерттеуімізге әдіснамалық өзек бола алады. Тұлғалық іс-әрекеттік тұғыр да білім берудің жетекші стратегиясы ретінде тұлғаны іс-әрекеттің негізінде педагогикалық үдеріске тартуға мүмкіндік беретін тұғыр болғандықтан да «Мәңгілік Ел» идеясы құндылықтарын оқу үдерісінде қолданудың әдістемесін негіздеуге көмегін тигізеді деп білеміз. Ынтымақтастыққа негізделген синергетикалық тұғырды да аталған әдістемені негіздеуде батыл қолдануға болатындай. Шетелдік ғалымдар [232] (И.В.Мелик-Гайказян және т.б.) соңғы кезде ақпараттық-синергетикалық тұғырдың мағынасын үдерістегі көпдеңгейлі ақпарат; ақпараттық үдеріс деп күрделі үдерістің өзін-өзі ұйымдастыру тетігі ретінде екі жағдайда қарастыра бастады.

Аксиеологиялық тұғыр – бүкіл өзінің кәсіби іс-әрекетін жетілдіруге бағытталатын болашақ мамандарды қалыптастыруға негізделген тұғыр.

Акмеология (ежелгі-грек сөздігінде «акме» - жоғарғы нүкте, кемелдену) дегеніміз адам туралы ғылым жүйесіндегі білімнің жаңа пәнаралық аймағы. Акмеологияның пәні кәсібилікті шындайтын, мамандардың шығармашылық қабілетінің ұзақтығына мүмкіндік туғызатын субъективті, объективті факторларды қамтиды. Объективті факторларды студент білімнің сапасы, субъективті факторларды оның дарыны мен қабілеті, жауапкершілігі, құзыреттілігі құрайды. Этномәдени тұғыр – тұлғаны жалпыадамзаттық этномәдени қарым-қатынасқа араластыруға негізделеді. Этносаралық толеранттылық – басқа этностың бейтаныс өміріне, салт-дәстүріне деген тағаттылық. Бұл тұғыр студенттердің этносаралық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Тұлғаның этникалық тағаттылығын қалыптастырудағы әдіснамалық негіз ретінде Л.Выготский, А.Леонтьев, А.Лурия т.б. ғалымдардың психикалық құбылыстарды зерттеудің мәдени-тарихи тұжырымдарын және А.Асмоловтың тұлғаны тарихи-эволюциялық тұрғыдан зерттеу жобалары негізге алынады.

Жүйелілік тұғыры – жүйе түріндегі зерттеудің нысанын қарастыруға негізделген жұмыстың әдіснамалық бағдарын танытады. Б.С.Гершунскийдің пайымдауынша, жүйе – ол тек қана жиынтық емес, өзара байланысқан элементтердің бірлігі. Осыған сай «Мәңгілік Ел» идеясында нақтыланған құндылықтар осы өзара байланысқан жүйе ретінде қарастырылады. Зерттеуімізде негізге алынатын құзыреттілік тұғыр дегеніміз білім, білік және дағды арқылы алдында тұрған мәселені өз бетінше шеше алатын, өзін-өзі жүзеге асыратын тұлғалық қасиеттерді іс жүзінде қолдана алу қабілетін танытады. Бұл тұғырдың мәні ұлттық идеяда негізделген құндылықтарды оқу-тәрбие үдерісінде бойына сіңірген тарихшының өз кезегінде оқушылармен жүргізетін жұмыстарына нақты түрде қолдануға қабілетті болып шығуы. «Мәңгілік Ел» идеясы құндылықтарын игеруде ізгілік ұстанымдарына негізделген, тұлғааралық қарым-қатынас, ұлтаралық байланыс арқылы тұлғаның сөйлеу және тілдік іс-әрекетіне қабілетіне қызмет ететін көптілділік тұғырдың да әдіснамалық мәні үлкен.

Зерттеп отырған даярлықты жүзеге асыру үшін педагогикалық жүйені моделдеу қарастырылады. Ғалымдардың педагогикалық моделдеуге арналған ғылыми еңбектерінің мәнін ашу [233] (Г.П.Щедровицкий [234] және т.б.) нәтижесінде жасалған қорытынды бойынша «модель» сөзін анықтау барысында келесі белгілерді атап көрсетуге болады:

- модельдегі үдерісті, зерттелетін объектіні көрсету немесе қайта қалыптастыру;
- танымдық үдерістің, объектінің орнын басу қабілеті;
- жаңа ақпаратты беру (объект туралы жаңа білім) қабілеті;
- модель туралы ақпараттан объект туралы ақпаратқа ауысу және модельді құрудың нақты шарттары мен ережелердің болуы.

В.А.Штоффтың анықтамасы бойынша модель - «зерттеу объектісін көрсете немесе қайта көрсете отырып, оны зерттеу объект туралы жаңа ақпаратты беруге қабілетті, мәнімен көрсетілетін немесе материалдық іске

асырылған жүйе» [235, с. 19]. Соған орай, педагогикалық модельдеу үдерісі қайта түзілетін объект немесе үдерісті қалыптастыруға бағытталады.

«Модель» ұғымына берілген анықтамалар мен түсіндірмелерді төмендегіше кестеге сәйкес беруге болады (5 - кесте).

5 - кесте - «Модель» ұғымына берілген анықтамалар мен түсіндірмелер

«Модель» ұғымына берілген анықтамалар мен түсіндірмелер	Еңбек атаулары мен авторлары
«Модель» термині, латынның «modules» сөзінен шыққан, ол «өлшем», «әдіс», «бейне» деген ұғымдарды білдіреді.	Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 8 том. //Жалпы редакцияны басқарған Қазақ ССР ғылым академиясының корреспондент мүшесі – А.Ы.Ысқақов. -Алматы: Ғылым, 1985, - 122 б.
Модель - үлгі, сұлба, өрнек, өң, кейіп деген ұғымды білдіреді.	Қазақша-орысша аударма сөздік. - Алматы, 1989. - 425 б.
Модель – үлгі, макет. Нобай – бір нәрсенің жалпылама алғандағы жобасы, сұлбасы.	Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақова. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.(596 б.)
Модель - зерттеу үшін арнайы жасалған объектіде, басқа бір объектінің сипаттамасын қайта жаңғырту; объектіні модельдеу нәтижесі.	Нұрғалиев Р.Н., Ақмамбетов Ғ.Ғ., Әбділдин Ж.М., т.б. Философиялық сөздік. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. - 525 б.
Модель - теориялық тұрғыдан қалыптастырылған ережелердің өзі, азаматтық заңдар мен заңдылық актілердің жеке-дара көрінуі. Қандай да бір кітаптың мазмұны оның моделі ретінде қарастырылады.	Климов Е.А. Как выбирать профессию: кн. для учащихся. –М.: Просвещение, 1984. – 160 с.

5-кестеде берілген еңбектердің мазмұнына сәйкес «модель» - деп, объект туралы жаңа ақпарат беруге қабілетті, объектіні ауыстыратын, бейнелейтін немесе ойша бейнеленген зерттеу жүйесін айтады. Оқу-тәрбие үдерісіндегі модель модельдеу нәтижесі. Педагогикалық үдерісте оқу әрекетін модельдеу екі аспектіден тұрады: біріншісі – оқу үдерісіндегі білімді меңгеру болса, екіншісі – оқудағы іс-әрекет элементтері. Сонда, бірінші аспектіде модель мен модельдеуді психологиялық бағыт білім жүйесіне енгізу болса, екіншіде – модельдеудің формасын, әдісін, қолданылатын әрекетінің ерекшелігін оқушылардың икемділігіне қарай бағыттауды көрсетеді [236].

Модельдеу үдерісі барысында танымның өзіндік тәсілінде бір жүйе (зерттеу объектісі) басқаға (модельге) өзгереді деп түсіндіреді. Сонымен, модель деп, зерттеу қиындық тудыратын немесе мүлдем мүмкін емес құбылыстарды (затты, үдерісті, ситуацияны және т.б.) зерттеу үшін оларға ұқсас басқа құбылыстарды зерттеу үшін жасанды түрде құбылысты (зат, үдеріс, ситуация және т.б.) құру түсіндіріледі.

Модельдеу негізінде [224, б. 22-34]:

- кандайда бір құбылысты, үдерістерді немесе объектілер жүйесін олардың моделін тұрғызу жолымен зерттеу жүзеге асырылады;

- объекті дамуының соңғы нәтижесін көруге мүмкіндік беріледі (ғылыми таным әдісі ретінде).

Модель негізінен модельдеудің барысында жүзеге асырылады. Педагогикалық тұрғыдан зерттелін отырған сапаны қалыптастыру моделін сызба түрінде де, мазмұндық сипаттама ретінде де беруге болады.

«Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға болашақ тарих мұғалімін даярлаудың мазмұндық жағы өзара тығыз байланыстағы төрт құрамдастан тұратыны байқалады:

- теориялық білім (соның ішінде педагогикалық қызметті жүзеге асыру тәсілдері де),

- іскерлік пен дағдылар,

- шығармашылық қызмет тәжірибесі,

- педагогикалық қызмет пен тарих мұғалімі мамандығына деген эмоционалдық-еріктік қарым-қатынас тәжірибесі.

Болашақ тарих пәні мұғалімдерінің «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлау моделі туралы сөз қозғалған кезде іс-әрекет теориясы мен құрылымына сәйкес келесі блоктар болуы міндетті: мақсатты, мазмұндық, іс-әрекеттік және бағалау.

Тарих пәні мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлау моделінің құраушы аспектілері төмендегідей компоненттерден тұрады деп білеміз:

- мотивациялық-құндылық;

- танымдық;

- іс-әрекеттік;

- рефлексивті-бағалау.

Мотивациялық-құндылық компонент – тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға қызығушылығының туындауын, мотивінің болуын, өзіндік білім алуға, дамытуға ұмтылысын, мұғалімге тән жетекші ерік сапаларының болуын сипаттайды. Танымдық (когнитивті) компонент – болашақ тарих пәні мұғалімдерінің философия, психология, педагогика, әдістеме және арнайы пән бойынша білімі мен «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту әдістемесін танып білуі, интеллектуалдық іскерліктерді жүзеге асыруы (білу, түсіну, қолдану деңгейінде); алған теориялық білімдерін практикада қолдануы.

Іс-әрекеттік компонент – «Мәңгілік Ел» құндылықтарын мектеп тарих пәніне қатысты оқытуды ұйымдастыруы, оқыту үдерісінде тұлғааралық өзара іс-әрекетті ұйымдастыру іскерлігі – педагогикалық іскерліктері, мектептен және сабақтан тыс оқу жұмыстарында «Мәңгілік Ел» құндылықтарын жүзеге асыруы. Рефлексивті-бағалау – болашақ тарих пәні мұғалімдерінің «Мәңгілік Ел» құндылықтарын тарих пәні мазмұнына сәйкес оқытуды, оқу жұмыстарын жүзеге асыру іс-әрекетіне, оқыту нәтижелеріне талдау жүргізу, өзіндік баға беру.

Болашақ тарих пәні мұғалімдерін даярлау үдерісінде танымдық және іс-әрекеттік компоненттер мазмұны «Мәңгілік Ел» құндылықтарын мектеп қабырғасында оқыту үшін біздің ойымызша төмендегілерді қамтуы тиіс деп білеміз:

- отанға және ұлтқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу;
- тарихи және мәдени мұраны құрмет тұту (тарихи білім мен тарихи сананы бойына сіңіру);
- ұлттық және рухани құндылықтарды айыру және оларды қорғау мен құрмет тұтуды мақсат ету;
- бірлікті жоғары қоюды тәрбиелеу;
- абыройлы болуды мақсат ету;
- «тәуелсіздік» ұғымын терең сезіну және оны қорғауға ұмтылысын тәрбиелеу;
- діни тағаттылыққа сенімді көзқарасты орнату;
- бейбітшіліктің мәнін түсіну және құрмет тұту;
- еңбексүйгіштікке баулу.

Зерттеуге қатысты болашақ тарих пәні мұғалімдері ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстарды жүзеге асыруы тиіс деп білеміз, олар:

- оқиға және тарихнамалық мәтінді талдау;
- құжаттармен жұмыс жасау;
- фильм көрсету;
- тарихи жерлер мен музейлерге саяхат жасау;
- биографиялық зерттеу жүргізу;
- үлгі болу сияқты түрлі құндылықтарды оқыту әдістерін қолданумен жүзеге асыратындығы белгілі болып отыр.

Зерттеулерге сәйкес болашақ тарих мұғалімдерінің әдістемелік даярлығының негізін – педагогикалық іскерліктер түзеді деп білеміз. ЖОО болашақ тарих мұғалімдерінде педагогикалық іскерліктің: зерттеушілік, құрастырушылық, ұйымдастырушылық, ақпараттық, коммуникативтік іс-әрекет түрлерінің қалыптастырылуына басымдық беру қажет. Бұл дегеніміз педагогикалық іскерліктердің басқа түрлерін назардан тыс қалдыру дегенді білдірмейді. Оларға қысқаша төмендегідей сипаттама беруге болады:

- зерттеушілік – оқу материалдарын, оқушылардың ерекшеліктерін зерделеу, пайдаланатын оқу жұмыс құралдары мен әдістерін болжау, т.б.
- құрастырушылық – оқу және тәрбие жұмыстарын жоспарлау, оқу материалдарын талдау және жинақтау, іріктеу және күрделі оқу материалдарын дидактикалық тұрғыдан қайта өңдеуді жүзеге асыру, т.б.
- ұйымдастырушылық – оқушылардың әртүрлі іс-әрекеттерін ұйымдастыру, олардың белсенділігін дамыту, бақылауды жүзеге асыру, т.б.
- ақпараттық – оқу материалдарын оқушыларға түсінікті етін жеткізу, ақпаратты тарату құралдарын дұрыс іріктеу, т.б.
- коммуникативтік – оқушылармен қарым-қатынасты орнату, қатынастарды реттеу, педагогикалық ықпалдың нәтижесін алдын ала көре алу, т.б.

Зерттеу жұмысы бойынша теориялық-әдіснамалық тұғырларды назарға ала отырып, болашақ тарих пәні мұғалімдерінің «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлығын құраушы компоненттер құрамы мен оның өлшемдерін анықтауды және оларға сипаттама жасауды дұрыс деп таптық (6-кесте).

6-кесте - Болашақ тарих пәні мұғалімдерінің «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлығының құрылымы

Құраушылар	Өлшемдер	Көрсеткіштер
Мотивациялық-құндылық	Мотивтер бағыттылығы; өзін-өзі жетілдіруге ұмтылысы.	1. Құндылықтарды меңгеруге және оларды оқытуға мотивінің және қызығушылығының болуы; 2. Өзіндік білім алуға ұмтылысы; 3. Тарих пәні мұғаліміне тән жеке тұлғалық әлеуетін жүзеге асыруы.
Танымдық (когнитивті)	Психология, педагогика, арнайы пән (тарихи білімі) әдістеме бойынша білімдерін меңгеруі.	1. «Мәңгілік Ел» құндылықтарын білуі мен түсінуі; 2. Құндылықтарды оқыту бойынша алған білімді практикада қолдануы.
Іс-әрекеттік	Педагогикалық іскерліктерді, оқу жұмыстарын ұйымдастыру іскерліктері мен іс-әрекет тәсілдерін меңгеруі.	1. Тарих пәні мазмұнына сәйкес «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуды жобалау іскерлігі; 2. Құндылықтарды оқытуда субъектілердің бірлескен іс-әрекетін және тұлғааралық өзара әрекетті ұйымдастыру іскерлігі; 3. «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуда әдістемелік іс-әрекеттерді жүзеге асыруы.
Рефлексивті-бағалау	Ұйымдастырылған оқу жұмыс түрлеріне, іс-әрекеттерге баға беру	1. Талдау жасауы. 2. Баға беруі. 3. Жетілдіруді жобалауы.

6-кестені басшылыққа ала отырып, ЖОО болашақ тарих пәні мұғалімдерінің дайындығының деңгейі анықталады. Зерттеу жұмысы бойынша біздер үш деңгейді дұрыс деп білеміз. Олар: жоғары, орта және төмен.

Жоғары деңгей: «Мәңгілік Ел» құндылықтарына қызығушылығы жоғары; құндылықтарды оқыту іс-әрекеттерін меңгеруге мотиві мен қызығушылығы айқын көрініс табады; құндылықтарды зерделеуді меңгерген және оларды оқытуда педагогикалық іскерліктерді шығармашылықпен жүзеге асырады; құндылықтар бойынша өзіндік білім алуға және өзін дамытуға ұмтылысы жоғары.

Орта деңгей: «Мәңгілік Ел» құндылықтарына қызығушылығы жеткілікті жоғары; құндылықтарды оқыту іс-әрекеттерін меңгеруге мотиві мен қызығушылығының көрінісі айқын және тұрақты емес; құндылықтарды зерделеуде өзіндік дербестігі жеткіліксіз және оларды оқытуды жүзеге асыруда

педагогикалық іскерліктері жеткілікті деңгейде; құндылықтар бойынша өзіндік білім алуға және өзін дамытуға ұмтылысы орта.

Төмен деңгей: «Мәңгілік Ел» құндылықтарына қызығушылығы төмен және олардың мәнін толық мәнді ұғынбайды; құндылықтарды оқыту іс-әрекеттерін меңгеруге мотиві мен қызығушылығы жеткілікті емес; құндылықтардың мәнін зерделеуді меңгеруі толық емес және оларды оқытуда әдістемелік дайындығын құраушы педагогикалық іскерліктері төмен; құндылықтар бойынша өзіндік білім алуға және өзін дамытуға ұмтылысы айқын емес.

Зерттеуімізде теориялық модельдеу әдісін басшылыққа алып, болашақ тарих пәні мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлау моделін 3-суреттегідей көреміз.

3-суретте көрсетілген теориялық моделді жүзеге асыру үшін біздер бірқатар педагогикалық шарттар орындалуы керек деп білеміз.

Шарт – объектінің өмір сүруінің немесе әрекет етудің керекті базасы, негізі ретінде көрінеді. Педагогика ғылымында шарттарды объективті және субъективті деп ажыратады. Философтар шарттарды қажетті және жеткілікті деп бөліп қарастырады. Шарт оқиға салдарының, заттар өзгеруінің және әлемнің объективті құбылысын анықтаушы ретінде қарастырылады [237].

Зерттеу объектісіне байланысты заңдар тек қана анықталған шарттар болғанда ғана әрекет етеді, ал шарттар болмаған жағдайда заңдар да әрекет етпейді, яғни шарт – заңның әрекет етуінің қажетті базасы болып табылады [238, с. 76-81].

Педагогика ғылымында шарттар объективті және субъективті деп ажыратылады. Объективті шарттар мұғалімге байланысты емес, оған [98, б. 80-81]:

- мемлекеттік оқу-әдістемелік құжаттар, (элективті курс, педагогикалық тапсырма);

- оқушылардың жас және жеке дара ерекшеліктері;

- мектептің жұмысы және оны қоршаған ортаның нақты жағдайы қатысты болып табылады.

Субъективті шарттарға:


- мұғалімнің жеке тұлғалық қасиеттері мен шеберлігі (семинар);

- оқыту мен тәрбиелеу жөніндегі заңдар мен білімдер, оларды практикада қолдану ептілігі (интербелсенді әдіс);

- оқу және тәрбие процесіне жағымды жағдайды мұғалімнің жасау және

- тәрбиеленушілермен дұрыс қатынасты орнатуы жатады.

Педагогикалық шарт білім беру ортасының негізгі факторларының, үдерістерінің және құбылыстарының сапалы сипаттамасын, объективті мүмкіндіктері, педагогикалық үдерістің мақсатқа бағытталып құрылған және білім беру ортасында іске асатын күйінің жиынтығын, аталған үдерістің ықпалдылығын арттыратын, қойылған педагогикалық міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін іс-шаралар кешенін айқындайды [239]. Педагогикалық шарттарды айқындауда білім беру міндеттерін шешуге ықпал етуге арналған зерттеулерді талдау нәтижесі мен ғалымдардың көпшілігінің пікірі бойынша негізгі төрт типке бөлетіндігі анықталған:



3-сурет - Болашақ тарих пәні мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлау моделі

1. Мақсаттық (тәсілдер мен ұстанымдар);
2. Ақпараттық (білім беру мазмұны; педагогикалық үдерістің кәсіби-коммуникативтік негізі);
3. Тұлғалық (мінез-құлық, іс-әрекет, қарым-қатынас, білім беру үдерісі субъектілерінің тұлғалық сапасы; білім беру үдерісінің психологиялық негізі);
4. Технологиялық (білім беру іс-әрекетін ұйымдастырудың формалары, құралдары, әдістері, амалдары, кезеңдері, тәсілдері; педагогикалық үдерістің процессуалдық-әдістемелік негізі).

Философтар объективті және субъективті шарттарды қажетті және жеткілікті деп бөліп қарастырады. Мәселен, оқу үшін оқушының білімі, жасы және жеке дара ерекшеліктері - қажетті шарт, бірақ олар әлі жеткіліксіз, оқушылардың алдыңғы дайындығының деңгейін білу қажет. Тек барлық қажетті шарттардың жиынтығы нәтижеге жетудің жеткілікті шарты болып табылады.

Педагогикалық шарттарға қатысты зерттеу жұмыстарын зерделеу негізінде біздер төмендегідей шарттар кешенін анықтадық, олар:

1. Әдіснамалық – «Мәңгілік Ел» құндылықтарын (орта мектепте) болашақ тарих мұғалімі оқытуға даярлауды жүзеге асыру үшін оқу материалдарын іріктеу принциптері;
2. Теориялық – «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға болашақ тарих мұғалімдерін даярлау үдерісіне сәйкес оқу материалдарының жүйеленуі;
3. Дидактикалық – оқушыларға «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға болашақ тарих мұғалімдерін даярлау технологиясының жасалынуы;
4. Әдістемелік – оқушыларға «Мәңгілік Ел» құндылықтарын арнайы оқу, сыныптан тыс тәрбие жұмыстары барысында жүзеге асыруға болашақ тарих мұғалімдерін даярлау әдістері мен тәсілдері;
5. Практикалық – оқушыларға «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға болашақ тарих мұғалімдерін даярлау мазмұны мен құралдарын тәжірибелік жұмыстар арқылы қамтамасыз етілуі.

Қорыта айтқанда, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясында жүйеленген құндылықтар – елдің, қазақстандық қоғамның, ұлттың болашағын айқындайтын мәдени фактор ретінде жастардың санасына сіңіріліп, рухына айналуы керек десек, ЖОО жүйесінде болашақ тарих мұғалімдерін осы міндеттерді іске асыруға қабілетті етіп даярлаудың педагогикалық шарттары бар және оны оқу үдерісіне батыл қолдануға болады. Мәселеге қатысты зерттеулер барысындағы ғылыми талдаулар негізінде біз осындай тұжырымға тоқталдық.

Келесі тақырыпта біздер осы педагогикалық шарттардың жүзеге асырылуының қамтамасыз етілуін сипаттап жазамыз.

3 БОЛАШАҚ ТАРИХ МҰҒАЛІМДЕРІН «МӘНГІЛІК ЕЛ» ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ОҚЫТУҒА ДАЯРЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

3.1 Болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлаудың әдіс-тәсілдері

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғалы еліміздің азаматтарының тарихи білімін көтеруге ерекше көңіл бөлінуде. Еліміздің болашағы жас ұрпақты тәрбиелеуде, олардың санасына ұлттық рух пен патриоттық тәрбие қалыптастыруда Отан тарихының орны мен мүмкіншіліктері мол. Өйткені, тарих халықтың рухани мұрасы, Отанымыздың өткені, ұрпақтарымыздың мектебі саналады. Тарихы жоқ бірде-бір халықтың бүгіні болмағандай келешегі де болмайды. Тарих адамдарды ойландырады, болған тарихи жағдайлар мен құбылыстарды талқылап, парақтайды, ой елегінен өткізеді және олардан өмірлік қорытындылар шығарып алуына негіз болады. Жас ұрпаққа өткен тарихымыз туралы тарихи білім мен тәрбие бермей халық санасында ұлттық сезім мен сананы, отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыру мүмкін емес.

Болашақ тарих мұғалімдері «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту үшін алдыңғы тақырыптарда айтып өткендей өздерінің тарихи және «Мәңгілік Ел» құндылықтары бойынша білімдері болуы тиіс. Екіншіден, тарихи білімдерді, оның ішінде «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту үшін әдістемелік білімдер мен іскерліктерді меңгеруі керек.

ЖОО-да тарихты оқыту мақсатын, міндеттерін және әдістерін жүзеге асыру гуманитарлық білім берудің университеттік маңызынан туындауы қажет. Себебі, гуманитарлық білім адамның рухани-адамгершілігі мол, еркін, жетілген тұлға болып қалыптасуына және әлеуметтенуіне ықпал етеді.

Десекте, тарихты оқытудың мақсаттары мемлекет дамуының кезеңдерінде өзгеріп отырады. Кеңестік кезеңде тарих пәнінің мазмұнында таптық сипаттар басым болды. Егемендік пен дербестікке қол жеткізілгеннен кейін Отан тарихы мәселелерін жетік оқытудың бағдарламалары жасалып, тың идеялар қолға алынғандығын жоғарыда айтып өттік.

Тарихи білім берудің қазіргі заманғы жалпы мақсаты мынадай идеяларды құрайды:

- ЖОО-нын бітірген түлектің әлемдік және отандық мәдениет контекстінде өзін айқындай отырып, дамуын қамтамасыз ететін тарихи білімнің мазмұнын мәдени әдіспен іріктеу;

- кәсіби даярлауды практикалық бағыттылықпен байланыстыратын тарихи білімнің мазмұнын іргелендіру;

- білім беру мазмұны өзгермелілігінің дамуы ретіндегі әртүрлі деңгейдегі білім және кәсіби бағдарламалар тұтастығы, сабақтастығы;

- тарихи білім беру мазмұнын шығармашылыққа, өзіндік болмысқа, студенттің тұлғалылығына бағдарлау;

- тарихи білім беру мазмұнын ақпараттандыру, жаңа ақпараттық технологияларды енгізу және кеңінен пайдалану [240, с. 94-97]. Осы

тұжырымнан оқытудың «Мәңгілік Ел» идеясы құндылықтарына бағдарланған әдісімен тарихи білім берудің міндеттері келіп шығады.

«Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуда, оның ішінде жеке тұлғаны ұлттық құндылықтарға баулуда төмендегідей міндеттер қойылды:

- өз халқы, оның мәдениеті мен дәстүрлерін мақтаныш тұтатын Қазақстан азаматын тәрбиелеу;

- жалпыадамзаттық негіздер мен құндылықтарды құрайтын саналы көзқарастары мен қағида ұстанымдарын тәрбиелеу;

- Қазақстан Республикасының азаматын тәрбиелеудің үлгісіне сәйкес этнопедагогика, этнопсихология, этномәдениет негізінде тәрбие үдерісін ұйымдастыру;

- оқушыларды табысты іс-әрекетке бағыттау, олардың шығармашылығы мен білім құмарлығын дамыту, қолдау.

Тарихи білім беруге қатысты ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев өз сөзінде: «Осы күнге дейін Қазақстанның ең жаңа тарихының бірде-бір қалыпты оқулығы жоқ. Біздің тәуелсіздігіміздің қасіретті оқиғалары және оны нығайту жолындағы біздің күресіміз зерттеу тақырыбына айналмаған» деп тарихшылардың алдына Қазақстанның жаңа тарихын жазу міндетін қойды. Тарихшы ғалымдар сол сынға байланысты кейбір оқулықтарды қайтадан қарап, оларға түзетулер мен өзгерістер енгізді. Қазақстан тарихы пәнінің бағдарламалары мен оқулықтары ғылыми-әдістемелік тұрғыда талданып, салыстырмалы, жаңа нұсқаларындағы өзгерістер мен ерекшеліктері көрсетілді, оларды жетілдіру бағыттары анықталды, жаңа бағдарламалар мен оқулықтар жасау қажеттігі және олардың ғылыми-әдістемелік негіздері ұсынылды. 2004 жылы «Ғылым» баспасынан Т.Тұрлығұлдың «Мектепте Қазақстан тарихын оқыту теориясы мен әдістемесі» атты еңбегі жарық көрді [64]. Аталмыш еңбек мұғалімдер үшін Қазақстан тарихын оқытудың негізгі мәселелерін түгел талдап беретін, жоғары оқу орындарының тарих мамандықтары студенттері үшін оқу жоспарындағы «Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі» пәніне арналған оқу құралы міндетін атқарады. Сонымен қатар, еңбектің тарихи-әдістемелік сипаты бар, яғни тың тақырыпқа тұңғыш жазылып отырғандықтан, оның мазмұнында оқыту теориясы мен әдістемесі мәселелерімен қатар, Қазақстан тарихы курсының, пәнінің даму, қалыптасу мәселелері де қарастырылған. Аталмыш еңбектің тарихшы мұғалімдерге, әдіскерлерге тиізер көмегі мол болды.

Болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлау ЖОО аталған пәнді оқыту бойынша әдістемелік даярлығын талап етеді. Оқыту әдістемесі «таным тәсілі», «зерттеу жолы» екендігі белгілі. Тарихты оқыту әдістемесі педагогикалық үдерістің жүзеге асырылуын қарастырады және ол төмендегідей компоненттерден тұрады: оқыту мақсаты, оның мазмұны, білім және оны игеруге басшылық жасау, оқушы әрекеті (оқу әдістері), педагог әрекеті (оқыту әдістері), оқыту нәтижесі деген тізбекті құрайды.

Тарих пәні мұғалімдері оқытуда төмендегідей сұрақтарды шешуді қарастырады: Не үшін оқытамын? Қалай оқытамын? Немен оқытамын?

Сонымен қатар, педагогикалық үдерісте тарихты оқытудың негізгі факторлары басшылыққа алынады:

- мемлекет пен қоғам белгілеген мақсаттар;
- білім беру стандарттары мен оқу бағдарламаларында бекітілген оқу материалдары (оқулықтар);
- оқыту үдерісінің ғылыми-әдістемелік ұйымдастырылуы;
- оқушылардың танымдық мүмкіндіктері;
- оқыту нәтижелерін айқындау.

ЖОО тарихты оқыту әдістемесі пәні Отандық және жалпы тарихтың негізгі оқиғалары, фактілері мен құбылыстарын тандауға, теориялық жинақтау мен анықтамалар қалыптастыруға көмектеседі. Олар тарихты оқыту мазмұнын анықтайды.

Болашақ тарих пәні мұғалімдерін даярлау мазмұны төмендегідей оқу материалдары мен тапсырмаларды қамтуы тиіс деп білеміз:

- этнопедагогика материалдары мен факторларын;
- тарихи мағлұматтарға сәйкес мәтінді;
- пәнаралық байланыс материалдарын;
- хронологиялық, синхронды карталарды және оларды жасауды;
- хабарламалар мен баяндамаларды және оларды орындауды;
- педагогикалық өлшеу мен бағалауды жүзеге асыруды. Тесттік тапсырмалармен жұмыс жасауды;
- критерийалды бағалауды орындауды;
- оқыту әдістерін: жобалау, ынтымақтастықта оқыту, т.б.

Тарихты оқыту әдістемесі педагогикалық - ғылыми пән ретінде сипатталады, сондықтан болашақ мұғалім алдына мынадай міндеттер қойылады [66, б. 6]:

- теориялық сабақтарда берілген әдістемелік әдіс-тәсілдерді тиімді игеру, оны педагогикалық тәжірибеде пайдалана білуге үйрену;
- оқушылардың танымдық қызметін ұйымдастыру дағдылары мен әдістерін үйрену;
- алдын-ала өз оқушыларын тарих ілімі арқылы ізгі ниетке баули алуға бейімделу;
- әдістемелік курсты оқу барысында өзі игерген білімді тиімді пайдалана білу;
- өзі жүзеге асырған оқу-тәрбиелік жұмысты өз бетінше талдап, өздігінше жетілдіре білу т.б.

Бұл міндеттерді орындауда мұғалімге әдістемелік жұмыстың барлық кырларын игеруі өте маңызды қажеттілік.

«Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуда оқушыларға білім меңгерту ұғым қалыптастырумен бірге жүзеге асырылады. Ұғымды қалыптастыру үдерісінде нақты түсініктер мен образдардың ролі ескеріледі. Мысалы, «Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбын оқытқанда сәйкес сурет көрсете отырып, мұғалім оқушыға тәуелсіздік алу жолын, азаттық жолындағы болған күрестер жөнінде

айтады. Сонымен қатар, бейнеленген жадыраған жандардың тірлігін айту арқылы «тәуелсіз» (тәуелсіздік), «Тәуелсіз мемлекет» ұғымын қалыптастырады.

Келесі кезекте терминді алдын ала енгізу мүмкіндігін және оны кейін жүйелі түрде мазмұнын ашу белгілерін ойластырады. Мысалы, «көтеріліс», терминін тәуелді → тәуелді мемлекет жөнінде түсінік беру арқылы ашады.

Тарихты оқытуда оқушылардың фактілерді жүйелі және өзара байланыста игеруі үшін, оны теориялық тұрғыда қорыту жүзеге асырылады. Мысалы, индустрияландыру түсінігін қалыптастыру үшін ауыл шаруашылығында болған тарихи кезеңдегі өзгерістерді Ресей мен Европа тарихында орын алған оқу материалдарын салыстыра отырып меңгертуді тереңдетеді.

Жалпы алғанда тарихты оқытуда теориялық ұғымдар жекелей емес бұрыннан бар белгілермен байланысты оқытылады. Тарихты оқытуда осы жағдайларды басшылыққа алғанда оқу материалдарын меңгерту нәтижелі болады.

Тарихты оқыту үдерісінде фактілер өткен өмірде болған маңызды байланыстар мен өмір заңдылықтарын меңгеру мен өзара салыстыру үшін қажет. Тарих пәнінің мазмұнында фактілер өте көп кездеседі. Тарихты оқыту үдерісін ұтымды жүргізу үшін, оларды дұрыс топтастыра алу қажет.

Тарихи фактілер екі сипатта болады. Біріншіден, бұл тарихта бір ғана рет, белгілі-бір жағдайларда ғана, тек белгілі бір адамдар ғана қатысқан, мерзім мен кеңістік ішінде қатаң шоғырланған жекелеген оқиғаларды көрсететін фактілер. Олар қайталанбайды. Екіншіден, белгілі бір тұтас тарихи кезең мен дәуірге тән, олардың сипатты белгісін көрсететін тарихи құбылыстар. Фактілер көлемі мен күрделілігі және мағынасы жағынан өзара ерекшеленеді. Фактілер, өзінің толық ашылуы үшін неғұрлым кішірек фактілерді білуді талап ететін күрделі фактілер – бірінші кезектегі фактілер, ал, кішірек фактілер – екінші кезектегі фактілер деп аталады. Бірінші кезектегі фактіні түсіну екінші кезектегі фактіні меңгермейінше мүлдем мүмкін болмайды. Екінші кезектегі фактілер өз кезегінде нақтыланады. Бұл фактілер тарихи білімнің алғашқы бөлшектері деп аталады. Әдістемеде олар тек бір ғана қарапайым тарихи құбылысты немесе оның бір ғана сипатты белгісін көрсететін қарапайым фактілер деген топқа біріктіріледі [66; 241].

Әртүрлі сипаттағы фактілерді өзара ұштастыра отырып, тарихи оқиғаның нақты образын жасап шығаруда тарихи фактілер мен материалдарды таңдап алуды өте ұқыптылықпен жүргізу талап етіледі. Бұл үшін оқу материалдарын математикалық тілге тасымалдау, яғни логикалық тұрғыдан оқу элементтерін құрылымдауды жүзеге асыру қажет. Бұл жағдайда мұғалім оқушылардың есінде өмір бойы сақталатын негізгі фактілерді және олардың өзінің мазмұнын ашу үшін қажетті қосалқы фактілердің арақатынасын дұрыс реттеп таңдап алады.

Тарих курсын оқытуда (қай деңгейде болмасын) «Мәңгілік Ел» құндылықтары бойынша оқу материалдарын екінші ретті немесе қарапайым тарихи құбылыс, қарапайым факті деңгейінде түсіндіру өз нәтижесін жоғары

деңгейде қамтамасыз етеді деп білеміз және біз осы көзқарас тұрғысынан оқу үдерісін ұйымдастыруды қолданамыз.

ЖОО болашақ тарих пәні мұғалімдерін даярдауда, әдістемелік дайындықты қамтамасыз ететін негізгі пән - «Тарихты оқыту әдістемесі». 5B011400 - Тарих мамандығы студенттеріне арналған «Тарихты оқыту әдістемесі» пәні бойынша оқыту бағдарламасының (Syllabus) өзіндік мазмұны бар.

Тарихшы мұғалімдердің базалық дайындық жүйесінде тарихты оқыту әдістемесі пәні маңызды роль атқарады. Дидактикалық мақсаты – болашақ тарих пәні мұғалімдерінің оқушылардың тарихи танымын қалыптастыру және әдіс негізін көрсету.

Пәннің мақсаты - болашақ тарих пәні мұғалімдерінің жалпы орта білім беретін және арнайы мектептерде тарих пәнін оқыту бойынша теориялық және практикалық даярлығын жүзеге асыру.

Пәннің міндеттері:

- тарихи білім беру мен тәрбиелік міндеттерімен таныстыру;
- тарихты оқыту әдістемесінің теориялық негізін болашақ мамандарға меңгерту;
- білім берудің инновациялық түрлері туралы түсінік беру;
- тәжірибелік іскерлікті дамыту;
- білім алушылардың қабілетін қалыптастыру, оларға білім беру мен тәрбиелеу үдерісіндегі қорытындылар шығаруын қамтамасыз ету [168, б. 522].

Оқу пәні бойынша білім, іскерлік, дағдылар және құзыретіне қойылатын талаптар төмендегідей:

Тарихты оқыту әдістемесінде негізгі идеологиялық бағыттардың тарихи дамуы, ежелгі заманнан бастап қазіргі күнге дейінгі тарихты оқыту әдістемесінің негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері қамтылуы тиіс.

Болашақ тарихшы мұғалім:

- тарихты оқытудың әдісін түсіну үшін тарихи білімді қолдану қажеттілігін;
- оқушылардың жас ерекшеліктерін;
- әдебиеттердегі жаңа мәліметтерді пайдалану керектігін;
- қазіргі заманғы оқытудың жаңашыл тәсілдерін;
- тарихи білімді оқытудың ерекшеліктерін білуі тиіс.

Сабақ барысында игерген теориялық мәліметтерді тәжірибеде қолдануды, дәрістерді конспектілеуді, семинар сабақтарына дайындалуды, ғылыми жұмыстың алғашқы сатыларын және тарихилық, ғылымилық принциптерін жүзеге асыруды орындауы тиіс.

Сондай-ақ, пән бойынша білімдерін есте сақтауды және тереңдетуді, тарихи фактілер кешенінде негізгісін табуды, дәлелденген қортындыларды жүйелеуді, талдап қорытуды, оқу материалын өздігінен жинауды және жалпылауды, «Тарихты оқыту әдістемесі» курсы бойынша білімдерді қолдануды, сонымен қатар, тарихи құбылыстарды талдау дағдыларын меңгеруді жүзеге асыру керек.

Басқа пәндерге карағанда тарихи құбылыстардың болжамдарын жасау, әлемнің басқа халықтарының дәстүрлеріне, мәдениеттеріне құрмет көрсету құзыреттіліктерін жалпы мәдени және кәсіби құзыреттермен бірге игеруі тиіс.

«Тарихты оқыту әдістемесі» пәні бойынша негізінен төмендегідей тақырыптар қарастырылады:

1. Тарихты оқыту әдістемесінің пәні мен мақсаттары
2. Тарихты оқыту әдістемесінің қалыптасуы және тарихы
3. Тарихты оқытудың әдістері, құралдары, тәсілдері
4. Тарихи білім берудің құрылымы
5. Тарих сабағындағы жоспарлау
6. Тарих сабағы: классификациясы, түрлері, формасы
7. Тарихты оқытудың инновациялық әдістері
8. Сын тұрғысынан жазу және ойлау технологиясы
9. Жоба әдісі
10. Кейс технологиясы
11. Модульды-блоктық оқыту технологиясы
12. Тарих сабағында Интернет-технологияларын қолдану ерекшеліктері
13. Тарих сабағында оқушылардың білімдерін бағалау
14. Сыныптан тыс тарихты оқыту түрлері
15. Тарих кабинетін рәсімдеу ерекшеліктері [168, б. 523].

Көрсетілген тақырыптар болашақ тарих мұғалімдерінің жалпы әдістемелік дайындығын жүзеге асыруға бағытталған деп білеміз. Оның ішінде «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту бойынша болашақ тарих пәні мұғалімінің дайындығын жекелеген тақырыптарды қосу арқылы күшейтуге болады.

Тарихты оқыту тәжірибесінде оқытушылардың өткен уақыттың барлық жақтарын, атап айтқанда, рухани өмір, тұрмыс, салт-дәстүр, дін және әртүрлі халықтардың өркениетке қосқан үлесі сынды салаларын түсініп, жеткізуге деген талпыныстары байқалады. Сондықтан, тарихты оқыту «адам мен қоғам туралы жалпы білім жүйесін құруға, социологиялық, географиялық және психологиялық тәсілді қамтыған тарихи білім синтезін пайдалануға бағытталуы қажет.

Түрлі әдіснамалық, теориялық, болжамдық өзгерістерді өзіндік ой-елегінен өткізген кәсіби маманның тұлғасы мен білімін дамытуға сәйкесінше пәндік білім салаларын оқу міндеті қойылуда. Сондай-ақ, тарих пәні мұғалімдерінің «тарихты» оқумен біргі мәдениеттану, философия, әдебиет сынды ғылым салаларын оқуға ынталарының арту себебін жалпы алғанда тарихи үдерісті түсіну көпжақты білімді қажет етуінен деп түсіндіреді [177, с. 39-51].

Мектеп қабырғасындағы пәндерде оқытылатын құндылықтар бір пән мазмұнында жүзеге асырылып қоймайды. Білімді жүйелі қалыптастыру, дүниетанымдық идеяларды түсіну үшін пәнаралық байланыстарды орнату маңызды. Пәнаралық және пәнішілік байланыстарды пайдалану жалпы тарих курсының біртұтастығын және маңызды түсініктер мен дүниетанымдық идеяларды меңгеруді қамтамасыз етеді [229, б. 3-4].

Білім беруде пәнаралық байланыстар пәндерге ортақ фактілер, түсініктер, идеялар, іскерліктер мен дағдыларға орай қалыптастырылуы қажет. Сондай-ақ, пәнаралық байланыстар әмбебаптық сипатта болады. Өйткені олардың қызметі мен ықпалы барлық пәндерге жалпы, ортақ болып келеді.

Болашақ тарих мұғалімдерін даярлау мазмұнын талдау негізінде біздер «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуды жетілдіру үшін төмендегідей курсты ендіруге ұсыныс жасадық: «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлау». Көрсетілген сағаттар дәрістерге бөлінген уақыт мөлшерін білдіреді.

Кіріспе.

I Құндылықтардың теориялық негіздері

1. Құндылықтар және олардың түрлері (1 сағат).
2. Құндылықтардың құзыреттілік деңгейінде сипатталуы. Құндылықтар - пәнаралық байланыстар мазмұнында (1 сағат).
3. Құндылықтар – білімдік салада (1 сағат).
4. Құндылықтар – іс-әрекет саласында (1 сағат).
5. Құндылықтар – эмоциональды-құндылық қатынастар саласында (1 сағат).

II «Мәңгілік Ел» құндылықтары және оларды Қазақстан тарихында оқыту

6. «Мәңгілік Ел» құндылықтары және олардың тарих пәнінде қамтылуы (1 сағат).
7. «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытудағы дидактикалық құрылымдар (1 сағат).
8. «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуда тарихи оқу материалдарын әдістемелік талдау (1 сағат).
9. «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытудағы педагогикалық жүйенің мазмұндық сипаттамасы: 1) мақсат қою; 2) оқыту мазмұны; 3) оқыту технологиялары (2 сағат).

III «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға болашақ тарих мұғалімдерінің даярлығы

10. Болашақ мұғалімдердің «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту бойынша білім сфералары (1 сағат).
11. Болашақ тарих мұғалімдерінің «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту бойынша педагогикалық іскерліктері (3 сағат).
12. Оқыту нәтижелерін бағалау (1 сағат).

Ұсынылған таңдау компоненті пәні үшін дәрістерге 15 сағат, семинарға 30 сағат және сәйкесінше ОБСӨЖ бен СӨЖ оқу жұмыстарына 45 сағат қарастырылған. Болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлау үшін оқытушылармен ұйымдастырылған семинар тақырыптарында басымдық берілді:

- 1) Құндылықтарды оқытудағы оқу жұмыстарының түрлеріне;
- 2) Лекция және құндылықтарды оқытудағы олардың мазмұндық ерекшеліктеріне;
- 3) Семинар – құндылықтарды меңгерту құралына;

4) ОБСӨЖ, СӨЖ құндылықтарды меңгертуге бағдарлауға;

5) Педагогикалық өлшеу және бағалау – оқыту нәтижесін анықтау құралына.

Болашақ тарих пәні мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлауда оқыту үдерісі компонентінің бірі – оқыту әдістері мен формалары. Олардың оқыту үдерісінде өзіндік орны бар. Әдіс деп білім беру міндеттерін шешу мақсатындағы мұғалім мен оқушы арасындағы өзара іс-әрекет тәсілі түсінілетіні белгілі. Бұл жөнінде алғашқы тақырыптарда айтылған болатын.

Оқыту әдістері мен тәсілдері көп және оларды таңдау оқу материалы мен оқыту нәтижесіне байланысты таңдалады. Ол жөнінде тарихшы, тарихты оқыту бойынша жазған ғалымдардың еңбегінен үзінділер келтіруге болады.

Болашақ тарих мұғалімдері «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту үшін өздерінің дайындықтары қамтамасыз етілуі тиіс. Сол себепті де, әдістемелік жұмыстар барысында төмендегідей әдістердің орны ерекше.

Тарихнамалық мәтіндермен жұмыс жүргізу әдісі білім алушының білімін кеңейтіп, тиянақты ете түседі. Сонымен қатар, тарихи ойлау дағдысын дамытады, мәтіндермен өздігінше жұмыс істеу шеберлігін шыңдай түседі. Бұл әдісті болашақ тарих мұғалімі меңгеруі және практикада жүзеге асыруы тиіс.

Тарихнамалық мәтінге талдау – тарих пәнін, оның ішінде «Мәңгілік Ел» құндылықтары бойынша оқу материалдарын оқытудағы негізгі әдістердің бірі. Оқыту әдістерінің негізгі міндеті – білім беру үдерісінің мақсатына жету. Оқыту әдістерін дұрыс таңдау оқушылардың ынтасын арттырып, танымдық белсенділігінің дамуына ықпал етеді. Бұл туралы қазіргі заманғы мамандардың оқыту әдіс-тәсілдері сабақ барысын тек бақылап, жүйелендіру үшін ғана емес, оқытушының оқу үдерісінің нәтижесі мен барысын қадағалауға және қажетті өзгерістерді енгізуге мүмкіндік береді [242].

Тарихты, оның ішінде «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуда интербелсенді әдістермен қатар, дәстүрлі әдістердің де жүзеге асырылатыны анықталып отыр. Тарих пәнін оқытуда тарихи құжатпен, дерекпен жұмыс жасау үшін ЖОО болашақ мұғалім мынадай кезеңдерден тұратын реттілік бойынша дайындық көреді:

1) «Мәңгілік Ел» құндылықтары бойынша қарастыратын құжат үлгісін беру;

2) құжатқа талдау жасауда мұғалімнің оқушыға кеңес беруі мен өзіндік жұмысына басшылық ету;

3) сыныптағы және сыныптан тыс уақытта құжатпен, дерекпен жұмыс жүргізу.

Қазақстан тарихы пәні мазмұнындағы «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқушыларға оқытуда тарихнамалық мәтінге талдау тәсілін оқушылар жүзеге асыру үшін мұғалім бірқатар жұмыстарды орындауы тиіс және ол бойынша болашақ тарих пәні мұғалімдерінің даярлығын ЖОО қамтамасыз ету керек. Дәрісханалық оқу жұмыстарында болашақ тарих пәні мұғалімі тарапынан оқу материалдары төмендегідей етіп талдайды:

- мәтіндегі негізгі тақырып пен идеяны анықтау;

- факт немесе оқиғаны пайымдаудағы құндылықтық-мағыналық бағдарды табу;
- келтірілген дәлелдердегі ұстанымдарды тізбектеу;
- мәтін авторының ойлау тәсілін түсіну және негізгі оқиға мен факт туралы өзіндік ұстанымын қалыптастыру;
- жүзеге асыру барысын өрнек, схема ретінде көрсету.

Бұл айтылғандар болашақ тарих пәні мұғалімдерінің әдістемелік даярлығын жетілдіруге мүмкіндік береді. Ол үшін ЖОО педагогикалық үдерісті модельдеу немесе сынақ сабақтарын өткізу бойынша оқу жұмыстары ұйымдастырылады.

Мектеп оқулықтарын, оқу бағдарламаларын әдістемелік талдау – ЖОО болашақ тарих пәні мұғалімдерін даярлау үдерісінде де жүзеге асырылады. Оның себебі, оқыту мазмұнын терең түсінуді қамтамасыз ету.

«Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуда әдістемелік тәсілдердің білім меңгерту құралы болып табылатыны белгілі. Оқытудағы әдістемелік тәсілдер – дегеніміз – нақты міндетті шешуге бағытталған әрекеттер. Жазба-кескіндемелік тәсілдерге мыналар жатады:

- оқиғалардың күнтізбесін жасау;
- кесте, жаңа сөздер сөздігін жасау;
- логикалық сұлбалар мен суреттер салу;
- кескін карта толтыру;
- сөздік-баспалық мәтінімен жұмыс жасау;
- құжаттармен жұмыс жасау;
- синхрондық кесте жасау;
- тарихи білімдерді жүйелеу;
- салыстыру мен дербес қорытынды жасау;
- дағдыларды қалыптастыру.

«Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуда болашақ тарих пәні мұғалімі үшін бірқатар терминдер, ұғымдар түсінікті болуы тиіс. Олар құбылыс, үдеріс, т.б.

Құбылыс – нақты дерекке қатыссыз, орны мен қатысушылары, уақыты көрсетілмеген жалпы ұғымдар (революция, көтерілістер).

Үдеріс (процесс) деп - даму жағдайының бірізділікпен ауысуы. Тарихи үдеріс уақытпен тығыз байланысқан деректер тізбегі, оның байланыстырушысы себеп пен салдар. Мысалы: өнеркәсіптік төңкеріс - мануфактурадан машиналы өнеркәсіпке өтуді сипаттайтын үдеріс [65, б. 36].

Тарихты танудың өзі үдеріске жатады. Ол деректерді игеруден басталады. Тарихта түсінік пен ұғым дегендер бар. Оқып үйренген деректердің негізінде оқушы санасында тарихи ұғымдар мен нақты түсініктер қалады. Ондай әдістердің қатарында бейнелеу, суретін салу, нысанды кескіндемелік тұрғыдан қайта жаңғыртуды атауға болады.

ЖОО оқу жұмыс түрлерін оқыту әдістері мен формасын ажыратуда әртүрлі көзқарастар орын алған. Оларды төмендегідей етін ұсыну да қарастырылған.

Оқыту формалары: лекция, семинар, курстық жұмыс және практикалық курс бойынша семинар, практикалық және лабораториялық жұмыстар, оқытушы басшылығымен жұмыс, өзіндік жұмыс, өндірістік практика, тәжірибелік зерттеулер, жоба бойынша жұмыстар.

Оқытушы әрекеті немесе оқыту әдісі: кеңес беру, зерттеушілік семинарлар, практикалық сабақтар, мәселені шешуді іздеу бойынша сессия, мастер класс, стажировка, өндірістік жұмыстар, топтық жоба жұмыстары, зерттеулерге қатысу, интербелсенді қашықтан оқыту.

Білім алушы әрекеті немесе оқу әдісі: IT әдісі, кітапханадан, Интернет желісіндегі материалдарды іздеу, әдебиеттерді шолу, зерделеген әдебиеттер бойынша резюме (аннотация) жазу, casestudy, тапсырмаларды құрастыру және шешу, қажетті зерттеулер жүргізу және эссе, т.б. жазу.

Оқу жұмыс түрі ретінде лекция түрлері басқаша айтқанда, ауызша жеткізу әдістеріне қарағанда құрылымы, оқу материалдарын жеткізу логикасы, ақпараттардың айқындылығы және қарастырылатын тарихи жағдайды жүйелі сипаттау тұрғысынан ерекшеленеді.

Болашақ тарих мұғалімдеріне «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту бойынша оқу материалдарын меңгерту үшін әдістемелік пәнде төмендегідей оқытудың формалары қолданылады.

Кіріспе лекциясы. Лекцияда берілген курс бойынша құндылықтар, «Мәңгілік Ел» құндылықтары, т.с.с. жүйе жайлы және Қазақстан тарихы пәнінде оларды оқыту жөнінде алғашқы мағлұматтармен студентке бағдар беріледі.

Лектор студенттерге пәннің, оқу материалдарының мақсаты мен міндеттері жайлы, оның басқа пәндер, пәнаралық оқу материалдары арасындағы алатын орны, маман дайындау жүйесіндегі маңызы жайлы толық түсіндіріп өтеді [170, с. 51-64]. Курсқа қысқаша шолу жасалып, тарихи білімнің, тарихи білім берудің ғылым мен практикамен байланысты даму кезеңдерін, осы саладағы жетістіктер, белгілі ғалымдардың есімдері, осы бағыттағы зерттеу жұмыстары жайлы айтылады. Арнайы лекцияда, яғни «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлау үшін таңдау пәнінің көлеміндегі әдістемелік әдебиеттерге шолу жасалады, қорытынды бақылау, есеп беру формалары және оның мерзімі анықталады.

Ақпаратты лекция. Студенттерге ойлау түрлерімен қорытып, есте сақтауға бағытталған ақпаратты беруге және түсіндіруге арналады [223, б. 240-243]. Бұл жоғары мектеп практикасындағы ең дәстүрлі лекция түрі. «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуда, ақпарат беруде алатын орны ерекше.

Шолу лекциясы. «Мәңгілік Ел» құндылықтары бойынша оқу материалдарын жоғары ғылыми деңгейде жүйелеуге көмектеседі. Ақпаратты ой елегінен өткізгенде пәндік және пәнаралық байланысқа мән береді, тақырыпты оқытуда нақты жіліктеп емес, шолып өтеді. Әдетте шолу лекциясы «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға байланысты бір бөлім немесе толықтай таңдау курсы бойынша оқылады және сол курс бойынша негізгі ғылыми түсінік береді.

Проблемалық лекция. Бұл лекцияда жаңа білім проблемалық жағдай, проблемалық сұрақтар, проблемалық мәселелер арқылы беріледі. Мұндай жағдайда студенттің «Мәңгілік Ел» құндылықтары бойынша танымдық үдерісі оқытушымен бірлесіп жұмыс істегендіктен, зерттеу жұмысына ұқсайды.

Мәселенің мазмұны оның шешімін табу жолдарын ойластырумен, дәстүрлі және қазіргі жаңа көзқарасты жинақтаумен ашылады[223, б. 243].

Визуальдық лекция. ОТҚ (интербелсенді тақта) және аудио-видеотехника көмегімен лекция материалдары визуальды формада беріледі. Мысалыға, «Мәңгілік Ел» құндылықтарының бірі – «Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбы бойынша жасалған тарихи материалдарды теледидар жүйесінен жинақтап, студенттердің назарына ұсынады. Солардың бірі ретінде – 1986 жылғы желтоқсанда түсірілген тарихи деректі фильмдерді айтуға болады. Аталған лекцияны мазмұнды, әсерлі ету үшін ЖОО оқытушысының қорытынды пікірінің алатын орны бар. Мұндай лекцияны оқу, қарастырылған визуальдық материалды кеңейтілген түрде немесе қысқаша шолу жасап өту үшін керек.

Бинарлық лекция. Бұл лекция екі оқытушының арасындағы диалог формасында оқылатын түрі (екі ғылыми мектеп өкілдерінің арасындағы әңгіме немесе ғалым мен практикант, оқытушы мен студент, т.б.) [223, б. 247]. «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуда «Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбын оқуда тарихшы оқытушы мен педагогика саласы бойынша оқытушы-профессор құрамының бірлесіп, лекция оқуын айтуға болады. Тарихшы оқытушы тәуелсіздік жөніндегі оқу материалдарын қарастырса, педагог сол оқу материалының астарында жатқан адами құндылықтарды студенттерге айтып береді. Сондай-ақ, «Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім» құндылығын оқыту үшін экономикалық пәндердің оқытушыларын лекция оқуға қатыстыруға болатынын тәжірибе көрсетуде.

Алдын ала қателерімен жоспарланған лекция. Ұсынылған ақпаратты студент үнемі қадағалап отыруға (кателерді іздеуге мазмұнынан, әдістемесінен, орфографиялық т.б.) арналған. Лекция соңында жіберілген қателерге талдау жасалады. «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту үшін оқу материалдары сабақ түріне байланысты конспект құрылымында қателікпен түзіліп ұсынылады. Сол қателікті студенттер анықтап түзетулер ұсынылады. Қорытынды сабақ пен білім мен іскерлікті бақылау сабақ түрлерін студенттердің қаншалықты дұрыс ажыратынын көруге болады.

Конференция лекциясы. «Тәуелсіз Қазақстан» (немесе «Мәңгілік Ел» құндылықтарының басқа түрлерін) тақырыбын оқыту бойынша алдын ала қойылған мәселе және ұзақтығы 5-10 минут баяндамалар жүйесі бар ғылыми практикалық сабақ ретінде ұйымдастырылады. Әрбір сөйлеуші логикалық аяқталған ойды айтады (сабақтың құрылымы бойынша). Олар оқытушы алдын ала ұсынған бағдарламаға сәйкес болады. Лекция соңында оқытушы студенттердің өз бетінше атқарған жұмысы мен сөйлеген сөздеріне баға береді, ұсынған хабарламаға анықтамалар бере отырып, негізгі қорытындысын жасайды. Ол сабақтың құрылымына, әдістемелік талдауға сәйкес сабақтың

дидактикалық құрылымы анықталған сабақ жобасының дұрыс, толық шығуына септігін тигізеді [223, б. 246].

Кеңес беру лекциясы. Әртүрлі сценарий бойынша өткізуге болады. Біріншісі – «сұрақ-жауап» түрі. «Мәңгілік Ел» құндылықтарын мектепте оқыту бойынша лекция барысында лектор бүкіл курс бойынша немесе әрбір құндылықты оқыту бойынша студенттердің сұрақтарына жауап береді [223, б. 245-246]. Мұндай лекцияның екінші түрі “сұрақ-жауап-сайыс” болып келеді. Лектор әрбір жаңа ақпармен, оның ішінде құндылық түрлерімен таныстыруды сұрақ қою және қойылған сұраққа жауап іздеу мақсатында сайыс ұйымдастыру арқылы іске асырады.

“Ми шабуылы” лекциясы. Лекцияда оқытушы студенттердің алдына «Мәңгілік Ел» құндылықтарын нәтижелі оқыту үшін шешімі табылуға тиісті мәселені қояды. Олар әрбір құндылықты оқу пәні мазмұны бойынша оқыту үшін дидактикалық құрылымдарды қалай анықтауға болады? Студенттер бұл мәселені шешу үшін өз пікірлерін білдіріп жатады. Мұнан соң студенттердің айтқан ойларын оқытушының көмегімен сарапшылар тобы талқылайды. Студенттердің жауаптары ретінде тіркелетіні [223, б. 246-247]: әрбір тақырыптың аясындағы тақырыпшаларды негізгі дидактикалық құрылым ретінде алу немесе жылдар бойынша өзгерістерді назарға алу, фактілерді, оқиғаларды, т.с.с. оқу элементтерін басшылыққа алу ұсынылуы мүмкін.

Аталған лекцияның негізгі ережесі - кез келген идеяны айтуға рұқсат етіледі. Ми шабуылы кезінде идеяларды айтуды тоқтатуға, сын-пікір айтуға болмайды. Барлық идеяларды жүргізуші жазып алады және қатысып отырғандарға ұсынады. Шолу және қорытынды лекцияларда, жаңа материалды проблемалық жолмен баяндауда аталған әдіс кеңінен қолданылды.

Кез келген лекцияның жалпы құрылымдық тірекшесі - тақырыпты дұрыс қоюды ойластыру, лекция жоспарын өз бетінше жұмыс істеуге арналған әдебиеттерді ұсыну, содан кейін берілген жоспарды лекция барысында қатаң сақтау.

Болашақ тарих мұғалімін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлауда лекцияның нысаны тарих ғылымы тарихында әлемдік тарихи жағдайлардың себеп-салдарлық сипатын, әлеуметтік-саяси факторларын, қоғамдық өмірдегі мәдени құндылықтардың, дәстүрлердің, әдет-ғұрып, нормаларды, тарихи кезеңнің, оқиға мен құбылыстың адамзат өмірімен халық тарихындағы мән-мағынасын ашып көрсету болады. Осылайша, лекциялар тарих ғылымының пәндік саласындағы мазмұн туралы түсінікті қалыптастырушы негізгі әдіс қызметін атқарады.

Лекцияның тиімділік шарттары:

- 1) оқытушының лекция жоспарын бөлшекті қарастыруы;
- 2) оқушыларды лекция тақырыбымен, мақсатымен, міндеттерімен таныстыруы;
- 3) ақпаратты логикалық жүйелі және сабақтастықта жеткізуі;
- 4) лекция құрамындағы әрбір мәселеден кейін қысқаша түрде жалпылама қорытынды жасап отыруы;

5) лекцияның бір бөлімінен екінші бөліміне логикалық байланысты сақтай отырып көшуі;

6) ақпаратты ұсынудың мәселелігі мен эмоционалдығы;

7) мысал, салыстыру, анық айғақтарды өз орнында қолдануы;

8) аудиториямен байланыста болу, студенттердің ойлау іс-әрекетін басқаруы;

9) лекциядағы негізгі жағдайларды жазып алуға мүмкіндік беретін материалды ұсынудың тиімді жиілігін сақтауы;

10) жазып алуға қажеттіні бөліп көрсетеуі;

11) өтілетін ақпаратты қабылдау мен түсінуді жеңілдету үшін оқу материалына көрнекілік қолдануы;

Лекциядағы оқу материалдары семинар және практикалық сабақтарда талдану нәтижесінде білімді тәжірибеде қолдану дағдысы қалыптасады (Пидкасистый П.И., 1998; Подласый И.П., 2000; Якунин В.А., 1998 және т.б.).

Лекцияның қазіргі таңдағы оқылуы бойынша құрылымы да ерекшелік сипатқа ие болуда. Олар: проблеманы айқындау, проблеманы шешу, проблема шешімін қолдану кезеңдерін қамтиды. Осындай құраушылардан тұратын лекция барысы білім алушылардың белсенділігін және алған білімді практикада қолдануды қамтамасыз етеді. Студенттердің алған білімдерін практикада қолдануын қамтамасыз ететіні семинар болып табылады. Семинар-студенттердің теориялық білімін практика түрінде қолдануға мүмкіндік беретін оқу жұмысының түрі. Семинар сабақтар студенттерге оқу үдерісінде кәсіптік шығармашылық тұрғыдан ойлауды қамтамасыз етеді. Семинар сабақтар оқытудың сан түрлі құбылтып өтуге болатын формасы. Онда негізгі бағыт беруші негізінен оқытушы болғанымен, студент, яғни болашақ тарих мұғалімінде өз бетінше көп жұмыс істеуіне көп мүмкіндік беріледі. Семинар оқу жұмысының барлық түрімен тығыз байланысты: ең алдымен лекциялық оқытумен және өз бетінше жұмыс істеумен. Сондықтан да, семинардың сапасы лекцияның сапасына және студенттің өз бетінше қалай жұмыс істеуіне байланысты болады [223, б. 252-254]. Семинар сабақтарды оқытушының басқаруымен пікірталас ретінде өткені пайдалы. Семинарда оқу бағдарламасының негізгі бөлімдері қарастырылады. Сонымен бірге, студенттер даярлап келген рефераттар мен баяндамаларды талдауда көп тараған семинар түріне жатады. Жоғары оқу орындарында семинар сабақтардың кең тараған түрлері зерттеу семинарлары ол лекцияның тақырыбына байланысты емес. Оның мақсаты болашақ маманның алдынан шығатын кейбір ғылыми практикалық проблемаларды шешу болып табылады.

Тақырыпты дайындау әр студенттің белсенді түрде қатысуымен ұжымдық жағдайда іске асырылады. Семинар сабақтарда пәннің мазмұны бойынша проблемалық оқыту принципін іске асыру және бар білімін шығармашылыққа жұмсау үшін қолдануға үйрету қажет. Болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлауда проблемалық оқытуда сұрақтардың түрлерін орынды қолдану үлкен мәнге ие. Сұрақтардың төмендегідей түрлерін біздер оқыту әдістемесі бойынша дайындықты жетілдіруде кеңінен қолдандық.

Олар, ынталандыру сұрақтары: күмәнді-сұрақ (таңданыс), есіне түсіру-сұрақ (тұспалдау), құптау-сұрақ (мақұлдау).

Болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлауда оқытудың белсенді (активті) әдістері кеңінен қолданылады. Дәстүрлі оқыту формалары үшін әдіс-тәсілдер ойластырылған; кеңінен қолданылып жүргендердің ішінде ерекше орын алатыны оқытудың белсенді (активті) және аралық белсенді (интерактивті) әдістері. Оқытудың белсенді әдісі дегенде оқу үдерісінде жеке адамның белсенділігін арттыратын әдісті айтады. Оқытудың белсенді әдісі: өнімді, шығармашылық, ізденушілік мазмұнда болады. Оған дидактикалық ойындар, нақты жағдайда сараптама жасау, мәселелерді шешу, алгоритм бойынша оқыту және т.б. жатады. Сонымен бірге оқытудың интенсивті әдістері қолданылады, олар оқытуды ұйымдастыруды қысқа мерзім ішінде, ұзартылған бір реттік және оқытудың белсенді әдісін пайдаланумен ерекшеленеді. Оқытуды интенсивтендіру, арттыру дегеніміз адамның эмоциясы мен санасына сүйену. Психологиялық тренинг көмегімен сезу, сараптау, есте сақтау мен ақпаратты пайдалану күшейтіледі [223, б. 329-333]. Осы мақсатта «Мәңгілік Ел» құндылықтарының астарында жатқан адами құндылықтарды және оларды түзетін адами қасиеттерді іріктеу үшін болашақ тарих мұғалімдерімен тренингтер ұйымдастырылды. Әрбір тақырыпта «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту барысында оқушылардың меңгеруі тиіс құндылықтарды іріктеу мен оларды оқушы санасында қалыптастыру үшін сұрақтар іріктеуге баса назар аударылды.

2. Пікірталас (дискуссия). Оқу үдерісінің барысында бұл оқыту әдісін семинар сабақтарының бағдарламасына енгізу қарастырылған. Оқу дискуссиясы батыстың жоғары оқу орындарында жемісті қолданылып жүргендігі белгілі. Бұл өзіндік пікірді нығайтуға және оның дами түсінуіне бағытталған. Дискуссияның негізгі қызметі – студенттің танымдық қызығушылығын ынталандыру, өзіндік көзқарасын, өзінің ойын дәлелді сөйлеуге дағдыландыруды және ұстанымын қорғай білуді қалыптастыру. Сонымен бірге, оқыту әдістерінің оқытушылық, дамытушылық, тәрбиелеушілік және бақылау-түзетушілік қызметтері белсенді түрде жүзеге асады. Дискуссия тиімділігінің маңызды шарты студенттерді мазмұндық және формалық тұрғыда алдын ала дайындау. Мазмұндық дайындау алдағы дискуссияның тақырыбы бойынша негізгі білімдерді қалыптастырудан тұрса, формальды дайындау білімді жеткізу формасын тандап алумен анықталады. Ал, білімсіз дискуссия нысаны жоқ, мағынасыз болатындығы белгілі. Ойды шатастырмай, қайшылықсыз жеткізу дағдысын дамытуға мүмкіндік береді. «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту үшін болашақ тарих мұғалімдерінің даярлығы екі құраушыдан тұратыны көрінін тұр. Оның біріншісі, олардың академиялық және екіншісі, әдістемелік даярлығы. Осы себепті, дискуссия аталған дайындық деңгейлері бойынша ұйымдастырылады.

3. Кітаппен жұмыс. Бұл әдіс студент үшін оқу ақпаратын өзіне ыңғайлы жерде және қажетті уақытта өңдеуге мүмкіндік береді. Кітаппен өзіндік жұмыстың мақсаты оқу тапсырмаларын дұрыс орындау үшін қажетті және оқу

іс-әрекетін түзетуде, жаңа материалды меңгеруде, оқу ақпараттарының жеке бөліктерін талдауда, бақылау тапсырмаларын орындауда талап етілетін білімді қалыптастыру.

Тарихты оқыту әдістемесі пәнінде болашақ мұғалімдерге орта мектептегі «Қазақстан тарихы» пәні мазмұнындағы «Мәңгілік Ел» құндылықтары бойынша тақырыптарды зерделеу және іріктеп жазып шығу тапсырылды. Нәтижесінде студенттер 5-11-сыныптарға арналған «Қазақстан тарихы» пәнінің мазмұнын талдауды жүзеге асырды. «Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы» құндылығына қатысты 5-сынып «Қазақстан тарихы» пәні мазмұнындағы төмендегідей оқу материалдарын болашақ тарих мұғалімдері анықтады: сақтардың тәуелсіздік үшін күрестері, парсылармен соғысы, Шырақтың ерлігі; Қазақстан территориясындағы көне түркілер («түркі» түсінігі); Керей мен Жәнібек сұлтандардың бөлінуі және өздерінің руларымен Моғолстан территориясына қоныстануы, қазақ хандығының құрылуы, жүздердің қалыптасуы, Қасым хан тұсындағы қазақ хандығының күшеюі; XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстары; «Тәуелсіз Қазақстан» (3 сағат): Қазақстан – егеменді мемлекет, КСРО-ның құлауы, Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін жариялауы, Н.Ә. Назарбаев – тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш президенті; Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері (мемлекеттік рәміздер туралы түсінік, қазақ халқының мемлекеттік рәміздері тарихынан, Қазақстан Республикасының рәміздері), Ата заң – болашақ кепілі, Ұлт бірлігі және ұрпақтар сабақтастығы;

Астана – Қазақстанның жаңа астанасы (біздің еліміздің бас қаласы), Қазақстан астаналары (Орынбор, Қызылорда, Алматы), 1997 жыл – Астана қаласының еліміздің елордасы болып жариялануы. Осылайша басқа да «Мәңгілік Ел» құндылықтарының түрлері бойынша оқу материалдарын зерделеу мен талдау бойынша болашақ тарих пәні мұғалімдері өзіндік жұмыс жасады.

Бұл әдістің тиімділігін анықтайтын факторлар арасында: мәтінді еркін оқып түсіну; оқылатын ақпараттың негізгісін ажырата алу; жазба жұмысын жасап, құрылымдық, логикалық схемалар құру; зерттелетін мәселе бойынша әдебиеттерді іріктеу сынды дағдыларды атауға болады.

4. Практикалық әдіс. Бұл әдіс студенттердің тәжірибелік іс-әрекетіне негізделген. Оқу процесінде оның көмегімен тәжірибелік дағды және қабілет қалыптасады (Пидкасистый П.И., 1998). Тәжірибелік әдістерге жаттығу, лабораториялық және практикалық жұмыстарды жатқызуға болады.

Бірінші кезекте, студенттердің теорияны практикада қолдану дағдысы тұрады. Аталған әдіс білім мен дағдыны тереңдете түсуге бағытталған, сонымен қатар, студенттің танымдық белсенділігін ынталандыруға, тапсырманың шешімін бақылау мен түзетуге мүмкіндік береді. Практикалық сабақта оқушылардың танымдық іс-әректі бес кезеңнен өтеді:

- 1) оқытушының түсіндіруі. Жұмысты теориялық пайымдау кезеңі.
- 2) көрсетілім. Таныстыру кезеңі.

3) сынақ. Бұл кезеңде екі үш студент жұмысты орындайды, ал басқалары бақылап отырады және егер жұмыста қателіктер кетсе, оқытушы басшылығымен ескертулер жасайды.

4) жұмысты орындау. Бұл кезеңде әркім өз бетінше тапсырманы орындайды. Оқытушы тапсырманы орындауға қиналатын студенттерге көбірек назар аударады.

5) Бақылау. Бұл кезеңде оқушылардың жұмысы қабылданып, бағаланады. Орындалған жұмыстың сапалылығы, уақытты, материалды ұтымды пайдалануы және дұрыс, жылдам орындауы есепке алынады.

Осы жұмыстың шеңберінде практикалық әдістің: 1) жаттығу; 2) практикалық жұмыс сынды түрлері қолданылады. Практикалық әдістің ішінде жаттығу жоғары тиімділігімен ерекшеленеді. Жаттығу – сапаны меңгеру немесе дамыту мақсатында жоспарлы ұйымдастырылған, қайталамалы іс-әрекетті орындауды білдіретін оқыту әдісі (Подласый. И.П., 2000). Бұл әдістің тиімділігі дағды мен қабілетті қалыптастыру мен ерекшеленеді. Жаттығуды оқу әдісі ретінде қазіргі заманғы жіктеуде арнайы, туынды және түсіндірмелі деп бөледі. Арнайы жаттығу деп оқу және еңбек дағдысын қалыптастыруға бағытталған бірнеше рет қайталанатын жаттығуды атайды. Егер арнайы жаттығуға бұрын қолданылған іс-әрекет енгізілсе, онда оны туынды жаттығу деп атаймыз. Туынды жаттығу бұрын қалыптасқан дағдыны қайталауға және нығайтуға мүмкіндік береді. Түсіндірмелі жаттығу оқу процесі белсенділігі мен сабақ тапсырмасының саналы түрде орындалуына жағдай жасайды. Бұл әдістің мәні оқытушы мен оқушы орындаған іс-әрекетін түсіндіруінде және соның нәтижесінде олар қажетті білімді меңгереді, саналы түрде түсінеді.

Оқу процесінде жаттығуды тиімді жүзеге асыру мақсатында бірнеше талаптар қойылады. Оған: 1) оқушының оқу іс-әрекетінің сапасын көтеруге саналы түрде бағытталуы; 2) оқушылардың іс-әрекетті орындау ережелерін білуі; 3) іс-әрекет орындалуы керек жағдайда бақылау және өзіндік есеп беру; 4) қол жеткізілген нәтижелерді ойша пайымдау; 5) іс-әрекетті және қайталауды уақыт бойынша ретпен қою.

Тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы құндылықтарына бағдарлау мен әдістемелік пәндерінің ерекшелігіне сәйкес жаттығудың келесідей түрлерін қолдануға болады:

1. Жазбаша жаттығу, студент білімінің нағаяуы мен дағдының қолданылуы үшін пайдаланылады. Бұл жаттығу логикалық ойлаудың дамуына, жазу мәдениетінің өзіндік жұмыс жүргізу қабілетінің қалыптасуына мүмкіндік береді.

2. Графикалық жаттығу негізінде студент схема, кесте, график құрастыру дағдысын меңгереді, сонымен қатар бұл жаттығу жазбаша түрде жасалып, оқу ақпаратының жақсы қабылдануына пайымдау және есте сақтаудың жетілуіне жағдай жасайды.

3. Оқу еңбек жаттығуы еңбексүйгіштікке тәрбиелеуге мүмкіндік беріп, өндірістік еңбекке баулиды; Бұл жаттығудың мақсаты оқушылардың кәсіби іс-

әрекетінде кәсіби дүниетанымын қолдану аспектісінде пайдалануға меңгерту. Практикалық жұмысты белгілі бір тақырыпты өткеннен кейін жүргізу қажет.

Тарихи білім беру қоғам мен мемлекет, тұлға қажеттіліктеріне бағытталған оқыту және тәрбие үдерісі ретінде анықталады. Тарихты оқытудың нақты мақсаты – тұлғаны қоғамдық даму басымдықтарына бағдарлау. Сондықтан, тарихи білім берудің негізгі міндеті өзінің іс-әрекетінде жалпыға ортақ әлеуметтік-мәдени нормалар мен құндылықтарды басшылыққа алатын тұлғаны интеллектуалды дамыған және зиялы, отансүйгіш азамат ретінде қалыптастыру.

Оқу іс-әрекеттерін орындау барысында студенттер үшін өздігінен қайшылықтар туындап отырады. Осы ішкі қайшылықтарды шешу мақсатына дәріс, семинар, конференция, пікірталас, симпозиум және т.б. сабақ түрлері құрал ретінде көмекке келеді. Оқытудың инновациялық әдістері педагогикалық үдерісте студент пен оқытушының бірігіп жұмыс жасауы барысында оқытудың жаңа мақсаттарын, әдістерін, мазмұнын және оқытудың жаңа формаларының енуіне мүмкіндік жасайды. Осындай инновациялар педагогикалық бастаулардың арқасында осыған дейін жаңа әдістер мен жобалар қолданылды және болашақта әлі де дамытылады. Бүгінгі таңда көптеген оқытушылар оқытуда жоғары нәтижеге жету мақсатымен заманауи техникалар мен оқытудың инновациялық әдістерін пайдалануда. Бұл әдістерге белсенді және интербелсенді формалар жатады. Оқытудың белсенді әдістерінің бірі – жобалау. Жоба – бұл бүгінгі күні өте кеңінен танымал ұғым. Бұл сөзді әрдайым ойында жүйрік жобалар болатын адам туралы айтқанда қолданады. Жобаны өмірде іске асыруда түрлі мәселелер туындап, кедергі болуы мүмкін. Болашақ тарих мұғалімдері «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту үшін жоба жұмыстарын орындайды.

«Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлық көру үшін жобаны орындау кезеңдерінде болашақ тарих мұғалімдері төмендегідей жұмыстарды атқарады:

1. Дайындық кезеңі: студенттердің құндылықтарды оқыту бойынша жоба тақырыптарын таңдауы, оны негіздеуі, жобаны орындау бойынша іс-әрекет мотивациясын құруы; студенттердің оқытушымен бірге жобаны орындау бойынша жұмыс жоспарын әзірлеуі; жұмсалатын күш-жігер шығындарын бағалау;

2. Конструктивтік кезең: жобаны орындаудың, сабақ түрлері бойынша «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту мүмкін болған бірнеше нұсқаларын қарастыру және ең тиімді нұсқасын іріктеу; қажетті ақпаратты жинау мен өңдеу, қажетті әдебиетті, ақпарат көздерін зерттеу; сабақ конспектісін әзірлеу; жобаны орындау үшін қажетті материалдар, жабдықтар және аспаптар дайындау; ұжымдық және топтық жобалар үшін міндеттерді бөлу;

3. Технологиялық кезең: технологиялық карта, әдістемелік нұсқауларға сәйкес жобаны орындау, сабақ үлгілерін әзірлеу; ағымдық бақылау және іс-әрекетті түзету;

4. Қорытынды кезең: әзірленген сабақ жоспарын, конспектісінің сапасын өз бетінше бағалау (ойластырылған конструкцияның стандарт талаптарына

сәйкес); ұжым ішінде жобаны алдын-ала қорғау; комиссия алдында жобаны қорғау.

Жобалау әдісі зерттеу әдістеріне жатады. Оның негізіне студенттердің өз бетімен алған білімдерін құрастыруға, ақпараттық аймақта жол таба білуге, сыни ойлау қабілеті мен шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға жағдай жасайды. Жобалау әдісі студенттердің белгілі бір уақыт аралығында өз бетінше, жұптасып, шағын топ болып жұмыс жасауларына мүмкіндік жасайды. Келесі кезекте, болашақ тарих мұғалімдерінің «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту бойынша даярлығын қалыптастыруда кейс әдісінің рөлі ерекше. Case-study әдісі немесе нақты жағдаят әдісі (ағыл.тілінен case – оқиға, жағдаят) – оқытуға негізделген нақты жағдаятты (кейсті) шешу әдісі.

Нақты оқу жағдаяттарын талдау (case study) – мәселені айқындау, іріктеу және шешу; ақпаратпен жұмыс – жағдаятта сипатталған бөлшектердің мәнін ұғыну; ақпараттар мен аргументтерді талдау және жинақтау; ұсыныстармен және қорытындылармен жұмыс жасау; альтернативті бағалау; шешім қабылдау; басқа адамдарды тыңдау және түсіну – топтық жұмыс дағдылары салаларында дағдыны жетілдіруге және тәжірибе алуға арналған оқыту әдісі [243]. Бұл оқыту әдістемесінің дайындық құраушыларын және өтілген сабаққа сәйкес мәселені студенттер арасына салу және оны талдауға таптырмайтын әдіс болып табылады. Себебі, мұнда студент берілген проблемалық жағдаятты нақты шешуге әр түрлі балама ұсыну үшін білім алушы шынайылыққа жақындалған уақиға мен жағдаят жинағын зерттеп, талдап бағалау керек.

Әдістің негізгі мақсаты: білім алушыларды нақты мәселені шешуге дайындау. Білім алушылар дұрыс шешімді ұсыну ғана емес, сонымен қатар топта жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, шынайылықты, жеке тәжірибені түсіну, талдау қабілеттілігі және қатер тудыратын шешімдерді ұсынуға тырыспау қажет.

Студенттер – болашақ тарих мұғалімдері «Мәңгілік Ел» құндылықтары бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарымен шұғылданады. Соның барысында оларда интеллектуалдық іскерліктер қалыптастырылады. Зерттеуші ғалымдардың пікірлеріне сәйкес [244] оларға төмендегідей компоненттерді жатқызуға болады:

1. «Мәңгілік Ел» құндылықтарына қатысты ақпараттардың ең бастысын, мәні барын бөліп қарау;
2. Әрбір құндылықты сипаттайтын оқу материалын жүйелеп, оны схемада көрсету;
3. Құндылықтар бойынша өзінің жауабында не сөйлеу керектігін таңдау; жауап беру кезінде салыстырулар мен қорытындылар жасау;
4. «Мәңгілік Ел» құндылықтары бойынша алғашқы дерек көздерін пайдалану және олардағы оқу материалдарын жауап беру кезінде қамту;
5. Құндылықтарды түсіну, ұғыну үшін анықтамалық әдебиеттерді пайдалану;
6. Құндылықтарды қамтыған оқу мәтінін графикалық бейнелеу үшін схемаларды таңдау;

7. Оқу материалдарындағы логикалық байланыс басымдықтарын және олардың бірінен біріне өтуді атап көрсете отырып, әңгіме құру;

8. «Мәңгілік Ел» құндылықтарын қамтыған оқу материалын салыстыра отырып ашу;

9. «Мәңгілік Ел» құндылықтарын қамтыған оқу материалдарын түзетін мәтіндегі танымдық міндетті түсіну;

10. Құндылықтарды түзетін зерттеліп отырған фактілер мен оқиғаларға қатысты өзінің пікірін айту;

11. «Мәңгілік Ел» құндылықтарын қамтыған жаңа материалды зерттеуге байланысты сұрақтарды өзбетімен құрастыру және оны белгілі фактілер мен ережелермен салыстыру;

12. Бірнеше дерек көздерін пайдаланып «Мәңгілік Ел» құндылықтарын түзетін оқу материалдарын анықтау үшін қарапайым зерттеу жүргізу (құжаттар, бақылау, эксперименттер);

13. «Мәңгілік Ел» құндылықтарын зерделеу бойынша болжам құрастыру, оны тексеру жолдарын белгілеу;

14. «Мәңгілік Ел» құндылықтарын түзетін оқу материалдарын (фактілерді, тарихи материалдарды, т.б.) салыстыру, қорытынды жасау; мәнді белгілері бойынша ақпараттарды жіктеу;

15. Құндылықтарға қатысты тарихи түсініктерді түзетін абстрактылы құбылыстарының мағынасын ашу;

16. «Мәңгілік Ел» құндылықтары және оларды оқыту бойынша оқу орнында алған білімін тәжірибеде қолдану тәсілдерін табу.

Болашақ тарих мұғалімдерінің «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлығын қалыптастыруда педагогикалық пратикалардың рөлі жоғары. Олардың ішінде: зерттеу, тәрбие, сабақ беру және педагогикалық (өндірістік).

Педагогикалық практика студенттердің толық мәнді даярлығын қамтамасыз етуге бағытталады.

Педагогикалық іс-тәжірибенің мақсаттары мен міндеттері: студенттердің мектеп қабырғасында өтетін оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру практикасы оқу барысының құрамды бөлігі болып табылады. Практика барысында студенттердің теориялық білімдері мен іс-тәжірибелік дағдыларының деңгейлері оқыту және тәрбие жұмыстарын жүргізу барысында тексеріліп, анықталады.

Іс-тәжірибенің мақсаты студенттерді орта білім беретін мектептің басқару органдарымен, олардың жұмысымен: оқу-тәрбие, әдістемелік, өндірістік, барыстарының өзгешелігімен, мұғалімдердің іс-әрекет түрлерімен, олардың мазмұны мен таныстырып, студенттердің кәсіптік машықтану деңгейін көтеру.

Іс-тәжірибенің міндеттері: оқу-тәрбие барысымен таныстыру; педагогикалық бақылау жүргізу оны талдай білу дағдысын жетілдіру, мектептің іс-құжаттары мен таныстыру; сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын өткізу және оны талдай білудің дағдылары мен машығын игерту; педагогикалық үдерісте

оқушылармен қарым-қатынасты жасау дағдысымен оны ұйымдастыра алу қабілетін дамыту, кәсіби бағдар бағытын қалыптастыру.

Іс-тәжірибенің мазмұны: тәжірибелі мұғалім әдіскерлердің сабақтарына қатысып, оларды талдауы; оқыту барысында зерттеуді бағытталған бір қатар тапсырмаларды орындау (сабақта, зейінді қалыптастыруды ұйымдастыру, ойды жетілдіру т.б.), бақылау күнделігін жүргізу, сабақ өткізу, оқу құжаттарымен танысу, тәрбие жұмыстарына қатысу және оны ұйымдастыру, талдауы. Бұл педагогикалық іс-тәжірибе барысында студент өзінің болашақтағы кәсіби-педагогикалық іс-әрекетін айқын болжай алуы.

Құндылықтар негізінде тарихи ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіледі және оны төмендегі суреттен көруге болады (4-сурет).



4-сурет – «Мәңгілік Ел» құндылықтары бойынша болашақ тарих мұғалімдері орындайтын ғылыми-зерттеу жұмыстары

Сонымен, жоғарыдағы мазмұндауларды басшылыққа ала отырып ЖОО болашақ тарихшыларды даярлауда төмендегідей оқыту/оқу әдістері кеңінен қолданылады:

- лекция, оның ішінде проблемалы баяндау, алдын ала кәтемен жоспарланған, бинарлы лекция және лекция-конференция түрлері;
- проблемалы семинарлар, тарихи білім беруді оқытуды талқылау және білім қалыптастыру үшін;
- тарихи дерек көздерімен жұмыс жасату;
- IT технологияны пайдану, ақпарат көздерінен тарихи мәліметтерді алу және оларды пайдалану үшін;
- жоба әдісі, мектеп оқушыларында тарихты оқытуда «Мәңгілік Ел» құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған;
- кейс әдісі, болашақ тарих пәні мұғалімдерін өмірлік жағдаяттарды талқылауға даярлау үшін.

Келесі тақырыпта біздер, «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға болашақ тарих мұғалімдерінің даярлығы бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперимент жұмыстарын баяндайтын боламыз. Оның мазмұнында зерттеудің теориялық ұстанымдарының жүзеге асырылуы қамтылады.

3.2 «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға болашақ тарих мұғалімдерін даярлаудағы тәжірибелік-педагогикалық жұмыстарының нәтижелері

Болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлау бойынша зерттеу жұмысына байланысты тәжірибелік-экспериментіне Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті мен Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтынан 126 білім алушы қатынасты. Эксперимент тобына - 64, бақылау тобына - 62 білім алушы қатыстырылды.

Зерттеу жұмысының 2.2 тақырыпшасында болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлығын эксперимент жүргізу үшін көрсеткіштер, өлшемдер анықталған болатын. Біздер анықталған мәліметтерге байланысты анықтау экспериментін жүзеге асырдық және алынған мәліметтер төмендегідей сипат алды (7-кесте).

7-кесте - Анықтау экспериментінің нәтижелері

Қалыптастырылу деңгейлері	Анықтау эксперименті			
	Эксп.тобы (64)		Бак.тобы (62)	
	%	Адам	%	Адам
Жоғары	7,8	5	8,1	5
Орта	39,1	25	41,9	26
Төмен	53,1	34	50,0	31

7-кестеге сәйкес төмендегідей пікір айтуға болады. Екі топтада жоғары деңгей шамалас болды, яғни жуық шамамен 8 %-ды құрады.

ЖОО практикасы біз зерттеп отырған сапалық қасиеттерді өз деңгейінде қалыптастырмайтыны анықталды.

Болашақ тарих пәні мұғалімдерінің «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлығын қалыптастыру мәселелерін теориялық зерттеумен, моделін ғылыми негіздеумен қатар, зерттеуде даярлықтың қалыптастырылуының сапасын бағалау мақсаты, міндеттерін, мазмұнын анықтау және болашақ тарихшы мұғалімдердің оқушыларда құндылықтарды оқытуға даярлау әдістемесін эксперимент жолымен тексеру қажет болды.

Тәжірибелік-педагогикалық жұмысының мақсаты болашақ тарихшы мұғалімдерді «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлығын қалыптастыру тиімділігін тексеруге бағытталды.

Эксперименттік зерттеуді ұйымдастыру үш кезеңде жүзеге асырылды: анықтау, қалыптастыру және бақылау. Эксперимент жұмысының барлық кезеңдері өзара байланысты және зерттеудің жалпы мақсатына бағынады. Дегенмен де, олардың әрқайсысының өзінің міндеттері, мазмұны және нәтижелері бар.

Жүргізілген анықтау экспериментінің мақсаты: болашақ тарих пәні мұғалімдерінің құндылықтарды оқытуға даярлығы жағдайын өлшеу. Бұл кезең білім беру практикасындағы мәселе жағдайын анықтауға бағытталады. Жүргізілген анықтау эксперименті нәтижесінде қалыптастыру экспериментін зерттеу және ұйымдастыру үшін бастапқы материалдар жинақталды, талданды және басшылыққа алынды.

Қалыптастыру экспериментінің мақсаты ұсынылған базалық, мамандандыру пәндері бойынша алған құндылықтарды оқытуға даярлығын қалыптастыру. Зерттеу жұмысына сәйкес әзірленген модель негізінде болашақ тарихшы мұғалімдердің құндылықтарды оқыту даярлығын қалыптастыру үдерісін жүзеге асыру. Оның міндеті зерттеу болжамын тексеру және басшылыққа алу немесе терістеу болып табылады.

Эксперимент жұмысының бақылау кезеңінде болашақ тарихшы мұғалімдердің құндылықтарды оқытуға даярлығының қалыптастырылған деңгейі анықталды. Осыған сәйкес эксперимент және бақылау топтарындағы болашақ тарих пәні мұғалімдерін құндылықтарды оқытуға даярлығын қалыптастыру деңгейіндегі сандық және сапалық айырмашылықтар айқындалды.

Тәжірибелік-педагогикалық жұмыс мақсаты негізінде оның негізгі міндеттері қалыптастырылды:

1) эксперимент базасын, болашақ тарих пәні мұғалімдерінің құндылықтарды оқытуға даярлығы қалыптастырылғанының өлшемдері мен деңгей көрсеткіштерін анықтау;

2) зерттеліп отырған даярлықты қалыптастыру үдерісінің сапасын камтамасыз ететін формалар мен әдістерді негіздеу және әзірлеу;

3) оқу пәні мазмұнының оқу-тәрбие үдерісінде болашақ тарих мұғалімдерінің құндылықтарды оқытуға даярлығын қалыптастыруға ықпал ететінін тексеру;

4) эксперимент нәтижелерін талдау және оларды тұжырымдаумен сипаттап жазу.

Жүргізілген анықтау эксперименті болашақ тарих мұғалімдерінің құндылықтарды оқытуға даярлығының қалыптастырылғандығын белгіленген өлшемдер мен деңгейге байланысты анықтауға, керекті инструменттерді іріктеуге бағытталды. Бұл мәселе бойынша жүргізілген жұмыстар 2.2 тақырыпта қарастырылды.

Тәжірибелік жұмыстың қалыптастыру кезеңі анықталған оқыту мазмұндары (әдістемелік пәндерге енгізілген педагогикалық тапсырмалар) арқылы қарастырып отырған сапаға әсері, болашақ тарихшы мұғалімдердің құндылықтарды оқыту даярлығының құраушысы болып табылатын мотивациясын, білімін, іскерлігін және тұлғалық сапалық қасиеттерін қалыптастыруға арналды. Осы кезеңде болашақ тарих мұғалімдерінің белсенді іс-әрекеті ұйымдастырылып, өздерінің де ұлттық құндылықтар мен оларды оқытуға даярлығын қалыптастыруға мүдделі екендігін сезінуіне ықпал күшейтілді. Білім беру мекемелерінде, оның ішінде мектептегі педагогикалық практикалар кезінде болашақ тарих мұғалімдерінің құндылықтарды оқытуға даярлығын қалыптастыруға бағытталған жұмыстарға назар аударып, өзіндік үлесін қосуға, тәжірибелі мұғалімдердің оқу жұмыстарына, сабақтарына қатысып, пікір алмасуға, олардан үйренуге мүмкіндік жасалды. Болашақ тарихшы мұғалімдердің дәрісханалық оқу жұмыстарына, арнаулы курстарда семинарларға, практикалық сабақтарға белсенді қатысып, өз бетінше дайындық жұмыстарына, теориялық білімдерін тереңдетуге мүмкіндік жасалды.

Болашақ тарихшы мұғалімдердің құндылықтарды оқытуға даярлығын қалыптастырудың ерекшеліктерін зерттеу кәсіби іс-әрекетке болашақ мұғалімдердің мотивациясы деңгейімен, оқу-әдістемелік даярлығының болуымен, педагогикалық іс-әрекетте өзін дамыту, өзін жетілдіру ұмтылысы дәрежесімен сипатталатын құраушыларды талдаумен басталды. Мотивация құраушыларының қалыптасқандығының деңгейін анықтау үшін әдістеме бойынша зерттеу жүргізілді, берілген құраушылардың көрсетілген көрсеткіштерінің бәрі қамтылды.

Болашақ тарихшы мұғалімдердің «Мәңгілік Ел» құндылықтары мен оларды оқыту бағыттылығын зерттеу және факторларды бөлін алу үшін кәсіби педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыруда, қажеттілігін анықтауда сауалнама алынды. Олардағы негізгі сұрақтар қосымшада берілді (қосымша Б).

Зерттеу жұмысы барысында, қалыптастыру экспериментінде автордың әзірлеген оқу құралы пайдаланылды. Ұсынылған оқу-әдістемелік құралды практикалық қолдану мүмкіндігі қарастырылды. 2.2 тақырыпта әзірленген теориялық модельге сәйкес «Жаңа және қазіргі замандағы Қазақстанның тарихы», «Тарихнама» және «Тәуелсіз Қазақстанның тарихы» курстарының тақырыптары бойынша педагогикалық тапсырмалар әзірленіп, оқу жұмыстары барысында қолданылды (төменде олар бойынша материалдар қосымша беріледі). Зерттеудің негізгі мақсаты болашақ тарих мұғалімдерінің әдістемелік даярлығын жетілдіру болғандықтан педагогикалық тапсырмалардың дені осы бағытта болды.

Болашақ тарих мұғалімдерінің құндылықтарды оқытуға даярлығын қалыптастыруға бағытталған оқу материалдарының жеткіліксіздігінен біздер – «Тарихты оқыту әдістемесі» пәні бойынша курс мазмұнына сәйкес семинар ұйымдастырдық.

Ұйымдастырылған семинарда тарих пәні бойынша сабақ тақырыптарында «Мәңгілік Ел» құндылықтарын жан-жақты талқылау, әңгіме-кеңес, дөңгелек үстел, диспут, интеллектуалдық жарыстар, іскерлік ойындары, дидактикалық ойындар, рефератты талқылау, оқу-жаттығуды қосымша орындау, т.б. түрінде өткізілді.

Болашақ тарих мұғалімдері берілген тапсырма бойынша өздерінің және оқытушылардың педагогикалық үдерісті жүзеге асырудағы кәсіби іс-әрекетіне талдау жүргізді. Осының бәрі сайып келгенде, білім алушылардың арнайы кәсіби-педагогикалық білімін, іскерлігі мен дағдыларын, педагогикалық үдеріске, педагогикалық үдерістегі құндылық қатынасын және оқу материалдарының құндылықтарын терең түсінуін шыңдай түсті.

Қазақстан Республикасы 2016-2019 жылдарға арналған білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының негізгі басымдықтарында мұғалімнің жеке тұлғасы оқушылардың білімін қалыптастыруда ғана емес, олардың өмірлік жағдайда алған білімдерін қолдана отырып, құбылыстар мен жағдайларды дұрыс түсіну дағдысын дамытуда және өзгерістерге толы дүниеде өзіндік сенім ұялату сынды құндылықтарға тәрбиелеуде маңызды роль атқаратыны айтылған [245].

Болашақ мұғалімдер тарих пәні бойынша «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлауда оқыту нәтижелері құндылық құраушыларының қалыптастырылғандығын көруге болады. Себебі, құндылық құраушылар құзыреттіліктерді қамтиды. Біздің зерттеуімізде құзыреттіліктерді қалыптастыру негізгі мақсат болмағандықтан ол жөнінде терең сипаттамаймыз.

ЖОО болашақ тарих мұғалімдерінің құндылық қатынастар бойынша төмендегідей құраушысын қалыптастыру міндетті болып табылады. Олар:

Құндылықтарды таңдау бойынша: құндылықтарды оқу, меңгеру бойынша алдына мақсат қояды; жетістікке жетуді қалайды; өзіндік тұжырым қалыптастыру үшін әртүрлі көзқарастарды мақсатты түрде зерттейді; өз көзқарасы мен идеалдарын жақтауда жоғары сенім көрсетеді.

Құндылықтарды қалыптастыру бойынша: пәннің оқу материалдарына (тарихи, фактілік, т.б.) байланысты өзінің әрекеттеріне деген жауапкершілікті өзіне жүктейді; құндылықтарды меңгеру мен жүзеге асыруда өзінің мүмкіншіліктері мен шектеулерін түсінеді; өзінің қабілеттері, мүдделері мен нанымдарына сәйкес болашаққа жоспарлар құрады.

Құндылықтардың әрекеттерден көрінуі бойынша: оқуда өз бетінше және дербестік танытады; бірлесе жұмыс жасауға ынта танытады; дәлелді айғақтар келтірілгенде өзінің көзқарасын қайта қарастырып, әрекеттерін өзгертуге дайын екендігін көрсетеді; салауатты өмір салтын ұстанған дағдыларды тұрақты түрде көрсетеді; өзінің нақтыланған әрі бірізді өмірлік ұстанымдарын қалыптастырады.

Болашақ тарих мұғалімдеріне «Мәңгілік Ел» құндылықтары бойынша төмендегідей педагогикалық тапсырмалар берілді.

Тапсырма 1. Болашақ тарих мұғалімдерінің танымдық әрекетін арттыру үшін берілетін тапсырма кезеңдері.

1. «Мәңгілік Ел» құндылықтары бойынша объектілерді және құбылыстарды салыстыру.

2. Мақсат қою («Мәңгілік Ел» құндылықтарын түзетін оқу материалдарын салыстыру нәтижесінде нені білу қажет).

3. Салыстыру және салыстыру жоспарын құрастыру жүзеге асырылатын белгілерді бөліп алу.

4. Іріктеп алынған белгілердің барлығы бойынша салыстырылатын объектілер немесе құбылыстар сипатталатын фактілерді іріктеу.

5. Әрбір белгіні талдау негізінде салыстырылатын объектілердің арасындағы ұқсастық немесе айырмашылық сипаттарын белгілеу.

6. Ұқсастықтардың немесе айырмашылықтардың себептерін түсіндіру немесе ұқсастықтардан немесе айырмашылықтардан туындайтын салдарларды түсіндіру.

Тапсырма 2. Практикалық іскерліктерді қалыптастыру үшін берілген тапсырмалар.

1. Міндеттің қойылуы, іскерліктің мәнін ашу – «Мәңгілік Ел» құндылықтарында неге бағдар алу қажет, құндылықтар тарихын анықтау, оларды түсіндіру жоспарын құрастыру, т.б.

2. Құндылықтарды қалыптастыру үшін қажетті білім, іскерліктерді анықтау.

3. Оқытушының құндылықты анықтауы, сипаттауы. Нәтижелерді көрсетуі.

4. Оқу материалдарын талдау әрекеті тәсілдерін өңдеуі, қайталауы.

5. Білім алушылардың өзіндік жұмыстарды орындауы.

Тапсырма 3. Оқыту құралымен, оқу материалдарымен жұмыс жүргізуге байланысты тапсырма.

1. Оқыған мәтіннен (оқу материалынан) қажетті ақпаратты табыңыз: объектілер, тарихи құбылыстар атауы, ұғымдар мен терминлердің тұжырымдалуы, тарихи үдерістің (құбылыстың) сипаттамасы, олардың себептерін түсіндіріңіз.

2. Сұраққа (тапсырмаға) жауап дайындау (ауызша немесе жазбаша).

3. Жоспар құрастырыңыз және жоспар бойынша қайта айтып беріңіз.

4. Оқулық мәліметтері бойынша салыстырыңыз.

5. Сілтеме іріктеңіз және көшіріп жазыңыз (негізінен қосымша әдебиеттерден).

6. Мәтін (оқу материалы) бойынша тезис құрастырыңыз. Мәтінді конспектілеңіз.

7. Терминдер сөздігін жазыңыз.

Зерттеу жұмысымыз тарихшы мұғалімдердің әдістемелік даярлығын қамтамасыз етуге бағытталғандықтан педагогикалық тапсырмалар әзірленді және тәжірибелік жұмыс барысында пайдаланылды.

Тапсырма 1. Тәуелсіздік біздің басты құндылығымыз. Оқушы тәуелсіздік бойынша алдыңғы сабақта өткен теориялық мағлұматтарды өз дәрежесінде білмейтіні анықталды. Ол негізінен төмендегідей ұғымдар болатын: тәуелсіздік, әнұран, елтанба, еркін жүргізілетін саясат, мемлекеттер теңдігі, еркін экономикалық қатынас, халықтың еркіндігі, т.б.

Осыған байланысты:

1. Білімді білу деңгейінде бағалауды Б.Блум таксономиясы бойынша анықтаңыз. Себебін, түсіндіріңіз.
2. Ол деңгейдің көрсеткіштерін ұсыныңыз.
3. Анықталған танымның төмен деңгейіне сәйкес бағалау критерийлерін ұсыныңыз.

Болжамды жауап.

1. Бұл - танымдық саланың білу деңгейі. Себебі, оқушының білу, білмеуі тапсырмада айтылып тұр.
2. Терминологияны, нақты материалды білуі және оны айтып беруі.
3. «5» бағасы материалды толық айтып бергенде; «4» бағасы материалды аздаған қателіктер жіберумен айтқанда; «3» бағасы оқу материалын мұғалім көмегіне сүйене отырып жауап бергенде; «2» бағасы оқу материалдарын толықтай меңгермеген жағдайда қойылады [241, б. 67-68].

Жауаптарды бағалау шкалалары:

- | | |
|----------------------------------|---------|
| - 3 сұраққа толық жауап бергенде | 3 ұпай; |
| - 2 сұраққа толық жауап бергенде | 2 ұпай; |
| - 1 сұраққа толық жауап бергенде | 1 ұпай; |

Болашақ тарих мұғалімдерінің «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлығын қалыптастыру үшін педагогикалық тапсырмалар мен болашақ іс-әрекетті моделдеудің маңызы жоғары. Сол себепті де, жоғары оқу орындарында «сынақ сабақтарын» өткізу даярлықты толық мәнді етудің құралы болып табылады.

Зерттеп отырған даярлықты анықтау үшін біздер алдыңғы тақырыпта (2.2-де) критерийлерді белгіледік және оларды біздер басшылыққа алдық.

Тарихшы мұғалімдерді даярлайтын жоғары оқу орындарындағы оқыту нәтижелері бакалавриат үшін қолдану деңгейі негізгі болып табылады. Бұл жөнінде ЖОО даярланатын емтихан сұрақтарының мазмұны мен құрылымы дәлел бола алады.

Сол себепті де, ЖОО біз зерттеп отырған даярлық бойынша болашақ тарихшы мұғалімдердің білімі төмендегідей оқу материалдарын қолданумен байланысты.

Кәсіби және әдістемелік пәндер бойынша:

- «Мәңгілік Ел» құндылықтарын түзетін оқу материалдары – оқыту мазмұны;
- оқыту әдістері мен формалары, құралдары, бақылау тәсілдері бойынша білімдері.

Әдістемелік даярлығы:

- педагогикалық іскерліктерді жүзеге асыру;

- тәрбие жұмыстарын ұйымдастыра алу бойынша іскерліктері.

Эмоционалды құндылық қатынастары:

- «Мәңгілік Ел» құндылықтарын білуге және оны оқытуға ұмтылысы;

- педагог ретінде сапалық қасиеттерге ие болуы.

Әдістемелік даярлығын түзетін педагогикалық іскерліктер – психомоторлы дағдылар болып табылады. ЖОО болашақ тарихшы мұғалімдер психомоторлы дағдының дәлме-дәлдік, тұтастыру деңгейінде даярлық көруі тиіс (имитация, басқару деңгейлері төмен болып табылады). Аталған сала деңгейлері бойынша оларды төмендегіше сипаттауға болады.

Дәлме-дәлділік: бұл деңгейде болашақ тарихшылар оқыту әдістемесі бойынша тапсырманы аз мөлшерде қате жіберумен және бастапқы мәлімет көзін пайдаланбай едәуір дәл орындауға қабілеттілігін көрсетеді. Педагогикалық іскерліктер меңгеріледі және меңгергендігі анық көрініс табады және оны дәл орындаулар растайды.

Тұтастыру: болашақ тарихшы мұғалімдер екі және одан көп педагогикалық іскерліктерді үйлестіру қабілеттілігін көрсетеді. Үлгілер нақты талаптармен сәйкестікте болады.

Педагогикалық іскерліктерді меңгерудің жоғары деңгейі - натурализация. Бұл деңгей педагогикалық іскерліктерді автоматты түрде жоғары деңгейде ойланбастан орындауды демонстрациялайды. Педагогикалық іскерліктер үйлестіріледі, кіріктіріледі және берік, әрі күш түсірместен орындалады. Аталған деңгей негізінен тәжірибелі мұғалімдерде кеңінен көрініс табады.

Болашақ тарихшы мұғалімдердің «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту бойынша даярлығын - оқыту нәтижелерін жазу кезінде, біздер, төмендегідей талаптарды назарға алдық:

- оқыту нәтижелері көрініс табатын және өлшенетін болуы қажет;

- оқыту нәтижелерін жазу кезінде олардың қалай бағаланатынын елестету керек (егер оқыту нәтижелері жалпы болса, оларды тиімді бағалау қиындық тудырады; керісінше, егер оқыту нәтижелері тар сипатты болса, олардың тізімі көп және нақты болып қалады);

- оқыту нәтижелерін соңғы толтыру алдында өздеріңіздің әріптестеріңізден, егер болса бұрынғы білім алушылардан оларға осы оқыту нәтижелерінің түсініктілігін сұраңыздар;

- білім алушыларды оқып қойғанын, білетінін пайдалануға ықпал етіңіз, яғни едәуір жоғары категориялардан (мәселен, қолдану, талдау, жинақтау және бағалау) оқыту нәтижелерін қамтыңыз.

Зерттеу жұмысымыздың 2.2 тақырыбында көрсетілгендей болашақ тарихшы мұғалімдердің «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлығын құраушылардың бірі – педагогикалық іскерліктер. Біздің зерттеу жұмысымыз бойынша төмендегідей іскерліктердің қалыптастырылуы зерделенді. Олар:

1. Зерттеушілік;
2. Құрастырушылық;
3. Ұйымдастырушылық;
4. Ақпараттық;

5. Коммуникативтік.

1. Болашақ тарих мұғалімдерінің «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуды ұйымдастырудағы зерттеушілік іс-әрекеті.

Тапсырма 1. Мектепте Қазақстан тарихы пәні бойынша «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту жүзеге асырылады. Аталған құндылықтардың 5-11 сыныптарда оқытылуын зерделеңіз және өз ұсынысыңызды жасаңыз.

Мәселен, «Қазақстанның тәуелсіздігі және Астана» тақырыбы бойынша 5-сыныпта «Тәуелсіз Қазақстан және Астана» құндылығын оқыту бойынша оқу материалдары қамтылған. Типтік оқу бағдарламасы бойынша 3 сағат бөлінген, т.с.с. мәліметтерді анықтау керек (Қосымша В-да 7-8-сыныптарға арналған).

Зерттеушілік іс-әрекеттерін қалыптастыру үшін білім алушылар тапсырманы төмендегідей дайын алгоритм бойынша орындау ұсынылады:

1. «Мәңгілік Ел» құндылықтарын 5-11-сыныпта оқытудың жекелеген кезеңдерінің мақсаты мен міндеттерін анықтаңыз және мүмкін болған жағдайда нақты қалыптастырыңыз;

2. Мектеп оқушыларының «Мәңгілік Ел» құндылықтары бойынша сапалық қасиеттерін қалыптастырудың едәуір оңтайлы құралдарын таңдаңыз және пайдаланыңыз;

3. «Мәңгілік Ел» құндылықтары бойынша оқушылардың білімін, іскерлігін нәтижелі қалыптастыруға (ұйымдастыруға) бағытталған өзіндік педагогикалық экспериментке дайындық жасаңыз (оны сипаттап жазыңыз) және оны жүзеге асырыңыз;

4. Мектеп оқушыларының «Мәңгілік Ел» құндылықтарынан дайындығын қалыптастыру бойынша алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибелерді, интернет жүйесіндегі материалдарды зерделеңіз және талдаңыз;

5. Оқушылардың «Мәңгілік Ел» құндылықтары бойынша дайындығының қол жетімді деңгейін теориялық тұрғыдан айқындаңыз, оның жүзеге асуына ұсыныс беріңіз;

6. Мектеп оқушылары үшін құндылықтарды оқыту бойынша мүмкін болатын қиындықтарды анықтаңыз және оның нәтижесін болжаңыз;

7. «Мәңгілік Ел» құндылық түрлері бойынша жоба әзірлеу үшін оқушылардың өздері іздеуіне, іс-әрекеттерді талдау жасауына басшылық етіңіз;

8. «Мәңгілік Ел» құндылық түрлері бойынша ғылыми әдебиеттермен, анықтамалықтармен, құжаттармен, басқа да ақпарат көздерімен жұмыс жасаңыз.

Сондай-ақ, әрбір тапсырма бойынша адами құндылықтар жатқандығын көрсету тапсырылды.

Студенттер тапсырманы орындауда қосымша В-да көрсетілген кестеге сәйкес Қазақстан тарихында 5-11-сыныпта қамтылған тақырыптарды және оқу материалдарын, дидактикалық бірліктерді іріктеуді жүзеге асырды (Қосымша - В-да үлгі ретінде тек 7-8-сынып материалдары берілді, қалған материалдар көбейіп кететін болғандықтан қосымшаға қосылмады).

2. Болашақ тарих мұғалімдерінің оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудағы құрастырушылық (конструктивті) іс-әрекеттері.

Тапсырма 2. Мектепте Қазақстан тарихы пәні бойынша «Қазақстанның тәуелсіздігі және Астана» тақырыбы бойынша 5-сыныпта сабақ ұйымдастырылды. Тақырып бойынша тарихшы мұғалім оқушылар меңгеру тиіс оқу материалдарын түсіну деңгейінде меңгерте алмады.

Осыған байланысты оқыту нәтижесіне қол жеткізілмеді. Кейбір оқушылардың оқу материалдарын меңгеруге ынта-ықыласы болмады.

Құрастырушылық іс-әрекетті қалыптастыру үшін білім алушыларға жағдаятты талдау үшін дайын алгоритм ұсынылды:

1. Тарих пәні сабақтарындағы «Мәңгілік Ел» құндылықтары түрлері бойынша оқу материалдарының және оқу мазмұнын, құрылымын оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес анықтауын, тұрғызуын талдап шығыңыз;

2. Ақпаратты материалдарды оқу-тәрбие жұмыстары үшін іріктеуін және дидактикалық тұрғыдан қайта өңдеуін нақтылаңыз;

3. Оқу-тәрбие жұмыстарын қамтамасыз ететін ұйымдастыру формалары мен әдістерін, тәсілдерін жоспарлауына және пайдалануына ұсыныс беріңіз;

4. «Мәңгілік Ел» құндылық түрлері (Тәуелсіз Қазақстан және Астана) бойынша оқушылардың интеллектуалдық іс-әрекеттері құрылымын жоспарлауын мазмұндаңыз;

5. Оқушылар үшін «Мәңгілік Ел» құндылық түрлері бойынша пәнаралық байланыс бағытында тапсырмаларды әзірлеуді көрсетіңіз;

6. «Мәңгілік Ел» құндылық түрлеріне сәйкес қосымша оқу материалдарын таңдауына және пайдалануына, оның педагогикалық тиімділігіне баға беріңіз;

7. Қорытынды шығарыңыз және «Мәңгілік Ел» құндылық түрлері бойынша оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру бойынша құрастырудағы тарихшы мұғалім үшін типті жағдаятты бағалаңыз.

«Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту бойынша студенттерге сабақ түрлеріне сәйкес жоспар, конспект әзірлеу ұсынылды. Сабақтың негізгі мынадай түрлері атап көрсетілетін:

1. Кіріспе.

2. Жаңа білімді хабарлау сабағы.

3. Білімді, іскерлікті және дағдыны бекіту сабағы.

4. Жаттығу және практикалық сабақтар.

5. Лабораториялық сабақ

6. Қайталау-қорыту сабағы

7. Оқушылардың білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын тексеру және бағалау сабағы.


8. Аралас сабақ

Қазіргі кезде мектептерде тарих пәні сабақтарының дәстүрлі түрлерімен қатар лекция сабағы, семинар сабағы, конференция сабағы, пікірталас сабағы, панорамалық сабақ, сынақ сабақтар, т.б. түрлері шығармашылықпен жұмыс жасайтын мұғалімдердің ізденістерінің нәтижесінде мектеп тәжірибесінен орын алып отыр.

Берілген тапсырма бойынша студенттер «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту бойынша схемалар құрастыра білді және тапсырманы орындады. Солардың бірі төмендегідей келтірілді.

5-сыныптар үшін Қазақстан тарихынан әңгімелер оқулығында «Мәңгілік Ел» құндылығын оқыту, оның ішінде «Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы» бойынша оқу материалдарын қамту қарастырылған [74, б. 66-71]. «§ 17. Сақ патшалары. Сақтардың тәуелсіздік үшін күресі» тақырыбында тарихи кезеңдегі тәуелсіздік жөніндегі күрес айтылған. Аталған тақырыпты оқыту үшін төмендегідей тақырыпшалар қарастырылған: сақтардың басқару ісі, сақ патшалары, парсылармен соғыс, Шырақтың ерлігі.

Көрсетілген тақырыптағы оқу материалдарын суреттеу үшін әдістемелік талдау арқылы дидактикалық құрылымдарды анықтап схемамен беруге ұмтылыс жасадық және құрастырдық (5-сурет).



5-сурет – Сақтардың тәуелсіздік үшін күресі

5-суреттегі схемаға сәйкес төмендегідей сұраққа жауап беріңіз.

1. Басқару ісі дегенді түсіндіріңіз;
2. Сақтардың Тұңғыш патшасының ерекшелігі неде және ол қандай іс-әрекеттен көрініс тапты?
3. Сақ патшалары жақын, алыс көршілерімен жүргізген қарым-қатынас түрлерін сипаттаңыз.
4. Қазіргі кезде біздің еліміздің көрші елдермен қарым-қатынасында ұқсастықтардың сақ дәуірінде де орын алғандығын көрсетіңіз.
5. Парсылардың кек алу үшін жасаған соғысының себебін түсіндіріңіз.
6. Ержүрек Шырақтың Отанына деген құштарлығы жөнінде эссе жазыңыз.
7. Сіздер Шырақтың ерлігіндей жасалған оқиғаларды оқушылармен және мұғаліммен бірге талқылаңыздар.

Оқушылардың ұғыну деңгейі үшін адами құндылықтар жүйесін сипаттау ұсынылды. Олар: ержүректік, отанын сүю, басқарушылық.

Қалыптастыру эксперименті барысында әдістеме пәнін оқыған Серік деген білім алушы Ұлы Отан соғысы туралы тақырыпты оқыту бойынша сабақ жоспарын алғашқы орындаған тапсырмасына қарағанда жоғары деңгейде орындай білді (үлгі төменде қысқаша берілді).

Пәні: Қазақстан тарихынан әңгімелер (5-сынып)

Сабақтың тақырыбы: Ұлы Отан соғысындағы Қазақстанның рөлі

Сабақтың мақсаты.

Білімділік: оқушылар Ұлы отан соғысы дегенді түсінеді/түсіндіреді, осы соғысқа Қазақтардың қосқан үлесі туралы сипаттайды, «фашизм», «агрессия» ұғымдарына мағлұмат береді.

Дамытушылық: оқушылардың отан жөніндегі болған күрес бойынша түсінігі дамиды.

Тәрбиелік: Оқушылардың Отанға, өз еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігі, Соғыс ардагерлеріне деген құрметі қалыптасады.

Сабақтың түрі:Компьютерлік сабақ

Сабақтың әдісі: интерактивті әдіс

Сабақтың көрнекілігі: Интерактивті тақта, буклет.

Сабақтың пән аралық байланысы: дүниежүзі тарихы, математика, әдебиет, география.

Сабақтың барысы: I Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушылардың сабаққа зейінін аударып, сабаққа даярлығын, қызығушылығын арттыру.

II Ұй тапсырмасын тексеру

Біздер өткен сабақта қандай тақырыпты қарастырған едік?

Қазақстан 1920-1930 жж. деген тақырыпты жан-жақты талқылаған едік. Қысқаша өткен тақырыпты тағы еске түсірейік.

II. Пысықтау сұрақтары (Тапқыр болсаң, тауып көр).

1. 1920-1930жж. Қазақтың қолындағы малдың азаюының себебін түсіндіріңіз.

2. Қазақстанда Азамат соғысы алдында болған шағын зауыт, фабрикалардың бұзылуының (қирауының) себебін өз сөзіңізбен айтыңыз.

3. Қазақстанның жекелеген облыстарында адамдардың аштыққа ұшырауының себеп-салдарын сипаттаңыз.

4. 1927 жылы Кеңес елінде қабылданған бағытты еске түсіріңіз.

Басқа да сұрақтар қойылады.

Пән мұғалімінің толықтыру сөзі жүзеге асырылады.

Мұғалімнің сөзі: Міне балалар, берілген тапсырмаларға толықтай жауап бере отырып, үй тапсырмасын жан-жақты талқыладық.

Ал, балалар жаңа тақырыпты бастамас бұрын осы тақырып бойынша не білетінімізді ортаға салайық.

Дүние жүзін дүркіндірген соғыстардың бірі - Ұлы Отан соғысы. Ұлы Жеңіске қанша жыл толады?

Ұлы Жеңістің 71 жылдығы.


III. Жаңа сабақ: Ұлы Отан соғысындағы Қазақстанның рөлі

Екінші дүниежүзілік соғысты фашистік Германия бастады. 1939 ж. 1-қыркүйекте Польша жеріне басып кірумен екінші дүние жүзілік соғыс басталды.

Фашизм - дүние жүзіне үстемдік орнатуға тырысатын кертартпа топ.

Агрессия – мемлекеттің тәуелсіздігі мен аумақтық біртұтастығын, егемендігін әскери күшпен бұзу.

КСРО шекарасына 1941ж. 22-маусымда таңғы сағат 4 шамасында фашистік Германия әскері батыс аумағына баса көктеп кірді. Кеңес халқы тарапынан бұл соғыс тарихи әдебиеттерде «Ұлы Отан соғысы» деп аталады (6-сурет).



6-сурет - Соғыс жылдары

Суретте көрсетілген әрбір оқу элементіне жеке сұрақтар қою, олардың мазмұндық ерекшеліктерін салыстыру арқылы оқушылардың түсінігін арттыру жүзеге асырылады.

Соғыс туралы хабар қазақ даласына тез тарайды. Қазақстандық ұл-қыздар соғыстың алғашқы күндерінен қолдарына қару алды. Отан алдында парыздарын өтеуге өтініш білдіріп, өз еркімен майдан даласына қазақ жастары да аттанды. Елде қалғандары еңбек даласында аянбай қызмет жасады (7-сурет).



7-урет – Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысы кезіндегі болмысы

Балалар сендер Ұлы Отан соғысындағы қазақ батырларын білесіңдер ме?
Олар:

1. Мәлік Ғабдуллин
2. Төлеген Тоқтаров
3. Рамазан Елебаев

4. Мәншүк Маметова
5. Әлия Молдағұлова
6. Бауыржан Момышұлы
7. Талғат Бигелдинов

8. Рақымжан Қошқарбаев. Бұл аталған кісіге қандай атақ берілді? Қазақстан Халық қаһарманы атағы берілді.

Соғыс жылдары Қазақстандықтар «Бәрі де жеңіс үшін, бәрі де майдан үшін», деген үндеумен түн демей, күн демей еңбек етті. Мәселен: Ыбырай Жақаев күріштен, Шығанақ Берсиев тары өсіруден, Жазылбек Қуанышбаев төл алудан рекорд жасады.

Қазақстанның ауыл еңбекшілері жауды жеңу үшін, Отансүйгіштік және еңбек парызын жанқиярлықпен өтеді. Соғыс жылдары 5829 мың тонна астық, 734 мың тонна ет, басқа да азық-түлік, шикізат берді.

1941-1945 жж. қару алуға жарамды ер-азаматтың көпшілігі соғысқа аттанды. Бұл Ұлы Отан соғысы жылдары 1 млн 200 мың қазақстандық майданға аттанды деген сөз.

1945 ж. 9 мамырда кеңестік қызыл армия жауынгерлері Германияның астанасы Берлин төбесіне қазақ азаматы Рақымжан Қошқарбаев қызыл ту тікті. Осы сыннан халқымыз мүдірмей өтіп, әлем алдындағы беделі асқақтан түсті.

Осыдан кейін оқушылардың өздік жұмыстары ұйымдастырылады: кесте толтыру.

Шығармашылық ізденіс орындалады.

Отан туралы мақал-мәтелдер айтылады.

Соғысқа аттанған жастардың бойында болған қасиеттерді өз бетіңізше жазып көрсетіңіз.

Соғысқа аттанған жастардың Отанға деген сүйіспеншілік ойын өз бетіңізше жазып көрсетіңіз.

Тесттік тапсырмаларға жауаптар беріледі.

IV. Үйге тапсырма:

1. Ұлы Отан соғысы туралы деректер жинау тапсырылады.

2. Ұлы Отан соғысындағы қазақ батырларының өмір деректерімен танысу бойынша тапсырма үлестіріледі.

V. Оқушыларды бағалау

Оқушылардың білім бағаланады.

Қалыптастыру эксперименті барысында біздер зерттеп отырған студенттердің даярлығын анықтауда олардың білімі мен іскерліктерінің және жеке тұлғалық қасиеттерінің жоғарылағандығына көз жеткіздік.

Келесі кезекте ұйымдастырушылық іс-әрекеттер қарастырылды.

3. Болашақ тарих мұғалімдерінің оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудағы ұйымдастырушылық іс-әрекеттері.

Тапсырма 3. Мектепте тарихшы мұғалім «Тәуелсіз Қазақстан және Астана» құндылығы бойынша оқу-тәрбие жұмыстарын өз деңгейінде ұйымдастыра алмады. Өзінің жұмысын да дұрыс үйлестірін, оны тексеруді

жүзеге асырмады. Тарихшы мұғалім өз уақытын тақырыптық жоспармен толық жұмыс жасап, берілген уақытта бітіруі қалыптаспады.

5-сыныптың өзінде қазақтың тәуелсіздік жолындағы күрес жөнінде Қазақстан тарихында баяндалды [74, б. 122-125]. Оның ішінде «§ 34. XIX ғасырдағы тәуелсіздік үшін күрес жылдары» тақырыбында ұлттық құндылықтарға басымдық берілген (8-сурет).



8-сурет - XIX ғасырдағы тәуелсіздік үшін күрес жылдары

8-сурет бойынша мұғалім оқу материалдарын индуктивті және дедуктивті баяндау тәсілдерін жүзеге асырады. Сондай-ақ, талдау және жинақтауды орындауы мүмкін.

Студенттердің «Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы» құндылығы бойынша жоғарыдағыдай схеманы оқу материалдарына сәйкес құрастыруы жүзеге асырылды.

Ұйымдастыру іс-әрекеттерін қалыптастыру үшін білім алушыларға ұсынылатын дайын алгоритм үлгісі:

1. Оқушылардың «Мәңгілік Ел» құндылықтары түрлері (Тәуелсіз Қазақстан және Астана, т.б.) бойынша оқу материалын баяндауын, мінез-құлқын, іс-әрекетін ұйымдастыруына талдау жасаңыз;

2. Оқушыларды құндылық түрлері бойынша әртүрлі оқу-тәрбиелік, сыныптан тыс жұмыстарын ұйымдастырыңыз;

3. Құндылық түрлері бойынша алынған нәтижелерді есепке алуды және бағалауды жүйелі жүзеге асырыңыз;

4. Аталған құндылық түрлері бойынша оқушылардың сапалық қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық жаңа тапсырмаларды анықтаңыз;

5. Сапалық қасиеттерді қалыптастыру мақсатында оқушылар ұжымымен іскерлік қатынасты бірлескен іс-әрекетті ұйымдастырыңыз;

6. Мектеп оқушыларына құндылық спорт түрлері бойынша қоғам қайраткерлерімен таныстыру іс-әрекетін ұйымдастырыңыз;

7. Құндылық түрлері бойынша жобалау іс-әрекеті барысында оқушылардың тапсырманы саналы және дұрыс орындауын ұйымдастырыңыз.

Сонымен қатар, 5-сынып Қазақстан тарихынан әңгімелер оқулығында «Мәңгілік Ел» құндылықтарына қатысты оқыту материалдары қарастырылған [74]. «Тәуелсіз Қазақстан» бөлімінде (бесінші бөлім) төмендегідей тақырыптар қамтылған: § 55. Қазақстан – егемен мемлекет. § 56. Тәуелсіз Қазақстанның Ата Заңы. § 57. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері. § 58. Ұлттық теңге – мақтанышымыз. § 59. Астана – Қазақстанның бас қаласы. § 60. Бүгінгі Қазақстан. Аталған тақырыптарды зерделеуге типтік бағдарлама бойынша 3 сағат бөлінген. Біздер қарастырылған тақырыптардың оқу материалдары 5-сыныптар үшін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту қамтылған деп білеміз. Оқыту оқушылардың жас ерекшеліктерін ескерген.

Аталған оқулықта оқытудың әдістемелік аспектісі де қарастырылған. Атап айтқанда, Б.Қ.Әбдіғұлова 5-сыныптағы Қазақстан тарихынан әңгімелер оқулығын оқыту бойынша әдістемелік құрал жазған [75]. Аталған әдістемелік нұсқауда: «V Бөлім. Тәуелсіз Қазақстан бөлімінде төмендегідей тақырыптар қамтылған: § 58. Қазақстан республикасы – тәуелсіз, егемен мемлекет; § 59. Қазақстан республикасының конституциясы; § 60. Қазақстан республикасының мемлекеттік рәміздері; § 61. Біздің теңге; § 62. Байтақ қала – Астана; § 63. Бүгінгі Қазақстан; § 64. Қазақстан және дүниежүзі» тақырыптары көрсетілген.

«Қазақстан – егемен мемлекет» тақырыбы бойынша «КСРО-ның ыдырауы. Қазақстан егемен, тәуелсіз мемлекет болып жариялануын» түсіну деңгейінде оқыту үшін төмендегідей сұрақтарды оқушыларға қоюға болады:

- Кеңестік кезеңде Қазақстанның бірде-бір мәселені өзі шешпеуі себебін түсіндіріңіз;

- нұсқаулықты орындауын түсіндіріңіз;

- ұлттық ерекшеліктер ескерілмеуін сипаттаңыз (тілге, салт-дәстүрге, дінге қатысты);

- экономикалық жағынан өз байлығына өзі ие бола алмауының себебін түсіндіріңіз.

Әрине, 5-сыныптар бұл сұрақтарға өздерінің ойымен, таным түсінігімен жауап береді. Түсінбеген сұрақтарды мысалдармен, салыстырулармен түсіндіру оқушылардың белсенділігін қамтамасыз етеді.

Осы тақырып аясында төмендегідей схема әзірлеп, оқушылар назарына ұсынуға болады (9-сурет).



9-сурет – Қазақстандағы Кеңестік жүйеге қарсылық

9-суретке сәйкес оқушылардың орын алған нәтижелерді толтыруы үшін оқулық мазмұнын түсінін оқуы қажет болады. Сонымен қатар, оқиға негіз болған себептердің орын алуына қарсы болған қазақ жастарының патриоттық сезімдерінің жоғары болуын терең түсіну жүзеге асырылады.

4. Болашақ тарихшы мұғалімдердің оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудағы коммуникативтік іс-әрекеті.

Тапсырма 4. 1. Мектепте тарихшы мұғалімнің сабағына оқушылардың қатысуы төмендеп кетті. Осы жағдайдың орын алуының негізі ретінде мұғалімнің коммуникативтік іскерлігі деген мұғалімдер тарапынан қорытынды жасалды.

2. «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытудағы мұғалімнің коммуникативтік іс-әрекетін анықтау үшін төмендегі алгоритм бойынша жауап беріңіз.

1. Мектепте оқушылармен дұрыс өзара қарым-қатынас орнатуын анықтаңыз;

2. Оқу-тәрбие үдерісінде туындаған жеке тұлғааралық қатынасты айқындаңыз және реттеңіз;

3. «Мәңгілік Ел» құндылық түрлері бойынша оқу материалдарындағы жеке тұлғалардың өмірімен таныстыру жұмыстарын жүргізуде оқушылардың бейімділігі мен талап-тілегін (ықыласын) максималды түрде есепке алыңыз;

4. Құндылық түрлері бойынша жоба тақырыбын оқытуда оқушылардың бірлескен іс-әрекетін жоспарлауы және ұйымдастыруы.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері» тақырыбы аясында ұлттық құндылық ретінде айта кететін мәселе, ол – туымыздағы ұлттық ою-өрнектің бейнеленуі. Бейнеленген ұлттық ою-өрнекті жай ғана «ұлттық ою-өрнек» деп айтып ғана қоймай, оның мазмұндық сипатын пәнаралық байланыс (бейнелеу өнері және еңбекке баулу: 3-4-сыныптардағы) негізінде түсіндірілгені үлкен мәнге ие (бұл оқу материалы оқулық мазмұнына енбеген).

«Астана – Қазақстанның бас қаласы » немесе «Байтақ қала – Астана» тақырыбын оқытқанда оқушылардың түсіну деңгейін қамтамасыз ету үшін төмендегідей схеманы пайдалану ұсынылады (10-сурет).



10-сурет – Тарихи кезеңдегі Қазақстанның астанасы болған қалалар

10-суретке сәйкес сұрақтар құрастыруға, тапсырмалар беруге болады. Сонымен қатар, кесте толтырту оқушылардың ойлау белсенділігін арттырады.


«Қазақстан - егемен мемлекет» тақырыбын оқытудағы құндылықтарды, тарихи материалдарды оқытуда 6-сыныптағы Ежелгі Қазақстан тарихындағы «Сақтардың тәуелсіздік үшін күресі» тақырыбын оқытуда тарихи оқу материалының сабақтастығын көрсетуге болады [76, б. 28]. Олар:

1. Кир әскерінің сақ жеріне басып кіруі;

2. Сақ патшайымы Томирисінің билік етуі;
3. Патшайым Томирисінің баласы үшін Кирді өлтіріп кек алуы;
4. Шырақтың жасаған ерлігі.

Аталған тақырыптағы ерекшелік «Александр Македонскийдің сақ еліне жорығы» тақырыпшасын оқыту болып табылады. Тақырыпты пәнішілік байланыс негізінде оқыту өз нәтижесін береді.

5-сыныптың Қазақстан тарихынан әңгімелер оқулығы бойынша «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуда «§ 46. Алаш қозғалысы» тақырыбы бойынша [75, б. 157-159] сабақта төмендегідей сызбаны пайдалану оқушыларды белсенді етеді (11-сурет).



11-сурет – Алаш қозғалысы

11-сурет бойынша оқушылардың түсіну деңгейін қамтамасыз етуге толықтай болады деп білеміз.

5. Болашақ тарих мұғалімдерінің оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудағы ақпараттық іс-әрекеті:

Тапсырма 5. «Мәңгілік Ел» құндылықтарын (әрбір құндылық бойынша) меңгеру мен оны жеткізу бойынша өзіңіздің дайындығыңыздың төмендегідей құраушылары бойынша біліміңізді көрсетіңіз.

1. «Мәңгілік Ел» құндылықтары түрлерін оқыту, тәрбиелеу бойынша әдістерді және тәсілдерді анықтаңыз;

2. Аталған құндылық түрлері бойынша қоғам қайраткерлерін таныстыру әдістері мен тәсілдерін көрсетіңіз;

3. «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуда көрнекіліктерді ұсыныңыз;

4. Қазақстан тарихы пән сабақтарында интербелсенді тақтаны (немесе басқа да оқытудың техникалық құралдарын) қолданыңыз (сипаттап жазыңыз);

5. Тарих пәні сабақтарына «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға қатысты кеңінен пайдаланылатын басты дидактикалық бірліктерді, ұғымдарды, заңдарды, теорияны, т.б. атап көрсетіңіз;

6. Тарих пәні сабақтары бойынша «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуда оқушылардың өзбетінше орындайтын жұмысын басқаруды көрсетіңіз, құрастырыңыз;

7. Құндылық түрлері бойынша қоғам қайраткерлері, т.б. туралы оқу материалдарын тарқата түсіндіріңіз;


8. Мектеп оқушыларына құндылық түрлері бойынша орындайтын жоба кезеңдері және олардағы іс-әрекет мазмұны туралы ұғынықты түсінік беріңіз.

«Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту бойынша болашақ тарих мұғалімдерінің даярлық көрсеткіштерін 8-кестеден және 12-суреттегі диаграммадан көруге болады.

8-кесте – Экспериментке дейін және эксперименттен кейін болашақ тарих мұғалімінің «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлығы

Қалыптастырылу деңгейлері	Анықтау эксперименті				Бақылау эксперименті			
	Эксп.тобы (64)		Бақ.тобы (62)		Эксп.тобы (64)		Бақ.тобы (62)	
	%	адам	%	адам	%	адам	%	адам
Жоғары	7,8	5	8,1	5	28,0	19	15,2	10
Орта	39,1	25	41,9	26	48,5	30	42,4	26
Төмен	53,1	34	50,0	31	23,5	15	42,4	26

8-кесте бойынша нәтижелерді диаграммада бейнелі көруге болады (12-сурет).



12-сурет - Болашақ тарих мұғалімдерінің «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлығы көрсеткіштерінің диаграммасы.

Болашақ тарих мұғалімдерінің оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудағы жеке тұлғалық сапалық қасиеттерін анықтайтын іс-әрекеттері.

1. Оқушыларда «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқуға және оларды оқытуға дұрыс оң көзқарасының қалыптастырылуы;
2. «Мәңгілік Ел» құндылықтарына оқушылардың жауапкершілікпен қарауына сәйкес іс-әрекеттерді ұйымдастыруы;
3. Мектеп оқушыларының «Мәңгілік Ел» құндылық түрлерін меңгеруге қызығушылығын тудыруы;
4. Оқушылардың құндылықтарға мәнді мотивтерін және оқу материалдарын меңгеруге ұмтылысын қалыптастыруы;
5. Құндылықтардың мәнін түсіндірумен оқушылардың дұрыс әлеуметтік функцияны орындау бойынша бағдар алуын жүзеге асыруы;
6. «Мәңгілік Ел» құндылық түрлері бойынша рухани-өнегелік (адамгершілік) білімдер мен сенімдерді негіздеуді қамтамасыз етуі;
7. Жастарға «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуда қызығушылығын қалыптастыруы;
8. Оқушылардың құндылық түрлері бойынша білім алуға қажеттілігін қалыптастыруы;
9. Мектеп оқушыларының салауатты өмір сүру салтына қызығушылықтарын дамытуы;
10. Оқушыларда танымдық дербестікті, құндылықтарды меңгеруге белсенділігін қалыптастыру үшін олардың білімдері мен өмірлік тәжірибелерін маңызды етуі;
11. Мектеп оқушылары үшін оқу-тәрбие үдерістерін ғылыми тұрғыдан ұйымдастыруы;

12. Білім беру үдерісінде оқу-жаттығу тапсырмаларын (міндеттерін) шешу кезінде оқушыларда білімді қолдану іскерліктерін қалыптастыруы;

13. «Мәңгілік Ел» құндылықтары оқыту барысында оқушылар ұжымының дамуына жетекшілік ету;

14. Құндылықтарды оқып үйренуде жобалау іс-әрекетінде оқушылардың пәнаралық байланыс білімдері мен іскерліктерін қолдануды қамтамасыз етуі.

15. Тарихшы мұғалімнің өзінің іс-әрекетінің перцептивті, ойланушылық, эмоционалды, еріктік компоненттерін басқаруы;

16. Құндылықтарды оқыту үдерісінде тәрбиелеу, танымдық мәні бар объектілерді таңдауы, іріктеуі және пайдалануы;

17. Құндылықтарды түзетін оқу материалдарын сәйкес қоюы, салыстыруы бойынша негізгісін және екінші деңгейдегіні, жалпыны (ортақ), өзгешелікті және жеке дараны табуы бойынша оқушылардың ақыл-ой іс-әрекеттерін логикалық тәсілдер тұрғысынан ұйымдастыруы;

18. Мектеп оқушыларында құндылық түрлері бойынша қалыптастырылған әртүрлі ортақ, пәнаралық байланысты білімдерді тасымалдауы, оқушылардың ақыл-ой іс-әрекеттерін басқаруы;

19. Оқушылардың құндылық түрлері бойынша «жоба» тақырыбына сәйкес жобалау әдістерін жүзеге асыруы, интеллектуалдық іскерліктерін, психомоторлы дағдыларын қалыптастыруы бойынша жұмыстарды басқаруы.

Жүргізілген қалыптастыру экспериментінің нәтижелілігін тексеру мақсатында соңғы «қима» жасалды. Бақылау тобы бойынша алынған нәтижелерді тіркеу 9 - кестеде берілді.

9-кесте – Қалыптастыру экспериментінің соңында жүргізілген «қима» бойынша педагогикалық іскерлік көрсеткіштері (Бақылау тобы)

Іскерліктер	Соңғы «қима»		
	төмен	Орта	жоғары
Зерттеушілік	44,6	35,4	20,0
Құрастырушылық	50,8	39,7	9,5
Ұйымдастырушылық	40,8	35,1	24,1
Ақпараттық	43,8	42,6	13,6
Коммуникативтік	31,8	59,9	8,3
Σ	211,8	212,7	75,52
	42,4	42,5	15,1

Эксперимент тобында студенттерде біз зерттеп отырған сапаны (болашақ тарих мұғалімдерінде) жоғары деңгейде қалыптастырылуы үшін педагогикалық тапсырмалар бойынша даярлау жұмысы жүргізілді және нәтижесі 10-кестеде берілді.

10-кесте – Қалыптастыру экспериментінің соңында жүргізілген «қима» бойынша педагогикалық іскерлік көрсеткіштері (Эксперимент тобы)

Іскерліктер	Соңғы «қима»		
	Төмен	Орта	Жоғары
Зерттеушілік	15,4	41,1	43,5
Құрастырушылық	46,3	30,2	23,5
Ұйымдастырушылық	28,2	45,8	26,0
Ақпараттық	12,0	62,6	25,4
Коммуникативтік	16,2	61,8	22,0
Σ	118,1	241,5	140,4
	23,5	48,5	28,0

Бақылау және эксперимент топтарындағы нәтижелерді салыстыру үшін бір кестеге салатын болсақ, онда төмендегідей болады (11-кесте).

11-кесте – Бақылау және эксперимент топтарындағы педагогикалық іскерліктердің қалыптастырылу көрсеткіштері.

Іскерліктер	Бақылау тобы, %			Эксперимент тобы, %		
	төмен	Орта	жоғары	төмен	Орта	жоғары
Зерттеушілік	44,6	35,4	20,0	15,4	41,1	43,5
Құрастырушылық	50,8	39,7	9,5	46,3	30,2	23,5
Ұйымдастырушылық	40,8	35,1	24,1	28,2	45,8	26,0
Ақпараттық	43,8	42,6	13,6	12,0	62,6	25,4
Коммуникативтік	31,8	59,9	8,3	16,2	61,8	22,0
Σ	211,8	212,7	75,52	118,1	241,5	140,4
	42,4	42,5	15,1	23,5	48,5	28,0

Зерттеу жұмысы, қалыптастыру эксперименті барысында эксперимент топтағы дайындық көрсеткіші жоғары болды. Себебі, мұнда педагогикалық тапсырмалар бойынша студенттердің өзіндік жұмыстарына басымдық берілді.

Сонымен, алынған соңғы мәлімет бойынша эксперимент тобында жоғары көрсеткіш 28,0 пайызды құрады. Ал бақылау тобында жоғары деңгей 15,1 пайыз болды. Эксперимент тобында студенттердің зерттеушілік іскерліктері бақылау тобына қарағанда жоғары көрсеткіш 23,5 пайызды артық құрады. Бұл дегеніміз біз жүргізген тәжірибелік-эксперимент жұмыс барысы бағдарламаға сәйкес болды деп білеміз.

«Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға болашақ тарих мұғалімдерін даярлауға бағытталған төмендегідей әдістемелік нұсқауды нақтыладық:

- бірінші кезекте болашақ тарих мұғалімдерін жалпықұндылықтар, адами құндылықтар, «Мәңгілік Ел» құндылықтары бойынша теориялық мағлұматтармен қаруландыру;

- тарихи материалдар мазмұнынан «Мәңгілік Ел» құндылықтарын түзетін немесе құндылықтарды сипаттайтын қасиеттерді анықтау үшін оқу

материалдарына әдістемелік талдау жасау және оқу материалдарының логикалық-дидактикалық, логикалық-психологиялық құрылымдарын анықтау, схемалар, кестелер құрастыру, т.б.

- жоғары оқу орындарында:

1) «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту үшін мазмұндық аспектіде оқу материалдарын іріктеу ептіліктерін (зерттеушілік, т.б. іскерліктерді) қалыптастыру;

2) «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту үшін процессуалды аспектіде оқыту әдістері мен формаларын пайдалану бойынша ептіліктерін (педагогикалық іскерліктерді) қалыптастыру;

3) оқыту мақсаты мен нәтижелерін жүзеге асыру үшін жалпыпедагогикалық және әдістемелік дайындығын қамтамасыз ету.

«Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға болашақ тарих пәні мұғалімдерін даярлау мазмұнындағы сәйкес тақырыптарды іріктеу басшылыққа алынады. Әдістемелік тұрғыдан даярланған болашақ тарих мұғалімі өзінің алдағы оқыту іс-әрекетін жоғары деңгейде ұйымдастыра алады.

Қорыта айтқанда, біздің зертеуімізде болашақ тарих пәнінің мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлаудың әдіс-тәсілдерін жетілдіру мемлекеттік бағдарламаға сай орындалуы тиіс болғандықтан да жан-жақты қарастырылды. Жасалған тұжырымдар тарих мамандығы студенттерінің оқу үдерісінде сыннан өтіп, тақырыптың алға қойған мақсатынан туындаған міндеттерді іске асыруға мүмкіндік берді. Жүргізілген эксперимент барысында қол жеткен нәтижелер әдістемелік тұрғыда дәлелденді.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы мазмұнындағы құндылықтарды өмірде жүзеге асырудың іргетасы мектепте қалану қажеттігі қазіргі таңда кеңінен қолдау табуда. Бұл идеяны жүзеге асыруда тарих, оның ішінде Қазақстан тарихы пәнінің мол мүмкіндігі бар. Сол себепті де зерттеу жұмысында «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға болашақ тарих пәні мұғалімдерін даярлау қарастырылды.

Осыған байланысты алынған нәтижелерді төмендегідей қорытындылауға болады:

1. Болашақ тарих мұғалімдеріне «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту мүмкіндіктерін анықтау мақсатында жоғары оқу орындарында аталған пән мұғалімдерін даярлау тарихы зерделенді. Кеңестік кезеңде мектептің тарих мұғалімдерін даярлау мазмұны елдің әлеуметтік-экономикалық, саяси бағдарына сәйкестілікте жүзеге асырылғаны, тарихты оқытуда оның мазмұнының бұрмаланғандығы айқындалды. Егемендік алғаннан кейін Қазақстан тарихы пәні мазмұнының қайта жазылуы мен болашақ мұғалімдер даярлаудағы оны оқыту мазмұнының өзгеріске ұшырағаны анықталды.

Сонымен қатар, «құндылық» ұғымына талдау жасалынды, оны оқу-тәрбие үдерісінде жүзеге асыру білім беруді ізгілендіру, аксиологиялық тұғырды қамтамасыз ету негізі болып табылатындығын көрсетті. Білім беру үдерісіне «Мәңгілік Ел» құндылықтарын енгізу – бұл ғылыми негізде әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетке жастардың дайындығын қамтамасыз ететін педагогикалық үдерісті ұйымдастыруға бағдар болып табылатындығын көрсетті.

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы қоғамның рухани өмірінің бір бөлігі ретінде: мән-мағына түзу, этнос қалыптастыру, құндылықтар бағдарын анықтау, қоғамды біртұтастандыру фунцияларды атқаратыны анықталды. «Мәңгілік Ел» құндылықтары деп, біздер қоғам дамуына сай елдің тәуелсіздігін сақтауға және оның дамуына кепілдік пен бағдар беретін әлеуметтік-саяси, ғылыми, экономикалық, этикалық, діни құндылықтардың бірлігін қарастырдық. Олардың негізіне адамгершілік, отаншылдық, қаһармандық, ұлтжандылық, барлық халықтарды құрметтеу, т.с.с. адами қасиеттер мен құндылықтар алынатыны айқындалды. Болашақ тарих пәні мұғалімдерін даярлайтын жоғары оқу орындарындағы оқу жоспарлары мен пәндер мазмұнын талдау «Мәңгілік Ел» құндылықтарын болашақ тарих пәні мұғалімдеріне оқытуға мол мүмкіндігінің барын растады.

2. Оқушыларға «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға болашақ тарих мұғалімдерін даярлаудың теориялық негіздерін айқындау мақсатында мектептің тарих пәндерін оқыту үшін ұйымдастырылатын педагогикалық үдеріс зерделенді. Оның мазмұнын оқыту жүйелері (мақсат, міндет, принциптер, мазмұн, әдіс-тәсіл, форма, нәтиже) құрайтыны анықталды. Нақты тарих пәндерін оқытудағы оқу материалдары, элементтері (негізгі ұғымдары:

экономикалық, әлеуметтік-саяси, шартты-жағдаяттық, тарихи-мәдени, идеологиялық) сипатталды. Мектепте «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуды жетілдіру үшін технологиялық карта ұсынылды және оның құралы ретінде: оқу материалдарын әдістемелік талдау, оқушылардың танымдық іс-әрекетін басқарудың логикалық-психологиялық құрылымын айқындау, мұғалімнің педагогикалық іскерліктері мен оқушылардың іс-әрекеттерін белгілеу көрсетілді. Осы аталғандар болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлаудың теориялық негіздерін құрады.

3. Болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлаудың нәтижелі болуы үшін даярлықтың көрсеткіштері мен критерийлері, деңгейлері анықталды. Даярлықтың жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін педагогикалық үдерісті модельдеу негізінде болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлау моделі әзірленді.

4. «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға болашақ тарих мұғалімдерін даярлауда әзірленген моделді жүзеге асыру және жоғары нәтижені қамтамасыз ету үшін педагогикалық шарттар – база ретінде анықталды. Олар:

- әдіснамалық – «Мәңгілік Ел» құндылықтарын болашақ тарих мұғалімі оқытуға даярлауды жүзеге асыру үшін оқу материалдарын іріктеу принциптері;
- теориялық – «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға болашақ тарих мұғалімдерін даярлау үдерісіне сәйкес оқу материалдарының жүйеленуі;
- дидактикалық – оқушыларға «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға болашақ тарих мұғалімдерін даярлау технологиясының жасалынуы;
- әдістемелік – оқушыларға «Мәңгілік Ел» құндылықтарын арнайы оқу, сыныптан тыс оқу жұмыстары барысында жүзеге асыруға болашақ тарих мұғалімдерін даярлау әдістері мен тәсілдері;
- практикалық – оқушыларға «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға болашақ тарих мұғалімдерін даярлау мазмұны мен құралдарын тәжірибелік жұмыстар арқылы қамтамасыз етілуі.

5. «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға болашақ тарих мұғалімдерін даярлауға бағытталған оқыту мазмұнын әдістемелік тұрғыдан негіздеу үшін әдістемелік нұсқауы нақтыланды:

- бірінші кезекте болашақ тарих мұғалімдерін жалпықұндылықтар, адами құндылықтар, «Мәңгілік Ел» құндылықтары бойынша теориялық мағлұматтармен қаруландыру;
- тарихи материалдар мазмұнынан «Мәңгілік Ел» құндылықтарын түзетін немесе құндылықтарды сипаттайтын қасиеттерді анықтау үшін оқу материалдарына әдістемелік талдау жасау және оқу материалдарының логикалық-дидактикалық, логикалық-психологиялық құрылымдарын анықтау, схемалар, кестелер құрастыру, т.б.
- жоғары оқу орындарында:

1) «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту үшін мазмұндық аспектіде оқу материалдарын іріктеу ептіліктерін (зерттеушілік, т.б. іскерліктерді) қалыптастыру;

2) «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту үшін процессуалды аспектіде оқыту әдістері мен формаларын пайдалану бойынша ептіліктерін (педагогикалық іскерліктерді) қалыптастыру;

3) оқыту мақсаты мен нәтижелерін жүзеге асыру үшін жалпыпедагогикалық және әдістемелік дайындығын қамтамасыз ету.

6. Болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлау әдістемесінің тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерістен өткізу мақсатында теориялық негізделген материалдарға сәйкес анықтау, қалыптастыру, бақылау эксперименттері ұйымдастырылды. Эксперимент топтары үшін әзірленген және дайындықты жетілдіру бағытындағы педагогикалық тапсырмалар мен әдіс-тәсілдер біздер зерттеп отырған сапаның жоғары деңгейін қамтамасыз ететіндігін көрсетті.

Сонымен қатар, зерттеу жұмысы барысында «Мәңгілік Ел» құндылықтары бойынша болашақ тарих мұғалімдерінің даярлығын жетілдіру бағытында жүргізілетін оқу жұмыстары бойынша ұсыныстар берілді.

Ұсынылып отырған мәселе күрделі болғандықтан, оның барлық салаларын қамтып шығу мүмкін емес. Болашақ тарих мұғалімдерінің «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлығын жетілдіруде: Болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтары негізінде тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға даярлау; Болашақ тарих мұғалімдерінің «Мәңгілік Ел» құндылықтары бойынша даярлығын жетілдіру; «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту негізінде оқушылардың құзыреттіліктерін қалыптастыру, т.б. мәселелер дербес зерттеуді қажет етеді. Біздің ойымызша, осының бәрі «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту арқылы жеке тұлғаны рухани байытумен қатар, алған білімдерін елдің болашағына қолдана білуге бағыттайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 ҚР «Білім туралы» Заңы. – Алматы: Юрист, 2007. – 42 б.
- 2 ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. // Егемен Қазақстан. 2012 жыл, желтоқсан 15. – №828-831 (27902). – Б. 1-8.
- 3 ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Нұрлы Жол – Болашаққа Бастар Жол» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жыл 11 қараша. // <http://www.akorda.kz/>
- 4 Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – Алматы: Фолиант, 2008. – 307 с.
- 5 Taşağıl A. Gök-Türkler. – Ankara: Türk Tarih Kurumu Basımevi, 2012. – Cilt.1-3. – 482 s.
- 6 Сыздықов С., Қанаев С., Жеңіс Ж. «Мәңгілік Ел» идеясы: қалыптасуы, үш негізі, тарихи сабақтастық. – Астана: Фолиант, 2013. – 320 б.
- 7 Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. – Алматы: Абзал-Ай, 2012. – 324 б.
- 8 Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы, 1973. – 215 б.
- 9 Баласағұн Ж. Құт негізі – білік. / Көне түркі тілінен аударған және алғы сөзі мен түсінігін жазған А.Егеубаев. – Алматы: Мұраттас, 1993. – 315 б.
- 10 Қожа Ахмет Йассауи. Диуани Хикмет: ақыл кітабы. / ауд. М.Жармұхамедұлы және т.б. – Алматы: Мұраттас, 1993. – 262 б.
- 11 Тілеуқабылұлы Өтейбойдақ. Шипагерлік Баян. – Алматы: Жалын, 1996. – 464 б.
- 12 Құнанбаев А. Шығармалары. // Екі томдық. – Алматы: Жазушы, 1968. – 252 б.
- 13 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – 2-басылым. – Алматы: Жазушы, 1985. – 348 б.
- 14 Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Рауан, 1994. – 285 б.
- 15 Құдайбердиев Ш. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988. – 530 б.
- 16 Байтұрсынов А. Ақжол. Өлеңдер мен тәржімелер және зерттеу. – Алматы, 1991. – 460 б.
- 17 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1992. – 112 б.
- 18 Аймауытов Ж. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 372 б.
- 19 Досмұхамедов Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 176 б.
- 20 Уразбеков А.У. История развития философских и социально-этических идей в Казахстане (с раннего средневековья до конца XIXв): автореф. ... док. филос. наук. – Алматы, 1986. – 42 с.
- 21 Тұрсынов А.Ж. Нравственно-духовное просвещение. – Алматы: Фараби-фонд, 1995. – 312 с.
- 22 Риккерт Г. Науки о природе и науки о культуре. – М.: Республика, 1998. – 336 с.

- 23 Нұрышева Г.Ж. Адам өмірі мәні мәселесінің қазақ философиясындағы көрінісі: фил. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2002. – 42 б.
- 24 Вебер М. Избранное: Протестантская этика и дух капитализма. Книга света. – М.: РОССПЭН, 2006. – 656 с.
- 25 Габитов Т.Х., Мүтәлінов Ж.М., Құлсариева А.Т. Мәдениеттану: жоғары оқу орындары мен колледж студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Раритет, 2004. – 416 б.
- 26 Дорохова М.А. История культуры: шпаргалки. – М.: Эксмо, 2008. – 30 с.
- 27 Рубинштейн С.Л. Проблемы общей психологии. – М.: Педагогика, 1973. – 365 с.
- 28 Нургалиева Г.К. Психолого-педагогические основы системы ценностного ориентирования личности: дис. ... док. пед. наук. – Алматы, 1993. – 375 с.
- 29 Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі: оқу құралы. – Алматы: Санат, 1995. – 352 б.
- 30 Қалиев С. Қазақтың халық тәлім-тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері: пед. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 1996. – 65 б.
- 31 Гершунский Б.С. Философия образования на ХХІ век. В поисках практико-ориентированных образовательных концепций. – М.: Изд-во Совершенство, 1998. – 608 с.
- 32 Әтемова Қ.Т. Оқушыларда гумандық қасиеттерді қалыптастыруда мектеп пен отбасының бірлескен жұмысы: пед. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1998. – 210 б.
- 33 Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы: оқу құралы. – Алматы: Санат, 2001. – 320 б.
- 34 Қаплиева А.Қ. Оқушылардың салауатты өмір сүру дағдыларын рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде қалыптастыру: пед. ғыл. канд. ... дис. – Атырау, 2003. – 140 б.
- 35 Сламбекова Т.С. Қазақ халқының моральдық-этикалық дәстүрлері. – Семей, 2010. – 220 б.
- 36 Лапин Н.Г. Модернизация базовых ценностей россиян. // Социологические исследования. 1996. – №5. – С. 35-39.
- 37 Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік философиялық талдау. – Алматы: ҚР БҒМ ФСДИ баспасы, 2000. – 180 б.
- 38 Whitney I.B. The Status of Values Education in The Middle and Junior High Schools of Tennessee: Ph.D Thesis, Tennessee State University. – USA, 1986. – 66 p.
- 39 Huitt W. “Values”, Educational Psychology Interactive. – Valdosta State University, 2004. – P. 6-7. // <http://chiron.valdosta.edu/whuitt/col/affsys/values.htm>.
- 40 Щербakov А.И. Формирование личности учителя советской школы в системе высшего педагогического образования. – Ленинград: ЛГПИ, 1968. – 120 с.
- 41 Кузьмина Н.В. Методика исследования педагогической деятельности. – Ленинград: ЛГУ, 1970. – 114 с.

- 42 Гоноболин Ф.Н. О некоторых психических качествах личности учителя. // Вопросы психологии. – 1975. - №1. – С. 7-11.
- 43 Сластенин В.А. Формирование личности учителя советской школы в процессе профессиональной подготовки. – М.: Просвещение, 1976. – 160 с.
- 44 Васильев Ю.К. Политехническая подготовка учителей средней школы. – М.: Педагогика, 1978. – 175 с.
- 45 Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. – Алматы: Наука, 1998. – 320 с.
- 46 Нишаналиев У.Н. Теория и практика подготовки учителей труда в истории советского педагогического образования. – Ташкент: Фан, 1981. – 94 с.
- 47 Ералин К., Абдирасилов С. Моделирование педагогической деятельности учителя изобразительного искусства. – М.: Информационно-издательский центр АТиСО, 1991. – 38 с.
- 48 Дуйсенбаев К.А. Развитие содержания профессионально-педагогического образования учителя труда в вузе. – Алматы: Ғылым, 1995. – 350 с.
- 49 Каргин С.Т. Влияние профессионально – педагогической направленности обучения на формирование педагогического мышления будущих учителей: дис. ... канд. пед. наук. – Алма-Ата, 1988. – 150 с.
- 50 Калюжный А.А. Теория и практика профессиональной подготовки учителя к нравственному воспитанию учащихся в целостном педагогическом процессе: автореф. ... док. пед. наук. – Алматы, 1995. – 43 с.
- 51 Бекмаханова Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма (60 - годы XIX в. 1917 г.). – М.: Наука, 1986. – 246 с.
- 52 Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі (Замана асуы). – Алматы: Ғылым, 1998. – Кітап 1. – 344 б.
- 53 Қасымбаев Ж. Қазақстан тарихын оқыту қағажу қала бере ме? // Қазақ тарихы. – 1994. – №3. – Б. 6-8.
- 54 Нұрпейіс К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 127 б.
- 55 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Мектеп, 2008. – 372 б.
- 56 Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін: очерк. – Алматы, 1994. – 446 б.
- 57 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін) : Бес томдық. – Алматы: Атамұра, 2010. – Т. 5. – 688 б.
- 58 Лернер И.Я. Дидактические основы методов обучения. – М.: Педагогика, 1981. – 186 с.
- 59 Андревская Н.В., Бернадский В.Н. Методика преподавания истории в семилетней школе. – М.: Учпедгиз, 1947. – 216 с.
- 60 Вагин А.А. Методика преподавания истории в средней школе. Учение о методах. Теория урока. – М.: Просвещение, 1968. – 434 с.
- 61 Дайри Н.Ф. Как подготовить урок истории. – М.: Просвещение, 1969. – 128 с.
- 62 Ежова С.А., Лебедева И.М., Дружкова А.В. и др. Методика преподавания истории в средней школе. – М.: Просвещение, 1986. – 272 с.

63 Вяземский Е.Е., Стрелова О.Ю. Как сегодня преподавать историю. – М.: Просвещение, 1999. – 112 с.

64 Тұрлығұл Т. Мектепте Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Ғылым, 2003. – 256 б.

65 Тұрсұн Х. Мектепте тарихты оқыту әдістемесі. – Алматы: Дарын, 2006. – 156 б.

66 Жұрасова А.Ш. Тарихты оқыту әдістемесі. – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ Редакциялық баспа орталығы, 2012. – 160 б.

67 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан - 2030. – Алматы: Білім, 1997. – 37 б.

68 Қозыбаев М.Қ., Қозыбаев І.М. Қазақстан тарихы: 10-сыныбына арналған оқулық. - 3-ші басылым. – Алматы: Рауан, 1997. – 223 б.

69 Бабаев Д.Б. Қазақстан тарихы (XV-XVII ғғ.): орта мектептің 8 сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Рауан, 1998. – 144 б.

70 Байпақов К.М., Көмеков Б.Е., Пищулина К.А. Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы: орта мектептің 7-8 сыныптарына арналған оқулық. 3-басылым. – Алматы: Мектеп, 2001. – 159 б.

71 Аяған Б.Ғ., Шәймерденова М.Ж. Қазақстанның қазіргі заман тарихы: жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық /жалпы редакциясын басқарған тарих ғылымының докторы, профессор Б.Ғ.Аяған. – Алматы: Атамұра, 2005. – 384 б.

72 Жолдасбаев С. Қазақстан тарихы: жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: «Мектеп», 2006. – 192 б.

73 Қойғелдиев М., Төлеубаев Ә., Қасымбаев Ж., т.б. Қазақстан тарихы: Аса маңызды кезеңдері мен ғылыми мәселелері: жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2007. – 304 б.

74 Артықбаев Ж.О., Сабданбекова Ә.Ә., Әбіл Е.А. Қазақстан тарихынан әңгімелер: жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. 2-басылымы, өңделген. – Алматы: Атамұра, 2010. – 208 б.

75 Әбдіғұлова Б. Қ. Қазақстан тарихынан әңгімелер:әдістемелік құрал. жалпы білім беретін 11 жылдық мектептің 5-сынып мұғалімдеріне арналған. – Алматы: Алматыкітап, 2010. – 140 б.

76 Садықов Т.С., Төлеубаев Ә.Т., Халидуллин Ғ., Сәрсекеев Б. Ежелгі Қазақстан тарихы: жалпы білім беретін мектептің 6 - сыныбына арналған оқулық. 2-басылым, өңделген. – Алматы: Атамұра, 2011. – 176 б.

77 Тұрлығұл Т., Жолдасбаев С., Қожакеева Л. Қазақстан тарихы (Аса маңызды кезеңдері мен ғылыми мәселелері): жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық. – өңд., толықт. 2-басылым. – Алматы: Мектеп, 2011. – 192 б.

78 Нұрпейіс К., Қозыбаев М., Жүкешев Қ. Қазақстан тарихы: жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2013. – 248 б.

79 Тұрлығұл Т.Т. Қазақстан тарихы мектеп курсының және оны оқыту әдістемесі қалыптасуының ғылыми негіздері (1934-1997 ж.ж.): пед. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 1998. – 349 б.

80 Абдугулова Б.К. Жалпы білім беретін мектепте Қазақстан тарихын оқытудың дидактикалық негіздері: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2004. – 140 б.

81 Сәрсекеев Б.С. Модернизация учебника и учебно-методического комплекса по истории Казахстана на основе компетентностного подхода: пед. ғыл. канд. ... дис., – Астана, 2008. – 295 с.

82 Берлібаев Б.Т. Қазақстанда тарихи білімнің қалыптасуы мен дамуы: тарихи-теориялық зерттеу (1920-2001 жж.): тар. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2010. – 354 б.

83 Нұрманбетқызы Ж. Жоғары оқу орнында Қазақстан тарихын оқытудың өзекті мәселелері. // Тарих Қазақстан мектебінде. 2011. – №6(30). – Б. 3-9.

84 Тұрсұн Х.М., Жандарбек З., Исаев М.С., Жұматаев Е. Қазақ шежіресінің бастауы – Оғыз хан. // Өзбекәлі Жәнібек оқулары – 2016: Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына, көрнекті қоғам қайраткері Алаш қозғалысының негізін қалаушы Әлихан Бөкейхановтың 150 жылдығына және университетіміздің 25 жылдығына арналған респ. ғыл.-тәжір. конфер. матер. жинағы. / құраст. және жауапты ред. т.ғ.д., проф. Х.М.Тұрсұн. – Түркістан: «Тұран», 2016. – 383 б.

85 Пралиев С.Ж., Нәрібаев К.Н., Жанпеисова Қ.Қ., Иманбаева С.Т., Хан Н.Н., Қалиева С.И. және т.б. Қазақстан ЖОО-ларында «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асыру тұжырымдамасы. – Алматы: Ұлағат, 2015. – 27 б.

86 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты Жолдауы. // Қазақ тарихы. 2006. – №1. – Б. 350-358.

87 Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. // Егемен Қазақстан. – Астана, 2012. – №41-42 (27114). – Б. 2-8.

88 Дулатова Д.И. Историография дореволюционного Казахстана (1861-1917 жж.). – Алма-Ата: Наука КазССР, 1984. – 272 с.

89 Сейталиев К.Б. Қазақстанда жоғары педагогикалық білім берудің дамуы: оқу құралы. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1996. – 154 б.

90 Учебные планы педагогических институтов. // Бюллетень народного комиссариата просвещения РСФСР. – 1933. №7. – С. 12-20.

91 Культурное строительство в Казахстане. // Сб. документов и материалов. / под ред. Абдулкадырова М.А., Бейсембаев С. М., Голубятников С.С., Хабиев Х. Х. - Т.1. – Алма-Ата: Казахстан, 1965. – 294 с.

92 Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві, 81-қор, I-тізім, 78 – іс, 95 – табак.

93 Әлжанов Ш. Проблема национальной культуры в Казахстане и задачи научно-исследовательского института. // Болшевик Казахстана. 1933. – №6. – 24 б.

94 Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві, 81-қор, 3-тізім, 113-іс, 19–20 табак.

95 Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві, 1692-қор, 3-тізім, 331-іс, 70-табак.

96 Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім проблемалары институтына 60 жыл (1933-1993). – Алматы, 1993. – 126 б.

97 Катаев Т.К. Высшая школа Советского Казахстана. – Алма-Ата: Казахстан, 1986. – 344 с.

98 Ортаев Б.Т. Болашақ еңбек пәні мұғалімдерін оқушыларды қолөнерге баулуда политехникалық бағыттылықты жүзеге асыруға даярлаудың дидактикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ... дис., – Шымкент, 2002. – 150 б.

99 Рувинский Л.И., Кан-Калик В.А., Гришин Д.М. т.б. Мамандыққа кіріспе. – Алматы: Ана тілі, 1990. – 208 б.

100 Кузьмина Н. В. Педагогическое мастерство учителя как фактор развития способностей учащихся. // Вопросы психологии. – 1984. – №1. – С. 20-27.

101 Бабанский Ю.К. Избранные педагогические труды. – М.: Педагогика, 1989. – 560 с.

102 Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай жиырма кадам. // http://www.inform.kz/kz/nursultan-nazarbaev-kazakstannyn-aleumettik-hangyrtlyuy-zhalpyga-ortak-enbek-kogamyna-karay-20-kadam_a2478341

103 Болонский процесс: середина пути. / под.ред. В.И.Байденко.-М.: Исл.центр проблем качество подготовки специалистов. – Астана: Национальный аккредитационный центр Министерство образ. и науки РК, 2007. – 400 с.

104 Кузьмина Н.В. Профессионализм личности преподавателя и мастера производственного обучения. – М.: Высшая школа. 1990. – 119 с.

105 Сластенин В.А., Мищенко А.И. Профессионально-педагогическая подготовка современного учителя. // Советская педагогика. – 1991. – №10. – С. 79-86.

106 Рыжков М.В. Ключевые компетенции: возможности применения. // Стандарты и мониторинг в образовании. – М., 1999. – №4. – С. 17-19.

107 Исаев М.С., Тұрсұн Х.М. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы құндылықтары – болашақ тарихшы маманның кәсіби білімін құраушысы //Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы (педагогикалық ғылымдар сериясы). 2016. – №1(50). – Б. 236-241.

108 Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 388 б.

109 Isayev M.S., Tursun Kh.M., Jandarbek Z.Z., Jetibaev K.M., Suleymenova D.D., Dinashева L.S.Turkic Origins and Islamic Influence on the Formation of the

Traditional Kazakh Historical Thought. // Indian Journal of Science and Technology. 2016. – Vol.9, is. 21.

110 Исаев М.С. Қазақстан тарихын жазудағы ұлттық-мемлекеттік көзқарас мәселесі. // «Білім беру жүйесінің интеграциялану жағдайында бәсекеге қабілетті маман даярлаудың мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. – Түркістан, 2015. – Б. 219-223.

111 Тәкенов Ә. Қазақ тарихының зары. // Қазақ тарихы. 1996. – №1. – Б. 5-7.

112 Назарбаев Н.Ә. Бәсекеге қабілеттіліктің кілті білімде. Абай атындағы ҰПУ-інде Алматыдағы ЖОО ректорларымен кездесуіндегі сөзі. // Егемен Қазақстан. 2005 жыл, қыркүйек 8. – №341-344(23814), – Б. 1-2.

113 Жетібаев К.М., Исаев М.С. Болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлаудың әдіс-тәсілдері. // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – Астана, 2016. – №5 (40). – Б. 142-147.

114 Тұрлығұл Т. Отан тарихының мектепте оқытылғанына – 50 жыл. // Қазақ тарихы. 2008. – №4. – Б. 55-56.

115 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U040001459_

116 Романов Е.В. Теория и практика профессиональной подготовки учителя технологии и предпринимательства в вузе: дис. ... док. пед. наук: – Магнитогорск, 2001. – 325 с.

117 Жолдасбекова С.А. Жоғары оқу орнында болашақ еңбек технологиясы және кәсіпкерлік мұғалімін кәсіби даярлаудың теориясы мен практикасы: пед. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2006. – 268 б.

118 Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Жоғары кәсіби білім беру. Бакалавриат. 5B011400 - Тарих. ҚР МЖМБС 6.08.070 – 2010. Енгізу күні 2011. 09. 01. – Астана, 2010. – 43 б.

119 Исаев М.С., Тұрсүн Х.М. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы құндылықтары – болашақ тарихшы маманның кәсіби білімін құраушысы. // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы (педагогикалық ғылымдар сериясы). – Алматы, 2016. – №1(50). – Б. 236-241.

120 «Интеллектуалды ұлт -2020» бағдарламасы. // <http://old.qamshy.kz/>

121 Жумағұлов Б.С. Мәңгілік Ел идеясы – ұлт мұраты. // Қазіргі кезеңдегі тарих және қоғамдық пәндерді оқытудың әдістемесін дамыту мен жетілдірудің өзекті мәселелері тақырыбындағы: республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2016. – Б. 304-307.

122 Кәрімова Б.С. Основные тенденции и приоритеты развития казахстанского учебниковедения. // «Модернизация научно методического обеспечения системы разработки экспертизы апробации мониторинга и издания учебной литературы» атты халықаралық конференция материалдары. – Астана, 2012. – 329 с.

123 «Әлемдік және қазақстандық білім-ғылым кеңістігіндегі этнопедагогика мен этнопсихология»: Қазақстан педаг. ғыл. академ., Халықарал. пед. білім беру ғылым академ., Халықара. пед. академияның академигі Клара Жантөреқызы Қожахметованың 65 жылдығына арналған» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: «Қыздар университеті», 2016. – 564 б.

124 Ұлттық энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1998. – Т.1. – Б. 247-253.

125 Қойғелдиев М. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII-XX – ғ.). Зерттеулер. – Алматы: «Жалын баспасы», 2004. – 400 б.

126 Taşağıl A. Kök Tengri'nin çocukları (Avrasya bozkırlarında İslam öncesi Türk tarihi). – Istanbul: Özener, 2013. – 368 б.

127 Нысанбаев Ә. Қорқыт Ата дүниетанымы. / Орта ғасырдағы түркі ойшылдары: жиырма томдық. / құрастырушылар Ә.Нысанбаев, С.Нұрмұратов. – Астана: Аударма, 2005. – Т. 5. – 528 б.

128 Тынышпаев М. Тандамалы. Избранное. . – Алматы: Арыс, 2001. – 330 б.

129 Нұрмұратов С. Орхон мәтіндеріндегі дүниетанымдық бағдарлар. // Орта ғасырдағы түркі ойшылдары: жиырма томдық / құрастырушылар Ә.Нысанбаев, С.Нұрмұратов. – Астана: Аударма, 2005. – Т. 5. – 528 б.

130 Исаев М.С. Тарихнама пәнінің ғылыми және теориялық мәселелері. // «Байтанаев оқулары – 4: Қазақстанда заманауи білім беру болашағы: реформалар және дамуы» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарының жинағы. – Шымкент, 2016. – 1 Бөлім. – Б. 289-293.

131 Исаев М.С. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы құндылықтары мен «Тарихнама» пәнінің сабақтастығы. // «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы және түркілік ислам өркениетінің құндылықтары: Қарабура әулиенің тағлымы мен өнегесі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. – Түркістан, 2016. – Б. 75-80.

132 Риккерт Г. Границы естественнонаучного образования понятий. Логическое введение в исторические науки. – СПб.: Наука, 1997. – 532с.

133 Кареев Н.И. Общий ход всемирной истории. – Пос. Заокский (РФ.Тул. обл.): Источник жизни, 1993. – 317 с.

134 Дорошенко Н.М. Российская методология истории (философские подходы). – Санкт-Петербург: Нестро, 2005. – 174 с.

135 Тұрсұн Х.М., Исаев М.С. М.Х. Дулати и философия истории казахской государственности. // Материалы Международной научно-практической конференции «От тюркского эля к Казахскому ханству». –М., 2015. – С. 173-178.

136 Тұрсұн Х.М., Исаев М.С. Сұлтанбек Қожанов және тұлғатану мәселелері. // Отан тарихы электрондық ғылыми журналы. – 2015. – №4. // <http://edu.e-history.kz>.

137 Сламбекова Т.С. Қазақ халқының моральдық-этикалық дәстүрлері. – Семей: Элермо, 2010. – 220 б.

- 138 Риккерт Г. Философия истории. – Спб., 1908. – 100 с.
- 139 Риккерт Г. Философия жизни. – Киев: Ника-Центр, 1998. – 512 с.
- 140 Философский энциклопедический словарь. – М.: Советская энциклопедия, 1989. – 576 с.
- 141 Психологический словарь. / под ред. В.В.Давыдова, А.В.Запорожца, Б.Ф.Ломова и др. – М.: Педагогика, 1983. – 448 с.
- 142 Амантурлин Ш. Орысша-қазақша педагогикалық сөздік. – Алматы: РБК, 1996. – 129 с.
- 143 Мәшенбаев Т.Б. Тәрбие жұмыстарының теориясы мен әдістемесі: оқу құралы. – Алматы: «Қыздар университеті», 2015. – 280 б.
- 144 Ерасов Б.С. Социальная культурология: учебник для студентов высших учебных заведений. – Издание третье, доп. и перераб. – М.: Аспект Пресс, 2000. – 591 с.
- 145 Нұрғалиева Г.Қ. Білім беруді акпараттандыру жағдайында тұлғаның құндылық бағдары. – Алматы: Асыл сөз, 2004. – 350 б.
- 146 Каган М. Человеческая деятельность. – М.: Политиздат, 1974. – 328 с.
- 147 Мұхамеджанов Б.Қ. Студент: әлеуметтік бітімі, жай-күйі, құндылықтарының көзқарастық бағдарлары: соц. ғыл. канд. ... дис. – Түркістан, 1999. – 158 б.
- 148 Нугыманова К. Ценностные ориентации Казахстанского общества: теорико-методологический анализ. – Алматы: КазНИИКИ, 2002. – 184 с.
- 149 Исаев М.С. «Тарихнама» пәнінің мазмұны – болашақ тарих мұғалімдерін кәсіби даярлауда «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы құндылықтарына бағдарлау факторы. // Қазіргі кезеңдегі тарих және қоғамдық пәндерді оқытудың әдістемесін дамыту мен жетілдірудің өзекті мәселелері тақырыбындағы: республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2016. – 304 б.
- 150 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
- 151 Қалиев С., Майғаранова Ш., Нысанбаев Т. Тәрбие христоматиясы (V-XI сынып жетекшілері мен оқушыларына арналған). – Алматы: Ғылым, 2001. – 331 б.
- 152 Наурызбай Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты: оқушыларға мәдени-этникалық білім беру туралы. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 191 б.
- 153 Куддусов Х.С. Национальная идея и ее специфические особенности в условиях обретения независимости: дис. ... канд. полит. наук. – Душанбе, 2002. – 146 с.
- 154 Телемтаев М. Национальная идея российского народа. – М.: Изд. ЭКО, 2005. – 406 с.
- 155 Нысанбаев А.Н. Национальная идея: мировой опыт и Казахстан. Общенациональная идея Казахстана: опыт философско-политологического анализа. / под ред. А.Н.Нысанбаева. – Алматы: Компьютерно-издательский центр Института философии и политологии МОН РК, 2006. – 412 с.

- 156 Нысанбаев А., Кадыржанов Р. Национальная идея Казахстана: гражданская или этническая? // <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1166999820>
- 157 Асланова Р.А. Национальная идея: на пути, пройденном от символа независимости к будущей модели развития. // <http://1news.az/authors/oped/...> копия
- 158 Кант И. Критика чистого разума. – СПб.: Тайм-аут, 1993. – 341 с.
- 159 Кумыков А.М. Национальный идеал российской государственности: социально-философский анализ: автореф. ... док. филос. наук. – Ростов-на-Дону, 2008. – 27 с.
- 160 Қасымбаев М.Б., Пралиев С.Ж., Жампеисова К.К. және т.б. Мәңгілік Ел: оқулық. – Алматы: Ұлағат, 2015. – 336 б.
- 161 Тұрсұн Х.М., Исаев М.С. «Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім» құндылығы және тарих философиясы // Махамбет Өтемісұлы атындағы БҚМУ Хабаршысы. – 2016. – №1(61). – Б. 315-322.
- 162 ҚР МЖМБС 3.08.234-2001. Бакалавриат. «520330 – «Тарих» мамандығы. – Астана, 2001. – 29 б.
- 163 ҚР МЖМБС 3.07.012-2001. Бакалавриат. «020340 – «Тарих» мамандығы. – Астана, 2001. – 29 б.
- 164 ҚР МЖМБС 3.07.026-2001. Бакалавриат. «030640 – «Тарих және география» мамандығы. – Астана, 2001. – 32 б.
- 165 ҚР МЖМБС 3.07.271-2002. Бакалавриат. «030540 – «Тарих, құқық және экономика негіздері» мамандығы. – Астана, 2002. – 31 б.
- 166 ҚР МЖМБС 6.08.020-2009. Бакалавриат. «5B011400 – «Тарих» мамандығы. – Астана, 2009. – 31 б.
- 167 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2013 жылғы 16 тамыздағы № 343 бұйрығы. 5B011400 – Тарих мамандығы. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008636>
- 168 Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ мамандықтарына арналған пәндер каталогы. – Түркістан: Тұран, 2012. – 617 б.
- 169 Бакалавриат. «5B011400 – «Тарих» мамандығы үшін педагогикалық стратегия. – Түркістан: Тұран, 2013. – 45 б.
- 170 Исаева З.А., Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Активные методы и формы обучения в высшей школе: учебно-методическое пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 122 с.
- 171 Пошаев Д.Қ., Саипов А., Адырбекова Г. Арнайы пәндерді оқыту әдістемесі. Оқу құралы. – Астана: Нұрлы бейне, 2012. – 160 б.
- 172 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрықпен бекітілген Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35069197#sub_id=600
- 173 Назарбаев Н.Ө. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпығы Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам. // <http://www.inform.kz/kz/nursultan->

nazarbaev-kazakstannyn-aleumettik-zhangyrtlyuy-zhalpyga-ortak-enbek-kogamyna-karay-20-kadam_a2478341

174 Исаев М.С. Педагогические условия подготовки будущих учителей истории к обучению ценностям. // «International innovation research»: сборник статей III Международной научно-практической конференции. – Пенза, 2016. – С. 184-189.

175 Ташагыл А., Исаев М.С. Возможности обучения ценностей для будущих учителей истории. // Fundamental and applied sciences today IX: Материалы IX международной научно-практической конференции. - North Charleston. USA, 2016. – Т.2. – С. 78-81.

176 Исаев М.С. Болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлауда тарихнамалық мәтінге талдау әдісін меңгерудің тиімділігі. // «Алтынсарин оқулары: Қазіргі білім берудегі инновациялар мен дәстүрлердің даму басымдықтары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. – Қостанай, 2016. – С. 397-401.

177 Барабанов В.В., Баранов И.А. История как учебный предмет в современной системе образования России. // Современные подходы в преподавании истории. Материалы международного семинара. – СПб.: Образование, 1996. – С. 39-51.

178 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: педагогика және психология. / жалпы редакциясын басқарған А.Қ.Құсайынов. – Алматы: Мектеп, 2002. – 256 б.

179 Пірәлиев С. Ұлттық тәрбие және жаһандану. // Егемен Қазақстан. – Астана, 2009. – №27(393/396). – 8 б.

180 Сластенин В.А., Исаев И.Ф., Шиянов Е.Н. Общая педагогика: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. / под ред. В.А.Сластенина: в 2ч. – М.: Гуманит. Изд. Центр ВЛАДОС, 2002. – Ч. 1. – 288 с.

181 Королев Ф.Ф. Системный подход и возможности его применения в педагогических исследованиях. // Советская педагогика. 1970. – №9. – С. 103-116.

182 Педагогический процесс как объект профессиональной подготовки учителей. / под ред. Н.Д.Хмель. – Алма-Ата: Мектеп, 1984. – 134 с.

183 Қоянбаев Р.М. Педагогика. Дәріс курсы. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2003. – 368 б.

184 Есім Ғ. Ұлттық өркениет және мәдени бағдар. // Қазақстан: сындарлы жылдар және ғаламдық мәселелер. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 305 б.

185 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200001080/compare>

186 Лернер И.Я. Развитие мышления учащихся в процессе обучения истории: пособие для учителей. – М.: Просвещение, 1982. – 191 с.

- 187 Донской Г.М. Принципы отбора и описания фактов в учебниках истории. // В кн.: Пробл.школьн.учеб. – М., 1977. – Вып.5. – С. 7-22.
- 188 Жалпы білім беретін мектептің 5-9 сыныптарына арналған «Адам және коғам» білім саласы пәндерінің оқу бағдарламалары. – Астана, 2013. – 79 б. // <http://nao.kz/blogs/fromorg/5/45?lang=kz>
- 189 Садықов Т.С., Жолдасбаев С. Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы: жалпы білім беретін мектептің 7- сыныбына арналған оқулық. – 2-басылым. – Алматы: Атамұра, 2007. – 240 б.
- 190 Амонашвили Ш.А. Личностно-гуманная основа педагогического процесса. – М.: Университетское, 1990. – 55 с.
- 191 Амонашвили Ш.А. Школа Жизни. – М.: Издат. дом Ш. Амонашвили, 2000. – 141 с.
- 192 Амонашвили Ш. А. Единство цели. – М.: Просвещение, 1987. – 206 с.
- 193 Zhumadullaeva A.A., Konyrbaeva S.S., Duanbaeva B.C., Kasymbekov Zh.A., Daniyarov T.A., Isaev M.S. Applying the Findings of Scientific and Pedagogical Research in Values Education. // International Electronic Journal of Mathematics Education. – 2016. – Vol. 11, – №5. – P. 1231-1243.
- 194 Махмудов М.И. Мектепте проблемалық оқытуды ұйымдастыру. / ауд. Ұ.Асылова, М.Көпжасаров. – Алматы: Мектеп, 1981. – 243 б.
- 195 Ушинский К.Д. Собрание соч. – М.; Ленинград: Изд-во АПН, 1950. – Т. 10. – 665 с.
- 196 Коровкин Ф.П. Вопросы научно-методического обоснования учебника истории древнего мира в средней школе. – М.: Издательство Академии Наук РСФСР, 1960. – 192 с.
- 197 Кыверялг А.А. Методы исследования в профессиональной педагогике. – Таллин: Валгус, 1980. – 333 с.
- 198 Коган Л.Н. Очерки социальной теории культуры. – Свердловск: Средне-Уральское кн. изд-во, 1972. – 169 с.
- 199 Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе. – Алматы: Ғылым, 2005. – 250 б.
- 200 Холина Л.И., Скибицкий Э.Г. Образовательное пространство составляющая информатизации образования. // Качество образования: концепции, проблемы качества, управление: Тез. Всерос. научно-методич. конф. / под общ. ред. А.С. Вострикова. – Новосибирск: Изд-во НГТУ, 1998. – Ч.1. – С. 184-186.
- 201 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Информатика және компьютерлік техника. / жалпы редакциясын басқарған – А.Қ.Құсайынов. – Алматы: Мектеп, 2002. – 456 б.
- 202 Роберт И.В., Панюкова С.В., Кузнецов А.А., Кравцова А.Ю. Информационные и коммуникационные технологии в образовании: учебно-методическое пособие. / под ред. И. В. Роберт. – М.: Дрофа, 2008. – 312 с.

- 203 Евдокимов В. И. Научные основы повышения эффективности обучения средствами наглядности: автореф. ... док. пед. наук. — Киев, 1990. — 31 с.
- 204 Bloom B.S. Taxonomy of educational objectives: The classification of educational goals: Handbook I, cognitive domain. —New York: Longman, 1956. 256 p.
- 205 Психология. Адамзат акыл-ойының казынасы. 10 томдық. // Психология ғылымындағы іс-әрекет теориясы. / жетекшісі — акад. Ә.Н.Нысанбаев. — Алматы: Таймас, 2005. — Т. 2. — 480 б.
- 206 Душков Б.А. Индустриально-педагогическая психология (труд, организация, управление). — М.: Просвещение, 1981. — 208 с.
- 207 Құдайқұлов М.Ә., Құдайқұлов С.М., Мәмбеталиев Т.М. Нарықтық педагогика негіздері: студенттер мен мұғалімдерге арналған оқу-әдістемелік құрал. — Алматы: ҚазҰПУ, 2007. — 276 б.
- 208 Хрестоматия по психологии: учебное пособие. / ред. А. В. Петровский; сост. В. В. Мироненко. — М.: Просвещение, 1977. — 527 с.
- 209 Талызина Н.Ф. Управление процессом усвоения знаний. — М.: Изд. МГУ, 1975. — 175 с.
- 210 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жанау жолында» атты Жолдауы // Қазақ тарихы журнал. 2006. — №1. — Б. 84-85.
- 211 Әл - Фараби. Әлеуметтік — этникалық трактаттар. — Алматы: Ғылым, 1975. — 419 б.
- 212 Леонтьев А.Н. Избранные психологические произведения. В 2 т. — М.: Педагогика, 1983. —Т.1. — 288 с.
- 213 Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания. — Ленинград: Издательство Ленинградского университета, 1968. — 340 с.
- 214 Таубаева Ш.Т. Научные основы формирования исследовательской культуры учителя общеобразовательной школы: дис. ... док. пед. наук. — Алматы, 2000. — 409с.
- 215 Успанов К.С. Теория и практика формирования профессионально значимых качеств у будущих учителей. — Алматы: Ғылым, 1998. — 228 с.
- 216 Слостенин В.А. Комплексная программа “Учитель советской школы”. // Советская педагогика. 1986. — № 10. — 63 с.
- 217 Методические рекомендации по проектированию государственных образовательных стандартов высшего профессионального образования на основе компетентностного подхода и конструированию на их основе учебных планов и программ в вузах Кыргызской Республики. — Бишкек, 2012. — 92 с.
- 218 Ефремова Н.Ф. Формирование и оценивание компетенций в образовании. — Ростов-на-Дону: Аркол, 2010. — 386 с.
- 219 Варданян Ю.В. Строение и развитие профессиональной компетентности специалиста с высшим образованием: дис. ... док., пед., наук. — М., 1999. — 353 с.

- 220 Кожитов Л.В., Емельянов С.Г., Демин В.А. и др. Инновации в образовании. – Курс: Курс.гос.техн.ун-т., 2010. – 635 с.
- 221 Ключевые ориентиры для разработки и реализации образовательных программ в предметной области «Образование». – Бильбао: Университет Деусто, 2013. – 80 с.
- 222 Эталонная модель компетентностей педагогического работника. // http://pacad.ru/index.php?option=com_content&task=view&id=1071.
- 223 Әлімов А.Қ. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері: оқу құралы. – Алматы: Ұлағат, 2013. – 448 б.
- 224 Пошаев Д.Қ. Ғылыми-педагогикалық зерттеу негіздері: оқу құралы. – Шымкент: Нұрлы бейне, 2011. – 184 б.
- 225 Подласый И.П. Педагогика начальной школы: учеб. пособие для студ. пед. колледжей. – М.: Гуманит. изд. Центр ВЛАДОС, 2000. – 400 с.
- 226 Бабанский Ю.К. Избранные педагогические труды. – М.: Педагогика, 1989, – 560 с.
- 227 Орлов А.Н. Управление учебно-воспитательным процессом в высшем педагогическом учебном заведении. – Алма-Ата: Мектеп, 1989. – 112 с.
- 228 Федотенко И.Л. Становление профессионально-ценностных ориентаций студентов в процессе педагогической подготовки в вузе. – Тула: Гриф и К, 1998. – 235 с.
- 229 Бейсенбаева А.А. Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру. – Алматы: РБК, 1995. – 115 б.
- 230 Белозерцев Е.П., Гонеев А.Д., Пашков А.Г. и др. Педагогика профессионального образования: учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений. / под. ред. В.А. Сластенина. – М.: Издательский центр «Академия», 2004. – 368 с.
- 231 Беликов В.А. Образование. Деятельность. Личность. – М.: Академия Естествознания, 2010. – 310 с.
- 232 Мелик-Гайказян И.В. Информационные процессы и реальность. – М.: Наука, 1997. – 89 с.
- 233 Загвязинский В.И. Теории обучения и воспитания: учебник для студ. учреждений высш. проф. образования. – М.: Издательский центр «Академия», 2012. – 256 с.
- 234 Путеводитель по основным понятиям и схемам методологии Организации, Руководства и Управления: хрестоматия по работам Г.П. Щедровицкого / сост. А. П. Зинченко. – М.: Дело, 2004. – 208 с.
- 235 Штофф В.А. Проблемы методологии научного познания. – М.: Наука, 1973. – 272 с.
- 236 Айтмамбетова Б., Бозжанова К., Ильясова А. Қазақ педагогикалық энциклопедия сөздігі. – Алматы : Респ.баспа каб., 1995. – 185 б.
- 237 Философская энциклопедия. / гл. Ред. Ф.В. Константинов. – М.: Советская Энциклопедия, 1970. – Т.5. – 740 с.

238 Петухов Н.Н. Общие основы теории коммунистического воспитания. Основные категории педагогики и проблемы ее законов, принципов, правил: уч. пособие. – Ленинград: Изд-во Ленинград. гос. пед. ин-та, 1975. – Ч.1. – 130 с.

239 Берікұлы Н. Педагогика. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті баспасы, 2005. – 350 б.

240 Ушмаева К.А. Проблемы современной философии образования. // Высшее образования XXI века: Всероссийская научно-практическая конференция. – Санкт-Петербург: Изд-во ЛГУ им. А.С.Пушкина. 2005. – С. 94-97.

241 Исаев М.С., Жетібаев К.М. «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға бағдарлы даярлау. – Түркістан: Тұран, 2016. – 110 б.

242 Подласый И.П. Педагогика. Новый курс: учебник для студ.пед.вузов. // В 2-х кн. Общие основы. – М.: Владос, 2000. – Книга 1. – 576 с.

243 Долгоруков А. Метод case-study как современная технология профессионально-ориентированного обучения. // http://www.vshu.ru/lections.php?tab_id=3&a=info&id=2600.

244 Кухарев Н.В. На пути к профессиональному совершенству: книга для учителя. – М.: Просвещение, 1990. – 159 с.

245 Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7-желтоқсандағы №1118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. // Қазақстан Республикасындағы білім туралы заңнама. Заң актілерінің жиынтығы. – Алматы: Юрист, 2010. – 21 б.

ҚОСЫМША А

«Мәңгілік Ел» құндылықтарын болашақ тарих мұғалімдеріне кәсіби тарих пәндері тақырыптарында қамту мүмкіндіктері мен «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мектеп оқушылары меңгеруі тиіс құзыреттіліктің құраушыларында кездесуі

А1 – кесте – «Мәңгілік Ел» құндылықтарын болашақ тарих мұғалімдеріне кәсіби пәндер тақырыптарында қамту мүмкіндіктері

«Мәңгілік Ел» құндылық- тары	Пән	Тақырып	Пән сабақтарының тәрбиелік бағыттары
1	2	3	4
Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы	Ортағасырдағы Қазақстан тарихы	Қазақ хандығының және Қазақ халқының қалыптасуының аяқталуы XV ғ. соңғы ширегіндегі Қазақ хандығы; XVI-XVIII ғғ. Қазақ-орыс және қазақ-жоңғар қатынастары.	отаншылдыққа, қаһармандыққа, ұлтжандылыққа, адамгершілікке, б арлық халықтарды құрметтеуге тәрбиелеу; эстетикалық, экологиялық, экономикалық тәрбие беру.
	Қазақстанның жаңа заман тарихы	Қазақстанның Ресейге қосылуы Қазақстанның мемлекеттілігінен айырылуы және Ресейдің отарына айналуы;	
	Қазақстанның қазіргі заман тарихы	Қазақстан большевиктік қайта құру кезеңінде; Кеңестік жүйенің аяқталуы және КСРО-ның ыдырауы;	
Қоғамымыз- дағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім	Қазақстанның ежелгі және ортағасырдағы тарихы	Алтын Орда дәуіріндегі этникалық процестер; Қазақ хандығының және Қазақ халқының қалыптасуының аяқталуы.	адамгершілікке, отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, барлық халықтарды құрметтеуге, олармен достық қатынас орнатуға тәрбиелеу, т.б.
	Қазақстанның қазіргі заман тарихы	Қазақстан азамат соғысы жылдарында; Қазақстан Екінші Дүниежүзілік және Ұлы Отан соғысы жылдарында;	
Зайырлы қоғам және жоғары руханият	Қазақстанның ежелгі және ортағасырдағы тарихы	Қазақстанның этносаяси тарихындағы түркі кезеңі Алтын Орда дәуіріндегі мәдениет.	адамгершілікке, отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, барлық халықтарды құрметтеуге, олармен достық қатынас орнатуға баулу;
	Қазақстанның жаңа заман тарихы	XVIII- XIX ғғ. Қазақстан мәдениеті.	
	Қазақстанның қазіргі заман	Қазақстан Республикасының тарихы.	

А 1 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
	тарихы		діннің тарихтағы рөлін дұрыс түсінуге тәрбиелеу, т.б.
Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім	Қазақстанның жаңа заман тарихы,	Қазақстанда өнеркәсіптің дамуы;	қоршаған ортаға ғылыми көзқарасын қалыптастыру;
	Қазақстанның қазіргі заман тарихы	Қазақстандағы Жаңа экономикалық саясат; Қазақстан социалистік реформалар тұсында; Қазақстан терең дағдарыс жолында.	отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, еңбексүйгіштікке;
	Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы	Индустриялық қоғамның дағдарысы және постиндустриялық өркениет негіздерінің қалыптасуы; Ғылыми техникалық революция және экономикалық үрдістердің интернационализациялануы.	эстетикалық, экологиялық, экономикалық тәрбиелеу
Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы	Қазақстанның ежелгі және ортағасырдағы тарихы,	Көшпелілік генезисі; Қазақстан XV- XVIII ғғ. 30-шы жылдарына дейін.	отаншылдыққа, ұлтжандылыққа баулу;
	Қазақстанның жаңа заман тарихы	Ресейдің Қазақстанда шаруашылық отарлауының басталуы;	өзге халықтарды құрметтеу, олармен достық қатынас орнату;
	Қазақстанның қазіргі заман тарихы	Қазақстандағы Жаңа экономикалық саясат; Қазақстан терең дағдарыс жолында;	еңбексүйгіштікке, экономикалық тәрбиеге бағдар беру
Тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы	Қазақстанның ежелгі және ортағасырдағы Тарихы	Қазақстан тарихының тарихқа дейінгі кезеңі;	адамгершілікке, отаншылдыққа, қаһармандыққа, ұлтжандылыққа,
	Қазақстанның жаңа заман тарихы	XVIII- XIX ғғ. Қазақстан мәдениеті;	діннің тарихтағы рөлін дұрыс түсінуге
	Қазақстанның қазіргі заман тарихы	Қазақстан Екінші Дүниежүзілік және Ұлы Отан соғысы жылдарында; Қазақстан социалистік реформалар тұсында; Қазақстан Республикасының тарихы;	тәрбиелеу, т.б.

А 1 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
Еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуға жаһандық тұрғыдан қатысуы	Қазақстанның ежелгі және ортағасырлардағы тарихы, Қазақстанның жаңа заман тарихы, Қазақстанның қазіргі заман тарихы	Ғұндар Еуразия тарихында; Алтын Орда дәуіріндегі Қазақстан; XVI- XVIII ғғ. Қазақ-орыс және қазақ-жоңғар қатынастары; Қазақстан Республикасының тарихы.	отаншылдыққа, ұлтжандылыққа баулу; өзге ұлт өкілдерімен достық қатынас орнатуға бағдар беру; экологиялық, экономикалық тәрбие беру

А2 – кесте – «Қазақстан тарихы» бойынша 5-9-сыныптың соңында оқушылар меңгеру тиіс құзыреттіліктің құраушылары

«Қазақстан тарихы» бойынша 5-9-сыныптың соңында оқушылар	
тұлғалық нәтижелерді көрсетуі тиіс	жасайтын жүйелі іс-әрекеттері
- Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына және құқықтық тәртіпке сыйластықпен қарауды; - азаматтық жауапкершілік пен жоғары патриоттық сезім және Отанды қорғау мен оған қызмет етуді; - мемлекеттік және ана тілін меңгеру, Қазақстан территориясында тұратын халықтардың, басқа да этностардың құндылықтарын, мәдениеті мен дәстүрін құрметтеуді; - туған өлкесінің табиғатын сақтау және аялау, қоршаған ортаны қорғауда белсенділік көрсетуді; - салауатты өмір сүру, өзін қорғау және айналадағы адамдардың қауіпсіздігін сақтау дағдыларын; - өз бетімен білім алу және өзін өзі жүзеге асыра білу, жасампаздық еңбекке қабілеттілігін ынталандыра білуді; - үлкенге құрмет және кішіге ізет көрсете білуді; - әлеуметтік ортаның ерекшелігін дұрыс бағалай білуді, діни ағымдарды, идеологияны, құқыққа қарсы әрекеттерді ажырата білуін.	- ғылым негіздері және адамзат қоғамының дамуы үшін қажетті ғылыми жетістіктер бойынша игерген жүйелі білімді қолдануы; - ғылыми ақпаратты талдау, өңдеу, жинақтай білу және оларды қолдана алуы; - танымдық, жобалау, құрастыру және іздену, шығармашылықпен қолдану әдістерін қолдануы; - қазіргі ақпараттық-коммуникативті технологияларды кеңінен қолдануы; - жоғары коммуникативтік қабілеттілікпен көптілді мәдениеттілікті қолдана білуі.

А3 – кесте – «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша 6-9-сыныптың соңында оқушылар меңгеру тиіс құзыреттілікті құраушылары

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша 6-9-сыныптың соңында оқушылар	
тұлғалық нәтижелерді көрсетуі тиіс	жасайтын жүйеліс-әрекеттері
- Отандық және әлемдік тарих пен дәстүрлерге, адам құқықтары мен бостандықтарына, қоғамдық өмірдің демократиялық принциптеріне құрметпен қарауды; - өз халқының және әлемнің басқа халықтардың тарихын, рухани мұрасын құрметтеу, қоғамның мәдени және саяси өміріне белсенді түрде араласуға дайын болуды; - жеке тұлғаның құқығын құрметтеу, демократиялық құқықтар мен бостандықтарды дұрыс пайдалана білу, қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінуін; - қайырымдылық, әділеттілік, ар-намыс, борыш пен толеранттылыққа негізделген құндылықтар мен нормаларды білуін; - көпмәдениетті мен көпконфессиялы ортада басқа адамдармен өзара қарым-қатынас жасай білуі, басқа ұлттардың салт-дәстүрін құрметтеу және түсіністікпен қарау, тұлға аралық қатынастағы тіл табысушылықты көрсетуді; - оқушылардың азаматтық жауапкершілігі, шешім қабылдай білуі, қоғам дамуының мәселелеріне сыни көзқарасының болуы, еңбек нарығына белсенді түрде бейімделу қабілетін көрсетуді	- әр түрлі кезеңдегі адамдардың өмірі мен тұрмысына, тарихи тұлғаларға, оқиғаларға, үдерістерге салыстырмалы сипаттама беруінде; - тақырыптық синхрондық таблицалар жасап, оқиғалар мен фактілерді, құбылыстарды заманның нақтылы кезеңімен байланыстырып ұштастыра алуында; - мемлекеттік, тарихи құжаттар, ғылыми-көпшілік және анықтамалық әдебиеттермен өз бетімен жұмыс істеп, соның негізінде шығармашылық жұмыстар, жобалар, рефераттар, шағын баяндамалар дайындауында; - қазіргі заманғы акпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалана отырып, жаңа акпараттар ала білуінде; - тарихи оқиғалардың себеп-салдарын түсініп, өз көзқарасы тұрғысынан баяндауында, өз бетімен ізденуінде; - тарихи талдау әдістерін меңгеруінде (тарихи деректер, болжамдар мен дәлелдерді зерделеу; ғылыми акпаратты талдау, өңдеу, жинақтай білу және оларды қолдана алуында); - халықтардың тарихи мұралары туралы өз пікірлерін айта білуде; - ұлттық және діни өзгешеліктері бар өзге мәдениет өкілдерімен қарым-қатынас жасағанда халықтардың салт-дәстүрлері мен тарихы жайлы білімдерін; - тарихи деректерді саралау және талдау, өз бетінше тарихи құбылыстарға баға беру, өз пікірін білдіруде; - көпмәдениетті, көпэтникалық және көпконфессиялы қоғамда тарихи тұрғыда қалыптасқан әлеуметтік нормалар мен өмірлік құндылықтар жүйелері туралы білімдерін қолдану, мәдениетаралық өзара іс-әрекетке қатысу, өзге халық өкілдеріне толеранттық қарым-қатынасты қолдануы тиіс.

А4 – кесте – «Адам. Қоғам. Құқық» пәні бойынша 6-9-сыныптың соңында оқушылар меңгеру тиіс құзыреттілікті құраушылары

«Адам. Қоғам. Құқық» пәні бойынша 6-9-сыныптың соңында оқушылар	
тұлғалық нәтижелерді көрсетуі тиіс	жасайтын жүйеліс-әрекеттері
- Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына және құқықтық тәртіпке сыйластықпен қарауды; - азаматтық жауапкершілік пен жоғары патриоттық сезім және Отанды қорғау мен оған қызмет етуді; - мемлекеттік және ана тілін меңгеру, Қазақстан территориясында тұратын халықтардың, басқа да этностардың құндылықтарын, мәдениеті мен дәстүрін құрметтеуді; - туған өлкесінің табиғатын сақтау және аялау, қоршаған ортаны қорғауда белсенділік көрсетуді; - салауатты өмір сүру, өзін қорғау және айналадағы адамдардың қауіпсіздігін сақтау дағдыларын; - этикалық нормаларды сақтау мен адамзат тілдесуінің жоғарғы мәдениетін көрсетуді; - өз бетімен білім алу және өзін-өзі жүзеге асыра білу, жасампаздық еңбекке қабілеттілігін ынталандыра білуін; - үлкенге құрмет және кішіге ізет көрсете білуін; - әлеуметтік ортаның ерекшелігін дұрыс бағалай білу, діни ағымдарды, идеологияны, құқыққа қарсы әрекеттерді ажырата білуін	- ғылым негіздері және адамзат қоғамының дамуы үшін қажетті ғылыми жетістіктер бойынша игерген жүйелі білімді қолдануды; - ғылыми ақпаратты талдау, өңдеу, жинақтай білу және оларды қолдана алуды; - танымдық, жобалау, құрастыру және іздену, шығармашылықпен қолдану әдістерін қолдануды; - қазіргі ақпараттық-коммуникативті технологияларды кеңінен қолдануды; - жоғары коммуникативтік қабілеттілікпен көптілді мәдениеттілікті қолдана білуді

ҚОСЫМША Б

Анкета

Құрметті білім алушы!

Сіздерге ұсынылып отырған сауалнама, біздің зерттеу жұмысымыз үшін қажетті материалдар жинақтау үшін керек. Сіздің берген жауаптарыңыз біз үшін құнды материалдар болып табылады.

Сіздердің сауалнамаға мұқияттылықпен, жауапкершілікпен жауап беретініңізге сенім білдіреміз.

Сіздердің берген жауаптарыңыз оқу барысын, даярлықты жетілдіруге көмегін тигізеді деп білеміз.

Сіздерге алдын ала рахметімізді айтамыз.

1. «Құндылық» дегенді қалай түсінесіз?
2. Оқытуда құндылықтарды жүзеге асыру дегеніміз не?
3. «Мәңгілік Ел» идеясы құндылықтарын жазып көрсетіңіз. Олар:
4. «Мәңгілік Ел» құндылықтары жөнінде ЖОО Сіздер қандай пәндерден оқыдыңыздар?
5. «Мәңгілік Ел» құндылықтарын Қазақстан тарихы пәнін оқытуда жүзеге асыруға болады ма? Болса, қалай жүзеге асырылады? (сипаттаңыз)
6. «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту үшін тарих мұғалімдерінде қандай педагогикалық іскерліктер болуы тиіс?
7. ЖОО «Мәңгілік Ел» құндылықтарын Қазақстан тарихы оқу пәнінде оқыту, жүзеге асыру бойынша әдістемелік даярықтан өттіңіз бе?
8. Мектепте «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқу-тәрбие үдерісінде жүзеге асыру бойынша іс-шараларды, оқу жұмыстарын көрдіңіз бе? (көрсеніз қысқаша мағлұмат беріңіз)
9. «Мәңгілік Ел» құндылықтарын мектепте Қазақстан тарихы пәнін оқытуда қандай әдістемелік жұмыстардың жүргізілгенін дұрыс деп білесіз?
10. «Мәңгілік Ел» құндылықтарын өзіңіз әрбір қазақстандық білуі және соған сәйкес бағдарлы іс-әрекетті ұстануы керек деп ойлайсыз ба?

ҚОСЫМША В

Негізгі орта білім беру деңгейінің 6-7-сыныптарына арналған Қазақстан тарихы пәні мазмұнындағы «Мәңгілік Ел» құндылықтары бойынша оқу материалдарын қамтитын тақырыптар*

В1 – кесте – 7-сынып Қазақстан тарихындағы «Мәңгілік Ел» құндылықтары бойынша оқу материалдарын қамтитын тақырыптар

6-сынып Төлеубаев Ә.Т. және т.б. Ежелгі Қазақстан тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық / Ә.Т.Төлеубаев, Ғ.Д.Іргебаев. 3-бас., толықт., өңд. – Алматы: Атамұра, 2015. – 224 б.	
Құндылық атауы	Қазақстан тарихы
1	2
1. Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы	§28-29 Қазақстан аумағындағы тайпалық одақтар мен алғашқы мемлекеттер 86 б. §31 Сақтардың тәуелсіздік үшін күресі 95 б. §42-43 Ғұндар (жер –мемлекеттің негізі) 132 б. §46-47 Үйсіндер тарихы. Орналасқан жері
2. Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім	§42-43 Ғұндар(Ғұн тайпаларының бірігуі) 135 б.
3. Зайырлы қоғам және жоғары руханият	Екінші тарау. Егіншілік пен мал шаруашылығының пайда болуы. Еңбек бөлінісі. §15 Ежелгі адамдардың қоршаған орта туралы түсінігі §16 Аруақтар мен Құдайға сену. Өнердің шығуы 50-53 бб. §49 Үйсіндердің салт-дәстүрі мен діни наным сенімдері 156 б. §57 Ежелгі Қазақстанның мәдениеті (рухани мәдениет, Мәңгілік өмір сүру идеясы)182-183 бб. §58-59 Көшпелілердің әдет-ғұрпы мен діни түсініктері 186 б.
4. Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім	Екінші тарау. Егіншілік пен мал шаруашылығының пайда болуы. Еңбек бөлінісі. §10 Жаңа тас дәуірі(өндіргіш шаруашылыққа көшу) 33 бб. §11 Қолөнердің пайда болуы және дамуы 37 б. §13 Мыс-тас дәуірі (орталық Қазақстанда ежелгі металлургия), §14 Энеолит заманының өндірістегі және қоғамдық өмірдегі жетістіктері (еңбек құралдарын жетілдіру) 47 б. Үшінші тарау. §17-18 Қола дәуіріндегі Қазақстан. Қола дәуірінің ерекшеліктері (Қазақстан аумағындағы мыс пен қалайы кен орындары) 58-59 бб.
5. Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы	Екінші тарау. Егіншілік пен мал шаруашылығының пайда болуы. Еңбек бөлінісі. §14 Энеолит заманының өндірістегі және қоғамдық өмірдегі жетістіктері (қоғамдық еңбек бөлінісі) 47 б. §21-22 Қола дәуіріндегі шаруашылық және қоғамдық мәдени өмірдегі өзгерістер(отырықшы және жартылай көшпелі мал шаруашылығы) 66-67 бб. §23 Қоғамдық құрылысы (жеке меншіктің пайда болуы) 72 б. §27 көшпелі бақташылық – шаруашылықтың негізгі түрі 83 б.

В1 – кестенің жалғасы

1	2
6. Тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы	Екінші тарау. Егіншілік пен мал шаруашылығының пайда болуы. Еңбек бөлінісі. §16 Аруақтар мен Құдайға сену. Өнердің шығуы(өнердің шығуы, тастағы суреттер) 50-53 бб §19-20 Андрон мәдениеті(андрон мәдениетінің таралу аймағы, алакөл мәдениеті, федоров мәдениеті) 61-65 бб. §32-33 Сақтар мәдениеті.(Алтын киімді адам) §53-54 Көшпелілер өркениетінің әлем мәдениетіне қосқан үлесі 171 б.
7. Еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы	§44 Халықтардың ұлы қоныс аударуы 136б §52 Қаңлылардың шаруашылығы мен тұрмысы (шетелдермен сауда жасасқан)167-168 бб
* орта мектептің басқа сыныптары қосымша көлемін көбейтетін болғандықтан жұмыс мазмұнына енгізілмеді	

В2 – Кесте – 7-сынып Қазақстан тарихындағы «Мәңгілік Ел» құндылықтары бойынша оқу материалдарын қамтитын тақырыптар

7-сынып Жолдасбаев С. Ортағасырдағы Қазақстан тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. – Өңд., толықт. 2-бас. – Алматы: Атамұра, 2012. – 232 б., карталы.	
Құндылық атауы	Қазақстан тарихы
1. Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы	§1 Түрік қағанаты (552-603жж.) 6 б. §2 Батыс түрік қағанаты (603-704 жж.) 8-11 бб. §19 Сәулет өнері мен құрылыстың дамуы 83-87 бб. §35 Қазақ ұлттық мемле-кеті құрылуының алғышарттары 148-151 бб. §36 Қазақ хандығының құрылуы 151-154 бб. §44 Қазақ хандығы-ның мемлекеттік-әкімшілік құрылымы 177-181 бб.
2. қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім	§31 Қазақстан аумағындағы этносаяси қауымдастықтың қалыптасуы 131-133 бб. §32 Қазақ халқы қалыптасуының соңғы кезеңі 134-137 бб.
3. зайырлы қоғам және жоғары руханият	§10 Түріктердің рухани мәдениеті 43-47 бб. §20 Дін және мәдениет. Исламның таралуы 87-90 бб. §33 XIV-XV ғасырлардағы Қазақстан мәдениетінің дамуы 137-141 бб. §48-49 Қазақ халқының шығармашылық дәстүрі 195-200 бб.
4. индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім	§15 Ұлі Жібек жолының қалыптасуы және тарихи маңызы 68-71 бб. §18 IX-XII ғасырлардағы қолөнер, сауда және шаруашылықтың дамуы 79-82 бб. §19 Сәулет өнері мен құрылыстың дамуы 83-87 бб. §30 XIV-XV ғасырлардағы Қазақстанның экономикалық жағдайы 126-130 бб.
5. Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы	§45 Қазақ халқының XVI-XVII ғасырлардағы шаруашылығы 182-188 бб.
6. тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы	§8 Жартылай көшпелі және отырықшы мәдениеттердің өзара әсері 33-42 бб. §20 Дін және мәдениет. Исламның таралуы 87-90 бб. §21 Ғылым мен білімнің дамуы 90-95 бб. §33 XIV-XV ғасырлардағы Қазақстан мәдениетінің дамуы 137-141бб. §46-47 Қазақ халқының мәдениеті 188-194 бб.
7. еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы	§37 Қазақ хандығының ішкі-сыртқы жағдайы 155-158 бб.

ҚОСЫМША С

Оқу-әдістемелік құралының титуль беті

М.С.Исаев, К.М.Жетібаев.

**«Мәңгілік Ел» құндылықтарын
оқытуға бағдарлы даярлау**

(Болашақ тарих мұғалімдеріне арналған
оқу-әдістемелік құрал)




Түркістан – 2016

Ендіру актілері

«Бекітемін»

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік
педагогикалық институты
«Филология және тарих» факультетінің
деканы, ф.ғ.к.

 Н.Ж.Нұрпейісов
«___» _____ 2016ж.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары нәтижелерін оқу-тәрбие үдерісіне енгізу
бойынша

ЕНДІРУ АКТІ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің PhD докторанты М.С.Исаевтың **«Болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлау әдістемесі»** тақырыбындағы зерттеу жұмысы бойынша Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Филология және тарих» факультетінде «5В011400-Тарих» мамандығында оқитын білім алушылармен 2014-2015, 2015-2016 оқу жылдарында эксперимент жүргізілгендігін және ғылыми-зерттеу нәтижелерін педагогикалық үдеріске енгізгендігін растайды.

Автордың зерттеу жұмысы бойынша ұсынған «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға бағдарлы даярлау» атты оқу-әдістемелік құралы (Болашақ тарих мұғалімдеріне арналған. – Түркістан. 2016 ж. 110 б.) болашақ тарих мұғалімдерінің әдістемелік дайындық деңгейін жоғарылатуға оң ықпал етті. Нәтижесінде болашақ тарих мұғалімдерінің құндылықтар бойынша түсініктері артты, «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуда адами, жалпы қоғамдық құндылықтарға басымдық беруге бағдарлы даярлығы жоғарылады, сондай-ақ «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту үшін педагогикалық іскерліктері, оның ішінде зерттеушілік, құрастырушылық, ұйымдастырушылық, ақпараттық, коммуникативтік іс-әрекеттері бойынша даярлық деңгейлері жоғарылады.

**«Қазақстан тарихы және
қоғамдық пәндер»
кафедрасының меңгерушісі,
п.ғ.к.**



М.Сыдықов

«Бекітемін»

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті
Гуманитарлық ғылымдар
факультетінің деканы, т.ғ.к.,
Е.М.Төлегенов
«__» __ 2016ж.**



ЕНДІРУ АКТІ

Бұл ендіру актісі, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің PhD докторанты М.С.Исаевтың «Болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлау әдістемесі» тақырыбындағы зерттеу жұмысына сәйкес Ахмет Ясауи университетінің «5B011400-Тарих» мамандығы бойынша білім алушы студенттерімен 2014-2015, 2015-2016 оқу жылдарында эксперимент жүргізгендігін және ғылыми-зерттеу нәтижелерінің оқу-тәрбие үдерісіне енгізілгендігін растайды.

PhD докторанты М.С.Исаевтың ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша әзірлеген «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға бағдарлы даярлау» атты (Болашақ тарих мұғалімдеріне арналған. Түркістан. 2016 ж. 110 бет.) оқу-әдістемелік құралы «5B011400-Тарих» мамандығы бойынша студенттерді даярлау үдерісіне енгізілді және білім алушылардың дайындық деңгейінің артуына ықпал етті. Болашақ мамандардың құндылықтар жөніндегі білімдері және оларды оқу-тәрбие үдерісінде оқытуды жүзеге асыру бойынша педагогикалық іскерліктері (зерттеу, құрастыру, дидактикалық, т.б.) деңгейі жоғарылады.

**«Тарих» кафедрасының
меңгерушісі, т.ғ.к., доцент**

Г.Жораева

«Бекітемін»
М.Әуезов атындағы Оңтүстік
Қазақстан мемлекеттік университеті
«Педагогика және мәдениет»
факультетінің деканы, п.ғ.д., доцент
 Қ.Ж.Әжібеков
« » 2016 ж.



ЕНДІРУ АКТІСІ

Бұл ендіру актісі, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің PhD докторанты М.С.Исаевтың «Болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлау әдістемесі» тақырыбындағы зерттеу жұмысына сәйкес М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «5В011400-Тарих» мамандығы бойынша білім алушылармен эксперимент жүргізгендігін (2014-2015, 2015-2016 оқу жылдарында) және зерттеу нәтижелерін оқу-тәрбие үдерісіне енгізгендігін растайды.

Докторант М.С.Исаевтың зерттеу жұмысы бойынша әзірлеген «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға бағдарлы даярлау» атты оқу-әдістемелік құралы (Болашақ тарих мұғалімдеріне арналған. Түркістан, 2016ж. 110бет.) «5В011400-Тарих» мамандығын даярлау үдерісіне енгізілді және білім алушылардың дайындық деңгейінің артуына ықпал етті. Атап айтқанда,

1. Болашақ тарих мұғалімдерінің «Мәңгілік Ел» идеясы құндылықтарын оқу-тәрбие үдерісіне енгізуге ұмтылыстары артты;

2. «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту (аксиологиялық тұғыр негізінде) бойынша болашақ тарих мұғалімдерінің педагогикалық іскерліктерінің деңгейі жоғарылады.

«Қазақстан тарихы» кафедрасының
меңгерушісі, т.ғ.к., доцент



С.О.Карибаев